


821.512.122  
84(5Қаз)  
Қ87



ҚЫРА  
ҚАЗА

# ҚЫРАН ҚАЗАҚ



Құрастырушылар:  
Ерғазы ТӨЛЕУ,  
Шолпан КАШКИМБЕКОВА

«Кәусар» баспасы  
Нұр-Сұлтан – 2019

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84(5кқ4)

К 87

Қ 87 Қыран қазақ / Құраст. Е. Төлеу, Ш. Кашкимбекова. – Нұр-Сұлтан: «Кәусар» баспасы, 2019. – 232 бет.

ISBN 978-601-7921-33-0

21 127461

«Қыран қазақ» – бабалардың ерлік дәстүрін дәріптеуді мақсат еткен дүние. Қазақтың қаһарман ұлы, Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровтің жасын ғұмырын арқау ете отырып, оның ерлік істері, анасы Балжан әженің өнегесі жайлы ілгеріде жазылған ілкімді дүниелерді жаңғырту арқылы өскелең ұрпақ бойына отаншылдық рухты сіңіруде құнды һәм маңызды еңбек болмақ. Қарқаралы ауданының Нұркен атындағы ауылда туып, тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып келе жатқан бейбіт еңбек майданының батырлары туралы жазылған жазбалар да кітап салмағын арттыра түскен. Нұркен ізбасарларының ғибратты ғұмырынан сыр шертер бұл дүниелер – ұрпақ сабақтастығының жарқын үлгісі.

Кітаптың тілі – жатық, оқиғасы – нанымды.

Жиһақ көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 821.512 122

КБЖ 84(5кқ4)

ISBN 978-601-7921-33

© Төлеу Е.,

Кашкимбекова Ш. құраст., 2019

© «Кәусар» баспасы, 2019



## ӨТЕЛГЕН ПАРЫЗ ӨЛШЕМІ

(Алғы сөз орнына)

**Б**абалар рухы алдындағы ұрпақ парызына өлшем болар ұғымды санама сыйғызып, жүрегіме жөргектей алмадым. Өйткені, қастерлі парыз да, аяулы аманат та – ұшантеңіз. Оны өтемекке қайратымыз жете ме? Десек те, бодандық бұғауынан арылып, Азаттықтың ақ таңы арайлаған сәттен бастап жоғымызды түгендеп, барымызды базарлауға зор мүмкіндік туғанын қалай ұмытайық?! Кешегі екінші дүниежүзілік соғыста ерлікпен қаза тапқан Нұркен Әбдіровтердің қаһармандығын дәріптеп келгенімізбен, кеңестік идеология ұлт батырларының атын атауға тыйым салған заман болғаны да жасырын емес. Міне, осы тұста еселенген парыз бен аманат жүгін әлі арқалап келеміз.

Қолыңыздағы «Қыран қазақ» жинағы -- осы өтелмек парыздың бір парасы ғана. Иә, Нұркен бабамыз ардақтаудан



алшақ, құрметтеуден құр қалған емес. Аллаға шүкір дегізерлік құрмет көрсетіліп келді. Бір Қарағандының өзінде батыр атында зәулім спорт сарайы, көрікті даңғыл, мектеп, ауыл бар. Қаншама қаламгерлеріміз қаһарман қазақ ұлының ұлағатты өмірі, жанқиярлық ерлігі жайлы қадау-қадау дүниелер жазып, әр тұлғалы батырдың өшпес ерлігін ақындар жырына қосты. Бәрібір, батырдың ғажап ерлік жасаған Ресейдің Волгоград облысындағы бейбітшіл халық құрметінің деңгейіне жете алдық па? Мәселе – осында. Кешегі Кеңес дәуірінің өзінде Нұркен жерленген топыраққа барып келгендердің барлығы Мамай қорғаны маңындағы халықтың батырға деген шексіз құрметі мен ыстық ықыласын аңыздай етіп толғайды. Дәл бүгін ат ізін салғандардың да әңгімесі – сол құрмет. Ендеше, Нұркен бабамыздың даңқын Ұлы Дала ұландарының ұранына айналдыру қажет деп ойлаймын өз басым.

Бізде не кемшін? Бізде ұлыларды ұлықтаудың науқаншылдық сипаты басым. Осы жағынан келгенде өзгелерден кемшін түсіп жататынымызды жасыра алмаспыз. Шынымен де, біз ұлтымыздың маңдайына басқан тұғырлы тұлғаларын мерейтойында ғана ескеріп немесе әлдебір айтулы шара кезінде ғана еске алуды үрдіске айналдырып алдық. Жасыратыны жоқ, қолымыздағы кітап та – мерейтойлық жинақ. Алайда, Нұркен батыр жайында тың деректерді тиянақтаған толымды дүние, болмаса, небары 23 жасында отқи оранған оғланның қыршын ғұмыры жайында көркем әдебиет жанрында көшелі бір дүние жазылмаған соң, осылай жасамасқа амалымыз да қалмады. Сол амалдың жоқтығынан Ғабенді (Ғабит Мүсірепов) қайталауға, Ақаңды (Ақселеу Сейдімбек) ақтаруға, Якимовтың жазбаларын жаңғыртуға, Қарағанды облысының айнасы «Орталық Қазақстан» газетінің архивтегі сарғайған тігінділерін парақтап, әр жылдары жазылған очерк, мақалаларды қайта сұрыптауға тури келді. Сондай-ақ, бұл жинақты шығарудағы басты мақсатымыз – батыр рухына тағзым ету болғанымен, қаламгерлер



қауымына Нұркен батыр туралы тың дүниелер жазылса деген емеурініміз де жоқ емес.

Сонымен, қазақ қыраны алдындағы қастерлі парызымыздың бір парасы орындалды делік. Сарыарқа сұңқары жайлы кезінде жарық көрген кітаптардың тұтыну айналымынан әлдеқашан шығып қалғанын да ескердік. Оның үстіне, ұлттық рух еңкіш тартып, жас ұрпақ әлжуаз буынға айналып бара жатқан бүгінгі қоғамға батыр жайлы жазбаларды бір екшеп ұсынудың да маңыздылығы басым тұрды. Қалай болғанда да, ескі жазбаның еншісіндегі құндылық өміршеңдігін жоймайды екен. Халқымыздың арғы-бергісіп катқа түсіріп, жазу-сызудың төңірегінде жүрген тарихшы болсақ та, осы кітапқа еніп отырған Нұркен аға жайындағы мағалаларды қайталап қанша оқығанымызбен, жадымызда көмескілене бастапты. Материалдарды сұрыптау, редакциялау барысында кейбір очерк, мақалаларды жаңа оқын отырғандай әсерге бөленіп, рухани тұрғыдан қайта жаңғырғанымды несіне жасырайын...

Сондықтан, қолымыздағы жаңа жинақтың өзіндік құндылығына бәс тіге аламын. Ерлік рухты дәріптей отырып, Нұркен ағамыздың өр тұлғасы арқылы өскелең ұрпақ өнеге тұтар орелі бейне сомдап шықтық. Сонымен қатар, кітаптың «Туған жердің тұғырлы тұлғалары» атты екінші бөліміне Қыранаралы ауданының Нұркен ауылынан шыққан танымал тұлғалар өнегесін өрнектеп отырмыз. Мұның өзі батыр туған өңірақтың өзінде қасиет барын аңғартып қана қоймай, өмірмен ағаның лайықты ізбасарлары елді еңселеңдіріп өсе жатқанын қуаттай түседі. Әрине, Нұркенді туғызған өңірақ бейбіт еңбек майданының да ерлерін туғызбай қоймайы. Батырдың ғұлама ағасы Ақжан әл-Машани бастаған өр тұлғалар бейнесі мен ұлағаты – ұрпаққа мәңгі үлгі бөлдерін құндылықтар.

Айта кетейін Нұркен ауылындағы мектептің 90 жылдығы. Оны атапты қамтылған асыл азамааттардың дені – осы мектептің тұлғалары. Батыр Нұркен рухымен бірге елдің ерлері, өрлері тарихы да қамтылсын деген ниетпен осылай жаса-



дық. Түйінін айтқанда, Нүркендей нас батырды елден, елді Нүркеннен ажырата алмадық.

Қалай десек те, Нүркеннің мәңгілік есімін ардақтай отырып, лайықты ізбасарларына да құрмет көрсетілмек. Мұның өзі елдік туын биік ұстаған мұрагерлердің мұратты ісіне маңыз берер мазмұн еді. Ендеше, әзірге өтелген парыздың өлшемі осы болмақ, ағайын!

**Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ,**  
тарихшы



## Бірінші бөлім



# «ҚЫРАН ҚАЗАСЫ — ҚИЯДА»



Қазақтың қаһарман ұлы, Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровтің туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтойлық жинақтың бірінші бөліміне көрнекті қаламгерлердің әр жылдары жарияланған очерктері мен таңдаулы мақалалары, ақындардың жырлары топтастырылып отыр.

Өскелең ұрпаққа Нұркен бабамыздың қайталанбас ерлігі мен Елін, Жерін сүюдегі шынайы сезімі үлгі болса керек.

Батыр туралы бірнеше кітап, көптеген фильм жарық көрді. Алайда, солардың көбінің желісі кеңестік идеологияның темірдей талабынан ауытқи алмаған. Ал, қолыңыздағы жинаққа енген шығармалар — ешқашан өзектілігін жоймайтын, қашан жазылғанына қарамай, құндылығын жоғалтпаған жауһар дүниелер.

Кейбір жазбалардың сарғайған газет беттерінен алынғанын және авторларының шығармашылық бүркеншек атпен берілгенін ескеріңіздер.



## ҚАРАҒАНДЫ ҚЫРАНЫ

**Е**л кегі жүрегінде, кек күші ісінде болады. Астанамыз Алматы – қазақ халқының жүрегі болса, Қарағанды – жауға түйген қаһарлы қабағы, сілейте соғар, өлтіре сұлатар тас шоқпарының бірі.

Көп деп қорықпай, терең деп тайынбай, жау ордасын талай талқандаған жас қыран Нұркен Әбдіров сол түйілген қабақтан, сол кекті жүректен жарқ етіп атылған найзағайдың оғы сияқты. Қырағы көзді қыранның ұшса талмас қанаты мен тасқа салса мұқалмас темір шеңгелі сол кекті елдің Қарағанды сияқты ұлы көрігінен шыққан. Бұл – ел еңсесін көтерер, ерлер ұтатын жер. Алып анадан туса, алыптардың өсіп, ержетер ордасының бірі Қарағанды атанды. Қарт ата Әбдір мен қамқор ана Бағжан балаларын баулыр шақта Қарқаралыдан көшіп, Қарағандыға келген.

– Атақты 1-ші шахтаның «қарауызын» мен тесіп едім, – дейді Әбекең.

Ата күшін, ана сүтін ақтау дегеннің дәл мағынасы – алтын бесік еліңнің үмітін ақтау болады. Нұркен ес білгелі көмірде жүрген әкесі мен ағаларының істеріне қарап, өз борышын жалпы жастардан анағұрлым кеңірек, анағұрлым тереңірек түсінген. Ол кітап магазинінде есеші болып жүргенде-ақ Советтер Союзының атақты ұшқыштарының суреттеріне көзі талғанша қарап, өзі де солардай батыр ұшқыш болуды арман етеді екен. Қасындағы жолдасына:

– Батырлардан иығым еңсіз бе, білегім нәзік пе, саусағым саласыз ба? – депті. Жолдасы ол ойын мақұлдаған екен.



– Е, солай деші, ақын болғыр! – депті. Оған да үлкен болашақты жора қылыпты.

Албырт жасқа алғыр ой тыным бермегендігі Нұркеннің әрбір ісінен-ақ көрініп тұр. Ол бір жағынан оқу оқып, я қызмет істей жүріп, Қарағандының облыстық аэроклубында ұшуға үйреніп, запастағы ұшқыш атағын алады. Өршіл көңіл көкке тартады, жоғары сүйрейді. 20 жастағы Нұркен 1940 жылы армияға шақырылғанда, ол әзір тұрған ұшқыш екен. Сондықтан, анағұрлым ұзақ жылдардың ішінде бітірестін ұшқыштар мектебін Нұркен 2 жылға жеткізбей бітіріп, 1942 жылдың күзінде сержант-ұшқыш-штурмовик болып шығады. Ең алғаш майданға ұшар, жау төбесінен шаншыла түсер күні – 23 октябрь 42 жылы – көптен күтінген үлкен іске аттанар алдында, Отан алдында есеп берер кезеңде Нұркеннің терең ойланғандығы анасына жазған хатынан да айқын байқалады:

«Апа! Біз талайдан бері дайындалған уақыт бітті. Соғыстың қызу жеріне барамыз. Жастық шағымда алдарыңа шығып, қатты сөз айтқан болсам, басымды алдарыңда иіп, кешірім сұраймын. Мен жас жанымды жауға оңай бере қоймаспын. Жастығымды еселеп тұрып ала өлермін. Менің қолымда немістерге қорғасыннан сыбаға беретін жылдам ұшатын аэроплан бар... егер немістің көзін құртпасақ, немісті өлтірмесек, ол бізді өлтіреді. Сіздерге бұрынғы қызықты уақыт пен бостандық болмайды... Қадірлі әке-шешем, таң болса атты, қазір ұшамыз...» – депті. Нұркен Ұлы Отан соғысының майданында жастығын еселеп-еселеп алғандығын қазір бүкіл ұлы одағымыз біледі.

Сүйе білмес жүрек кектене де білмейді. Нұркен ата-анасы мен туған-туысқандарын ерекше бір жылылықпен, ұмытылмас қылықтармен сүйетін жігіт екен. Қазір Бағжан шешейдің қолында Нұркен жазған 82 хат сақтаулы жатыр. Сол хаттардың бәрінде де – шын елжірей сағынған үлкен жүректен шыққан сөздер. Алыста қалған ата-ананың жай-күйлерін күнбе-күн білгісі келіп отырған. Ылғи сүйеніш, ылғи қорған боларлық сөздерді жазған. Сәрсен дейтін үлкен аға-



сының 2 жасар қызы Светланаға жазған хаттары жауға сонша мейірімсіз жүректің балаға сонша елжіреуін көрсетеді. Хаттарының көбін сол Светланаға жіберіп отырған. Көп хаттарының басы ылғи «Светжан» деп басталады. Бір хатында:

«Светжан! Кеше қалаға шығып, Кітап магазиніне келсем, кішкене балалардың суреттерін сатып жатыр екен. Қызығып кеттім де, саған да алдым. Апа және Асқар, Светжанды осы суреттегі баладай ғып таза ұстап, әдемілеп өсіріңдер. Шәші де, барлығы да осы суреттегідей болсын», – депті (29. VII.42 жыл).

Елін, жерін, ата-анасын сонша сүйген жас жігіт сағынған ана көкірегін бір иіскеп қайтуға мүмкіндік болса да, Совет елінің бір босағасына жау кіріп, туысқан Украина, Белоруссия елдерінің көңілінде кекті қаяу тұрғанда демалыстан бас тартып, майданға жөнелті. «Сол құтырған тобеттей жан-жақтан арсылдаған фашистерге өлім оғын жұтқызуға асығып, үйге барамын деген демалысты жауды құртуға жұмсағалы отырмын. Онсыз қайсымызға да демалыс болмас, апа», – депті бір хатында. Одан бұрынғы бір хатында оқуды тез бітіруге асығатынын айта келіп: «Барлық Совет халықтарының беретін бір-ақ жауабы бар – Германия фашистерінің көлеңкесін Совет жеріне түсірмейміз!» – деп аяқтайды.

Артта, алыста қалған кемпір-шал мен ауру ағасының жайы қанша бунап келсе де, Отан қорғау сияқты ұлы іске аттанады. Бірақ сол арпалыста жүріп, кейде екі минут, кейде үш минут уақыт тауып, ата-анаға қолын созады, алыстан құшақтайды – хат жазады. Қарт адамдардың хат күтіп қалмауын есінен шығармайды.

\* \* \*

Бүгін майданға сүт кенжесі Нұркен жүргелі жатыр. Ортаншы ұлы көптен майданда, ең үлкенінің еншісі бөлек. Енді бұл үйде екі ескі дос – алпыстан асқан ана мен жетпістен асқан ата қалмақ. Нұркен барда базардай үй, енді екі



сағаттан кейін әлдеқандай ойға кеткендей, тыншыға қалатын болады.

Анасы Бағжан да, баласы Нүркен де осыны сезінеді. Екеуі де күндегісінен көңілді көрінгенімен, масаның ызыңындай ғана бір себеп болса, кемпірдің шыны ақтарылғалы тұр. Екінші қабаттағы үйіне көтеріліп келе жатып шешей үш рет сүрінді, тас үй теңселгендей болып кетті. Сыр бермей отырған – әке ғана. Бурыл сақалды, ойлы жүзді Әбдір шал – сырға берік, сынға төзімді, салмақты адам. Жетпіс бес жыл алыс айқаста өткен өмір әрнеге де үйреткен оны.

Қазір үй іші лық толы адам. Нүркенді ұзатып салуға келген дос-жарлары, ағайын-туғандары кемпірдің кеудесінде салынған әннің дыбысы шығып кете ме дегендей, қатты дуылдасып отыр.

Осы шумен бұлар аэродромға барады. Ол жерде жылауға да болады: пропеллердің екпінді гүрілі үннің шын аңызын аңдатпайды. Айналаң жұлқынған қатты жел, себебін сол желге таңып, екі көзіңе ерік беруге де болады.

Нүркен де ішкі толқынның оқтын-оқтын ұрып өткен соққысына әрең шыдап отырғандай. Құрбыларын сөзге айналдыра беріп, шешесіне бір жалт етіп қалады. Ол қызыл шырайлы, толық жүзді, кең иықты, балуан мүшелі жігіт еді. Қазір сол жүзі ашаңданып, ішкі жайды жасыра алмай тұрған бала жүрегiнiң әрбiр бұлк еткенiн аңдатып қалып тұр. Таң сәулесі түскендей жүзі де ақсұрлау тартыпты. Көздері де ерекше жалтылдайды.

Ана мен бала осы халде отырғанда ана жүрегiнiң нәзiк қылын бiр нәзiк қол келiп шертiп қалды. Ол үлкен баласының бiр жасар ғана қызы Светлана едi. Көзi дөп-дөңгелек, піскен алмадай балғын беттi Светлана Нүркенге екі қолын бiрдей созып, ұшардай ұмтылып, былдырлай күлiп, барынша талпынды. Нүркен баланы тез ғана қолына алып едi, жақсы көрсе барынша жақсы көретiн нәресте бетiн ағасының кеудесiне көмiп жiберiп, аймалай бердi. Бiр көңiл кеңкете түстi. Дырду да тына қалып, барлық жүрт Бағжан анаға қарады.



– Аймалап қал, өкпем... – деп кемпір де босап бір кетті де, іле түсін суытып алып:

– Нүркеш, киін енді. Сені мен тапсам, бағып-қағып өсірген, өнер үйретіп, адам қылған елің болатын, құлыным! Сол елің тұлпар берсе мін де, шап жауыңа! Қанат берсе, үш! «Қорғансыз болсаң, желге өкпелеме» деген бар. Қорған бар сенде. Қорғаның болса, қорғай біл! Елін қорғар ұл таппасам қайтер ем? Аттан, қарағым! Жылама деме маған. Жылама-сын десең, мықтап қорға. Көзге жасым келмейтін етіп қорға! Құр барғанның несі сеп, құртып қайт жайрағырды! Жаулығымды жалау етіп, алдыңнан мен де шығармын сонда.

Сол күні Нүркен майданға жүріп кетті. Аттанар алдында жүзін шешесінің көкірегіне басып, үн шығармай тұрып, шінен ант етті:

– Қорғаным бар, қорғай алармын. Жылама демеспін саған, жыламайтын етіп қорғармын! Көзге жасың келмейтін етіп қорғармын! Жайратып қайтармын жайрағырды! – деді.

Ана жүрегі бұл антты түгел естіді. Егер бірге соғар екі жүрек болса, ол осы ана мен баланың жүрегі емес пе. Бірі үнсіз айтып, бірі үнсіз ұғынып, үнсіз ғана қош десті.

Міне, содан бері бір күліп, бір түнерген талай айлар, татай алыстар өтті. Нүркен антын бұлжытпай орындады. Бір жүректің батылдығы мен бір білектің батырлығына лайық ерлік істеді.

Үйде қалған ана жүрегі де талай сынға түсті. Майдандағы екі баланың қарасы бір көрініп, бір көрінбей, ана көзін екі жыл талдырып, ана жүрегін екі жыл бунады. Біреуінен әлі де хабар жоқ.

Откен қыс үлкен келіні ұл тауып еді, атын кемпірі «Орал» деп қойды. Ол Орал тауының аты емес. Балаларының аман қайтып оралуына арналған жорасы еді. Жақында Нүркеннің хабары анықталғаннан кейін, ана жүрегі оңды-солды толғатып келіп, бір демеуді тағы тапты. Үміт үзбес, мәңгі айнымас, мәңгі ана:

Енді мұның аты Нүркен болады! – деді.



Қазір баланың аты – Нұркен. Өзі Нұркеннен айнымайды да екен: «құйып қойғандай». Ана айнымайды десе, баланың айни алатын қай шамасы бар, айныр емес.

– Тек, тілің шығып, есің кірсін, – дейді Бағжан кемпір, баланы сергітіп отырып, – дүниеде неміс деген ел барлығын, фашист деген пәле содан туғанын құлағыңа құйып өсірерміз. Дүниеге осынша пәле әкелген елден еселеп кегінді ал деп жұмсармын!

Бала шалықтап күледі, бәле шақырған ел болса бәлесіне ұшыратуға уәде еткендей, басын изейді, екі қолын қанаттай қағады.

Үш-төрт әйел үйге жылай кірді:

*Боздағыңнан айрылып,  
Қанатыңнан қайрылып  
Отырмысың, әжеке ау?!*

Кәрі әдет иықтан басып, желкеден итермелегендей, Бағжан да құшағын ашты. Түйе боздағына қосыла кететін шеше жүрегі тағы да езіліп, тағы да барынша елжірей жөнелді. Келген әйелдер айнала көрісіп, дағдылы ескі жоқтаудың алыста қалған сүрлеуінің жобасымен бастап жіберіп еді, ұзамай қайда қаңғып кеткендерін өздері де білмей қалды. Бүгінгі күн былай қалды да, баяғы «қарадан шығып, хан болғанға» қарай ойысып берді. Олардың үмітсіз малтығысқа кіргенін Бағжан шешей сезе қалды да, құшақтап алып, танытып тұрған әйелді ысырыңқырап шегіндіріп қойып:

– Ей, қойыңдар әрі! – деді. – Көзім құрғақ болса, көңілім жыламай тұрған уағы жоқ, көңілім жыласа да көзіме несіне өкпелейін. Қой деді деп сөкпендер, жылаудың да жөні бар. Нұркешім тірі. Әкесі жалғыз мынау шығар, шешесі жалғыз мен шығармын деуші едім, қате екен оным. Әкесі бүкіл Совет елі, шешесі бүкіл Совет жері екен. Өлім бар ма Нұркенге?!

Әйелдер таңданысты да қоя қойды. Көздерін тез құрғатып, енді ер шешенің ыңғайына қарай көшіп, қайратты жүректен еріксіз ықтады.



– Әже-ай, қызықсыз-ау, – деген бір ғана ақырын үн шықты да тынды. Басқа еш нәрсе айтылған жоқ. Бағжан әлі де өксігін баса алмай отырған шалына бұрылып:

– Ей, сен неге жылайсың осы? Нүркен Әбдіров деп атыңды айдай әлемге жайды. Сен кімнің әкесі болғаныңды ойлаймысың, сірә? Жыласам, мен жылайын, қой әрі! – деп Әбекеңді де тоқтатып қойды. Өңгіме ауыр салмағынан оңай арылып, көңіл де, көз де уанғандай боп, жұрт жүрегі серги бастады.

Үйге тағы да екі жас әйел келді. Біреуі оқыған әйелдің бейнесінде де, біреуі оқығандыққа жанымен наразы әйелдің қабағын көрсетеді. Кәдуілгі ауызға оңай түсе қоймайтын қазақша амандасудың бір түрін жарым-жартылап істеп, «жақсымысыз» деген сияқты бірдемені сыздықтап сыбырлап отыра кетті. Аздан соң оқыған әйелдің бейнесіндегі әйел:

– Нүркеннен не хабар бар? – деп сұрады. Бағжан жас әйелдің бетіне тым-ақ ренжулі жүзбен қарады:

– Хабар жақсы, Нүркен келеді ұзамай! – деді.

**Жас әйел қаннен-қаперсіз:**

– Е, бәрекелді! – деді.

Бұл кезде Нүркеннің жайы бүкіл Қарағандыға мәлім еді. Облыстық екі газет арнаулы бет шығарғандарына төрт күн болған. Бағжанның мына көзқарасында құр беттері жылтыраған екі жас әйел үшін ызалы бір қорланыс бар еді. Бірақ, жас әйелдер оны аңғарған да жоқ. Сол үйден шыға салып, көшеде тұрған көшпелі, арзан цирктің афишасын қолдарымен тұртіп, біреуі: «Он бес пар балуан күреседі», – деп, екіншісі: «Жоқ, 25 пар балуан күресетін көрінеді», – деп таласып тұрды.

Қазір Бағжан – бүкіл одақта өте құрметті, өте ардақты адам. Ол қазақ батырының – Советтер Союзының геройы – Нүркен Әбдіровтің анасы.

Қарағанды әйелдері Бағжан шешейдің аузынан шыққанына қатты құлақ асады.

Қарағанды – қазақ халқының кек кернегенде түйілетін қабағы сияқты. Кекті ана қартайдым демей, Гитлерден ұлы-



ның тілегін алуды тілек етеді. Қарағандыда артылған көмір Магнитогорда зеңбірекке айналып, Харьков қасында Гитлерге атылатынын ер ана жақсы біледі. Сондықтан, батырдың анасы жаулығын жалау қылып булаған, сол кекті алуға шақырады.

**1943 жыл, июнь.  
Қарағанды**





Ақселеу СЕЙДІМБЕК

## БАТЫРДЫҢ АНАСЫ

**С**овет Одағының Батыры Нұркен Әбдіровтің анасы Бағжан шешеймен сөйлестім. Бағжан шешеймен сөйлестім де, абзал ананың перзентіне деген аяулы махаббатын аңыздан емес, өзінің аузынан естіп, қайран қалдым.

Отан соғысының от-жалыны түтеп тұрған 1942 жылдың 23 қазаны күні Нұркен Әбдіров Тростянк станциясынан ардақты анасына, үй ішіне мынадай хат жолдады:

«Аса қадірлі ата-ана, Сәрсен, Асқар, Светлана!

Апа, бірталайдан бері дайындалған уақытым бітті. Міне, ертең бе, болмаса бүгін бе, сол қызу шайқас болып жатқан жерге барамын. Сондықтан бүгін түнгі ұйқыны төрт бөліп, сіздерге, туған жерге, әке-шешеме, аға-жеңгеме, қарындасқа керосин шамының жарығы астында, кешірім сұрап, хат жазып отырмын. Кім біледі, соғыс өлімсіз болмайды... Жас өмір ішінде алдарыңызға шығып, қатты сөз айтқан болсам, кей жасөспірім жігіттей болып сіздерді ұмытып, басқа нәрсеге көңіл бөлгем болсам және тілдеріңізді алмаған күндерім болса, бүгін осы ақ қағаздың бетіне жазылған хат арқылы жас басымды сіздердің аяқтарыңызға салып, кешірім сұраймын. Міне, осы хатты жазып отырған уақытымда өткен күндер көз алдыма елестеп отыр. Сондықтан мен жас жанымды жауға бос бере қоймаспын! Егер өлетін болсам да, жастығымды алып өлермін. Неге десеңіз, менің алымда немістерге қорғасын сыбаға беретін жылдам ұшағын аэроплан бар. Маған Отаным осындай ең алдыңғы тех-



никаны сеніп қолыма бергеннен кейін, мен елім үшін, жерім үшін бойымдағы бар қайрат-жігерімді жауды жеңуге сарп етуім керек!..

Қадірлі туған-туысқандарым, әке-шешем! Таң болса атты. Қазір ұшуға барамыз. Сонымен, хат аяғын тәмам қылуға рұқсат етіңіздер. Көп не жазайын, қош, сау болыңыздар! Амандықпен жолығысуға жазсын!

Нүркен».

Бұл Нүркен Әбдіров өміріндегі соңғы хаттардың бірі болатын. Әлгі хаттан кейін кешікпей-ақ, сұрапыл шайқастардың бір күнінде, Нүркен Әбдіров Боковская деревнясы маңында жаудың бомбылаушы самолеттерін талқандау жөніндегі жауынгерлік тапсырманы ойдағыдай орындап, өз аэродромына бет алып келе жатқан болатын. Кенет жаудың зенит оғынан зақымданған Нүркеннің самолеті отқа оранып қоя берді. Ол аэродромына енді жете алмасын аз сәтте болжап үлгерген еді. Осы тұста оның парашютпен секіріп түсуіне де әбден мүмкіндігі бар болатын. Бірақ жауға деген өшпенділік, өзінің Отанына шын берілгендік бойын билеген Нүркен Әбдіров өзінің лапылдап жанған самолетін алғы шепке бара жатқан жаудың танк колоннасына қарай бағыттайды. Сөйтіп, ол жаудың ондаған танктерін, жүздеген солдаттары мен офицерлерін бірдей өртеп, ерлік тарихына өшпес із қалдырды.

Осы оқиғадан кейін көп кешікпей-ақ Бағжан шешей М.И. Калининнің қолы қойылған қаралы қағаз алды. Оған қоса Нүркен Әбдіровке Совет Одағының Батыры атағы берілгендігі жөніндегі СССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлығының көшірмесі мен Грамотасы қоса келді...

Содан бері отыз жылдан астам уақыт өтті. Қаралы ормандар қайтадан қалпына келе бастады, жаралы ағаштар жапырақ жамылды. Оқ ысқырған бұтақтарда бұлбұл сайрады, тіршілік қайта жайнады. Бірақ, сұм соғыстың құрбаны болған перзент қасіреті ана жүрегінен өшпейді екен. Мен мұны Бағжан шешейдің Нүркен туралы айтқан сөзінен



ұқтым. Нүркенге аймалатқан мерейлі жүзінен таныдым. Ана атаулының үміт-тілегі, ұлы жүрегі нені қалайтынын бұрынғыдан да тереңірек сезіне түскендей болдым.

Сонда менің ерекше қайран қалғаным, Бағжан шешей аяулы ұлының өлімін он жыл бойы, жиырма, отыз жыл бойы естіп келе жатса да, көзі көрмеген соң сол сөзге сенбейді екен ғой. Жүрек түкпірінде бір тәтті үмітпен, тірі Нүркені осы қазір немесе ертең, тіптен әйтеуір бір күні алдынан шығардай үнемі елеңдеумен жүреді екен.

Ана, Нүркенді сағынасыз ба? – деп сұрадым әңгіме арасында.

Дон жеріне барып, бейітін көргенше бір үміт маза бермей, сарғайта беруші еді. Қазір бәріне де көніп, көзімді жеткізіп, алаңсыз болып алдым, – деді Бағжан шешей.

Иә, Бағжан шешейдің бұл сапары баласын аңсап аңыраған ананың сағыншысын басқан ерекше сапар болатын.

Совет Одағының Батыры Нүркен Әбдіровтің бейіті – Ростов облысының Вещенск ауданында. Бейіт басында ростовтықтар орнатқан мәрмәр ескерткіш алыстан көзге түседі. Бұл ескерткішті сол жердегі Быхов орта мектебінің пионерлері қамқорлыққа алған. Мектептегі 13 пионер дружинасы Нүркеннің атында.

Осы төңіректегі Коньков станциясының тұрғындары Дон өңіріне жаудың табанын бастыртпаған Нүркен батырдың зиратын ерекше күтіммен, хош иісті гүлге орап ұстайды екен. Мұны көргенде қарт ана Бағжан ұлының мәңгіге жамылған топырағын құшақтап, толқып жыласа да, келесі бір сәтте мақтаныш сезіміне бөленіп: «Ерлігіңнен айналдым, сені ардақтаған халқымнан айналдым!» – деген болатын.

Бағжан шешейді осы сапарында атақты жазушы Михаил Александрович Шолохов қонаққа шақырды. М.А. Шолоховтың үйі Нүркен батырдың бейітінен қырық шақырым жердегі Вещенск станциясында орналасқан.

Қарт ана ұлы жазушының үйінде қонақта болып, ықыласпен сөйлесіп, сый-құрметін көреді. Қайтарында Михаил Александровичке:



-- Сіздей даңқты адамның атын алыстан көп естуші едім. Кітаптарыңызды балаларымыздың, немерелеріміздің қызыға оқитынын жақсы білемін. Енді, міне, дәм тартып, өзіңізбен дидаласып, қонағыңыз болдым. Бізді осылайша жолықтырып отырған – менің ұлымның аруағы мен Сіздің атақ-абыройыңыз. Сізге де, ұлыма да ризамын. Мекеніңіз жердің жұмағы екен, өзіңіз ел үшін туған азамат екенсіз. Өміріңіз ұзақ, жеріңіз, еліңіз көзден-сұқтан аман болсын! – депті.

Сонда ұлы жазушы Михаил Александрович шын толқу үстінде:

– Әбден орынды лебіз білдірдіңіз-ау! Менің өз басымның қазақ еліне, қазақ жеріне борышым да, алғысым да көп еді. Кешегі сұрапыл соғыс күндерінде Сіздің батыр ұлыңыз менің Дон өзенімді жаудан қорғап қаза тапқанда, үй ішімді, жұбайым мен бала-шағамды Сіздің меймандос, кеңпейіл қазақ елі паналатып, бауырына басып еді. Сізді бұлайша үйіме шақыруым – Сізге көрсеткен ықыласым, Сіздің аяулы жұртыңыздың сол бір тамаша ықылас-пейілінің аз да болса бір қарымын қайтарудың шарапаты болар. Сіздің ұлыңыз Нұркен – біздің бәріміздің де ардақты ұлымыз. Біздің туысқан халықтарымыздың мызғымас достығының белгісі, міне, осы. Сондықтан да, жас қазақ жігітін бәріміз мақтан етіп, ескерткішін құрмет тұтамыз. Ел-жұртыңызға бізден мың рахмет, достық сәлем айтыңыз. Ал, Нұркен сияқты батыр ұлды өмірге әкелген Сіздей анаға бас иіп, тәжім етемін! – деп Бағжан шешейді құшақтап, бетінен сүйеді.

Сексенге келген қарт ана аяулы ұлына деген отыз жыл бойғы сағынышына осылай сабыр беріп, мауқын осылай басып қайтады.

...Әй, бірақ, ана жүрегінен сағыныш пен үміт сарқылмайды екен. Бағжан шешеймен әңгімелескенде бұған көзіміз кәміл жетті.

– Апа, осы Нұркен балаңыз түсіңізге кіре ме? – деп сұрадым сөз арасында.



Е, шырағым, – деп Бағжан шешей терең күрсініп аяды. Әлдилеп-әлпештен өсірген баланың қимыл-қылығы, бәйшесі жүрек шіркіннен өшпейтін көрінеді ғой. Содан да болу керек, Нүркеніммен кей-кейде түсімде дидактасып, қырық болып қалатыным бар... Соңғы рет осы алдыңғы күні түсіме кірді. Көптен көрмеген әдемі түс еді, мына бір ірсімізден өтетін бесінші троллейбустың таң атпай бастағанын гуілі оятып-ақ жібергені. Соғыс жаңа біткен екен демін. Нүркенім аман-есен келіпті. Сол баяғы шығарып сөзіндегі қалшы. Бұрын «Апа-ау» деп келіп еркелей кететін мінезі болушы еді, енді ойтпейді. Салқын тартып, қатал болып алған сияқты. «Мынау қу соғыс жағағынан түңілген құландай жатбауыр етіп жіберген бе, Тәңірім-ау?!» деп Нүркенімнің әлгі мінезін өзімше уайымдан жүрмін. Содан, бір орайын тауып, Нүркенімнің өзіне айтсам, Нүркенім сол ұрынғысынан «Апа-ау» деп еркелей күліп, маған қолын соғады. Мен де қол созып, енді құшағыма ала бергенде оянып ақ кеткенім. Бұдан кейін ұйқы келу қайда?..

Шешей, ана атаулы ардақты ғой. Сөйтсе де, Нүркендей батырды дүниеге әкеліп, тәрбиелеген Сізді халқыңыз қатты елдірлейді. Ал, Нүркенге деген халық ықыласы бір төбе. Нүркен атында кеңшар, көше, оқу орындары бар. Нүркенге арналған кино, ән-күй сияқтылардың бәрі де – сол ықылас-сұрметтің айғағы. Міне, осылардың бәрі Сіздің жүрегіңізге қалай әсер етеді? – деп сұрадым.

Еліне лайық ұл туса, ондай перзентін халқы қашанда ащай да, ардақтай да білген ғой. Бұл – ізгі дәстүр. Мені, өспіріме, жастар жағы жиналыстарына жиі шақырады, сонда «Нүркен ағадай сұңқар боламыз!» деп саңқ еткен балалардың үнін естіген сайын, Нүркенім «Апа» деп алдымнан шыққандай болады. Сонсоң, Нүркеніме орнатылған талай ескерткіш бейнені көріп жүрмін ғой, алайда, осы Қарағанды обласындағы ескерткіш өзімнің Нүркеніме тым ұқсас. Тас болса да, сол бейнеге жиі-жиі барып тұрмасам, мені іздейтіндей алаңдап отырамын.



– Сөз орайындағы бір мысал ғой, апа, егер бір ғажайып күшпен Сіздің жалғыз аналық тілегіңіз орындалар болса, осынау дүниеде не қалар едіңіз? – деп сұрадым тағы да.

– Ана атаулы ақ сүтін берген баласының қасіретін көрмесе екен деп тілер едім. Өйткені, әйел-ананың қабағын мұң шалмаса – әлемде тыныш тіршіліктің болғаны ғой. Ал, тыныштық, бейбітшілік – игі ниетті адам атаулының асыл мұраты, абзал арманы! – деді Бағжан шешей.

Мен батырдың анасымен осылай дидарластым. Ана жүрегінің күдірет-қасиетіне осылай куә болдым...





Тоқтар ӘУБӘКІРОВ,  
Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы

## «ОТАН ҮШІН ОТҚА ТҮС, КҮЙМЕЙСІҢ!»

**О**тан үшін отқа түс, күймейсің!» деген Баукеңнің, Бауыржан Момышұлының қанатты сөзі нып мәнінде Нүркен Әбдіровтей Батыр ағамызға арналған. Отқа оранып, жалын шарпып, зеңгір көктен сорғалап келіп жауын жастана ерлікпен қаза тапқан сәтін әскери үшқыш ретінде көз алдыма елестетіп, бүкіл сана-сезіміммен, жұлып-жүйкеммен түйсіне аламын.

Кездейсоқтық демейін, Алланың алқауы болар, Нүркен ағамызбен жерлеспін. Қасиетті Қарқаралыда қанат қомдан, қияға қарап өсіппіз. Батыр ағамыз ата-анасымен отызыншы жылдары Қарқаралыдай жер жәннатынан Қарағандыға көшіпті. Еңбекқор болыпты. Балғын кезінен әкесімен бірге шахтада көмір қазған. Сол жылдары ашылған Қарағанды аэроклубында оқып, үшқыш атанған. Осы аэроклубта мен де сонау Теміртаудан жаяулап келіп оқыған едім. Нүркен ағамызды оқытқан осы аэроклубтың бастығы Г. Якимовтың «Нике в бессмертие» деректі повесінде Батыр ағамыз туралы жан-жақты, нақты деректермен жақсы жазылған. Нүркен ағамыз небары 23 жасында қыршын кеткен. Жай өлім емес, жасын өлім.

Батырлық бізге шыпылдап тұрған қаннан, тепсе темір үзетін тектіліктен дарыған. Батыр ағаларымыз туралы әкемізден, анамыздан естіп өстік. Одан қалды, Батырлар жы-



рын оқып, садақ сайлап, қылыш қайрап, шыбықты тұлпардай мініп, бала күннен ел қорғауға ереуіл ат ерттепсіз. Батырлық – байлық емес. Атам қазақ айтқан: «Жүрек жұтқан», «Жүрегінің түгі бар». Бәрі – жүректе.

Нұркен ағатайым Орынбор авиация училищесін бітірген бетте жан алып, жан берген, кескілескен Сталинград шайқасына ИЛ ұшағын тізгіндеп барған. Қарқаралының қара баласына сол сойқан соғыста әлемдегі ең үздік, шүйлігіп келіп бомбалайтын ИЛ штурмовигін берген. Осы саланың маманы болған соң айтайын. Өзім МиГ авиаконструкторлар бюросында әскери ұшақтарды сынақтан өткізіп жүргенде конструкторлардың маңдай тері, ақыл-ойы қандай екеніне көзім жеткен. Әскери ұшақ атылған оқты дарытпауға тиіс, бір сөзбен айтқанда, «атқан оқтай, шапқан аттай» болуы керек. Фашистер «ұшатын танк», «қара тажал» деп үрейлері ұшатын осы ИЛ-ді Нұркен ағатайым тақымына басып, ұршықтай үйіріпті. Батыр небары 16 рет жауға шапқан. Г. Якимовтың жазуынша, командирі Красночубенконың ресми мәліметі бойынша, жаудың 12 танкісін, 28 автомашинасын, үш ДЗОТ-ын, үш зенит батареясын, 50 әскерін жойып жіберген. Ақырғы жантәсілім берерінде фашистердің 6 танкісін, екі зенит зеңбірегін өзімен бірге жер жастандырған. Ерлік пе? Ерлік!

Сол кездегі Яковлев, Лавочкин, Туполев, Ильюшин сынды конструкторлардың ақыл-ойы мен дара шешімдеріне бас шайқайсың. ИЛ ұшағының бауыры брондалған. «Ұшатын танк» атанып жүргені содан. Нұркен ағаларымыздың зенит зеңбіректерінен сескенбей шүйлігіп, төбеден төніп келіп, жауын жайпап өтетіні осыдан. Ұшаққа маңдай тері, көз майы сіңген Ильюшиндей конструктордың шешіміне разысың. Бұл ұшақты 1939 жылы алғаш сынақтан өткізген – аты әлемге әйгілі В. Коккинаки. Қос зеңбірекпен, екі пулеметпен, авиабомбамен, «Катюшаның» снарядымен жарактанған ұшақ шын мәнінде сол дәуірде әлемдегі ең үздік соғыс техникасы саналған. Нұркен ұшағының моторына жау снаряды тиіп, жанып жерге түскені белгілі.



Менің 60 жылдық мерейтойыма Совет Одағының екі мәрте Батыры Талғат Бигелдинов ағатайым арнайы келді. Сөз сөйледі. Жасы келсе де нағыз Батырдай жүрді, сөз саптады, шашбауымды көтерді. Менің мерейтойым болған соң мақтау, марапат, бүкіл елдің ауаны маған ауды. Сонда айтқанмын: «Мен бейбіт заманның Батырымын, нағыз Батыр – Талғат ағамыз» деп. Шын мәнінде Нұркен, Талғат ағаларым ұрысқа кіргенде төбелерінен «Мессершмитт» оқ боратады, төменнен зенит зеңбіректері төшелеп атады. Нағыз қантөгіс. Мұны әскери ұшқыш болған соң еске алып отырмын. Ерлік жасауды еріккеннің ермегі көрмеу керек. Жау шебіне барып, аман қайтудың өзі – ерлік. Ал, Нұркен ағамыздың қаһармандығы – шындығында елге – мұра, ұрпаққа ұран болатын, қазаққа ғана тән құбылыс.

Қазақ – негізі ғажап халық. Жапон камикадзелеріне таңғаламыз. Жөні бар. Екінші дүниежүзілік соғыста Үшінші рейх талқандалған. Бауыржан, Нұркен, Талғат, Рақымжан, Мартбек ағаларымыздың аттары аңызға айналған шақ, әрине. Сол тұста Жапония императоры Хирохито Америка тастаған атом бомбасынан халқы қырылып қалмасын деп, жеңілгенін мойындайды. Сонда өзі теңіз ұшқышы, вице-адмирал Матомэ Угаки: «Император тізе бүксе де, жапон халқы жеңілмейді», – депті. Нұркен ағамыздай кілең қыршын 20 камикадзесін сапқа тізіп: «Өліспей, беріспейміз!» – депті. «Жауымызды жастана жан тапсырамыз!» – депті. Әскери бұйрық емес. Бұл – жалын атқан азаматтық, отаншылдық, жаужүректілердің әмірі еді. Нұркен ағамыз да әскери бұйрықты емес, Батыр бабаларының әмірін орындаған. Қабанбай, Бөгенбай, Батыр Баян, Кенесары мен Наурызбайдай жауына қаймықпай жалғыз шапқан. Көк түріктердің көкжалдарының соңғы сарқыты емес Нұркен ағамыз. Өзім сүйіп оқитын Мағжан ақын мен Қасым ағатайым мұны ұрпаққа аманаттаған. «Мен жастарға сенемін!» – десе Мағжан, Қасым ағатайым қасқайып тұрып: «Ей, төкаппар дүние, маған да бір қарашы, мен – қазақтың баласы!» – деген.



Г. Якимов жазады:

« – Саша, прощай! Ну, гады...

Навстречу летела земля. «Черная смерть», как гигантский снаряд, молнией приближалась к фашистским танкам.

Удар, страшный взрыв! Все... Конец...

Когда же пришел Указ о посмертном присвоении Нуркену Абдирову звания Героя Советского Союза, Бағжан долго-долго молча смотрела на лист бумаги. Потом она тихо сказала:

– Я же знала, я говорила... Мой Нуркен будет жить всегда».

Бағжан анамыз Нұркендей ұлының басына барған бейбіт заманда. Сонда Батырға топырақ бұйырған Боково станицасы әлемге әйгілі жазушы, Нобель сыйлығының лауреаты М. Шолоховтың туған жері – Вешенский станицасына көрші екен. М. Шолохов Нұркеннің анасын қол қусырып, қонаққа шақырып, Құдайындай күтіпті. Бұл – Нұркендей Батыр ұлды өмірге әкелген қазақтың ұлы Анасына деген құрметі. Бұл – Ұлы Дала ұландарына, мың өліп, мың тірілген (Жұбан Молдағалиев) «Мен» дейтін қазақ халқына бас игені.

Қаздауысты Қазыбек атам айтқан: «Біз – қазақ деген мал баққан елміз, Бірақ, ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, Жеріміздің шетін жау баспасын деп, Найзаға үкі таққан елміз! Ешбір дұшпан басынбаған елміз, Басымыздан сөз асырмаған елміз! Досымызды сақтай білген елміз, Асқақтаған хан болса, Хан ордасын таптай білген елміз! Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз! Сен қалмақ та, біз – қазақ, Қарпысқалы келгенбіз. Сен темір де, біз – көмір, Еріткелі келгенбіз. Екі еліктің лағын Теліткелі келгенбіз. Қазақ-қалмақ баласы, Табысқалы келгенбіз. Танымайтын жат елге Танысқалы келгенбіз. Танысуға келмесең, Шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан да, біз – арыстан, Алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар, Жарысқалы келгенбіз, Тұтқыр сары желіміз – Жабысқалы келгенбіз. Берсең, жөндеп бітімді айт, Дірілдемей, не тұрысатын жеріңді айт!..»



Нұркен Әбдіровтің 100 жылдық мерейтойы бір Қарқараның, бір Қарағандының тақиясына тар болады. Боліп-жармай, Қазақ елі ортақ тойлайтын һас Батырдың тойы.

Жүректерді мүк баспасын. Көк түріктерден тамыр тартатын ержүрек ұлдарымыз бен қыздарымыз Нұркен ағамыздай түкті жүректі болсын!





Григорий ЯКИМОВ

## ҚЫРАН ҚАЗАСЫ – ҚИЯДА

**А**эроклубқа курсанттардың кезекті легін қабылдайтын күндер қызметкерлер есінде ұзақ сақталады. Бұлар – бір ерекше қызықты күндер. Нұсқаушылар мен звено командирлері жіптіктей болып жинақы жүреді де, кейбіреулері қаталдық білдірген болып, жаңа келгендерге қабақтарын түйіп, түксие қарайды. Бірақ бұл көрер көзге ғана. Қабақтарын қанша түйсе де, олардың көздерінен мейірім сәулесі ұшқындап тұрады.

Жаңа келгендер топ-топқа бөлініп, қысылып, толқып тұр. Қысылмай бола ма, бүгін олардың курсант болу-болмау тағдырлары шешілмек.

Тізімдер ілінген. Бақыттылар – бұлар көп – қуанышты шыраймен үйлеріне тарап жатыр. Олар ертеңнен бастап дәл осы жерде екі жыл бойы самолет басқарудың тәсілдерін үйренеді. Ал, оқуға түсе алмай қалғандар бастарын төмен салбыратып, аэроклубтан көңілсіз қайтып жатыр.

Нұсқаушы Алеша Колобов бұл көріністі бірінші рет байқап тұрмаса да, өзінен-өзі қысылып, жігіттерге жаны ашиды, ойға кетеді. Оның ойын кенет шыққан дауыс бөліп кетті:

– Айтыңызшы, ертең мен мұнда қай уақытқа келуім керек?

Алексей жалт қарап, алдында тұрған орта бойлы, ат жақты, көздері бадан дәніндей бадырайған, бет-аузы күнге күйген, әдемі келген жас жігітті көрді. Толқып тұрса керек, ол оң қолымен пенжагінің түймесін бұрай берді. Көмір тозаңы сіңіп, мүйіз болып кеткен салалы қолдарынан оның еңбексүйгіштігі білініп тұр.



Колобов қабақ түйіп, оған қатқылдау үн қатты:

– Тәртіпке сай сөйлесіңіз! Сіз курсантыз және командир алдында тұрсыз. Түсінікті ме?

– Иә, – деп жігіт сасқалақтай басын шұлғыды. – Қалай сөйлеуім керек, түсіндіріңіші...

Алексей шыдай алмай күліп жіберді. Курсант та жымыды.

– Атың кім, достым?

– Нүркен. Нүркен Әбдіров.

– Жақсы. Таныс болдық. Ертең, сағат 8.00-де келесің. Бірінші сабақта сендерді әскери тәртіппен таныстырамыз.

– Құп болады!

Алеша Колобов пен Нүркен Әбдіров осылай танысқан еді. Сол күннен бастап олар достасып кетті. Бір жыл бойы екеуі жұп жазбай жүрді.

Шынын айтқанда, бір жағынан жұмыс істеп, екінші жағынан аэроклубтан сабақ алу оңай іс емес. Оны Нүркен алғашқы күннен бастап өз басынан өткерді. Тапкертең шахтаға барады, жұмыстан соң асыға үйге оралып, киім ауыстырады, одан жүгіріп сабаққа кетеді. Оның үстіне комсомол жұмысы бар. Осыдан сәл бұрын жас кенші бірінші шахтаның комсомол комитетінің секретары болып сайланған.

– Балам, байқа, – дейтін оған, сол шахтаның көмір қопарушысы болып істейтін әкесі. – Сен бірден көп іске жармасың. Шамаң жетер ме екен? Әр нәрсенің басын бір шалғаннан гөрі, істі тиянақты етіп тындырған дұрыс қой.

– Аландама, әке, – деп жауап қайтарады жеткіншек, тозығы жеткен пальтосын жүре түймелеп. – Барлығына да үлгерем.

Нүркен аэроклубқа кетіп бара жатқанда, Әбдір қарт сзу тартып, көпке дейін артынан қарап тұрды. Кім білсін, мүмкін, сол сәтте өзінің жастық шағы есіне түсті ме: шетсіз-шексіз Сарыарқа, жазда жер-дүниені жалынша аптайтын аңызак, қыста ұзақ түн бойы өңменінен өтетін суық жел, алдындағы қоралы қой – біреудің қойы, барлық ой-тілегі ертеңгі күн бүгінгіден жаман болмай, тек тірі жүріп кү-



нелту ғана емес пе еді. Ал, ұлы болса, аспанға ұшуды арман етеді!

Нүркенге шынында ауыр еді. Кей адамға бас қатыратын тригонометриялық есептердің шешуі оңайға түседі де, онымен салыстырғанда әлдеқайда жеңіл іс ауырға соғады. Осы тәріздес жайт алғашқы кезде курсант Әбдіровтің де басынан өтті.

– Шынында айтшы маған, Алексей, – деді бірде Нүркен Колобовқа, оқу сағаттарынан кейін аэроклубтан бірге қайтып келе жатып. – Мүмкін, осының барлығын тастау керек шығар, ә? Өзің көріп жүрсің ғой, менің ісім алға баспай қойды.

– Таста, – деп сендіре ұн қатты Колобов. – Әрине, тастау керек.

– Осыны шын айтып тұрмысың?

– Ешбір қалжыңсыз.

– Білесің бе?.. – деп Нүркен өкпелеп қалды.

– Білем, бәрін білем. Егер сен алғашқы адымыңнан бастап және де түкке тұрмайтын ұсақ сәтсіздіктен кейін, өзіңе өзің күмәндана бастасаң, әрине, шегінгенің дұрыс. Есіңде болсын, өзінің күшіне сенбеген адамға авиацияда орын жоқ. Ол ойлануға сағат та, тіпті, минут та емес, тек қас қағымдық қана сәт қалдырады...

Нүркен үндемеді.

– Шынымды айтсам, сен – жақсы жігітсің. Жақсы ұшқыш та бола аласың. Тек күдіктен арыл, одан арылмасаң, сен самолеттің қарасын да көре алмайсың. Саған қиын екенін білемін. Шамам келгенше көмектесем де. Тек бұл әңгіме осымен бітсін. Келістік пе?

Олар көшенің қиылысына дейін бірге барды да, қол алысып қоштасты.

Курсанттар қыс бойы теориялық дайындықтан өтті. Бәрі де ұшу басталатын күнді асыға күтті.

1939 жылы апрельдің 4-і күні сабақтан кейін оларды аула ішінде сапқа тұрғызды.

– Ертең алғашқы ұшулар басталады, – деп жариялады аэроклубтың ұшу бастығы. – Сағат 5-те осында жиналамыз.



Жақсы тынығып, таңертең сергек келудің керектігін біле тұрса да, Нүркен ұйықтай алмады. Көздері жұмулы жатса да, көпке дейін ойынан аэродром шықпай мазасы кетті, ниті, өзін самолет кабинасынан көрді. Жоқ, ұйқысы келмеді. Нүркен қайта-қайта сағатына қарап, ақыры орнынан тұрды да, киініп, аулаға шықты. Осы бір таңғы мезгілде жұлдыздар оған бұрынғыдан да сәулелі болып көрінді. Шығыстан көрінер-көрінбес таң жолағы байқалды. Ол ұлғая келіп түсін өзгертті. Бастапқы кезде сарғыш еді, енді қызғылтым тартып, жарық молайды, аздан соң көкжиектен күн сәулесі шашырап, айнала нұрға бөленді.

Нүркен көйлегін тез шешіп, беліне дейін суық сумен жуынды да, денесін орамалмен ысқылады. Ұйқыдағы қаланың бос көшелерімен асыға басып, жұрт жиналатын жерге бет алды.

Аэродромда әдеттегідей емес, бір қызу қарбалас бар. Самолеттер қанаттары тербеліп, тұрған жерінен ұшу алаңына бұрылып қойылды. Жалпы сапқа тұру басталды.

Алексей Колобовтың тобынан бірінші болып ұшуга Нина Уточкина кетті. Орта бойлы, дембелше келген, өткір тілді Нина көпшіліктің еркесі болатын. Курсанттар оның фамилиясын бұрмалап, қызбен зілсіз қалжындаса беретін. Олар Нинаны белгілі орыс ұшқышы Иван Уточкинның жақын туысы, оның даңқын жалғастырушысы деп атап, оған шын көңілден тілектестік білдіретін.

Міне, самолет жерден көтеріліп, бірте-бірте биіктеп, бір рет, екі рет шеңбер жасады да, қонуға беттеді. Винттің тоқтауы мүң екен, Нина кабинадан секіріп түсті.

Жігіттер! – деп шаттана айқалайды ол. – Тамаша деп оныны айт!

Бас киімін жұлып алып, қыз бір орында тұрып секіре бастады.

Келесі кезек – Нүркендікі.

Жолдас нұсқаушы! – деді ол самолетке жақындап келіп. – Курсант Әбдіров ұшуга дайын! Самолетке отыруға рұқсат етіңіз!



– Отыруыңа болады! – деді Колобов.

Кабинаға кірген соң Нұркен жан-жағына көз тастап, басқару құралдарын тексерді.

– Үшуға дайынмын, – деді ол сабырмен.

Алдыңғы кабинада отырған нұсқаушы басын изеді. Жылдамдығын арттырып, самолет ұшу алаңымен зырқырай жөнелді. Қас қағымда жер қашықтап, төменде қалды.

Бәрінің де тез өте шыққаны соншалық, Нұркен самолеттің жерден көтерілген кезін байқап та үлгермеді. Жерге деген бір жаңа сезім билеп кетті. Даусын мотордың шуылынан асырып айқайлағысы келді, ән салғысы келді.

Самолет қонуға беттеді. Дөңгелектері жерге тиіп, тапталған шөп үстімен екпіндей барып, арнаулы орнына тоқтады. Соңғы рет гүр етіп мотор сөнді де, кенет таңғаларлық тыныштық орнады. Нұркен жерге секіріп түсті. Асықпай алдыңғы кабинадан Колобов та шықты.

– Иә, көңіл-күйің қалай? – деді ол курсантқа. – Бойыңды күмән билеп кеткен жоқ па? Мүмкін, осының бәрін тастау керек шығар?

Нұркен досына жақын келіп, осы бір зор денелі, күшті адамның қолын қысты.

Нұсқаушылармен бірге ұшу бұдан былай да тұрақты түрде өтіп жатты. Бірақ бәрі бірдей ойдағыдай бола бермеді.

– Сен өзіңді еркін ұстамайсың, Нұркен, – деді оған Колобов. – Мұның жарамайды. Ұғасың ба, сіресіп отырып қалсаң, ең маңызды іске көңіл аудара алмай қалуың да мүмкін.

Иә, алғашқы кезде Нұркен қонуға біресе қалықтау бұрышын шамадан тыс үлкейтіп кіріп, біресе қондыратын белгіге жеткізбей, машинасын алыс қондырып алып жүрді. Нұсқаушы оның кемшілігін жайлап түсіндіріп отырды. Үшудан кейін екеуі сан рет жеке қалып, Нұркен нұсқаушыдан қосымша сабақ алды. Кабина ішіне отырып алып, самолет басқару әдістерін үйренді, досының көз алдында оларды сан рет пысықтады.

Өзіне деген сенімі молайып, бірте-бірте самолетті еркін басқара бастады. Нұркен бір кез көкте жүріп, өзінің ма-



шинамен тұтасып кеткенін, машинаның өз еркіне шексіз бағынатынын сезді. Байқау мақсатындағы жаттығулар да аяқталды. Бір күні нұсқаушы отряд командирі Леонтий Федорович Шакирбайға әдейілеп келіп, курсант Әбдіровтің жеке ұшуға дайын екендігін баяндады.

Кабинаның алдыңғы орындығына бір қап құм орналастырылды. Бұл – самолеттің салмақ тепе-теңдігін сақтау үшін жасалатын амал. Нұркен кабинаға кіріп, ұшқыштың орнына жайғасты. Жан-жағына көз тастады. Самолетте жалғыз отырғанына, түс көргендей, сенер-сенбес! Моторы жұмыс істеп тұрған машина стартқа беттеді. Көтерілуге рұқсат берілді.

...Сонау төменде туған қаланың көшелері қанат астынан жай жылжып қалып барады. Көше бойлап, ойыншық тәрізді, машиналар ағылып жатыр. Кеше кеште ғана достарымен бірге отырып өзі демалған сквер де анау тұр. Темір жол өлімі де көз ұшында ирелеңдейді, онымен көмір тиеген составтар жүріп барады. Көмірлі Қарағанды тым өзгеше боп көз тартады.

Қонуға беттейтін мезгіл жетті. Бұрылыс. Нұркен басқару тұтқасын жайлап қана өзіне тартты да, машинаны белгі қасына, үш нүктенің үстіне дәлме-дәл қондырды. Самолетке қарай курсанттар жүгірді, отряд командирі мен нұсқаушы да келді.

Жолдас отряд командирі, курсант Әбдіров өзінің алғашқы жеке ұшу тапсырмасын орындады!

Жарайсың! – деп жымия жауап қатты Шакирбай. – Бұдан бұлай да табысты болуыңа тілектеспін!

Ал, бауырым, міне, енді сен – ұшқышсың! – деп Алексей Колобов курсантқа жылы жүзбен қарады. – Ежелден біз мұны «ауа жұту» деп атаймыз. Енді сенің бүкіл өмірің авиациямен байланысты болады.

Аэроклубтағы оқу бітті. Енді не істемек? Нұркен осы сұраққа түбегейлі жауап беруге міндетті. Иә, ол ұшқыш деген атақ алды, машина жүргізе біледі. Ал, келешекте, келешекте ше? Аэродромнан, оның үйреншікті шуынан, жай



ғана жолдас емес, қадірі одан да артық Алексейден қалайша қол үзбек?! Бұдан былай өзінің авиациясыз өмір сүре алмайтынын, онсыз өз өмірінің қызықсыз болатынын Нүркен терең түсінді.

1939 жылы декабрь айының бір күні менің кабинетіме нұсқаушы Колобов кірді.

– Жолдас бастық, сізбен сөйлесуге рұқсат етіңіз...

– Құлағым – сізде.

– Мен сізге Әбдіров жөнінде келіп едім.

Алексей өз курсантының дайындығын мақтады, оны нұсқаушы-ұшқыштар курсына қабылдауды ұсынды.

– Түсінесіз бе, Григорий Васильевич, – деп қыза сөйледі Колобов, – мен оған кепіл бола алам. Жігіттің төресі. Онда ұшқыштарға ғана тән қасиет бар. Ол менің көз алдымда өсті ғой.

Сол күні Әбдіровті шақырып алдым. Оның хал-жағдайын, тұрмысын, ой-арманын білгім келді. Әңгімеміз көпке созылды.

– Сіз курсқа қабылданасыз, – дедім мен сөз соңында.

– Тағы бір сұрақ, жолдас бастық.

– Мақұл, сұраңыз...

– Әскери ұшқыш боламын деп мен түбегейлі шешім қабылдадым, – деп қыза сөйледі Нүркен. – Бірақ парашютпен секіре алмайтын адам ұшқыш бола ала ма? Курста оқи жүріп, парашют спортымен шұғылдануыма да рұқсат етуіңізді сұраймын.

– Оған уақытыңыз жете ме?

– Жетеді, – деп сенімді жауап берді ол.

...Бірінші секіру – алғашқы ұшудай, көпке дейін есте сақталады.

Нүркен әуеде өзін еркін ұстады. Бірақ самолет шартты биіктікке көтеріліп, секіруге бұйрық берілген кезде ол қатты састы. Кабинадан алаңшаға шықты да, төмен қарап, еріксіз көз жұмды. Буындары ауырғанға дейін, екі қолымен кабина бортынан ұстап алды. Шынымен оны қорқыныш жеңгені ме? Жоқ. Көзін ашып алды да, Нүркен бар пәрменімен іл-



гері ұмтылып, төмен қарай тасша құлдырады. Ану шығыршығын тартып қалып, ол тез ашылған парашюттің бауынан ұстап, жел кернеген жібек күмбездің астынан қалықтап шыға келді.

Сол күннен бастап нұсқаушы Дмитрий Фомич Милаштың басқарумен жаттығу секірістері тұрақты өтіп жатты. Нүркен бір күні жел қатайған кезде секіріп, қателік жіберіп алды. Ол парашюттің күмбезін тез арада жинап ала алмады. Парашют желкен төрізді оны айдалаға, бір шақырымдай жерге апарып тастады. Межелі жерге Нүркен жұрттың ең соңы болып, көңілсіз келді. Зақымданған тізесін сипап, ұяттан беті қызарып, нұсқаушы мен жолдастарының алдында тұрды.

Қой, жасыма, басыңды төмен салбыратпа, - деді оған Милаш. - Менде де қателіктер болған. Болғанда да қандай. Басқаларды үйретіп, нұсқаушы болып жүрген кезім боламын, бір рет сасқалақтап жүріп, тура жоғары вольтті электр желісінің үстіне қонғаным бар. Өрең тірі қалдым. Мені айдалаға бір емес, сан рет сүйретті ғой. Сондықтан, бауырым, қынжыла берме.

Достық қамқорлығы үшін жасы үлкен жолдасына риза болып, Нүркен ұяла езу тартты.

Көп ұзамай авиацияның үлкен мейрамы болды. Курсанттар топтасып секіру өнерін көрсетті. Әбдіровтің үлесіне көшнілік алдында парашютті кідіртіп ашатын өнерді көрсету тиді. Жерге түсен Нүркенге жетпіс жастағы қарт ақын Доскей Әлімбаев келді. Ол Нүркенді құшақтап, қолынан ұстап, мінбеге апарды да, сол жерде аспанды бағындырған өле жігіттің ерлігіне арналған толғау айтты.

Нұсқаушы-ұшқыштар тобы жаттығу ретінде күнделікті ұшуды қайтадан бастады. Тапсырмалар барған сайын күрделене түсті. Курсанттар аймаққа ұшуды, ең жоғары ұшу объектерін игерді.

Бір жолы Нүркен кезекті тапсырмамен аспанға көтерілді. Күтпеген жерден ауа райы өзгеріп, аэродромға қону белгісі пәсселді. Нүркен аэродромға қайта оралған кезде самолеттің



қонуына, тіпті, мүмкіндік жоқ десе де болатын. Жел күшейіп, қырық жамау бұлтты тым-тырақай қуалап жатыр. Нұркен самолеттің басқаруға көнбей, екі жаққа алма-кезек ауытқи бастағанын да сезіп келеді.

Ауа райы түзелер деген үмітпен, Нұркен аэродромды сегіз рет айналып шықты. Ол үміті ақталмады. Жел бұрынғыдан да күшейіп кетті. Не істеу керек? Машинаны қондыру қатерлі. Сөйткенімен, амалын тауып, жас курсант қиын жағдайдан ойдағыдай шығып кетті. Оны бірінші болып Алексей Колобов құттықтады. Ол қысқаша ғана:

– Менің өзім дәл осылай шебер қондыра алмаған болар едім, – деді.

Мемлекеттік емтихандар басталды. Курсанттың әскери ұшқыш болу-болмауы көбіне осыларға байланысты. Өйткені, комиссия мүшелерінің ішінде әскери училищенің де өкілдері бар.

Нұркеннің ұшу дайындығын сынаған аға лейтенант Путинцев оған разы болды. Бір күннен кейін Әбдіровтің Чкалов авиациялық училищесіне қабылданғаны белгілі болды.

Достарымен, туыстарымен және Қарағандымен қоштасып, жолға шығатын мезгіл де келді. Вокзалға келгендер қимастықпен көздеріне жас алып, ыстық ықыластарын білдіріп, ақ тілеу айтып, оны шығарып салды.

Нұркен вагон терезесінің алдында тұрып, бұлдырап қалып бара жатқан бағаналардан, шетсіз-шексіз даладан көпке дейін көз алмады. Туған жерге қайтып оралмаймын деген ой оның қаперінде де жоқ еді.

Паровоздың гудогы Нұркеннің ойын бөліп жіберді. Алда күндер бар. Шынын айтқанда, оның көтеріңкі көңілінде қобалжу да жоқ емес еді. Бірқалыпты тіршіліктен қол үзіп, белгісіз сапарға бет бұрғанда кімнің де болмасын көңілі қобалжымай қалмайды ғой.

\*\*\*

– Сержант Әбдіров!

– Мұндамын!



Эскадрилья командиріне!

Нүркен шағындау ауланы қиып өтіп, ұзынша келген ала-са үйге кірді.

Сержант Әбдіров Сіздің бұйрығыңыз бойынша келіп тұр!

Отырыңыз.

Столдың басында толықтау келген, кең иықты, көкшіл иетлицасында шапалы бар офицер отыр. Ол курсантқа сынып қарап:

Мен сізді жақынырақ танысу үшін шақырдым. Училищенің ұнаған-ұнамағанын, кіммен достасқаныңызды, үйіңізден қандай хабар бар екенін білсем деп едім. Сіз, менің білуімше, бұрын кенші болған адам емессіз бе? Қарағанды қаласы... Жақсы қала ма? – деп сұрады.

Бұл командирдің кісіні өзіне жақын тартып тұратын, қысылып-қымтырылуға жол бермейтін бір қасиеті бар. Нүркен өңгіме қызығына батып, шахта жайында, достары мен аэроклуб туралы айта бастады. Өзінің сүйкімді еркесі Нүркеннің көкте жүріп Алла Тағаланы сан рет көргенін көршілеріне ешбір қалжыңсыз, иландырып әңгіме айтатын кәрі әжесі Күлжанды да есіне алды.

Ұзақ әңгімеден кейін, қоштасып жатып, капитан былай асді:

Сіз туралы аэроклубтан жақсы мінездеме түсті. Байлығыз, Қарағандының беделін бұл жерде де жоғары ұстаңыз!

Авиация училищесінің дағдылы еңбек күндері ретімен өтп жатыр. Курсанттар теориялық білім алды. Көп ұшып, өскери машиналарды игерді. Аэроклубтан алған жақсы тәжірибесі себеп болды ма, Нүркен көп ұзамай озат курсант атағына ие болды. Комсомол мүшелері оны звено комсоргы етіп сайлады. Училищедегі өмір өзіндік із қалдырып, қынақты өтіп жатты. Бірақ оның бәрі күтпеген жерден үзілді. Соғыс. Қанаттарында қара крестері бар самолеттер селолар мен қалаларды бомбалады, қариялар мен балаларға оқ жаушарды.



Майданға, тек Майданға! Әрбір курсанттың көкейіндегі ой осы болатын. Мейлі, кім болып барса да, тіпті, жаяу әскердің қатардағы жауынгері болып барса да, қазір оздері Отанымызға қауіп төнген жерге, жүректілікті талап ететін жерге жіберсе екен дейді олар.

Бірақ барлығы ойдағыдай болмады. Бір топ курсанттармен бірге Әбдіровті училищеден шығарып, Ташкент маңындағы әуе атқыштары мектебіне ауыстырды. Курсанттар қалай ренжіп, қалай барғылары келмеді десеңізші! Бірнеше адам, қатарында Нүркен де бар, тура училище бастығына барды.

Бұларды бетінде күйіктен қалған тыртығы бар, шашы бұрыл тартқан полковник қабылдады. Оның Испаниядағы әрі Халхин-Голде болған ауыр шайқастарда ажалмен саны рет бетпе-бет келгендігі айтпай-ақ көрініп тұр.

– Мен сіздерді түсініп тұрмын, – деді полковник ақырын ғана. – Сенсеңіздер, менің өзім де майданға ынтықпын. Бірақ, бұйрықты орындау керек. Училищені бітіру үшін сіздерге көп уақыт қажет. Аға курсанттар да бар. Армияға әуе атқыштары жетпей жатыр. Тек сондықтан ғана біз сіздерді сонда жіберіп жатырмыз. Сіздер қазір ол жерде өте қажетсіздер.

Амал қанша?.. Ернін тістелеп, ешкіммен сөйлесуге зауқы болмай, Нүркен Ташкентке кете барды.

Келген күннен бастап ол, қалай болғанда да, ұшқыштар училищесіне ауысуды мақсат етті. Әбдіров мектеп бастығының атына ерінбестен рапорт соңынан рапорт жолдады. Бірақ оның бәрі де нәтижесіз қалды. Ақыры оны мектеп бастығына шақырды.

– Курсант, сіз әскери қызметкер екеніңізді де, қазіргі күнде соғыс жүріп жатқанын да ұмытып кеткенсіз, – деп жастау келген подполковник оған қатты ұрысты. – Бұйрық ол – заң. Біз сіздерді маңызды соғыс ісіне даярлап жатырмыз. Командование әркімнің жеке тілегін орындай алмайды. Түсінесіз бе оны?



– Түсінің тұрмын, – деп жасқанбай жауап берді Нүркен. – Әйткенмен де, мені ұшқыштар училищесіне жіберуіңізді өтінемін. Мен ұшқышпын ғой...

– Сіз сары ауыз балапансыз! – деп күйгелектенді подполковник.

– Менің өтінішімді қанағаттандыруыңызды сұраймын, жолдас подполковник.

Жас жігіттің жүзінен мұң нышаны байқалды ма, әлде үлкен қара көздері жалына қарағандығынан ба, бастықтың коңілі жібиін деді.

– Жарайды, барыңыз. Оқуыңызды оқи беріңіз. Сіз үшін қолымшап келгеннің бәрін жасап көремін.

Бір аптадан кейін курсант Нүркен Әбдіров жолдама алып, Сібір қалаларының біріне орналасқан ұшқыштар училищесіне жүрін кетті. Мұнда қысқартылған программа бойынша, Совет армиясында сол кезде жаңа пайда болған шабуылдаушы авиацияға ұшқыштар даярланатын.

Училищенің бастығы полковник Тимофеев болатын. Ол кейін атақты жерлесіміз, Совет Одағының Батыры Талғат Бигелдинов қызмет еткен құраманы басқарды. Нүркеннің бойында шабуылдаушы ұшқыштарға сай қасиеттердің бәрі де бар еді. Оның сахара адамына тән қырағы көздері жасырын нысаналарды, қалай тасаланса да, бірден тауып алатын. Биіктіктен көрінер-көрінбес белгілер арқылы жол тапқыштығымен ол байырғы ұшқыштардың өзін қайран қалдырып жүрді.

Самолетті басқару ептілігі мінезсіз болғандықтан, оны көп ұзамай жаңа келгендер тобынан жоғары топқа ауыстырды. Нұсқаушылар Әбдіровті әуеде жалықпайтын, тіпті, самолет кабинасынан шықпай, тәулік бойы ұшуға қабілеті жететін адам деп мақтап жүрді.

Оқу күндері елеусіз өте шықты. Бір топ ұшқышты майданға жіберетін мезгіл де келді.

Нүркеннің ұшу кітапшасына қысқаша мінездеме түсті: «Ұрыс машинасын айқын шеберлікпен басқарады. Ұша бергенді жақсы көреді. Ұшудан шаршамайды. Еңбексүйгіш.



Ұшу кезінде сәтсіздікке ұшыраған емес. Әуеде сабырлы, ұшқан кезде өзіне-өзі сенімді».

Училищені бітірушілер сапының алдында полковник Тимофеев тұр. Тым-тырыс тыныштықта оның ақырын сөйлеген даусы естіледі:

– Сіздер бүгін майдан шебіндегі армия қатарына қосыласыздар. Отанымыз үшін, бейбітшілік үшін қанқұйлы жауға ауыр соққы беріңіздер. Әрқайсыңызға сәт сапар тілеймін! Сіздердің ерлік көрсететіндеріңізге, ол туралы еліміздің еститініне кәміл сенемін.

Күндік азығын, көйлек-көншегін жолқапшығына салып алып, Нұркен сол күні-ақ поезға отырды.

1942 жылдың 9 октябрі күні ол Қуйбышевке жетті де, сол жерден Тростянка станциясына, 808-шабуылдаушы авиация полкіне келді.

\*\*\*

18 декабрь күні кеште 1-ші гвардиялық механикаландырылған корпусның бөлімшелері Астаховты басып алды да, ертеңінде таң сәулесімен таласа Коньков пен Боковская үшін ұрыс бастады.

Алексеевке қарасты төрт самолеттің экипаждары Боковская-Пономаренко ауданындағы жаудың берік бекінген шебіндегі топтасқан танкілерін, жаяу әскер бөлімдерін және артиллериясын жою туралы тапсырма алды.

Машиналар соңғы рет тексеруден өтті. Бастаушы ерушілері мен командалық пункт арасындағы радио байланысты тексеріп шықты.

ІЛ әскери ұшақтары – әуеде, Нұркеннің экипажы артта болатын. Ол алда келе жатқан бастаушыны, оның соңына ерген Петр мен Алексейді көріп келе жатты.

Жау, сірә, совет самолеттерінің келуін күтпеген болу керек, қалай болса да бұларды бірден байқай алмай қалды. Тек алғашқы бекіністерінен өтіп, төбелерінен бомба тастаған кезде зенит қондырғылары оларға қарсы оқ атты.



Алексеевтің машинасынан жау танкілеріне қарай төгілген ажалды оқ тізбектерін Нұркен анық көріп келеді. Командирінің жасағанын ерушілер де қайталады. Іле-шала штурмовиктер пулеметтен оқ жаудырды.

Екінші рет Алексеев шабуылды алғашқы бағыттан бастады. Бірінші шабуылдан кейін бұл арадағы атыс позицияларының берекесі кетті және жаудың қорғаныс шебінің ішіне тек осы жерден кіру оңайға түседі деп ойлады. Бұл командирдің бірінші және ең соңғы жіберген қателігі еді. Зенит зеңбіректерін басқаратын топтар тек абыржығандықтан ғана тосын келген самолеттерге дер кезінде оқ ата алмай қалған болатын. Енді олар есін жинап, самолеттерді қалың оқпен қарсы алды.

Штурмовиктер ең дұрыс амалға – жер бауырлап ұшуға көшті. Самолеттің тұтқасын қолы талғанға дейін қысып, Нұркен жау ұясына ажал оғын септі. Бастаушыдан көз алмай, әуеде не болып жатқанын да байқап үлгеріп отырды.

Көздеуге төселіп қалған зениткалардың снарядтары барған сайын дәлме-дәл, барған сайын жақын, тіпті, тым жақын жарыла бастады.

Оң жақта, өзінен биіктеу жерде және сәл алда Вычугжаниннің самоләті келеді. Оны жан-жағынан жарылған снаряд бөріктері бүркеп жатыр. Нұркен көздеп атып жатқан батареяға жақындады.

Шыда, Петя! Көмекке келе жатырмын, шыда, досым!

Машинаның бар күшін пайдаланып, ол батареяға қарай шүйіле жөнелді. Пулемет оқтары бір зеңбіректің расчетын күтпей жойып жіберді.

Нұркен жоғары көз тастады да, айқайлап жіберді. Вычугжаниннің самоләті от пен түтіннің құшағына ораныпты. Жанған машина құлдырып жерге түсіп бара жатты.

Петр қаза тапты. Оның атқышы Алеша Кисилев те қазаға ұшырады. Олардың сүйікті даусын ешкім ести алмайды енді.

Ерін қаны шыққанша тістелеп Әбдіров самоләтін шабуылға қайта енгізді. Пулеметтер мен зеңбіректердің оқта-



ры бірнеше автомашинаны жайратты. Жоғарыға көтеріле беріп, Нүркен жолға түсіп алып зырқырап бара жатқан бір топ танкіні көрді. Жаңа шабуыл алдында ол биікке көтерілгісі келді. Нүркен Алексеевтің самолетіне қарай мойын бұрып, командирдің машинасын жарқырағыш оқтардың тескілеп өткенін көрді. Сол секундта оның машинасы да солқ ете түсті – қанаттың астынан снаряд жарылды.

Жаудың зенитшілері енді бастаушының ИЛ-ін көзден таса қылмады. Самолеттің бұдан былай Алексеевке бағынбайтындығын Нүркен іштей сезді. Тәрізі, руль басқаратын механизмі қираған болу керек.

Алексеев машинаны қайта-қайта жөнге келтірем деп тырысты. Жоқ, қираған руль ұшқышқа бағынбады. Ерушілеріне: «Өз беттеріңізбен қимылдаңыздар!» – деп команда берді де, командир әрең дегенде самолетін күшпен бұрып, Глушицадағы өз аэродромына бет алды. Үш километрдей қалғанда ИЛ жерге шашылып түсті. Борис Павлович Алексеев, байырғы командир, тамаша ұстаз әрі аяулы дос қаза тапты. Онымен бірге атқышы, сүйкімді, ұяңдау келген Орелдің жігіті Ваня Нелюдимовтің де жас өмірі үзілді.

Осының барлығы бірнеше секунд ішінде ғана болды.

Нүркен өзіне келіп, есін жинап та үлгерген жоқ, самолетінің астынан снарядтар жарылып, машинасын қара түтін бүркеп кетіп отырды.

– Ала алмайсыңдар, сұмырайлар! – деп қырылдай айқайлады Нүркен.

Ол самолетін шұғыл бұрды да, төмен қарай шүйілді. Тағы да бір танк жанып, орнынан тапжылмай қатып қалды. Саша жаудың жаяу әскеріне пулеметтен оқ боратты. Жоқ, нысана жойылмай, оқ-дәрі бітпей олар кері қайтпайды. Осы ұшудан қайтпаған әр азаматтың өмірі үшін немістер оңдаған, жүздеген адамның өмірін беруге тиіс.

Әлдебір ғажайып қаталдық пайда болып, Нүркен жау шебін шабуылдаған үстіне шабуылдай берді. Оған іргелес Алексей Писанко да жексұрын жауға соққы беріп жүр.



...Оң жақ қанат астынан сықырлап сынған дыбыс естілді. Сол секундта самолет шайқалып кетті де, жапа бастады. «Бітті!» деген ой сап ете түсті!

Саша! Секір парашютпен!

Сөзді қой!

Секір! Бұйырып айтамын!

Тұтқынға түсу үшін секіруім керек пе? Жоқ, мен сенмен, тек сенімен!..

Жалын кабинаға да жетіп қалды. Машина басқарудан шығып барады.

Нұркен! – Шлемофаннан Писанконың ащы даусы естілді. Шық! Естисің бе мені?! Шық, мен қорғай тұрайын!

Қош бол, Леша! Мені білетіндердің барлығын сүй. Қарағандыға хат жаз. Қош бол, досым!

Түтін мен от шаршуында жүрсе де, Нұркен топтасқан танк арасында тұрған, бензин таситын екі машинаны көріп қалды. Мауап жанған самолетті соларға қарай бұрды.

Саша, қош бол! Ал, жексұрындар!..

Жерге де жетіп қалды. Алып снарядқа ұқсаған «Қара тал» фашист танкілеріне найзағайдай төнді. Гүрс еткен жарылыс үні естілді. Бәрі де тынды...

Алексей Писанко самолетін тұманда ұшып келе жатқандай басқарып келеді. Көзінен жас сорғалайды. Машинасын тоқтатып, әрең дегенде кабинадан шықты да, жүгіріп келген жолдастарының алдына құлап түсті. Одан ешкім еш нәрсе сұрамады. Орны толғысыз қасірет, қаһарман қаруластарының қатарын сиретіп кеткен оқиға болғаны онсыз да түсінікті еді.

\*\*\*

Қарағандыдағы анасы «қара қағаз» алғанымен, жылаған жоқ.

Көрі Бағжанның көз жасын қайғы мен қасірет кептірген. Жасыратын несі бар, ана жүрегінің түкпірінде үміт ұялап, онда болса күдер үзбейді...



Марқұм Нұркен Әбдіровке Совет Одағының Батыры атағын беру жөнінде Указ келгенде, кәрі Бағжан қағазға үңіле қарап, көпке дейін үн қатпады. Кейін ақырын ғана:

– Мен білген едім, айттым ғой... Нұркенімнің аты өлмейді, – деді ол.

Әр ананың жүрегінде тек өзіне ғана тән жан жарасы болады. Қанша уақыт өтсе де, әр ананың есінде көкейінен кетпес өмір оқиғалары жүреді. Жылдар өтеді, жылдар соңынан ұзақ жылдар өтеді, бірақ түн ұйқысын төрт бөлген жүректегі жаралар жазылмайды.

Бағжан ана жетпіс үшке келді. Өмірінде не көрмеді дейсіз?! Көргені де, басынан кешіргені де көп. Ол кісі Қарағандыда ағылшындар тұрған кезді әлі ұмытпайды. Иә, сол жыртқыштар қызық дәурен кешті, ал қара халық күрт-құмырсқа құсап жер үңгіді. Нұркеннің әкесі Әбдір таң бозармай шахтаға түсіп, түнде ғана шығып жүрді. Кәрі Бағжан сол ағылшындарды, күн көрсетпеген солар сияқты шонжар біткенді халықтың біржола қуып шығып, содан соң ғана еңселері көтерілгенін ұмытпайды. Одан соң соғыс... Ана жүрегіне жара салған да – сол соғыс. Нұркен қаза болды, нас батырларша қаза тапты.

«Қара қағаз» келгеннен кейін, көп кешікпей Қарағандыдағы тыныш көшеге Москвадан пакет келді. Оның ішінде Михаил Иванович Калининнің хаты бар еді. Бүкілодақтық староста былай деп жазыпты:

**«Нұркен Әбдіровтің ата-анасына.**

Әскери командованиенің хабары бойынша, Сіздердің балаларыңыз, сержант Нұркен Әбдіров советтік Отаны үшін ұрыста ерлікпен қаза тапты.

Ұлдарыңыз **НҮРКЕН ӘБДІРОВТІҢ** неміс басқыншыларымен күресте көрсеткен батырлық ерлігі үшін СССР Жоғарғы Советінің Президиумы 1943 жылы 31 март күні оған жоғары дәрежелі **СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ** атағын берді.

Батыр балаларыңыз туралы ескерткіш ретінде сақтау үшін Сіздерге Совет Одағының Батыры атағын беру жөнін-



дегі СССР Жоғарғы Советі Президиумының Грамотасын жіберіп отырмын, оның ерлігін біздің халқымыз ешқашан ұмытпайды!

СССР Жоғарғы Советі Президиумының председатели  
**М. КАЛИНИН**».

Бір жыл болмай, үйге тағы да жаманат хабар келді. Орманшы баласы Садырбек хабар-ошарсыз кетіпті.

Нұркеннің әкесі қайғыдан бас көтере алмады. Жеңіс күніне екі күн қалғанда ол кісі дүние салды. 1945 жылы 7 май күні нөмірі бірінші шахтаның кеншілері ардагер забойшы Оңдір ақсақалды ақтық сапарға шығарып салды. Бағжанның көзіне жас келмеді, енді оның көзінде жылайтын жас ғи қалған жоқ еді.





Валерий САВИН

## АСПАН АШЫҚ БОЛСЫН ДЕП...

*1942 жылдың 19 желтоқсаны. Сталинград түбіндегі үш майданның қарсы шабуылының алғашқы айы. Сержант Писанко бұл туралы әлі де айтады. Оның естеліктері – көпті көрген полк ұшқыштары – дивизияны, бүкіл 17-ші әуе әскерін дүр сілкінтіп, су бетінде пайда болған шеңбердей бүкіл елді шарлап кетері анық. Ал, дала поштасы Қазақстанда туып, ержеткен, осы күні әскери ұшудан оралмаған ұлдары туралы майданнан қаралы хабар жеткізетін болады...*

«Курсант Әбдіров, Сіз ұшасыз!»

**Б**әрі аяқ астынан болды. Жер төңкерілгендей, көкжиек қанатын кең жайғандай, бір түсініксіз сезім биледі бойын. Сөзбен жеткізу мүмкін емес. Ептеген қорқыныш та бар ма, қалай? Бірақ, өзі көк пен жердің арасында ұшып келеді! Нұсқаушы Алексей Колобков ұшқанда киетін көзілдірігінің әйнегін жарқ еткізіп артына қарады да, курсант Әбдіровтің жағдайына баға беріп үлгерді. Жаман емес!..

Иә, ұшатын болды... Алғашында ұшақты қондыру қолынан келе қоймады. Сасқалақтаған Нүркен жерге жанасатын сәтті есептей алмай-ақ қойды. Бірақ, әр кезгі ұшу, ұшақты қондыруы сенімділігін арттыра берді. Бір сәтте өзі де санның сапаға қарай ойысқанын түсінді. Алғаш ұшуды бастаған ұшқыштардың бәрі осындай жағдайдан өтеді.



Миша Пономарекқа, Витя Федотовқа, Жолка Сторожиловқа, тіпті, өжет деген Нина Уточкинаға да бастапқыда оңай болған жоқ.

Бақытты күн де туды. Нұркен аспанға көтерілді. Бұл жолы алдында нұсқаушы жоқ, бірқалыпты ұшу үшін күм болтырылған қап қана. Әдеттегідей «төртбұрышты» шеңбер кассаі ұшып, шассиді жерге сеніммен тіреді. «Құттықтаймыз, Нұркен!» Колобов та, достары да ұшқыш атануымен құттықтап жатыр...

Дегенмен, әлі де болса ертерек. Аэроклуб мектебін аяқтағаннан кейін де Нұркен ұшу шеберлігін толық меңгермегенін түсінді. Тоқтамау керек, шеберлігін аспан төрінде шыңдауы керек. Аспан төрінде жүрегінің мәңгілікке қалғанын түсінгелі қапан... Оны тәлімгерлері де түсінді. Нұсқаушы ұшқыш курсына жазды. Ал, аспан туралы көбірек білуі үшін Нұркен парашюттен секіруді үйренбекке бел байлады. Мықты тәлімгер Дмитрий Милашқа тап болса да, бір дегеннен үйреніп кете алмады. Бірақ, авиациялық мерекеде Фодіровтің парашютті кідіре ашып секіруі кезінде ақын Доскей Олімбаев оны өлеңге қосты.

1940 жыл. Еуропа Гитлерге бас иді. Соғыстың КСРО-ға жа келетіні белгілі болды. Ұшқыштар әлі де болса жетіспейтін. Облыстық әскери комиссариат 1938-1939 жылдардағы аэроклуб түлектеріне шақырту жіберді. Олардың арасында аққоңіл Михайл Пономарев, салмақты Виктор Федотов, коңілді әрі ебедейсіз ұзын, балаға ұқсас Юра Разумов, ұшан бойлы, келбетті Герман Руднев бар. Бастысы, Нұркенмен бірге екінші Чкалов авиация училищесіне досы Юрий Чигвинов та баратын болды. Демек, бірге ұшады!

Тағдыр соққысына осы кезде ұшырады, қайталама медициналық комиссия бірнеше қарағандылықты қатардан шығарды. Өкпесінде ақауы болғандықтан Литвинов әскерге сирамай қалды. Көзіне келген жасын ірке алмай, Нұркенмен қолтасып, қала берді.

Юра, естелікке суретімді алып қал. Егер үй жаққа барсаң, туыстарыма көрсетіп, жағдайымның жақсы екенін естеліктерің.



Юрий Литвинов естелік жазбасы мен қолы қойылған кішкентай суретті өмірінің соңына дейін сақтайтын болады.

Ал, курсанттар болса, өздеріне беймәлім техниканы меңгеруді бастап та кетті. Тағы да оқу, алғашқы ұшу... 1941 жылдың 22 маусымындағы қаралы күн туғанға дейін осылай жалғаса берді.

### Қатарға қабылдау

Жаңадан келгендерді полк комиссары майор Мельников қабылдады. Нұркенмен сөйлескен соң жадырап сала бергені: «Далалықсың ба? Бұл жерде сенің жерлесің бар», – деп дауыстап шақырды: «Сержант Писанко!». Жерде де, аспанда да айырылыспауға серт еткендей қарағандылық пен алматылық осылай жолықты. Нұркенді сержант Алексей Писанконың жетекші сержанты етіп тағайындады.

«Майданға аттаныңдар» деген хабар келгенше полктың барлығы ұшуға үйренді. Полк Оңтүстік-Батыс майданындағы генерал Красновскийдің 17-ші әуе әскерінің жауынгерлік әуе дивизиясына қосылды. Көптен күткен шабуылға ұзақ дайындалды. Ол күн де жетті.

Алғашқы жауынгерлік тапсырмамен ұшу Нұркенге де жетті. Төрттік Чир өзеніне жақын Каргин және Боковской станциясының ауданына келді. Оны бөлім командирі кіші лейтенант Алексеев алып жүрді. Жетекшісі – Петр Вычугжанин. Одан кейін жетекшісі Әбіров пен Писанко жүрді. Міндет – барлау, тек қана барлау, шайқасқа кірісуге болмайды. Міне, румын бөлімшесінің тобы. Енді үйге қайтып, тезірек хабарлау керек.

Осы кезде бұлт арасынан жаяу әскерге қырғидай тиетін «лапотник» – Ю-87 шыға келді. Бұйрықты ұмытқан Вычугжанин оған тұра ұмтылды. Пулеметтер мен пушкалардың борттық дүрсілі. ИЛ көзді ашып-жұмғанша қарсыласын аспаннан түріп шықты. Қуанған Петр екі «Мессердің» өзіне тас кенеше жабысқанын байқай алмай қалды. Оны көрген



Нұркен көмекке ұмтылды. Бір фашистке шабуылды бастап «төсіп еді, екіншісі тұра қашты. Петр артынан қуа жөнелмекші боп оқталған, құлаққабындағы Нұркеннің дауысы тоқтатты: «Үйге, үйге! Оқ-дәрі таусылуға айналды». Алексеев пен Писанконың ұшақтары да пайда болды. Бірге аэродромға жол тартты.

Тұманды күні жау аэродромын іздеуге шықты. Топты бастау сержант Әбдіровке тапсырылды. Шабуылдаушылардың үштігі бірнеше ұшақты жойып, бензин қоймасын өртеді.

Шабуылдаушылар Ростов облысында, Сталинградтың солтүстігіне қарай осылай шайқаса берді. Олар Дон және Сталинград майданында жауынгерлерге жау әскерін құртуда көмектесті.

1942 жылдың 19 желтоқсанында сержант Әбдіров жауының 2 танкін, жүгі мен әскері бар 28 автомашинасын, оқ-дәрі тиелген 18 тіркемесін, жанғыш заты бар цистернасын жойды. Үш зенитті тұншықтырып, елуге тарта солдат пен офицердің көзін құртты. 17-ші рет әскери тапсырмамен үштігін күн де келді.

## Соңғы шайқас

Мәңгі бейбіт күн үшін...

18 желтоқсанда 1-ші гвардиялық механикалық корпус бөлімі Боковская станицасы мен Коньки хуторы үшін ұрысқа кірісті. Келесі күні Алексеевтің бөлімшесі Боковская Пономаревка майданына танктердің, машиналардың және артиллерияның шоғырын жоюға тапсырма алды. Нысананы тауып, кідірместен шабуылдады.

Бірде-бір зеңбіректің дыбысы шыққан жоқ, демек, бәрі тиісін! Бөлім командирі осы жерде қателік жіберді, бөлімді осы сол бағытта жібергені. Ал, зеңбірекшілер сасып қалғанымен, жылдам өз-өздеріне келді. Вычугжаниннің маши-



насы бүрк ете түсіп, айнала жерге құлады. Петр мен оның қасындағы атқышы Алексей Киселев те келмеске кетті.

Бөлім командирінің ИЛ-2 машинасының рулі икемге келмей қойды. Ұшақты әзер дегенде бұрып: «Өздеріңше әрекет етіңдер!» – деді. Аэродромға дейін – ондаған шақырым. Глущицеде командирдің ИЛ-і құлады. Борис Алексеев пен оның атқышы Иван Нелюдимов қайтыс болды. Ал, қалған жұп қайтадан шабуылға шықты.

Дұшпанның танкілері отқа оранды, әскері қырылды – құралайды көзге атқан мерген Комиссаров көздегенін мүлт жіберген жоқ. Соққы, ұшақ шайқалып кетті. Оң жақ қанаты лап етті. Секіру? Қайда?!

– Нұркен, ұрысты таста! – деген Писанконың үні құлаққапты жарды.

– Шық, мен бүркемелеймін!

Кеш, үлгермейді. Жалын кабинаны шарпыды.

– Қош бол, Леша! Мені білгеннің бәріне сәлем! Қарағандыға жазарсың!..

Машинасын әлі де басқару мүмкіндігі болып тұрғанда, төмендегі бензин тасымалдаушыны көздеді. Жарылыс!

Дұшпанның техникасы мен солдаттары отқа оранып жоқ болды...

Жалғыз шабуылдаушы аэродромға жол тартты. Писанконың ұшағын қалай төмендеткені, қалай қондырғаны есінде жоқ. Көз алдында – отқа оранған ұшақ, құлағында – жерлесінің үні, жойқын жарылыс. Бұл көрініс оның көз алдында өмірінің соңғы сәтіне дейін сақталып қалды.

## Мәңгілік өмір

1943 жылдың 31 наурызында, қайтыс болғаннан кейін 808-ші шабуылдаушы әуе полкінің сержанты Нұркен Әбдіровке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Алдымен «қара қағаз» келді. Содан соң анасы Бағжан КСРО Жоғарғы Кеңесінің Грамотасын қабылдады. 1965 жылдың пілдесін



те ұлының және атқын Саша Комиссаровтың сүйегі жерленген Боковская станциясына келді. Құрметті қонақ ретінде қабылдап, жазушы Михаил Шолохов қонаққа шақырды.

Бағжан Батыр атағын Комиссаровқа да беруді қатты өтініп еді. Қалай болғанда да бірге соғысты, соңғы ұрыста бірге болды емес пе?! Батырдың анасына уәде еткен еді. Өкінішті...

Облысымызда Нүркен Әбдіровке бірнеше ескерткіш қойылған. Тас мүсіндегі бейнесі – қаһарлы. Ал, тіршілігінде мүлдем басқа. Салмақты, аздап ұяндығы да бар, досқа адал еді. Дәл өзіндей достары оны сол қалпында жадыларында сақтап қалды.

**(Материалда Г. Якимовтың «Пике в бессмертие» кітабынан алынған фактілер мен Н. Әбдіровтің бірге өскен досы Юрий Литвиновтың естеліктері пайдаланылды)**





Қағазбек СӘДЕНОВ

## ЖОРА

**О**нда екеуміз де көмірлі қаладағы «Казкітапта» істейтінбіз. Бұл – 1937 жылдың жазы еді. Нұркен – склад есепшісі, мен магазин сатушысы едім. Бір күні мен кітап алуға складқа бардым. Керекті кітаптарды іріктеген соң, Нұркен екеуміз оны бууға кірістік.

Анадай қабырғада Советтер Союзының Геройлары – бір топ ұшқыштардың суреттері ілулі тұр. Әдебиетті көп оқитын еді. Әсіресе, Нұркен ұшқыштық жөніндегі әдебиеттерді оқып: «Шіркін, ұшқыш болсам-ау...» – деп ынтығатын. Сондықтан ба, әлде көзі түсіп кетті ме, сол суреттердің қарсы алдына жүгіріп барып:

– Ей, Қағаз, осы батырлардың қайсысынан болсын менің иығым еңсіз бе, білегім нәзік, саусағым саласыз ба? – деді, суреттердің бірнешеуін сүйемдеп.

Расында да, ол еңгезердей, толық денелі еді. Ол жолдасты сонша қадірлеп, сыйлайтын. Сонысына қарай, мен де оның бала қылықты тәтті мінездерін қадірлеп:

– Титтей де кем емессің! – дедім.

– Бәсе, солай деші, ақын болғыр! – деді ол, менің сол кезде қиқалақтатып өлең жазып жүретінімді әзілдеп.

– Солай демегенде, ұшқыш болғыр! – дедім, оның әзіліне әзілмен жауап бергім кеп.

– Боламын, боламын! Дәл осы ерлердің біреуіндей боламын. Мен ұшқыш болған кезде сен де ақын боларсың. Менің қиын, алыс сапарға ұшып, мерейлі болып келгенімді сен поэма етерсің, – деп сықылықтап күлді ол.



Қымбатты құрбым Нүркеннің осы күлкісі менің құлағымнан әлі кетпейді.

Бұл – батырлық жорасы екен. «Түсінді жақсыға жорысаң, жақсыға шығады» дегендей, жарқын жүзді құрбының ақ ниетті жорасы дәл келді. Ол ұшқыш – әскери ұшқыш болды, батыр ұшқыш болды. Ол Отан соғысы майданында талай керемет ерліктер көрсетті. ИЛ атты қырғи машинасымен әуе ұрыстарында жаудың талай-талай бомбардировщиктерін қаз ілген қаршығаша қағып түсіріп, қиратты. Сан аласынан жау самолеттері басым болған бір ұрыста қымбатты ердің өзі де ерлікпен қаза тапты. Бірақ, ол артына өлмейтін даңқын қалдырып кетті.

Нүркен – Советтер Союзының Геройы. Ол – тірі! Мен онымен баяғыдай күнде сырласамын, мен одан күнде үлгі аламын.

Қымбатты құрбының әзіл ретінде айтқан бір ауыз аманаты – мен ұшқыш болғанша, сен ақын болып, мені жырларсың деуі мені өсуге ұмтылдырады. Өйткені, Нүркен Отан аманатын қалай орындаған болса, Отан аманатын мен де соңғы орындауым керек деп білемін. Бұл кішкентай хатымды өкіметтес болған қымбатты құрбыны еске түсіруге арнаймын.

29.05.1943





Есет КӨШЕБЕ

## САРЫАРҚА СҰҢҒАРЫ

**Е**лімізде сонау сұрапыл соғыс жылдарында толарсақтан қан кешіп, бүгінгі бейбіт өмірді сыйлаған майдангер ардагерлеріміз бен тылда еңбек еткен ерендерімізді мәңгі жадымызда сақтау үшін зор жұмыстар атқарылып жатыр. Бүгінгі әрі келешек ұрпақ ата-бабаларының фашистік Германияның басқыншылық соғысына қарсы Кеңес Одағы құрамында ерлікпен шайқасқанын еш ұмытпауы тиіс. Мұны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та сан мәрте айтып келеді. «Біз бейбітшіліктің құнын терең түсінуге тиіспіз. Егер біздің бабаларымыз сол кезде жеңіске қол жеткізбеген болса, біз бүгінгі тәуелсіздікті көрер ме едік, көрмес пе едік?! Бостандығымыз бен тәуелсіздігімізді бағалай білуіміз керек. Ал, жастар ардагерлерге әрқашан қамқор болуы қажет. Өз кезегінде, мемлекет те оларға жан-жақты көмек көрсетеді және оны одан әрі жалғастыра береді», – деген еді Тұңғыш Президентіміз.

Иә, ерлік ұмытылмайды және ұмытылмақ емес. Жалпы, Ұлы Отан соғысы туралы әңгіме қозғалғанда қазақ тарапынан еске алдымен санаулы тұлғалар түседі: Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Талғат Бигелдинов... Сондай аты аңызға айналған батырлардың бірі – Нұркен Әбдіров. Оның есімі «екінші дүниежүзілік соғыстың ерекше қаһарманы», «аяулы тағдыр» ұғымдарынан асып, қазақ дейтін ұлттың мәңгілік тарихына Аңыз адам деңгейінде аталатын ұлы рух болып еніп бара жатыр. Мұны бүгінгі қазақ қана емес, тағдырлас болған өзге ұлттарға да ұқтырып жатудың



қажеті аз. Оның аяулы бейнесі, ғасырға бергісіз бір сәттік өмірі – ұлттың мақтанышы, есімі – ұлттық сананың асыл жәдігері.

Нұркен бар болғаны 23 жыл өмір сүрді. Оның жауынгерлік жолы да тым қысқа. Алайда, даңқы – ұзақ. Қамшының сабындай қысқа ғұмырда ел сүйсінерлік ерлік жасап, артына аңыз қалдырды.

Қазақ халқының аяулы ұлы Нұркен Әбдіров ақындар «Атыңнан айналайын Қарқаралы, сенен бұлт, менен қайғы тарқамады» деп жырлаған Қарағанды облысы Қарқаралы өңірінде бұрынғы 5-ші ауыл, қазіргі күні Н. Әбдіров атындағы шаруашылық аумағындағы қарапайым шаруаның отбасында өмірге келді.

Шынымызды айтсақ, батыр Нұркен жайлы деректер әлі де болса аз. Содан да шығар, оның балалық балдәурені туралы деректер там-тұмдап қана кездеседі. Қазақ әдебиетінің қара нары Ғабит Мүсіреповтің батыр туралы жазған жазбаларынан білгеніміздей, бала Нұркен балдырған шағынан-ақ көк аспанда емін-еркін самғауды арманданты. Әрине, оның бала қиялы мүлдем басқа. Былайша айтқанда, бейбіт аспанда самғауды аңсағаны анық. Ал, соғыс басталған алғашқы жылы Нұркен Орынбор қаласындағы әуе училищесінде оқитын. Ол кезде бар болғаны 19-20 жасар бозбала болатын. Бірақ, соған қарамай, туған Отанның іргесін қаштаған қалың жаудан қорғауды Нұркен өзінің ең басты міндеті деп санады. Содан да болар, көптеген жастардың арасынан алғашқылардың бірі болып соғысқа баруға сұранды. Қайсар қазақтың көзіндегі от пен ұшқынды көрген сол кездегі Кеңес әскерінің білгір жетекшілері Нұркенді алдымен Ташкенттегі, одан соң Сібір қалаларының біріндегі шабуылшы әскери ұшқыштар дайындайтын курстарға жібереді. Бұл батырдың майданалды дайындығы еді. Иә, өйтпеске болмады. Себебі, Кеңес армиясының ұшқыштар сапына әрі батыр, әрі білгір азаматтар ауадай қажет болды.

Қан майдан...

1942 жылы Орынбордағы авиаучилищені бітірген әрі Ташкент пен Сібірдегі қалалардың бірінде шабуылшы әске-



ри ұшқыштар дайындайтын курстан откен Нүркен Қызыл армия қатарына шақырылды. Анығырақ айтсақ, 267-авиация дивизиясының құрамындағы 8063-авиациялық шабуылшы ұшқыштар полкіне жіберілді. Алғашқы әуе шайқасына шығарда өрімдей жастың жүрегі шайлыққан жоқ. Өзінің ең алғашқы тапсырмасы болғанына қарамай, бозбала Нүркен өзіне жүктелген міндетті орындауда ерлік пен өжеттік, әскери шеберлік танытты. Өзінің алғашқы айқасы туралы жазбасы күні бүгінге дейін сақталған. Қазанның 23-і күні тұңғыш рет әуе шайқасына аттанар алдында батыр былай деп жазған екен: «Егер біз фашистерді құртпасақ, олар біздің түбімізге жетеді. Сөйтіп қуанышты, бақытты өмірмен қоштасамыз...»

Тарихшы Тілеу Көлбаевтың дерегіне қарағанда, Нүркен Әбдіров сол полкте жүріп барлығы 16 әуе шайқасына қатысқан. Санамалап айтар болсақ, батыр дұшпанның 12 танкісін, 28 автомашинасын, бұдан сырт 18 оқ-дәрі тиелген машинасын, 3 жанармай цистернасын, 8 зеңбірегін жойып жіберіп, бас-аяғы фашистің 80 солдаты мен офицерінің жанын жаһаннамға аттандырыпты. Біздіңше, бұл – дұшпанға қырғидай тиген нағыз көзсіз батырлықтың көрінісі.

Ал батырдың фашистермен бетпе-бет келетін «соңғы сапарындағы» ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес. Бұл 1942 жылдың 19 желтоқсаны болатын. Аспан алай-түлей, қыстың қаһарына мінген кезі еді. Нүркен өзінің серігі, атқыш әрі байланысшы Александр Комиссаровпен бірге ИЛ-2 ұшқыштар звеносын басқарып шығып, дұшпанның Беков-Пономаревка ауданындағы (Сталинград шебі) бекінісінде шоғырланған соғыс техникаларының көзін жоюға аттанады. Батыр бұл өзінің әуе кеңістігіндегі соңғы сапары болатынын білді ме екен?.. Ал, аталған бекіністе фашистердің үлкен 6 танкісі, бірнеше атыс ұясы және зенит артиллериясының 2 қондырғысы бар болатын. Нүркен бір мезетте-ақ солардың біразын жермен-жексен етті. Алайда... Өкінішке орай, ең соңғы сәтте зениттік артиллерияның бірінен атылған қаңғыған оқ батыр тізгіндеген ұшаққа дөп тиді...



Ұшақ отқа оранды. Алайда, Нұркен сасқан да, қобалжыған да жоқ. Бәлкім, ол күндердің бір күні дәл осындай жағдайға тап боларын сезген де шығар. Жаудың техникасын түгелдей талқандап тынуды мақсат тұтқан батырды «Өзекті жанға – бір өлім» деген ой шарпып өтеді. Сол сәтте-ақ ол біраз уақыттан бері өзінің адал серігі болған күміс қанат сұңқарды түп-тура жаудың техникалары шоғырланған тұсқа қарай бұрады. Әрі қарайғы жағдай, оқырман қауым, өздеріңізге де белгілі болар. Құлдилаы құлаған ұшақ ішіндегі Нұркен мен оның қандыкөйлек серігі Александр Комиссаров екеуі ақырғы рет қаншама жауды қырып, қаһармандықпен қаза табады.

Сарыарқа сұңқары осылай мерт болды.

Бастысы, батырдың бұл ерлігі еленбей қалған жоқ. Желтоқсанның қақаған аязында өз ұшағын түп-тура жау бекінісіне бағыттаған Нұркеннің ерлігі тұтас КСРО-ға тарады. 1943 жылдың 31 наурызында Нұркен Әбдіровке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Қазіргі күні Ростов облысындағы Бокковская станциясының іргесіндегі Коньков ауылында жерленген Нұркен Әбдіровтің басында қызыл тастан қашалған ескерткіш бар. Қарағандының қақ ортасында да батырдың бейнесі мәңгілікке орнықты. Бұдан сырт Қарағандыдағы спорт сарайы да Нұркен Әбдіровтің есімін иеленген.

Аты аңызға айналаған батырдың ерлігі көптеген әдеби туындыларға арқау болды. Бұл ретте 1943 жылғы 27 маусымда жарияланған әйгілі жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Батырдың анасы» атты очеркіне назар аударсақ артық болмас. «...Елін қорғар ұл тапшасам қайтер ем? Аттан, қарағым! Жылама деме маған. Жыламасын десең, мықтап қорға, көзге жасым келмейтін етіп қорға. Құр барғанның несі сеп, құртып қайт жайрағырды. Жаулығымды жалау етіп, алдыңнан мен де шығарамын сонда», – дейді Бағжан ана. Анасына іштей жауап қайырған ұлы Нұркен: «Қорғаным бар, қорғай алармын. Жылама демеспін саған, жыламайтын етіп қорғармын. Көзге жасың келмейтін етіп қорғармын. Жай-



ратып қайтармын жайрағырды», – деп ант етті. Сол антты орындады да...

Биыл Кеңес Одағының Батыры, даңқты ұшқыш Нүркен Әбдіровтің өмірге келгеніне 95 жыл толады. Бұл тұтас ел, оның ішінде Қарағанды облысы, сонымен бірге, батырдың туған топырағы Қарқаралы ауданында кең ауқымда тойланары анық.

Адамзат тарихында үлкенді-кішілі он бес мыңға жуық соғыс өткен. Алайда, солардың ішінде ең жантүршігерлігі – Ұлы Отан соғысы. Сондықтан, оған қатысып, жеңіске жеткен және осы жолда өмірлерін құрбан еткен асыл азаматтарды еске алып, құрмет көрсетіп отыру – бәрімізге қасиетті борыш, қастерлі міндет.





Б. ЕДІЛ

## БІЗДІҢ НҮРКЕН

**Б**ұрынғы батыр бабалардың шын мұрагері болып, қазақ халқын бүкіл әлемге өзінің ерлігімен тағы да танытқан Әбдіров Нүркен мына Қарқаралы тауының бөктерінде туып, көмірлі Қарағандыда өсіп, ержетті. Ол 16 жасынан бастап еңбекке кірісіп, өзімен тетелес ағалары Сәрсен мен Сәдірбекке серік болды.

Жайкенттен ұл болып туғалы тек Совет үкіметінің тұсында ғана рахат көрген Әбдір қарт тағы да бір үлкен тыныс алды. Ленин-Сталин партиясы оның үш баласын бірдей аршып төсті жігіт қып, тәрбиелеп өсіріп берді. Өскелең балаларының қызығына шаттанған мейірімді ана Бағжан: «Бергеніңе тәубе...» – деп, басына қонған бақытын қысқа күнде қырық рет аузына алып мақтан етті. Барлық билікті балаларына берді де, Әбдір қарт таза көрпесін төрт қабаттап астына салып, шахтер өмірінен үйдегі ақылшы қарияның өміріне көшті.

Сәрсен де, Сәдірбек те №18 шахтада істей берді. Кішкентай Нүркен комсомолға мүше болды. Алғашқы кезде Қарағанды қалалық денсаулық сақтау бөлімінде дәрігерлік есеппі болып істеп, кейіннен №1 шахтаның кітапханасына елшіметке орналасты. Құмар болып жүрген кітаптары қолына еркін тиген Нүркен талай томды аударды, талай батырдың ерлігін оқып, көңіліне құйды.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы кезінде Нүркен көп жұмыстар атқарып, комсомол ұйымдарының көзіне түсіп, жастардың аузына ілінді. Қарағанды қалалық ком-



сомол комитеті оны облыстық прокуратурада қызмет істеуге жоғарылатты. Нұркен мұнда қызмет істей жүріп, 1938 жылы Қарағанды аэроклубындағы ұшқыштар дайындайтын курсқа түсті. Онда оқуды өте жақсы бітіріп, Қызыл Армияның әуе флотының запастағы ұшқышы деген атақ алып шықты. Ол бертін келе Ленин-Сталин партиясының мүшесі деген ардақты атқа ие болды.

Осының бәрін көріп күнде бір қуанған ата-ананың шырайлы жүздерінен нұр тама түсті. Сән-салтанатты өмір олардың тұрмыстарына сіңісіп, қалыптасып алды.

Неткен тыныштық, неткен тамаша өмір еді сол бір кез!

Бұл тыныштықты қанқұйлы фашистер бұзды. Қарт ата-ананың, жас жайнақтардың басындағы бақытын тартып алмаққа жар астынан жау тап берді.

Ел шетіне осылай жау тигенде, көпті көрген көнелер өздерінің ата-аналық ақылдарын айтып, ардақты Нұркені мен Сәдірбегін майданға аттандырды.

– Жауларыңды жеңіп қайтыңдар, мерейлерің үстем болсын, қарақтарым! – деді олар аттандырып жатып.

Аялап өсірген ата-анадан, ел-жұрттан аманат алып, Нұркен мен Сәдірбек мың сан қолдың ішінде үзеңгі қағыса жөнелді. Ағасы Сәрсен белін бекем буынып, забойға кетті.

– Елімді қорғайтын ұл таппағанда қайтер едім? – деді қамқор ана майданға аттанған балалары ұзап кеткенше қарап тұрып.

Қарқаралы шыңында қанаттанып, Қарағанды кенінде түлеп ұшқан сол қырандар майданға барысымен-ақ жауына ойран салды. Алған беттен қайтпай, жауға қарсы арыстандай алысып, баяғы батыр бабаларының – Қобыланды, Ер Тарғын, батыр-большевик Аманкелдінің салтын істеді. Сұрапыл соғыс ішінде жүріп, үнемі үй іштеріне қайрат беріп отырды. Нұркен 1942 жылдың 23 октябрінде ата-анасына былай деп хат жазды:

«Осы хатты жазғанда өткен күндер менің көзіме елестеп отыр. Мен жас жанымды жауға бос бере қоймаспын. Егер өлетін болсам да, жастығымды алып өлермін. Неге десеңіз, менің қолымда немістерге қорғасын сыбаға беретін жылдам



ұшатын аэроплан бар. Маған партия мен Совет үкіметі сондай ең алдыңғы техниканы сеніп қолыма бергеннен кейін, мен ондай жақсы техниканы неміске қарсы ұстауым керек. Апа, сіздерге айтатыным, мені ойламаңыздар! «Көппен көрген ұлы той» деген мақал бар емес пе? Егер немістің көзің құртпасақ, немісті өлтірмесек, олар бізді өлтіреді. Сіздерге бұрынғыдай қызықты уақыт пен бостандық болмайды! Сондықтан, сіздер аса көп ойламаңыздар!»

Нұркен осы айтқан сертінен қайтқан жоқ. Сержант-ұшқыш-штурмовик Нұркен совет халқының ар-намысын, бостандығын және тәуелсіздігін қорғап, неміс оккупанттарына қарсы сұрапыл күресте ерліктің, батырлықтың тарихта болып көрмеген үлгісін көрсетті. Командованиенің бұйрығын орындай отырып, ұрыс сапарына 16 рет ұшқан кезінде біздің Нұркен немістердің 12 танкісін, соғыс жүктері тиелген 28 автомашинасын, оқ-дәрі тиеген 18 ат арбасын, жанармай құйылған бір цистернасын күл-талқан етті, 3 қамалын талқандады, 3 зеңбірегін жойып жіберді. Гитлер армиясының 50-ге тарта солдаты мен офицерін жайрағып салды.

Нұркен 1942 жылдың 19 декабрінде ұрысқа кіріскен бір сапарында жаудың 6 танкісін, 2 қамалын, 20 солдаты мен офицерін қырды. Осы ұрыста Нұркеннің самолетіне жаудың оғы тиіп, өртене бастады. Бірақ батыр ұшқыш саспады. Ол өлімге қарсы ұмтылып, Отан үшін, ел үшін жанқиярлық батырлықтың салтын істеді – өзінің жалын ораған самолетін жау әскерлері мен танктерінің іркіліп тұрған шоғырына апарып құлатты, жаудың тағы талай танктері, ондаған солдаты мен офицерлері доңыздай ышқынып барып жер құшты. Нұркен батырлар өлімімен қаза тапты.

Бірақ Нұркен өлген жоқ. Ол артында өлмейтін даңқын қалдырды. Советтер Союзының Геройы атанды. Ол – ақын-жазушыларымыздың аузындағы жыры, ол – қаздың баланындай соңынан ержетіп келе жатқан жеткіншек інілерінің жарқын үлгісі. Оның түлеп ұшқан ұясы – Қарағанды еңбекшілері Нұркеннің атын ардақтап, майданға көмегін бұрынғыдан да күшейте түседі.



**Х. ҮЙСІНБАЕВ,**  
облыс прокурорының  
1940-1950 жылдардағы орынбасары

## ЕР ТҮЛҒАСЫ ЕРТЕДЕН КӨРІШ ЕДІ

**Н**ұркеннің ұқыпты, жарқын бейнесі біздің көз алдымызға елестейді. Ол бізбен бірге Қарағандының облыстық прокуратурасында істеді. Бұл – 1938-39 жылдар еді. Қызметке алғаш түскен кезде ол бөлім секретары болды. Нұркен өзінің ұқыптылығы, істі ынта қойып істейтіні, іскерлігі нәтижесінде бұл жұмысты аз уақытта-ақ үйреніп алып, ұршықша иірді. Тапсырылған үлкен-үлкен қызметтерді адал орындады.

Прокуратура коллективі оның адал, іскер қызметші екенін істе танып, келешегінен зор үміт етіп, облыстық прокуратураның бас секретарлығына жоғарылатты.

Нұркен бұл қызметті де лезде үйіріп, меңгеріп ала қойды. Тапсырылған міндеттерді бұрынғыдан да тез, ұқыпты орындайтын болды. Сөйтіп, совет мекемесінің үмітін ақтап шыққан өте көрнекті, іскер, тәртіпті, саналы заң қызметшісі болып алды. Ол осындай беделді болғаны үшін де облыстық прокуратурадағы комсомол ұйымының секретарлығына сайланып, бұл қызметті де қабілеттілікпен орындаған еді.

Нұркен осындай қызмет істеп жүріп, 1939 жылдың аяқ шенінде Қызыл Армия қатарына шақырылды. Ол Армияға кеткенге дейін қызметін істей жүріп, пилоттар дайындайтын мектепті бітіріп, пилоттық аттестат алды.



Біз оның жауынгерлік қызметті де адал, іскерлікпен орындайтынына сендік және ерлік бейнелерін көрсету жөнінде одан көп нәрселерді күткен едік. Бұл ақталды да. Нүркен – Советтер Союзының Геройы.

Ер ерлікпен қаза тапты. Бірақ ол тірі, мәңгі өлмек емес. Оның ерлік тұлғасы ертеден-ақ көрінді. Қадірлі жолдасымыз Нүркен біздің жүрегімізде сақталады.





**Жеңіс КӨПЖАСАРОВ,  
Нүркен Әбдіров атындағы қордың президенті**

## **БАТЫР ОМІРІНІҢ БЕЛЕСТЕРІ**

**Н**үркеннің өз атасы (Әбдірдің әкесі) Жайлы деген кісі екен. Жайлының туып-өскен мекені – Ақтоғай ауданындағы Жәмші өзенінің сағасы.

Жайлының алған әйелі Бөргөз руындағы сегіздің бірі Дуалының Мөжік деген азаматының Қарақас дейтін қызы деседі. Сол Жайлыдан бес ұл: Әбдір, Әбдікеш, Нұрлыбек, Қарсыбек, Жақсыбек өрбиді. Аралары бір-бір жас үйелмелі-сүйелмелі бес баланың әкесі Жайлы қайтыс болып, жетімдердің күнкөрісі қиын халде қалады. Жайлының жетімдерге қарайласар емшектес, жанашыр туысы болмаған. Бұл жағдайды Мөжіктің Нілдібай деген нағашысы біліп отырған. Ол ауыр күнге душар болған Қарақас қарындасын 5 баласымен атамекені «Ханқашты» деген мекеніне көшіріп алып келеді.

Жиендері ержете келе әркімдерге қолбала болып кетеді. Ересек Әбдір мен Әбдікеш Нілдібайдың қолында қалады. Басын құрап, адам болып кетсін деп Әбдірге Жарас Айнабай дегеннің Бағым деген қызын өпереді.

Нілдібай мен Жарас, Аумаған қажы сол дәуірдегі сыйлы, абыройлы адамдар болған. Нілдібайдың Темір деген үлкен ұлына Аумаған қажының Қайша деген қызын алып берген. Нілдібай 1916 жылы қатты ауырып, фәниден бақиға өтетінін біліп, құдасы Аумаған қажыны шақырып, ақылды сады: «Менің мына Қарақас қарындасымнан қалған жисп дерімнің үшеуі әркімдерге қолбала болып кетті. Енді мен



олай-бұлай болып кетсем, Әбдір мен Әбдікештің күндері не болады? Бұлар менің Бөргөз туыстарымнан көресісін көрулері мүмкін. Қазір олар менен ғана именіп жүр. Ертең жонанан таспа тілуге пейілді. Әбдірге Айнабайдың қызын алып бергенімді білесіз. Одан қазір Сәрсен деген ұл бар. Ол да ертең ержетер», – десе керек.

Аумаған қажы біраз ойланып отырып: «Осы балалардың жағдайын елмен көршілес отырған 60 үйдің биі Шорманбай биледі екен. Бір кездесуде маған «Қолыма ұстап, көмек беретін адам керек еді. Сіз Нилдібаймен ақылдасып, сол жиендерін әуелі Құдай, екінші маған сеніп, сұрап алып беріңіз» деген», – дейді.

Нилдібай: «Бұл дұрыс сөз екен, Шорманбай кісілігі бар аманат қой. Ел ағасы солай десе, өзір менің көзім тірі тұрғанда мұны кешіктірмей іске асыр. Мен өмірден өткен соң ағайын арасынан жік шығуы мүмкін», – деген. Содан Аумаған елкі Шорманбаймен жедел байланысып, Әбдір мен Әбдікешті көшіріп алып кетеді.

Нилдібай 1916 жылы қайтыс болады. Шорманбай «Шоқшарғас» деген күзегіне жайлаудан ертерек келіп, үйінің жанындағы шошаласының төбесін жауып, жөндеп, Әбдірге үй етіп береді. Қамқорлықты сезінген ағайынды Әбдір мен Әбдікеш Шорманбай бидің отбасымен араласып, туысын алып болып кетеді. Әбдірдің үлкен ұлы Сәрсеннен кейін 1917 жылы Сәдірбек, 1919 жылы Нұркен дүниеге келіп, басқа да бала шағасымен молшылыққа кенеледі. Парасатты би өз алдына үй болып отырсын деген оймен Әбдірдің інісі Әбдікешті өзінің немере туысы Нұрмағамбеттің Кәкіш деген қызын алып, басына үй тігіп беріп, отау етіп шығарады.

Әбдір елгезек, қарымды, еңбекқор адам болады. Соның арқасында 17 рулы 60 үйдің адамдарының арасына «тастай бағын, судай сіңіп» кетеді.

Кейінірек Әбдір екі үйдің он шақты жанымен Қарағандың қолына көпті. Қалаға барғанымен, қарық бола қоятындай ештеңе жоқ еді. Бір шахтаның маңайынан жертөле қазып,



төбесінен терезе шығарып, қыста паналап шығудың жағдайын ойластырып жатқан ел.

1928 жылы 28 қарашада Орталық Қазақстанда көмір қорын ашу жөнінде Үкімет құжаты қабылданды. Оны ұйымдастыру үшін Мәскеуден білікті маман К. Горбачевті Қарағандыға жіберді. Мақсатты жұмыс басталғаннан кейін, Донбастан, тағы да басқа жерлерден мамандар ағыла бастады. Техникалар жеткізіліп, бірнеше шахта ашылды. 1931 жылы 20 наурызда Қазақстан Орталық Атқару Комитеті Кеңесінің қаулысымен Қарағанды «Жұмысшы поселкесі» мәртебесін иеленді. Сол жылы мұнда 5600 жұмыскер болса, 1935 жылы олардың саны 22321 адамға, жыл аяғына дейін 70 мыңға жетті. Сөйтіп, 1934 жылы Қарағандыға қала мәртебесі берілді. Алғашқыда Петропавл облысына қараған болатын. 1936 жылы Қарағанды облысы құрылып, құрамында бірнеше аудан болды. Осы жылы «Қарағанды - Бертіс» шойын жолы келіп жетті.

Бұл кезде жасөспірім Нұркен де бірсыпыра жағдайларға қанығып қалған болатын. Әкесі Әбдір мен ағасы Сәрсен шахтер кәсібіне машықтанды. Келген жылы салып алған жертөледе бірнеше отбасы тұрып жатты. Ол кезде азық-түлік пен өндіріс тауарлары дүкендеріндегі сатушылардың дені орыстар болатын. Нұркеннің шешесі Бағжан бәйбіше күніне 2-3 рет дүкенге барып, орысшаға тілі жетпей саусағымен көрсетіп, олардың атауын жаттап, екінші жолы орысша сұрайтын. Ауылда өсіп, өзге ұлт өкілдерімен араласы болмаса да, Бағжанға тілді үйрену қиынға түспеді. Екі-үш айда айтарлықтай меңгеріп қалды, әңгімелескенде ойын түсінікті жеткізетін болды.

Нұркеннің тетелес ағасы Сәдірбек те ержетіп, еңбекке жарады. Нұркен – отбасындағы ең кішісі, «күлшелі бала сүйеге жақсы» дегендей, өзін еркін ұстады. Елде аз да болса арабша сауатын ашқан ол Жамбыл атындағы жеті жылдық мектепті 1935 жылы үздік бітіріп шыққаннан кейін 18-шахтаның кітапханасына қызметке орналасты. Сонда жүріп, 1937 жылы Мәскеудің кітапхана қызметкерлерін дайындайтын техникумын бітірді де, «Қазақ кітап саудасы»



мекемесінің Қарағанды бөлімшесінде есепші болып қызмет істеді. Іле-шала заң орындары қызметке шақырып, 1938-1939 жылдары аудап, облыс прокурорларының хатшылығына ауысты. Кейін бас прокурор өзінің дербес хатшысы қызметіне тағайындады. Нүркен осы қызметте жүріп, 1939 жылы Қарағанды ұшқыштар клубындағы оқуды тәмамдады. Ұшқыш мамандығын алды. Оқу орнының директоры Григорий Якимов Нүркеннің ұшақты меңгеруге бейімділігі мен оқудағы алғырлығын жоғары бағалады. Кейін ол туралы кітап жазды.

Болашақ батыр 1940 жылдың қаңтар айында әскер қатарына шақырылды.

«Шіркін, анасы өлденені сезді ме екен? Нүркенді кеудесіне басып тұрып, былай деп қош айтысын еді, – дейді Құдайберген Шорманбаевтың анасы Бөпе:

*Сұт суалтқан құлыным,  
Жаман атың шыққан жоқ еді,  
Сол жақсылығыңнан танба!  
Ақ жүрек болып жолдасың,  
Адалдық сені қолдасын!  
Жақсылық үшін тірессең,  
Жаның, арың қорғасын!  
Арынды болсын шабысың,  
Алымды болсын табысың,  
Найзадай болсын намысың!  
Қиындық көрсең мұқалма,  
Ауырлық көрсең жұқарма!»*

Нүркен әскерге алынғаннан кейін Орынбордағы ұшқыштар училищесіне жіберіледі. Училищені 1942 жылы тәмамдап, 267-ші әуе күштері дивизиясының 808-полкі командирі майданға аттанады. Содан 23 қазан 1942 жылы өзінің шешесі мен туған-туыстарына жазған бір хаты келеді. Онда былай депті: «Мен жас жанымды жауға бере қоймаспын. Егер өлетін болсам да, жастығымды ала өлемін. Неге өссендер, менде басқыншыларға қорғасыннан «сыбаға» бергенім, жылдам ұшатын ұшақ бар. Маған партия мен Кеңес



үкіметі ең алдыңғы қатарлы техниканы сеніп тапсырғаннан кейін, оны жауларға қарсы пайдалана білуім керек. Апа (анасы Бағжан), Әді (әкесі Әбдір), сіздерге айтарым – мені уайымдамаңыздар. «Көппен көрген – ұлы той» деген емес пе? Егер де дұшпанның көзін құртпасақ, олар бізді өлтіреді, сіздерге бұрынғыдай бостандық болмайды».

Ол неміс басқыншыларына қарсы шайқаста ержүректігімен көзге түседі. 16 рет әуе шайқасына қатысып, фашистердің 132 танкісін, 28 автокөлігін, оқ-дәрі тиеген 18 машинасын, жанармай құйылған цистернасын, 3 зеңбірегіні және 50-ден астам солдатты мен офицерін жойды. 1942 жылы 19 желтоқсанда 17-ші жауынгерлік тапсырмамен Сталинград майданы шебіне енетін Быков, Пономаревка ауданындағы қорғаныс бекінісі мен шоғырланған жау танктерін жою үшін әуеге көтеріледі. Қарқаралының ақиық қыраны шүйіліп келіп, соққылап өткенде, жаудың екі бекінісі күлталанған болады. 20-дан астам неміс офицері мен солдатты жер құшады. Неміс зеңбіректері де Нүркеннің ұшағын атқылай бастайды. Ол айналып келіп, қайта бір түйіліп, тағы жайпап өткенде жаудың 6 танкісін илеп кетті. Бірақ, қыран да жараланады, ұшағы жана бастайды. Бір жағынан оқ үстіне оқ жауса, екінші жағынан ұшағы лап етіп, от құшағында қалады. Ұшақ кабинасы да бір демде жалын құшағына енеді.

Дәл осы сәтте Нүркеннің ойын азаматқа лайық іс жасау сезімі билеп кеткені анық. Жанындағы атқыш серігі Сашаға (Александр Комиссаров): «Секір! Елге сәлем айт!» – деуге мұршасы келді. Саша: «Жоқ, не көрсек те, бірге көреміз!» – деді. Нүркен: «Ақтық күшім – халқым үшін!» – деп айқайлап жіберген. Оның көз алдына сол сәтте капитан Гастеллоның кейпі елестеді. Лапылдап жанған ұшағының бетін жаудың топталған тұсына бұрып, танктер шоғырланған жерге келіп құлады. «Он екіде бір қауызы ашылмаған» құйрықты жұлдыз сияқты ағып түсті ол көгінен. Нүркен жас өмірін қаныпезер жауға оңай берген жоқ, жастығын ала жығылды. Соңғы сәтте жаудың көптеген танктерін, солдаттары мен офицерлерін өртеп жіберді. Сөйтіп, Қарқаралының жас қыраны қаһармандықпен көз жұмды.



Ертеде жорыққа аттанған ерлер баласының жорегінен бір жапырақ жыртып ала кетіп, сағынғанда соны иіскен, коңілдерін жұбатқан екен. Нүркеннен сондай жоргек те, артында «шикі өкпе» де қалмағаны өкінішті-ақ! Отан үшін жасалатын мұндай ерлік тым сирек кездесетінін бағалап, Үкімет 1943 жылы 31 наурызда оған Кеңес Одағының Батыры атағын берді. 1943 жылдың маусым айында Қарағандыға келген көркемсөз шебері Ғабит Мүсірепов облыстық газетке «Қарағанды қыраны» деген мақаласын жариялады.

Иә, «Ер елден шығады, ел болмаса, ер қайдан шығады?» деген қазақтың аталы сөзі – ұлттық ұғымға тән тәмсіл. Ұлашының ерлігін Қарқаралы, Қарағанды өңірі ғана емес, бүкіл қазақ мақтан тұтады. Даңқты жерлесімізді мәңгі есте қалдыру мақсатында қаза тапқан жерінде, Қарағанды қаласында, туған ауылында ескерткіштер орнатылып, көшелер мен мектептерге Нүркен есімі берілді.

1944 жылы мамыр айында Нүркеннің туған ауылы – «Совет» колхозының аты өзгертіліп, Нүркен аталды. Бұл салтанатқа облыстық партия комитеті және атқару комитетінің шешімімен облыстық газет редакторы Бейсенғали Тәйкіманов бастаған Көшен Елеуов, Қайып Айнабеков сияқты ақындар, аудандық партия, совет өкілдері қатысты. Колхоздың жалпы жиналысы өткізіліп, той жасалған болатын.

1939-1940 жылдарда Қарағанды ұшқыштар мектебінің директоры болған Г. Якимов 1967-1970 жылдары Нүркен туралы «Мәңгілік өмір шыңына» атты шағын шығарма жазып, анасы Бағжанды Нүркеннің қаза болған жеріне алып барды. Олар сол жолы орыстың ұлы жазушы Михаил Шолоховтың үйінде болған.

Г. Якимов «Қазақфильм» студиясы арқылы өз қаражатымен Нүркен туралы киножурнал шығарды.

Нүркеннің әкесі Әбдір 1945 жылы қайтыс болды. Тетелес анасы Сәдірбек соғыста хабарсыз кетті. Үлкен ағасы Сәрсен 1958 жылы шахтадағы апаттан көз жұмды. Шешесі Бағжан 1972 жылы дүние салды. Қазір ағасы Сәрсеннің Әубәкір есімді жалғыз ұлы ғана қалды. Ол Қарағанды қаласында тұрады.



**Нұрқанат ҚАНАПИЯ,**  
**«Орталық Қазақстан» газетінің**  
**жауапты хатшысы**

## **Қарағанды – Коньков: «ЕДІЛДІҢ БОЙЫ – ЕН ТОҒАЙ...»**

*«Мұнда үш жүзге жуық жауынгер жатыр. Әртүрлі ұлт өкілдері. Бірақ, өзгелерге қарағанда, қазақ солдаттарын іздеп келетіндер қарасы қалың».*

*Бұл – Коньков хуторының маңындағы «Бауырластар зиратына» бізді бастап барған казак Максим Обнизовтың сөзі. Ростов облысындағы Боковская станицасының басшысы – осы. Әлгі айтқаны – үш мың шақырымды артқа тастап, қазақ жерінің кіндігі Қарағандыдан ат терлетіп келгенімізге тәнті болған түрі. Баба қабіріне туған топырақтың бір шөкімін салу үшін үш ұлы өзенді кесіп өткенімізге тамсанғаны... Ал, сол сәтте біздің кеудемізді кернеген сезімді тілмен суреттеу мүмкін емес-ті...*

*Иә, күн – сейсенбі болатын. Ел ағасы Сағадат Дүйсебеков бастаған топ Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіров мәңгілік тыныс тапқан топырақты басып тұрмыз...*

**Әуелгі һәм әуедегі әңгіме**

**Б**иыл жерлесіміз Нұркен Әбдіровтің туғанына бір ғасыр толады. Қарағанды жұрты қыран қазақтың мерейтойын ауқыммен атап өтуге дайындық жүргізуде. Осыған орай



жақында облыс әкімдігінде тойды өткеру мәселесін талқыланған жиын өткен-ді. Бірқатар маңызды міндеттер нақтыланған басқосуда Сағадат Дүйсебеков ағамыз Батыр қабіріне бырып, тағзым етіп қайтуды ұсынды. Бұл бастаманы облыс басшылығы құп көрді. Міне, аталған отырыстан кейін арнайы топ жасақталды.

Сағадат ағам бастап, Нұркеннің ағасы Сәрсен ақсақалдың немерелері Данияр мен Бақтияр Әбдіров қоштап, жолға шықтық. Дүйсенбі күні таң бозара біз мінген ұшақ елордадан Атырауға қарай көтерілді.

Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы Сағадат Жапайұлын білмейтін жан жоқ шығар Арқада. Кеңес уағында Ұшытау ауданын басқарды, бұрынғы Жезқазған облыстық кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Жерлерінің шақыруымен Ақтоғай ауданының алғашқы әкімі болды. 1992-1997 жылдары туған топырақты түлетуде тер төтті.

Тәуелсіздікке алғаш қол жеткізген уақыттағы қиын ахуал замандастарымыздың жадында болар. Шаруашылықтар шатқаяқтап, елдің берекесі кеткен тұс. Сәкең осы тоқырау жылдарын елімен бірге өткерді. Жарғақ құлағы жастыққа шмей жүріп, әлеуметтік саладағы қордалы мәселелер түшпін тарқатуға бар күш-жігерін салды. Алаш үкіметінің өктемдері, ақтоғайлық арыстар – Әлихан Бөкейханов, Әлімжан Ермеков және Жақып Ақбаевтың есімдерін жаңғыртуға еңселі үлес қосты. Бүгінде үш арыстың аудан орталығында қасқайып тұрған еңселі ескерткіші Сәкеңнің тұсында тұрғызылған-ды. Бұдан кейін өңірдегі белгілі билер мен батырлардың кесенелерін жаңғырту бағытында үлкен жұмыстардың бастауында тұрды. Бүгінде Ақтоғай жұртының төбесінің тартып, жақсы көріп тұруының да бір себебі осы билер.

Сәкең – Нұркеннің туған бөлесі. Анасы Ұлжан қайтарған бір жыл бұрын Батырдың анасы Бағжанға табыстаған екен. Содан Сәкең Бағжан шешейдің бауырында өскен. Сон-



да жүріп мектеп бітірді, диплом алды, шаңырақ көтерді. Өмірінде жеткен жетістіктерінің басында Бағжан анасы тұрғанын Сәкең ыстық ықыласпен еске алады.

– Бүгінгі сапарға сол Бағжан шешейдің алдындағы парыздан, Нүркен батырға деген сүйіспеншіліктен шығып отырмын. Әйтпесе, Дон деген тиіп тұрған жер емес. Көптен бері осы шаруа ойымда жүрді. Бірақ, тұрмыстың, тіршіліктің күйбеңімен көптеген жылдар бойы ретін келтіре алмадым. Міне, Алла сәтін салса, орайы келіп қалған сияқты. Бір жағынан мына балаларға жол көрсетіп кету жағын ойлап келгенім бар. Бұл менің аруақ алдындағы азаматтық һәм адами борышым деп білемін, – деді өз сөзінде Сағадат ағам.

Біздің ұшақ Атырауға қонғанда күн қыза түскен еді. Қарағандыдан кие шыққан жылылау киіміміздің ауырлығын осында сезіндік. Мұнда бірнеше күннен бері аптаптың беті қайтпай тұр екен. Қарағанды жаз басталғалы күн көрмеді ғой...

Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғажевтың тапсырмасымен келген өкіл ұшақтан аяғымызды жерге түсірмей күтіп алды. Қос темір тұлпарды алдымызға тосты. Нүркеннің бауыры Төкеннің қызы Әлия Әбдірова Атырауда тұрады екен. Жездеміз Сабыртай Шомиров те күтіп алушылар қатарынан табылды. Қайыңжұрты келгеніне мәз болып жүрген жайы бар.

Жездеміздің шаңырағында аз-кем тыныстап алғаннан кейін Еділ бойына аттандық. Алда сегіз жүз шақырым жол жатыр еді...

### «Ақала ордам қонған жұрт...»

Атыраудан Астрахань бағытындағы күрежолмен жүрдік. Күрежол деген аты ғана болса керек. Қашан төселгені бей-мәлім асфальттің жұрнағы жатыр. Шекараға дейінгі арылық жүруге мүлдем жарамсыз. Ресейден жүк артып, жолаушы тасыған жұрт осы жолдың азабын тартып келе жат



данына біраз жылдың жүзі болыпты. Десек те, әкімдік те жерге қарап отырған жоқ екен. Шекарадан бері жол жөндеу жұмыстары басталғанын көрдік. Бұйыртыса, екі жылдың мұңдарында шекарадағы Котяев бекеті мен Атырау арасын жалғаған даңғыл жол пайдалануға берілмек.

Шекараға ат басын тірегенімізде күн төбеден ауған еді. Бір жарым сағаттық кезектен кейін арғы бетке өттік. Мұнда да тексеріс. Бір қызығы, біздің жақтаға шекара бекеті Котяев аталса, Ресей жағындағы бекеттің атауы Қараөзек екен.

*Еділдің бойы ен тоғай,  
Ел қондырсам деп едім.  
Жағалай жатқан сол елге  
Мил толтырсам деп едім,*

деген Махамбеттің қолы жетпей кеткен өлке ғой бұл. Одан өріде күштінің қыснағымен атақонысынан ауып бара жатқан Қазтуған жырау:

*Алаң да алаң, алаң жұрт,  
Ақала ордам қонған жұрт, –*

деп аһ ұрып:

*Қайран менің Еділім,  
Мен салмадым, сен салдың,  
Қайырлы болсын сіздерге  
Біздерден қалған Еділ жұрт! –*

деп аңырап коштасатын құтты қоныс. Сан тараулы су жолымен тілген Еділ бойы. Қадым заманнан түркінің мекені болған ұлы өзен. Жарты құрлықты алған Жошы ұлысының бір бөлігі. Біз бара жатқан Волгоградтан алпыс шақырым ірде Алтын Орданың астанасы Сарай-Беркенің жұрты жатты.



Мұндағы халықтың орыстан кейінгі саны басымы – қазақтар. 26,3 пайыз. Жол бойындағы елді мекен атаулары қазақтан орысшаланғаны көрініп тұр. Аксарайский, Ясын-сокан, Ахтубинск деген сияқты. Содан болар, біз өзімізді Қазақстанның орыстанған өңірінде жүргендей сезіндік.

«У Россий две беды: дураки и дороги» дейді. Ақымақтарын қайдам, бірақ, жол мәселесі мұнда шешілгендей. Қараөзектен әрі асқаннан Ростов облысына дейінгі аралықта тақтайдай тегіс жол керіліп жатты. Бұл жағынан келгенде теріскейдегі көршілеріміз бізден артып түскендей.

Бір байқағаным, Ресейде бензин қымбат екен. «Лукойлдың» жанармай бекеттеріндегі АИ 92 маркалы бензиннің құны 44,47 рубльді көрсетті. Бұл біздікіне шаққанда, шамамен, 267 теңге. Бізде АИ 92 «Қазмұнайгаздың» бекеттерінде 149 теңге тұрады. «Мұнайға бай, зауыты көп Ресейден біздің жағдай тәуірлеу екен-ау» деген ой келді сонда.

Жолда екі жанармай бекетіне аялдағаннан кейін Батыр қала Волгоград – Еділшаһардың жарығы көрінді. Волга Еділ екені белгілі. Ал, «град» орыс тілінде «город» сөзінің поэтикалық тұрғыда түрленген түрі. Город – шаһар. Яғни, біздіңше, Еділшаһар. Осы Еділшаһардың қақ ортасында бізді әйгілі «Волгоград» қонақүйі күтіп тұрды...

### Бағжан ана тоқтаған «Волгоград»

«Волгоград» Құрбан болған күрескерлер алаңында орналасқан. Тарихи нысан. Біздегі «Қарағанды» қаланың бас қонақүйі болса, «Волгоградтың» да мәртебесі жоғары екен мұнда.

Алғаш іргетасын 1890 жылы көпес Василий Воронин қалаған. Ол кездегі атауы – «Астаналық номерлер». Орысша нысы – «Столичные номера». 75 орындық ғимарат үш қабатты болған. 1918 жылы маусымда мұнда Сталин мен Орджоникидзе тұрыпты.



Сталинград шайқасында ғимарат толық қираған. Кейін, 1954-1956 жылдары сәулетші Куровскийдің басшылығымен сұрынғы іргетас үстінде бес қабатты қонақүй тұрғызылады. «Сталинград» атауы беріледі. Ал, 1961 жылдан бастап қала атауымен бірге қонақүй де «Волгоград» атала бастайды. Қонақүй алдында князь Александр Невскийдің ескерткіші тұр. Әріректе княздің есімін иеленген собор тұр. Алаң талай тарихи тартыстың, сындарлы сәтті куәсі болғаны сөзсіз.

Бір айтары, сонау 1965 жылы Нұркеннің басына барып келіпқан Бағжан ана да осы «Волгоградқа» тоқтаған екен. Сол жолы Бағжан анамызға немерелері – Әукен мен Әлия, қирағандылық қаламгер Г. Якимов ере барған еді. Дондағы Ростовта облыс басшысы С. Соломенцев, казак Ф. Невмудрикин қарсы алады. Кейінірек «Тынық Донның» авторы Михаил Шолохов Венценск станицасында Бағжан анамызды қонақ қылып күтеді. Міне, арада 54 жыл өткенде Әбдіровтер әулетінің табаны Еділ бойына тиіп тұр...





## БІЗ КӨРГЕН БОКОВСКАЯ

*Еділ бойы – ежелден мемлекеттер мүдделері тоғысқан жер. Еуропа мен Азияның түйіскен тұсы. Ерте дәуірде қос құрлықты жалғаған керуен жолына қызыққан көсемдер осы өңір үшін тартысып өтті. Суы мол, шөбі шүйгін өңірге кім қызықпасын?! Алтын Орда дәуірінде арналы өзенде су жолы саудасы өркендеді. Ал, Алтын Орданың шаңырағы шайқалып, бірнеше хандыққа бөлінген тұста орыс княздері де Еділге еміне қарады. Сөйтіп, осыдан бес-алты ғасыр бұрын Еділ бойының орыс қолына өту процесі басталды. Бүгінде құмбезі күнмен шағылысқан Самара, Саратов, Тверь, Тольятти, Ярославль, Нижний Новгород, Кострома қалалары, татардың Қазаны осы Еділдің бойында орын тепкен.*

### Мамай қорғаны – ерлік мекені

**Е**діл – Еуропадағы ең ұзын өзен. 3530 шақырым. Көзі – Днепр бастау алатын Валдай қыратында. Ұлы Отан соғысы жылдарында неміс басқыншылары жеңістің кілті осы Еділде жасырынғанын жақсы білді. Еділді алса, мұнайлы Каспий, Кавказ – қолсозым жер. Бұл өлке армияны керек-жарақпен қажетінше жабдықтай алар еді. Сондықтан, Сталин де қорғанысқа барын салды.

Қанды Сталинград шайқасы 1942 жылы шілдеде басталып, 1943 жылдың ақпанында аяқталды. Өртүрлі дерек көздері миллионнан астам адам қаза тапты деген мәлімет беруде. Қаланың әр бұрышы сол сұрапыл майданнан сыр шертеді. Ерлікпен қаза тапқан жауынгерлер зираттарының қи



расы қалың. «Волгоград – қабірлер қаласы» деген ой еріксіз санаңа оралады екен. Жас ғұмырлар жасындай ағып түскен қасиетті мекен.

Шаһардағы басты нысан – Мамай қорғаны. Тарихшылардың айтуынша, Еділ бойын алақанға салатын қыратта Алтын Орда дәуірінде қарауыл нүктесі орналасыпты. «Түменбасы Мамайдың бұйрығымен тұрғызылған» деген болжам бар. Сондай-ақ, «Мамайдың өзі де осында жерленуі мүмкін» дейді әфсана.

Аңыздың жетегімен археологтар бірнеше қазба жұмыстарын да жүргізді. Дегенмен, Мамайдың қабірі, әзірге, табылған жоқ. Есесіне, қазір қорғанның өзінде қаланы қорғаған 35 мыңға жуық жауынгердің денесі жатыр.

Сталинград шайқасы, зұлмат қырғын Мамай қорғанындағы ескерткіштер ансамбліңде көрініс тапқан. Басты нысан – «Отан ана» монументі. Семсерін көкке соза ұстаған ойса мүсіні. Биіктігі – 85 метр. Қарағандыдағы Тутұғырдың 6 метрге, елордадағы «Бәйтеректен» 12 метр ғана аласа. Өйтсе де, жотаның үстінде тұрғандықтан болар, еңселі көрінеді. Қаланың кез келген бұрышынан менмұңдалап тұрады.

Ескерткішті тұрғызу технологиясы таңдай қақтырады. Құрылыс жетекшілерінің бірі – Мәскеудегі «Останкино» мұнарасының авторы Никитин.

Монумент 5,5 мың тонна бетон мен 2,4 мың тонна темірмен тұрғызылған. Уақыт өте жарық пайда болмауы үшін бетонды ыстық күйінде аяғынан – қолының ұшына дейін үдіксіз құйып шыққан. Бетон қалыңдығы – 25-30 сантиметр.

Ескерткіш биіктігі екі метрлік тақтаның үстінде тұр. Шахмат фигурасы сынды бос, бірде-бір шегемен бекітілмеген.

Семсердің ұзындығы – 30 метр. 14 тонна фторланған боғаннан құйылған. Жел қарқынын азайту үшін семсердің шалқан тесіктер ойылған.

Ескерткіш 1967 жылы 15 қазанда ашылыпты. Ашылу рәсіміне КОКП ОК Бас хатшысы Л. Брежнев, Кеңес



Одағының маршалдары А. Еременко мен В. Чуйков қатысқан екен.

«Отан ана» 2008 жылы «Ресейдің жеті ғажайыбының» қатарына енді. Ал, 2014 жылдан бері ЮНЕСКО-ның әлемдік мәдени мұралар тізіміне ену үміткерлігінде тұр.

Қорған етегінен ұшар басына дейін 200 баспалдақ апарады. Бұл – Сталинград шайқасы созылған күн саны. Осы баспалдақ бойында 34505 сарбаздың денесі жатыр. «Жауынгерлік даңқ залында» барлық солдаттардың есімі қабырғаға жазылған.

Баспалдақ арқылы жүріп отырып, «Қиранды қабырғаларды», «Батырлар алаңын», «Қайғы алаңын», тағы басқа ансамбль нысандарын көруге болады.

Сталинград шайқасына қатысқан Кеңес Одағы Батырларының гранит тақталары баспалдақты жағалай орналасқан. Нұркен Әбдіровке қойылған белгі сол тақталар көшін бастап тұр екен. Батыр тақтасына барып, гүл шоғын қойып, тізе бүктік.

## Батырдың мәңгілік мекені

Еділшаһардан сейсенбі күні түске таман қозғалдық. Бағытымыз – Ростов облысы Боковская станицасы. Діттеген жерімізге жетуге 275 шақырым қалды. Арқа жұртының аманатын арқалап шыққан біз Батырдың мәңгілік мекеніне жетуге асықпыз...

Тағы сол тақтайдай тегіс асфальт жетелеп келеді. Темір тұлпарларымыз жол апшысын қуыра алға ұмтылады.

Жергілікті жұрттың ауыл шаруашылығын мықтап қолға алғаны көрініп тұр. Түгін тартса, майы шығатын топырақтың әр метрін есеппен пайдаланып отырғандай. Жолдың екі жағы жайқалған астық, жапырағы көгерген көкөніс. Әр тұстан диқандар құрған қостар қарауытады. Шаруашылық техникалары да алқаптарға шығып үлгеріпті. Ерте



рек пісетін дақылдарды жинап жүр. Не керек, «біздерден қалған Еділ жұрт қайырлы болған» түрі бар.

Еділден шыққан топ түс ауа Донды кесіп өттік. Шолоховтың «Тынық Доны». Өзеннің қос жағалауында казактар станциялары жайғасқан. Еуропаның арналы өзендерінің бірі миллиондаған халықты асырап отыр.

Станица әкімшілігін табу қиын болған жоқ. Елді мекен басысы Максим Обнизов құшағын жая қарсы алды. Үш мың шақырымнан арнайы келген бізден ат-көлік амандағын сұрап жатыр.

Боковский ауданында 15 мыңнан астам адам тұрады. Ал, аудан орталығы Боковскаяда сол халықтың жартысы мекен етеді. Басты күнкөрісі – ауыл шаруашылығы. Сонау патша заманында Донға қоныс аударған казактардың ұрнағы бүгінде егіншілікті мықтап меңгеріпті.

Шамалы әңгімеден кейін Максим Михайлович бізді Нүркен жатқан Коньков хуторына қарай бастап жүрді. Аудан орталығынан жарты шақырым жерде жатқан шағын ғана ауыл екен. Ауылдың бір шетінде «Бауырластар зираты» орнатылған.

Ауылды айналып, төбені аса бергенде қарсы төбе етегінен қорым қарая көрінді. Арқаның ақиық қыраны құлаған нүктесі. Атағы дүниеге жайылған Батырды қара жер құшағына алып, тым-тырыс жатыр.

Максим Михайлович айтқандай, бүгінде қорым басында жолдеу жұмыстары жүргізілуде. Арнайы қойылған тақтаны реставрацияға жіберіпті. Алдағы аптада бұрынғы орнына қайта орнатылмақ.

Батырдың зиратын біраз іздеуге тура келді. Себебі, Нүркеннің аты-жөні ешбір тақтаға жазылмапты. Қарағандылық Оукен Әбдіровпен телефонмен байланысқанда «қорым басына жақын, төбесінде жұлдызшасы бар зират» деп еді. Сол нұсқаумен қорым белгісінің іргесіндегі атаусыз қоршауды «Нүркеннің жатқан жері болар» деп шамаладық. Үшкір басында жұлдызшасы бар темір сүйір үшбұрыш қоршапты. Максим Обнизов та «Нүркеннің моласы осы болса



керек» деген пікір қосты. Зираттың тақтасы қолды болған сыңайлы. Маңайын шарлап, таппадық. Елді мекен басшысы алдағы уақытта хутор тұрғындарымен сөйлесіп, анықтауға уәде берді.

Сағадат ағам Батырдың зиратына Бағжан анамыздың қабірінен алынған бір уыс топырақты салды. Бұл жерден алынған бір уыс топырақ анамыздың зиратына жеткізілмек.

Боковская жұрты қазақ батырын ерекше қадір тұтатыны көрініп тұр. Станица іргесіндегі «Даңқ» мемориалында елді мекенге қатысы бар Кеңес Одағы Батырларының мүсіндері қойылыпты. Тимофей Позолотин, Александр Соловьев, Николай Сергеев, Борис Терентьев, Яков Теличенкодан кейін біздің Нұркен қасқайып тұр. Мемориал жергілікті жұрттың сүйікті орнына айналған. Бүгінде барлық іс-шаралар осы жерде өтеді екен.

Біз Еділшаһарға бет алғанда жол бойындағы бағанның үстінен көтеріле берген дала бүркітін көзім шалды. «Бәлкім, бұл Нұркен рухы болар» деген ой келді маған. «Енді қашан келеріміз тек Аллаға ғана аян. Өзің жырақта жатқаныңмен, абырой-қыраның қазақ көгінде мәңгі қалықтары анық», – дедім ішімнен...

**Қарағанды – Нұр-Сұлтан – Атырау –  
Волгоград – Боковская – Волгоград –  
Атырау – Нұр-Сұлтан – Қарағанды**



Нүркеннің әкесі – Өбдір



Нүркеннің анасы – Бағжан



Сәрсен Әбдіров. Нұркеннің ағасы (1909 ж.)



Садырбек Әбдіров. Нұркеннің ағасы (1917 ж.)



Нүркен Әбдіров (1919 ж.)



Нүркен Әбдіров – ұшқыш (1941 ж.)





Қарағанды аэроклубының түлектері (1938 ж.)



Нүркен – Қарағанды аэроклубының түлегі



Комиссаров А.  
Атқыш-радист



Нұсқаушы  
Дмитрий Милаш



Поскотанов В.  
Нұркеннің майдандас досы.  
Сталинград қ.



Руднев Г.  
Нұркеннің  
ұшқыш досы



Н. Әбдіровтің анасы Бағжан Жайкенова  
жазушы М. Шолоховта қонақта



М. Шолоховта қонақта. Солдан оңға қарай:  
Бағжан ана, Әбубәкір Әбдіров, М. Шолохов



Н. Әбдіров туралы «Өшпес ерлік» атты кітап авторы,  
жазушы Г. Якимов



«Өшпес ерлік» кітабын талқылау. 1968 ж. Солдан оңға қарай:  
Н. Әбдіров атындағы кеңшар директоры, белгілі қоғам қайраткері  
М. Әдекенұлы, жазушы Г. Якимов, Т. Іргебаев, Ө. Нұрмағамбетов



Бағжан ана және ресейлік оқушылар  
Н. Әбдіров ескерткіші қасында (Нұркен ауылы)




Әбубәкір Сәрсенұлы Әбдіровтің отбасы

## НҮРКЕННІҢ ҚЫРАНДАРЫ


Сөзі Серік Ақсұтқарұлы

Әні Ежап Әміров



Көк-пе - нен жер-де жа - ра - сым тап - кан,

3



ба - рі - міз күс - пыз ка - на - тын қак - кан.

5



Қи - я - ға кет - кен қы - ра - ның Нүр - кен.

7



мен да - ғы ұ - шып шы - ға - мын ер - тен.

9




Е - рек - ше ма - ған, да - ра - сын - ә - рі.

11




кө - гіл - дір тау - лар а - ра - сын - да - ғы -

13



Ін - жу - ім сен - сің, о - ты - да - ө - зің,

15



кө - зім - нің а - ғы - ка - ра - сын - да - ғы

## НҮРКЕННИҢ ҚЫРАҢДАРЫ

*Сөзі: С. Ақсұңқарұлынікі*

*Әні: Е. Әміровтікі*

Көк пенен жерде жарасым тапқан,  
Бәріміз құспыз қанатын қаққан.  
Қияға кеткен қыраның Нұркен,  
Мен дағы ұшып шығамын ертең.

### **Қайырмасы:**


*Ерекше маған, дарасың әрі,  
Көгілдір таулар арасындағы –  
Инжуім сенсің, оты да – өзің,  
Көзімнің ағы-қарасы дағы.*

Аяулы маған алақан едің,  
Өзіңнен ұшқан балапан едім.  
Құшағын ашып, шарықтап ғалам,  
Көгінде елдің қалықтап барам.

Өлеңімді айтып, өренімді айтып,  
Өзіңе талай келемін қайтып:  
Атырау – Арқа – Алатауыңнан,  
Алтайың менен Қаратауыңнан.



Волгоград қаласындағы Мамай қорғаны. Н. Әбдіровке қойылған белгі тақта. Суретте: Сағадат Дүйсебеков, Бахтияр Әбдіров



Ростов облысы Баковская станицасы. Станица іргесіндегі Дауқ мемориалында Н. Әбдіровтің мүсіні қойылған. Солдан оңға қарай: С. Шагиrow, С. Дүйсебеков, М. Обнизов, Д. Әбдіров және Б. Әбдіров



## ОШНЕС ЕРЛІККЕ – МӘҢГІ ТАҒЗЫМ

*Нұркен ӘБДІРОВ майдан даласында ерлікпен қаза тапқаннан кейін оның есімі аңызға айналып, жарқын бейнесі туған халқының жүрегінен мәңгілік орын алды. КСРО билігі де батырдың отбасына қамқорлық танытып, ата-анасына лайықты құрмет көрсете білді.*

*Сонымен қатар, қазақ қыранының есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында қолға алынған шаралар тізбегінде шек болған жоқ. Батырдың туған жері Қарағандыда да бұл мақсаттағы шаралар қызу қолдау тауып, сәт сайын Нұркен есімі туған халқымен қайта қауышып жатты. Бұл – батырдың мәңгілік өмірінің бастауы еді.*

*Назарларыңызға ұсынылып отырған ресми құжатта батыр есімін мәңгі есте қалдыру шаралары көрсетілген.*

**ҚК(б)П обкомы мен Қарағанды облыстық  
советі атқару комитеті**

### ҚАУЛЫ

**Н**еміс оккупанттарына қарсы күресте ерлікпен қаза тапқан, Советтер Союзының Геройы, сержант пилот-штурманисс Әбдіров Нұркенді мәңгі есте қалдыру туралы

*Неміс оккупанттарына қарсы күресте ерлікпен қаза тапқан Советтер Союзының Геройы, Қарағанды еңбекшілерінің жерлесі Әбдіров Нұркенді мәңгі есте қалдыру мақсатымен ҚК(б)П Қарағанды обкомы мен облыстық совет атқару комитеті қаулы алды:*



Қарағанды қаласындағы Киров ауданының Қызылтулы №25 орта мектебі Әбдіровтің атымен аталатын болды.

«Сталинуголь» тресінің №1 шахтасы Советтер Союзының Геройы Әбдіров Нұркен атындағы шахта деп аталатын болды.

Жаңақаладағы Қарағанды көшесі Әбдіров Нұркен атындағы көше болып аталатын болды.

Қарағанды қаласында Советтер Союзының Геройы Әбдіров Нұркенге ескерткіш салу туралы, осы жылғы июнның біріне дейін ескерткіштің құрылысы жөніндегі ұсынысты облсоветтің бекітуіне тапсыру Қарағанды қалалық советі атқару комитетінің председателі Костенко жолдасқа тапсырылды.

Советтер Союзының Геройы Әбдіров Нұркеннің ата-анасына: Әбдір Жәйкеновке облыстық бюджеттен 13000 сом мөлшерінде бір жолғы көмек берілетін болды.

Советтер Союзының Геройы Нұркеннің әкесі Әбдір Жәйкенов пен анасы Бағжан Жәйкеноваға өмірлік пенсия белгіленуі Қазақ ССР Совнаркомынан сұралды.

ҚК(б)П қалалық комитеттері мен аудандық комитеттерінде барлық шахталарда, кәсіпорындарында, мекемелерде, оқу орындарында, колхоздар мен совхоздарда Советтер Союзының Геройы Әбдіров Нұркеннің өмірі мен жауынгерлік ерліктері туралы әңгімелер, баяндамалар, лекциялар өткізу тапсырылды. Советтер Союзының Геройы Әбдіров Нұркеннің өмірі мен жауынгерлік ерліктері туралы мақалалар, әңгімелер, очерктер, өлеңдер жинағы бастырылып шығарылатын болды.



*Партия ағарту үйі мен облыстық музейде Советтер Союзының Геройы Обдіров Нұркеннің өмірі мен жауынгерлік ерліктеріне арналған көрме қйымдастырылады.*





## Жыр арқауы – жасампаз ерлік

Қайып АЙНАБЕКОВ

### АРДАҚТЫ ҰЛЫМ

Тұтқиыл бір дауылдан,  
Түршігерлік болды жан.  
Жаудың оғы жарқылдап,  
Төтенше түтеп бораған.  
Қара түнек қаптады,  
Түтіні қою шамадан.  
Араласып андыздап,  
Қатар тізбек шұбаған.  
Адамзатқа тегі жау,  
Айуан тектес ылғи аң.  
Аю, қасқыр, жолбарыс,  
Қалғаны жоқ жыртқыштан.  
Санауы қиын саны көп,  
Шатасар тіл санаған.  
Қорқып құты қашқандай,  
Қарсы алдынан қараған.  
Осындай жаудың алдынан  
Қарсы барар қандай жан?  
Біздің қыран қырағы,  
Қиырды болжап қараған.  
Көрінгенді көзіне,  
Бәрін шабыт санаған.  
Құйрық, қанат шалғысын  
Қияғымен тараған.



Үшқан түлеп тастүлек,  
Қиядағы ұядан.  
Тайсалмайтын ержүрек,  
Ұмтылды жауға жас қыран.  
Шүйіліп көктен түйіліп,  
Салды аспаннан жауға ойран.  
Тисе тұяқ, қияғы,  
Жау желкесі қиылған.  
Қырғын тауып қыраннан,  
Сел боп ақты қызыл қан.  
Шырқап көкке шарықтап,  
Шығыш алып қайтадан,  
Түсер жерін анықтап,  
Жайдай жауға құйылған.  
Шүйігін келін түйеді,  
Жиын жерін жиылған.  
Сыпырып өтсе жау қолын,  
Селдіреп тобы сұйылған.  
Алдымда өлім бар демей,  
Есіл қайран қаһарман,  
Жүргенінде жорық сап,  
Иттерді қырып қамаған.  
Қанат, құйрық қажалып,  
Шұбарланды жарадан.  
Отан борышын атқарып,  
Ойына жетіп қалаған,  
Жапырып жаудың ортасын,  
Құрбан болды жас Нұркен,  
Халқы үшін алтын таң.  
Атақты атың жоғалмас  
Алтынмен жазған тарихтан.  
Өлген жоқсың, өлмейсің,  
Алғыс алдың халықтан!



Көшен ЕЛЕУОВ

## АҒАҢ КӨШЕН БАС ИЕДІ

Кезеңінде керіс бір заман,  
Өрлеген айдай ағараң.  
Түсті көпке көлеңкең,  
Саялады санадан.  
Саулығыңа қуанды  
Қауым – халқың, сахараң.  
Ерлігіңе ел сүйсінді,  
Жау алғанда жағадан.  
Бейкүнә бейбіт еліңді  
Тартып, тонап, талаған.  
Талқандадың немісті,  
Қабаған итей қамаған.  
Найзаң тиді, таймады  
Нысанаға қадаған.  
Қайратыңа ғажайып,  
Қимылыңа қараған.  
Қаһарманы дегіздің,  
Қобыланды ма Қараман.  
Әруағын тербеттің  
Ұлы қазақ ата-анаң.  
Орындадың арыңмен  
Ел тілегін қалаған.  
Нұркен жаным, балапан,  
Халықтың ұлы бағылан.  
Герой болдың – қасиет,  
Бабаң қазақ асыл ед.  
Қаһармандық күшіңе  
Ағаң Көшен бас иеді!



Кәртай ЕРМЕКБАЕВ

## СЕРТ

*(Советтер Союзының Геройы  
Әбдіров Нұркен жолдастың  
ағасы Сәрсеннің айтуы бойынша)*

Нұркенжан, бірге туған бауырласым,  
Келіп ед жиырма екіге биыл жасың.  
Мініп ап желден жүйрік самолетті,  
Тобына зұлым жаудың араластың.

Жетіліп техниканың тетігіне,  
Самғадың қыран құстай ұшып көкке.  
Құмырсқа илеуіндей қалың жаудың  
Бомбамен ұшырушы едің күлін көкке.

Майданда ерлігіңді біздер естіп,  
Қалушы ек көтеріліп, бір серпіліп.  
Мен дағы қайратыңмен рухтанып,  
Көмірді өндіруші едім үш есе етіп.

Бағалап Ұлы Отаның ерлігіңді,  
Советтің Геройы деп атақ берді.  
Жеткенде бұл қуаныш біздің жерге,  
Біз емес, қуандырды барлық елді.

Өлді деп сені естідім, жаным Нұркен,  
Хабар еді еш уақытта ел күтпеген.  
Бірақ мен жасымаймын бұл өлімге,  
Батырсың, міндетіңді ақтап кеткен.



«Жап пида Отан үшін!» деген ұран  
Жалынды жүрегіңнен орын алған.  
Ұмытпас ерлігіңді елің сенің,  
Жасайсың бізбен бірге мәңгі, қалқам.

Серт етем есіміңмен, жан бауырым,  
Коксты өндіремін таппай тыным.  
Өзірмін шақырса егер зор майданға,  
Кекті қылыш қолымда қайрап жүрмін.



## Екінші бөлім



# ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ



Кітаптың бұл бөліміне Қарқаралы ауданына қарасты Нүркен атындағы ауылдан шыққан танымал тұлғалар жайлы жазбалар жүк болған. Ақжан әл-Машани, Бақия Атшабаров, Шолпан Жандарбекова бастаған ұлтымыздың ұлы есімдерінен бастап, күні бүгінге дейін ел арасында асқақ абырой иеленіп, Батыр есіміне кір келтірмеуді мақсат тұтқан ел жақсылары жайлы тұшымды жазылған дүниелерді осы бөлімнен оқисыздар.

Ұрпақ сабақтастығы деген ұғымның шеңберінде өз жақсыларымызды ардақтап, олардың өнегесін жас буынға сіңіруде бұл жазбалардың маңызы орасан болмақ.



Әшірбек КӨПШЕВ

## ӘЛ-МАШАНИ ӘЛЕМІ

**А**қжан Жақсыбекұлы Машанов – геолог ғалым, тау-кен инженері, геология-минерология ғылымдарының докторы, профессор (1968), ҚР ҒА-ның алғашқы құрылтайшыларының бірі және академияның корреспондент-мүшесі (1946), Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (1966). Қазақстанда геомеханикалық негізін салушы, мектебін құрушы, жазушы. Қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Нұркен ауылында дүниеге келген. Қазақ тау-кен металлургия институтын (қазіргі ҚазҰТУ) бітірген (1939). КСРО ҒА-ның Қазақстан бөлімшесінде (1939-43), Геология ғылымдары институтында (1943-46), Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында (қазіргі ҚазҰПУ, 1974-50), Қазақ политехникалық институтында (қазіргі ҚазҰТУ, 1950-88) жұмыс істеп, ғылыми-зерттеу және педагогикалық жұмыстармен айналысты. Негізгі ғылыми бағыты геомеханикалық құрылымы – кристалдық заңдылықтарды зерттеумен арналған. Ол геометрия, оптика, механика, химия, геохимия, кристалдық химия, география, геология, технология тәрізді пәндердің сабақтастығын анықтау кезінде біртұтас геомеханика заңдылығын ашып, қағидасын тұжырымдады. Сөйтіп, өз алдына дербес ғылым саласының ортақ өзегін табу барысында Эйлер теориясын жаңғыртатын жаңалық жасады. Ол тау-кен өндірісінде геомеханика заңдарын іс жүзінде қолдана отырып, бір-біріне қарама-қарсы екі мәселені шешуді мақсат етті: 1) тау жыныстарының кернеулі-деформациялық күйінің теориялық негізін анықтау; 2) тау-



кен жұмыстары кезінде күрделі кен қазбаларының, жер бетінің орнықтылығын, жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын жасау. Осы мәселелерді біріктіре шешу – тау жыныстарының жер қойнауындағы жай-күйін, құрылымдылық ерекшеліктерін және біріктілік қасиеттерін зерттеуге негізделген.

Жер астында кеннің геологиялық құрылымын анықтау үшін алғаш рет жер қойнауының геометриясы әдісін қолдана отырып, Ақбастау-Құсмұрын кен өрісін ашқан. Қазақстанда геомеханика мектебін құруға және соғыс жылдарында П.Р. Рыжовпен бірге Лениногор, Зырян, Торғай, Жезқазған, Қаратау кен орындарын ашуға қатысты.

Машанов геология, тау-кен ісі, маркшейдерия ғылымдарының мемлекеттік тілде дамуына ерекше көңіл бөліп, қазақ тілінде оқулықтар мен сөздіктер шығарады. Жиратылыстану ғылымдарындағы ұлттық құндылықтарды сабақтастыра отырып, гуманитарлық мазмұн-сипатта думытуда көп іс атқарды. Сонымен қатар, қазақ әдебиетінің ғылыми-көпшілік, фантастикалық жанрларына да үлес қосты. Оның «Жер астына саяхат» атты кітабы көптеген оқырмандардың геолог, тау-кен мамандықтарына деген қызығушылығын оятты. 1969 жылы Дамаскідегі (Сирия) Баб ас-сағир қорымынан Әбу Наср әл-Фарабидің қабірін тауып, құлпытас орнатуға атсалысқан. Ол өзінің «Әл-Фараби және Абай» атты кітабында: «Қабір басында көз жасымды тыя алмадым, қабіріне бас иіп тұрып, бір шөкім топырағын орамалымның шетіне түйіп алдым, Құранның өзім білетін сүрелерінің бірін аяғытып қоя бердім», – деп жазды. Ғылым әл-Фараби бабамыздың басында тұрып мынадай өлең шығарған екен:

*Түркістан, Шам арасын  
Жақындатқан бабамыз,  
Басыңа келді црпағың,  
Ақылды, дария данамыз.  
Араб, парсы, түрікте*



*Сізді білмес жан бар ма?  
Басқалар да таниды  
Тарихқа көзін салғанда.  
Зиярат етіп басыңа,  
Елден іздеп келген ем.  
Тәбәрік етіп бір уыс  
Топырақ алдым мен сенен.  
Мағауия мешіті,  
Сан бастан кешірген.  
Қасыңда әлі тұр екен,  
Дар ас-Салам ол мекен.  
Торқалы мекен тоғысқан  
Тоқсан тарау жол екен.  
Сізге де мекен болыпты  
Ел басын қосқан сол мекен.*

*(23 қыркүйек 1968 ж. Дамаск.  
«Әл-Фараби және Абай» кітабынан, 40-бет).*

Машанов әл-Фараби мұрасын ислам дінімен және қазақ халқының ұлттық дүниетанымымен сабақтастыра зерттеу нәтижесінде фарабитанудың негізін салушылардың бірі ретінде де кеңінен танылды. Тарихи романында оның көрнек бейнесін сомдады, ал, «Әл-Фараби және Абай» еңбегінде екі ғұлама арасындағы ғылыми және рухани байланыстар мәселесін зерделеді.

Соның нәтижесінде әл-Фараби сынды ұлы ғұламаның рухы, есімі өз Отаны қазақтың қара топырағына қайта оралды. Ғалым жер жүзі елдерінің кітапханаларында шашырап жатқан әл-Фараби еңбектерін жинап, бастырды.

А. Машанов – ғылыми-техникалық білімді көпшілікке кеңінен насихаттаушы. Онын қаламынан туған «Жауартау», «Жер сілкінісі», «Таулар қалай құрылды», «Жер сыр», «Ғажайып ошақ басында», «Табу» сияқты кітаптары көпшіліктің ықыласына бөленді.

Ол – ғылымның сыр сандығын біртіндеп ашып, інжу-марғанды талғаммен терген жан. Ғалым «Кісіліктің өлшемі –



жалпыға ортақ күйзеліс-тін. Медициналық ғылымның көптеген бағыттарына өмір берген, отандық және әлемдік ғылымға үлес қосқан институт 1996 жылы кәсіптік патология және еңбек гигиенасы институтына айналып, одан кейін нарық қыспағына шыдамай, басқа институт аясына енуі өзекті шалған өкініш болатын. Сол кезеңде әлем бойынша ғылымға жалпы ішкі өнімнің 3 пайызы жұмсалатынына қарамастан, бізде ол көрсеткіш 0,1 пайыз ғана болған еді.

Институт қойнауында туындаған бағыттарды атап шығудың өзі қиын: лептоспироздың, бруцеллездің эпидемиологиясы мен клиникасы, аллергология мен иммунология, ондіріс пен ауыл шаруашылығындағы еңбек гигиенасы және кәсіптік патология, эндемиялық зобтың, шипажайтану мен тағам гигиенасының, туберкулез эпидемиологиясының, әлеуметтік гигиенаның, денсаулық сақтауды ұйымдастырудың мәселелері және т.б. Бұлардың көпшілігі – Бахия Атшабарұлының жеке ынтасымен көтеріліп дамыған салалар. Бір ғана ғылымдық тұжырымдамасын – қорғасынның салдарынан уыттануды жою жолдарын қарастырсақ, бұл орайдағы денсаулық сақтау тәжірибесіне енгізген тиімді шаралардың халық денсаулығына тигізген әсері зор және ғылымға кеткен бар шығынды өтеп қана қоймай, кез келген ғалым үшін мақтан болары сөзсіз. Мұндай еңбектерінің саны мол еді.

Жоғарыда келтірген бағыттардың бірқатары оның батысымен өз алдына мекеме, институт, ғылыми орталықтар болып ашылды. Мысалы, әлеуметтік гигиена мен денсаулық сақтауды ұйымдастыру бөлімі денсаулық сақтау экономикасының ғылыми орталығына, аллергология мен иммунология бөлімі академик Беклемишев басқарған, денсаулық сақтау мен медициналық ғылымға көптеген әйгілі есімдерді әкелген жеке-дара орталыққа айналды. Оның институтының қабырғасында әлемде бірінші болып Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен бірлесіп алғашқы медициналық-санитарлық көмек бойынша жұмыс істеген орталық ашылды, тағам гигиенасы бөлімінің Мәскеу тағамтану ин-



титутының бөлімшесіне айналып, кейіннен Тәжікстанда, Түрікменстанда, Қырғызстанда бөлімшелері бар ірі Орта-лық Азия тағамтану институты болып құрылуы да Бахия Атшабарұлының арқасында мүмкін болды.

Бахия Атшабарұлының ғылыми көрегендігін ол көтерген мәселелердің, арада көптеген жылдар өткенімен, бүгінгі күнде өзектілігін жоғалтпауы дәлелдейді. Атап айтсақ, йод тиімшілігі жағдайын аудандарға бөліп қарастыру, туберкулездің эпидемиологиясы, кәсіптік патологияның көптеген бағыттары.

Майдандағы ерлігі мен бейбіт өмірдегі майталмандығы үшін жиырма шақты марапатқа ие болды, оның ішінде ішінде қос жауынгерлік «Қызыл Жұлдыз», екінші дәрежелі «Отан соғысы», Еңбек Қызыл Ту және «Октябрь революциясы» ордендері жарқырады.

Бахия Атшабарұлы туралы сөз қозғағанда оның қайсар ғылым екендігін айту қажет. Кезінде көп таралған аурулардың әлеуметтік себеп негізінің ресми болжамына келгенде Кеңес үкіметі жалтарып бақты, туберкулездің өзінің тамырын ашу билік алдында кикілжің туғызып, зерттеушіге сөкем алғызатын. Бірақ бұл Атшабаровқа тән емес, ол ащы шындықты жайып салып, айтатынын бел-беделден тіксіз-бістен айтты.

Ғылымға сіңірген еңбегі зор болды. Оның қарапайым мысалдары: жарық көрген екі жүзден астам мақалалары, он шақты монографиясы, дайындаған елуден астам ғылым кандидаттары мен докторлары.

Кезінде көп уақытқа дейін жабулы перде астында келген, өмірлік құпиялы түрде сақталған жайт туралы арнайы айтқым келеді. Себебі, оның бұл қызметі ерлікпен тең еді. 1957-1960 жылдары Бахия Атшабарұлының жеке басшылық етуімен Семей өңірінде ядролық қару-жарақ сынағының халық денсаулығына тигізетін әсерін анықтауға арналған кең ауқымды экспедициялық зерттеулер ұйымдастырылған еді. Зерттеулер қорытындысының 13 томдық талдауы мен деректері



әлі күнге дейін аса құнды, бүкіл әлем үшін маңызы ерекше. Алғаш осы оңірде табылған, Атшабаров «Қайнар синдромы» деп айдар таққан дерт әлемдік медициналық әдебиетке аурудың жаңа түрі ретінде енді.

Ол терең бойлап, ой сарасына ұзақ салып барып қабылдайтын шешімдерінің орындалуына мұқият қарайтын. Семей полигонының салдарын зерттеу қорытындыларын одақтық комиссия талқылаған кезде орын алған көрініс Атшабаровтың сипатын толық ашады. Басқа әріптестері одақтық басшылықтың тегеурініне шыдамай, бостық танытқанымен, Атшабаров өз райынан қайтпады.

Осы зерттеулер нәтижесінде алынған ақпараттар әскери-өндірістік кешен басшыларының айылын жиып, әуелі ядролық қару-жарақтарының жер беті мен биіктікте өткізілетін сынақтарын тоқтатуға әкелген-ді. Кейінірек осы зерттеулер жаңа деректер қорымен толыққан күйінде ядролық қару-жараққа қарсы қозғалысқа бағдар беріп, негізін салды. Бұл соңынан Қазақстан Президентінің Семей полигонын жабуына апарған жол еді.

«Невада-Семей» қозғалысының белсенділері мен ұйымдастырушыларының ат-атағы алысқа жайылды. Ал, осы жалпыхалықтық іс-шараның нәтижесіне келгенде, үлкен ғалымның есімі қалтарыста қалды. Есесіне, қай маманнан сұрасақ та, Бахия Атшабарұлы жайлы ойы бір жерден шығады: ол ғылыми дарындылықтың барлық көрсеткіштері мен өлшемдері бойынша, парасат пен азаматтық тұрғыда медицина ғылымының ғана емес, бүкіл қоғамның белді тұлғасы болды.

Өзінің осы биік деңгейін ол әрдайым дәлелдеумен келді. Мысалға, бассүйекішілік қысым туралы соңғы тұжырымдамасы Сәтбаев атындағы сыйлықпен марапатталды.

Достоевскийдің: «Біздің орыс адамы кең келеді, мен болсам тарылтар едім» деген сөзінің бізге де қатысы бар. Жаһандық мәселелер жайын жыр етіп, ұлттық идея соңына шырақ алып түсін, әлемдік түйсіктермен ой толғап жүріп, ғылыми қызметкердің қарапайым міндетін ұмыт қалды-



рамыз, күнделікті өмірдегі заттарға назар салуды доғарып қоямыз. Атнабаров болса, негіздік медициналық мәселелерге арналған монографиялар мен мақалалар жазумен айналыса жүріп, биомедициналық зерттеулерге арналған күрделі аспаптар мен құралдарды жетілдіріп, құрастыруды ғана емес, қарашайым тұрмысқа қажеттілерін ойластыруды да естен шығармайтын.

Жанұясы жайлы бірер сөз айтсақ, Бахия Атшабарұлы мен Күлкен Мәпізқызының шаңырағының шапағаты – бір-біріне деген ерекше жылы сезім мен шексіз мейірім-қамқорлық ізсіз қалмады. Бұл отбасы қиындықтар мен табыстар арқылы шыңдала түсті.

Бахия Атшабарұлы бақытты әке және ата болды. Үлкен ұлы Айдар әке жолына бірінші болып түсіп, тамаша практикке айналды. Қызы Мәриям – медициналық университеттің адам физиологиясы кафедрасының доценті. Бақыт оба ауруына қарсы шаралармен айналысатын ірі институттың директорлығына дейін көтерілді (Қазақ ғылыми карантиндік және зооноздық инфекциялар орталығы).

Осы тамаша адамның алдында борыштар емес жан жоқ шығар. Биік адамгершілігіне ақкөңілдігі мен сенімпаздығы астасқан, сыршыл дос, мейірбан аға, құрметті ұстаз ретіндегі жарқын бейнесі әрқайсымыз үшін қымбат.

Мен үшін Бахия Атшабарұлы өмірдегі басты ұлағатты ұстазым болды. Оның қоғамдық айқын көзқарасы мен батыл ғылыми қызметі менің жалпы ғылыми-кәсіптік тағдырыма, өмірлік ұстанымдарымның қалыптасуына ықпал етті. Ол туралы әрдайым үлкен құрметпен, терең тебіреніспен және шынайы алғыс сезімімен еске аламын.

Адал да абыройлы ғалым, рухы биік, адами қасиеті мол, ерен тұлғаның есімі халқымыздың есінде сақтала беретініне сенімім зор.



**Кеңес ЖҰМАБЕКОВ,**  
**Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі,**  
**ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері**

## **ШОЛШАН ДЕСЕ – ШОЛШАН ГОЙ!**

**Қ**арқаралы! Шіркін, қасиетті Қарқаралы! Айтсаң аузың толады, қарасаң көзің тоятын Арқаның алтын тояғы! Қанша жырласаң да таусылмайтын, жаңа буын өкілдері жаңаша көзбен көріп, тамсана жырлайтын, ғасырдан ғасырға көркемдіктің символы болып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып қалатын табиғаттың адамзатқа берген өлшеусіз сыйы.

Табиғат-Ана өзінің сұлулығымен адамдарына да бір жақсылықты шексіз дарытқан. Әсіресе, өнер мен жырды көктемде гүлдеген бәйшешектей құлпыртып, қалың нәсерден соң қаптай бой көтерген көкорайдай, адамзатты таңдай қағып көз тоймас сұлулыққа кенелтетін, дарынын асқақтатып, өзімен бірге шатыққа бөлеп, мақтаныш симфониясын шалқыта жөнелгендей. Қазақ халқының рухани байлығының бір саласы, көне Грекия жеріндегі Эллиада тауының бөктерінде дүниеге келген театр өнері, бүгінгі таңда төл шығармамыздай әлемдік сахна аспанында шарықтап тұр. Сол сахна өнерінің қайнар бастауы Алматының М. Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында ұлттық сахна өнерінің мақтаныштары: КСРО Халық артистері, Мемлекеттің сыйлықтың лауреаттары Қ. Қуанышбеков, Ш. Жандарбекова, Қазақстанның Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Р. Қойшыбаева (Жылқайдырба), Қазақстанның еңбек сіңірген артистері: Х. Елебекова.



К. Сыздықова, Р. Салменовтердің есімдері театр тарихында алғашқылар болып алтын әріппен жазылып қалды. Алтауы да қасиетті Қарқаралы топырағынан.

Откен ғасырдың 60-жылдарының ортасында М. Әуезов театры жанындағы студияда оқып жүргенімде Р. Қойшыбаевтан (1963 жылы өмірден өткен) басқасының бәрін көрдім, ойындарына қанық болдым. Әсіресе, Шолпан Жандарбекова талантының жан-жақты жарқырап, кемеліне келген шағындағы сан алуан образдарын көріп қана қоймай, қалай іденгенін, творчество адамы ретінде репетиция кезінде режиссерлермен ақылдаса отырып бір ортақ пікірге келгенше, күсініп, бойына сіңіріп алмайынша сахнаға шықпайтын өрминезіне де куә болдым. Шолпан апай Алматы театр көркемсурет училищесінде оқып жүріп-ақ М. Әуезовтің «Сын сағатты» (1942 жылы) драмасында Рәш деген қыз болып ойнауымен ұлттық театр табалдырығын аттап, үлкен сахнада тоғайысы сыпырылып, өнер көгіне қанат қақты. Ұлттық сахна өнерінің алып тұлғалары Қ. Қуанышбаев, С. Қожамқұлов, К. Мірзақов, Қ. Бадыровтар алғашқы қадамынан-ақ болашақ талантты өнер иесі келгеніне қуана ақ баталарын беріп, өндері өмірден өткенше жаңа табыстарына куә болып, Шолпанмен мақтанып өтті. Әсіресе, Қ. Қуанышбаев Шолпан апай Ф. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» драмасындағы Ақтоқты ролін алғаш сомдағанда, спектакль біткен соң ерекше тебіреніспен құттықтап тұрып: «Шолпан десе – Шолпан ғой!» – деп мақтанышпен бәріне жар салуы ұлттық сахна өнеріне тамаша драматургиямен бірге Жандарбекова апайы жаңа жұлдыздың жарқырағанын білдірмей ме?! Сахнада Шәкен Аймановтай айтулы шебердің бейнелеуіндегі ақ серігер Ақан серінің сүйіктісі Ақтоқты болып, аққудың ұшпаған балапанындай нәзік, Арқаның ақ қайыңындай құрған сүйкімді, сыңғырлаған мөлдір бұлақтай таза Аруна салық аузындағы, Ұлы Дала өңіріндегі сұлулықтың символына айналған Ақтоқты дәрежесіне дейін көтеріп, бүгінгі күнге дейін эталон болып тарихта қалдырды.



Жандарбекованың Ақтоқтысы – бүгінгі жас артистер үшін биік меже. 1958 жылы Москвада өткен декада кезінде Ақтоқтыны көрген москвалықтар, әсіресе, сыншылар Шолпан апайдың Ақтоқтысын сұлулық символына теңеп, жоғары баға берген. Мен өзім 1966 жылы «Ақан сері – Ақтоқтыны» көргенде Шолпан апайдың сахнадағы жүріс-тұрысы, сойлеген сөзі айдында жүзген аққудай әсерге бөледі. Әсіресе, Жалмұханға күйеуге шықпаймын деген ішкі жан дүниесінің қопарылысын қандай шеберлікпен жеткізді. Сол заманға тән әдет-ғұрыптың шеңберіне сыймай, сүйкімді көгілдір балапанның қара қарғалардың талауына түсіп айбар шеккеніндей жанталасты көргендей қалыпқа түсесің.

Ақтоқты Шолпан апайдың визиткасы болып, 25 жылдан артық сахна төрінен түспей, көрермендердің құрметіне бөленіп, рухани ләззат сыйлады. Сол жылдар аралығында Әуезовтің «Еңлік – Кебегінде» – Еңлік, «Қара Қыпшақ Қобыландысында» – Құртқа, «Абайында» – Тоғжан, «Айман – Шолпанында» – Шолпан, Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш Баян Сұлуында» – Баян сынды қазақ Аруларының сахналық бейнелерін ерекше шабытпен сомдап, шеберліктің биік шыңдарын бағындырса да, Ақтоқты образы Жандарбекованың өзіне ғана тән, ешбір таланттың қолы жетпейтін эталон болып тарих бетінде қатталып қалды. Өйткені, Қуанышпен десек – Абай, Майқанова десек – Толғанай, Жантөрин десек – Шоқан тіркесі ауызға түскендей, Жандарбекова десек – алдымен Ақтоқты еске түседі.

Жандарбекова Шолпан апайдың ерекше өнімді, нәтижелі рольдер ойнаған шағы – 1965-1975 жылдар. Оған дейінгі ұлттық драматургиялармен қатар әлемдік драматургияларда: Шекспирден «Отеллода» – Дездемона, Н. Хихметтен «Фархат – Шырында» – Шырын, Ж.Б. Мольерден «Сирада» – Марианна, т.б. кейіпкерлерінің заманына сай образдар сомдап, сыншылардан жоғары баға алып, көрермендердің қошеметіне бөленді.

Актерлік жетістіктің бір ұшы – қатар ойнайтын өрнәтесінде. Әріптесіңмен түсіністік мықты болып, біріңе бірін



сүйеу бола білсең, образың жапданып, жарқырап шыға келеді. Ал әріптесің, Крыловтың мысалындағыдай, Шаян, Аққу, Шортандай жан-жаққа шашырай тартса, еңбегің еш болатыны сөзсіз. Шолпан апайдың талантының жарқырауына сол шақтағы актерлер құрамының мықты болып, театр репертуарының ерекшелігі де сеп болды. Сол кезде театрдың алғашқы қарлығаштарының көзі тірі, сахнаның асқақ майталмандарына айналған кезі. Олардың ізін басып, Москва, Ленинград, Ташкент қалаларынан Ы. Ноғайбаев, Н. Жантөрин, Х. Бөкеева, Алматы училищесінен Б. Римон, Ш. Жандарбековалармен толығып, табиғи талант пен теориялық білімнің қабысып, ұлттық рухани қазынаның толықсыған сәті болатын.

Шолпан апай сахнада Ш. Айманов, Н. Жантөрин, Ы. Ноғайбаевтармен әріптес болып, өнер қазанында бірге қайнап, биік парасаттылықпен, сахна өнерінің тылсым дүниесінің көгін тауып, табыстың мол қазынасына ерекше шабытпен ортақтасты. Әсіресе, Шәкен Аймановтың Ақан серісі мен Шолпан апайдың Ақтоқты, Отелло мен Дездемоналары бірінсіз бірі толыққанды болмайтын образдар еді. Екеуі катар шаппаса, біреуі сүйретіліп шабандап қалса, шығарма тұтастығынан айырылып, көркемдік дәрежесінен төмендейді. Сондықтан да, жарау аттай бір-бірінен қалыспай, сөйгүліктей жортып отырса, жаның рахаттанып, ләззат алатың.

Москвадағы жетістіктен кейін Ш. Айманов Шекспирдің 400 жылдығына ұлы драматургтің елінде «Отеллодан» қазақ сахна үзінді көрсетіп, мерейтойдың шырайын келтіріп, қазақ сахна өнерінің мерейін асқақтатып қайтты. Әсіресе, 1964 жылы Ш. Аймановпен бірге ойнаған Шекспирдің «Отеллосындағы» Дездемонасы өзінің шынайлығы, пәктігі, сөйгілдігімен Москва қаласының сыншыларының жақсы бағасына ие болды. Москва сапарында қазақтың ойлы, шеберактері Н. Жантөрин Яго образымен Одаққа аты шықты. Жантөрин мен Шолпан апай сахнада көптеген спектакльдерде бірге ойнап, бірін-бірі көздерімен-ақ түсінісетін ше-



бер актерлер болатын. «Фархад - Шырында» Нұрмұхан аға - Фархад, Шолпан апай - Шырын, «Қозы Көрпеште» бірі - Баян, бірі - Қодар, «Шоқан Уәлихановта» Нұрмұхан аға Шоқан болса, Шолпан апай сүйіктісі Айжан болып, сахна төрінің шырайын келтіріп, ерекше табыстарға ие болды.

Біз студент болып жүрген кезімізде Шолпан апай алғашқы рет Арулар бейнесінен Аналар образына ауыса бастады. 1966 жылы қызылордалық режиссер Мен Дон Ук жапон жазушысы Коарудың «Шығыстағы бір бейбақ» атты көлемді драмасын Әуезов театры сахнасына шығарды. Сол драмадағы басты кейіпкер Кэйдің образын Шолпан апай ойнады. Кейіпкерінің күрделілігі сол, Кэйдің екі ғұмыры: қыз кезі мен үлкейген шағын апай бір өзі ойнады. Көптеген театрларда екі артист екі кезеңін ойнайтын. Жастық шағын: жетім қыздың үй қызметкері кезі, алып-ұшып, тиянақты, тілалғыш, адалдығымен үй иесін де, көрерменді де баурап алады. Ал, екінші актідегі сол үйдің қожайыны өзі болып, отбасына иелік ететін кезеңінде, отбасы тартысында үлкен ауыртпашылыққа кездесе де, есепсіз еңбегінің арқасында, режиссердің тегеурінді талабы мен толыққанды дұрыс бағыт беруі нәтижесінде Шолпан апай ұзақ ізденістер мен қиналыстарды жеңіп, нағыз жапон халқына тән, автордың ойлаған образын қазақ сахнасына әкелді. Шолпан апайдың Аналар образын сомдаудағы алғашқы қадамы өте сәтті басталып, әрмен қарай Аналар образы галереясы жалғасын тапты.

1967 жылы С. Жүнісовтің алғашқы «Ажар мен ажал» драмасы театрда қойылғанда Шолпан апай Ажарды ойнады. Қоюшы режиссер - сол кездегі жас маман Қадыр Жетпісбаев (кейіннен Қазақстанның Халық артисі). Көпшілік сахнасында - біздер, студенттерміз. Ажардың ұлы Олжатай ролінде талантты жас актер Е. Жайсаңбаев және біздің студент Ә. Рахымов болатын. Драматургияның күрделілігі сол, қазақтың үш классик жазушысы М. Әуезов, Б. Майлин, Ғ. Мүсіреповтің әңгімелерінен құрастырылып, бір ізге түскен өте тартымды дүние. Қақтығыстары, шиеленістері мен



шарықтау иегі, образдар жасауда автор үлкен шеберлік танытқан.

Шолпан апай кейіпкерін классикалық дәрежеге жеткізу үшін көп еңбектенді. Қолынан Б. Майлиннің кітабы түспейтін. Режиссерге «Раушан коммунист» әңгімесінің әрбір ұтымды тұстарын қайта-қайта нұқып көрсетіп: «Осы жерін алайық, Ажардың жаңа өмірге ұмтылғандығын көрсететін жер осы», – деп айтысып-тартысып отыратын. «Күрескер Ажар керек. Мына жері алдыңғы көріністе бар, ал біз Раушанның мына сахнасын алайық. Авторға айт, өзгертсін», – деп, көптеген сахналарды лайықтап, Ажар ролінің жан-жақты ашылып, жаңа заманның халқы үшін көрнекті әйелдер сапына көтерілді. Түсіністік пен аянбай еңбек еткеннің арқасында спектакль Қазан революциясының 50 жылдығына арналған Кеңес Одағы бойынша өткен байқауда үшінші орын алып, лауреат атанды. Ал 1980 жылы Ажар ролімен және Мұхамеджановтың «Жат елде» драмасындағы Еуропаның «беті жылтыр, іші түтін» сылқым келіншегі, күйеуі Құрбанды ұйымымен сатып кеткен Ева ханым үшін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды.

Ева ханым – Шолпан апайдың өте шебер сомдалған бейнелерінің бірі. Бұрын тек Арулар мен жағымды кейіпкерлерді ойнап қалған Шолпан апайдың қолында темекісі, шашы сары түске боялған, іс-әрекеті өрескел, Батыстың қылымси сөйлейтін дағдысын меңгерген өрескел күлкісін көргенде, көрермендердің жамандыққа қимай жатырқап қалғаны рас. Алайда, Шолпан апайдың ойнау мәнеріндегі шынайылық еш нәрсені аңғаруға мұрша бермеді.

...Шіркін, алдыңғы толқын аға-апалар қандай кең еді! Бірінің жетістігіне бірі қуанып, табыстарына ортақтасып, шалқыған көңілдерімен жүректері жарыла қуанатын! Жақсылықтарын жел тиген оттай лаулатып әкететін. Шолпан апай да кейінгі толқын ізбасарларына қамқорлығын аямайтын. Әсіресе, шәкірттеріне. 1967 жылдан Құрманғазы атындағы консерваториясында актерлік факультетіне сабақ берді. Алғашқы шәкірттері: Қазақстанның халық артисі



Т. Мейрамов, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты С. Қажымұратов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері М. Оспанов, Б. Ыбыраев, Ө. Оразбеков, К. Нұрланов, Б. Құрманқожаев және Талдықорған театрының алғашқы шымылдығын ашқан түгелдей Шолпан апайдың шәкірттері. Біздің театрдың көрнекті артистерінің бірі Б. Кемалова да – Ш. Жандарбекованың класынан бітірген талантты шәкірттерінің бірі. Апай туралы сағынышпен еске алғанда: «Шолпан апай өте қарапайым және қайырымды болатын. 3-4 күндік мерекелерде жақын жердің балалары ауылдарына қайтып кеткенде, алыс облыстың қыздарын үйіне алып кететін. «Мерекеді жатақханада жатасындар ма, үйге келіндер» деп, жігіттерге әдейі тамақ дайындап, түстікке шақыратын», – дейді.

Қ. Қуанышбаев Құрманбек Жандарбековпен күйеу баласы болса да қалжыңдасып, қатты ойнайды екен. Көрген кезде: «Жануарларың қалай, өсіп келе ме?» – деп жиендерінің халін сұрайтын көрінеді. Өйткені, Шолпан апайдың балаларының есімі Ақбаян, Ақтоқты, Аққозы екен. Шолпан апай балаларын өте жақсы көретін. Өсіресе, ұлы Аққозыны ерекше сүйетін. Соның әсері шығар, Қозы өмірден өткен соң, өзі де соңынан кете барды.

Шолпан апайдың туған жеріне ең соңғы рет келгені әлі есімде. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» спектаклімен өзінің шәкірттерін басқарып Қарқаралыға келді. Облыстық мәдениет басқармасының басшысы Қарқаралыға апарып салуды маған тапсырды. Жол бойы апай көп әңгімеге араласпай, машинаның терезесінен алысқа көз жіберіп, мазасыз үлкен ой құшағында болды. Мүмкін, туған әке-шешесін, бал дәурен балалық шағын еске алып, Алматыға оқуға аттанғанынша осы өңірде өткен ауыртпалыққа толы қиын кезеңнің басынан өткен жағдайларын еске түсірді ме екен? Өйткені, ол жылдар қазақ елінің аумалы-төкпелі зобалаң жылдарының қиын кезеңі еді ғой.

1922-35 жылдарда өмірі осы Қарқаралы ауданы Нүркен ауылында өткен. Апай өзі ешуақытта шәкірттеріне өмір жо



лын айтпайтын көрінеді. Көптеген кітаптарды да ақтардым, замандастарының естеліктерін де оқыдым, бірақ Қарқаралы өңіріндегі ең тәтті балалық шағы туралы ештеңе кездестірмедім. Шәкірттеріне тек «Мен Қарағанды облысы Қарқаралыданмын, руым – Қаракесек» дегеннен әрі ештеңе де айтпайтын көрінеді. Және туыстары, әке-шешесі кім болды – ешқандай мәлімет жоқ. Тек әкесінің аты Исабек екені ғана белгілі.

Ең соңғы келгенінде қарқаралылықтар қалаға жақындағанда күтіп алып, үлкен құрмет көрсетті. Сонда апайдың жүзі бал-бұл жанып: «Міне, біздің елдің адамдары – осындай!» – деп ерекше қуаныш үстінде болды. Қайтар жолда шәкірттері автобуста, Шолпан апайды мен жеке машинамен алып келе жатқанмын. «Шахтер» демалыс үйінің үлкен тас жолға шығар бұрылысына тоқтатып: «Енді қашан келерімді бір құдайым біледі, анау тобенің басына шығып, бір емірене ауасын жұтайыншы», – деп жалғыз өзі төбеге көтеріліп кетті. Төбе басында соққан Арқаның самал желі басындағы гүлді орамалының ұшын артқа қарай желбіретіп, туған жерін қимай тұрған мөлдір көзді, аяулы перзентімен қоштасқандай, емірене аймалап тұрғандай. Ал өзі жан-жағына қарап ұзақ тұрды. Алыстағы Кентті, жанындағы Комсомол шыңының биігін, алыстағы мұнартқан жолдарды тағы да бір шолып өтіп, тізесін бүгіп бетін сипады да, орнынан тұрып, үн-түнсіз машинаға отырды. Көзәйнегін шешкенде көзі қызарып тұрғанын байқадым. «Жылаған-ау, шамасы» деп жорыдым. «Арқаның ауасы ғажап, Алматының ауасы да жақсы ғой, тек дымқылдау...» – деп туған жердің табиғатын тағы да бір асқақтатып қойды. Қарқаралыдан асып, Қарағандының күре жолына түскенде артына бұрылып: «Қайта айналып келгенше», – деп тауға мейірлене, қимай қарап қоштасты. Өкініштісі, қайтып Қарқаралыны көруге жазбады. Елі ардақтап, Қарағанды қаласынан көше берді. Қазақ халқы барда сахна айдынының аққуындай болған «өнердің Ақтоқтысы» Шолпан Жандарбекова халқымен бірге. Өйткені, айтса айтқандай-ақ, «Шолпан десе – Шолпан еді-ау!»



Ерболат ҚУАТБЕК  
аймақтық «Арқа ақшамы» газетінің  
жауапты хатшысы

## ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЖОЛБАСШЫСЫ

**Ж**алпы, адамзаттың, қоғам мен өркениеттің дамуына үлес қосқан небір асыл перзенттер бар. Біз тілімізге тиек етпекші болған тұлғаның да қоғам мен өркениеттің даму жолындағы тарихы, әрине, шым-шытырыққа толы.

Адамзат топырақтың құрамынан бастап, жеті қат жердің астына дейін зерттеу жұмыстарын жүргізді. Өзінің қажетін алу үшін судың астына да түсті. Тіпті десеңіз, қызығушылығында шек болмай, ғарышқа да ұшты емес пе?! Өлемде ашылған ұлы жаңалықтардың барлығын ең алдымен жүрегінің түгі бар ержүректер мен ештеңеден мойымаған еңбекқорлар ашты.

Ал, бүгінгі біздің мақалаға арқау болып отырған қаһарман қазақ жеріндегі айтулы жаңалықтардың ашылып, олардың адамзат игілігіне жұмыс жасауына ықпал еткен. Ол – 1930 жылы дүниеге келген экономика ғылымдарының докторы, профессор, Алматы институты «Халық шаруашылығының өнеркәсіп технологиясы» кафедрасының меңгерушісі Дайырбеков Жансұлтан Оразғалиұлы.

Ғұмыры өнегеге толы Жансұлтан Дайырбеков 1952 жылы М.И. Калинин атындағы Мәскеудің түсті металл және алтын институтын тәмамдайды. Институт қабырғасынан түлеп ұшқаннан кейін түсті металл өндіретін тау-кен



өндірістерінде инженерлік қызметтер атқарады. Қайнаған еңбектің ортасында айтарлықтай еңбек етіп, Қазақ ССР-інің мемлекеттік мекемелеріне шақырту да алады. Одан кейін де Министрлер Кеңесі сияқты түрлі жоғары орындарда шенді қызметтерге тағайындалады.

1963 жылы жаңадан ашылған Алматы халық шаруашылығы институтында ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор, 1972-1973 жылдар аралығында аталған институттың оқу ісі жөніндегі проректоры қызметін мінсіз атқарды.

Ал, 1973 жылдың 30 наурызынан бастап «Экономика және өнеркәсіптік жоспарлау» кафедрасының доценті қызметінде, 1988 жылдан бастап аталмыш кафедраның меңгерушісі қызметінде болды.

Айлар мен жылдар оны ұлт мүддесіне қызмет етуге шыңдады. Уақыт өте Жансұлтан Оразғалиұлы өзін ғылыми ұйымдастыру және ғылыми зерттеу жұмыстарына толығымен арнауға шешім қабылдайды.

Біраз жылғы атқарған еңбектері мен зерттеулері негізінде шыққан, халықтық өндірістің экономикасы мен жүйесін жоғары деңгейге көтеру жолында 7 кітабы жарық көреді. Олардың арасындағы көлемдісі және ең танымалы – «Қазақстандағы кен орындарының тиімді және ұтымды дамуы мәселелері» монографиясы.

Жалпы алғанда, Жансұлтан Оразғалиұлының қара және түсті металл өндірудің, құрылыстың, тау-кен, химия өндірісінің мәселелерін қамтитын 60-қа жуық жазба еңбегі бар. Солардың біршамасын назарларыңызға ұсынайық:

1. «Пути повышения экономической эффективности добычи руд». «Қазақстан» баспасы. Алматы, 1969 жыл;

2. «Методика нормирования горных работ». Алматы, 1966 жыл (басқа авторлармен ынтымақтастықта);

3. «Резервы роста производительности труда на стройках Казахстана». «Казгосиздат» баспасы. Алматы, 1962 (басқа авторлармен ынтымақтастықта);

4. «Проблемы эффективной и рациональной разработки рудных месторождений Казахстана». Алматы. «Наука», 1973 жыл.



Жансұлтан Дайырбеков өз кезегінде тұтас бір ғылымның дамуына арқау болды десек, артық болмас. Қазақ ССР-і кезіндегі тау-кен өндірістерінің экономикалық саласы бір жолға түсуі үшін аянбай еңбек етті. Еңбекқор тұлға өзінің маңдайына жазылған өлшеулі ғұмырында ел өндірісінің дамуына ғана қызмет етіп қоймай, білімді және білікті жас буын өкілдерін тәрбиелеуде де елеулі қызмет атқарды. Қазақ ССР-інің ең жоғарғы деген институтының ректорлығына дейін көтерілді.

Жансұлтан Оразғалиұлы жер бетінде миллиардтаған ғасырлар бойы даму үдерісінде келе жатқан адам баласының табанына саты болып төселіп, оның асыл перзентіне айналды.





Ерсін МҰСАБЕКОВ,  
ҚР Ақпарат саласының үздігі

## ӘКЕЛІ-БАЛАЛЫ ӘДЕКЕНОВТЕР

**Қ**асиетті Қарқаралы топырағының тумаларында тұмса табиғатқа тартып туған тектілік бар. Үйдей тасты тесіп өскен, діңіне қос адамның құшағы жетпес қарағайлары қазақы қайсар рухтың өрлігін ташытпш тұрғандай. Кім ескені, қашан, қалай егілгені белгісіз олардың. Әйтеуір, өз басым көкке шапшылған пайзадай қарағайларды мың жасаған деп ойдаймын. Биік тауды өрлей қаптаған қарағай орманын арамай жүріп, әрбір қарағайды Қарқаралыда туған әр тұлғаның болмысына ұқсатамын. Мына біреуі – Ақжан әл-Машани, ана біреуі – Әлжаппар Әбішев... Қара тасты қақырата жарып, қасқайып өскен әнебіреуі – Қасым Аманжолов. Мына қарағай – Нұркен Әбдіров, анау қарағай – Мартбек Мамырәев... Мына тұрғаны – Тоқтар Әубәкіров, анау шыңның басындағысы – Мыңжасар Әдекенов... Толып жатыр – Қарқаралыда туып, қазақтың атын алты құрлыққа танытқан сұғырлы тұлғалар. Бақия Атшабаровтың қарағайын іздеп кетемін. «Апыр-ай, Қарқаралыдан шыққан жақсылар қара орманға айналған екен-ау» деген ой жетегінде келе жатып, белгілі қаламгер Мағауия Сембай мен академик Серғазы Әдекеновтің қарағайына бас тіреймін. Қайтып айналып, ауыл шаруашылығының білікті ұйымдастырушысы, қажырлы сәйраткер, белгілі ғалым Мыңжасар Әдекеновтің келісті сөйбетіндей қарағайдың саясына аялдаймын. Ойға шомып, елқасы әкенің ізгі жолын жалғастырған баласы Серғазы Мыңжасарұлының қарағайына көз тігемін. Екеуінің арасы –



тым жақын. Екеуі де тасты жарып өсіп тұр. Тамырлары дәл осы қара тастың астынан бірігіп, бір арнадан нәр алып тұрау, шамасы... Бір-біріне қатты үқсайды.

Мыңжасар! Мына қарағайлар да мың жасаған. Әкелі-балалы Әдекеновтер де мың жасайды!

\* \* \*

1969 жыл. Нүркен ауылы – абыр-сабыр, әлдебір ауқымды шараға дайындық үстінде. Кеңес Одағының Батыры Нүркен Әбдіровтің 50 жылдық мерейтойына дайындық. «Ел ерге қарайды» демекші, нүркендіктер былтыр ғана ауыл тізгінін қолға алып, директор болып тағайындалған Мыңжасар Әдекенұлына қарайды. Қарайды емес-ау, сенеді. Одақ көлемінде ұлы дүбірге айналған батырдың мерейтойы – туган ауылы үшін үлкен сынақ. Оны Мыңжасар аға әлдеқашан түйсінген.

Шаруашылықтың бірінен соң бірі тіреліп тұратын науқандық жұмыстары бар. Мемлекеттік жоспар ол алқымнан алып тұр. Сындарлы сәтте сүрінбеуі керек. Батыр рухына тағзым етудің мазмұн-маңызын төмендетіп алмауы шарт. Шара жоспарын бекітуге арналған алқалы жиын. Директор кабинетінде – басшының сенімді серіктері Кәрібай Жүзбаев, Әбіл Ақынов, Мақсым Тұрмағанбетов, Жеңіс Көпжасаров, Болат Жәкенов, Елеусіз Еражанов, Зинат Жодасбаев.

– Жолдастар! – деп сөз бастады директор өзіне тән жігерлі үнмен. – Нүркен ағамыздың мерейтойы – ас ішіп, аяқ босптар үйреншікті жиын емес. Бүкіл Одақ көлемінде мазмұнды меркеленіп жатқан мерейтой қаһарман ағаның туған жерінде лайықты аталып өтуі керек. Анасы Бағжан шешемі бастаған құрметті қонақтарды қабылдауымыз қажет. Батыр ерлікпен қаза тапқан Коньков хуторынан мектеп оқушылары, майдандас серігі Писанко, жаужүрек жерлесіміздің жұлдыз-ғұмырын жарқырата жазып, тарихқа таңбаланып қаламгер Григорий Якимов шақырылып отыр. Мәртебелі меймандарды қарсы алып, ас-су беру – қазақы салтымызбен атқарылатын шаруа. Басты мәселе – батыр ауылының келіп-келбетін атына лайықты ету. Ол үшін қыруар жұмыс



атқаруымыз керек, – деп, сөзінің соңын салмақты түйіндеді.

Сол күні жоспар нақтыланып, әр іске жауапты жетекшілер бекітілді. Аудан орталығымен жалғап тұрған жол жөнделіп, асфальт төселді. Ауылды қақ жарып ағатын Жарлы өзеніне көпір салынды. Мәдениет үйі мен типтік жобадағы мектептің құрылысы аяқталды. Мәдениет үйінің алдына қаһарман қазақ ұлының мүсіні қойылды. Батыр ауылы түрленіп сала берді. Мұның барлығы абыройы Арқадан асып – Алашқа, Қарқаралыны айналып – қазаққа жеткен тұғырлы тұлға, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, білікті басшы, іскер ұйымдастырушы Мыңжасар Әдекеновтің іскерлігі арқасында өте қысқа мерзімде жүзеге асқан іргелі жобалар еді.

Қонақтар ауылдан дән риза болып аттанды. Батырдың анасы Бағжан шешей директордың қолын мейірлене қысып:

– Айналайын, атыңа – затың сай азамат екенсің! Нүркенің рухы қолдасын! Мың жаса! – деп батасын берді.

Сол алтын құрсағынан ардақты батыр туған Ананың тілегі қабыл болған шығар, Мыңжасар ағаның ісі өрге домалап, аты елге танылды. Жасынан тауқымет тартып, ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, сұрапыл соғыс секілді замана лобалаңының отына шарпылған буынның өкілі ғой... Әр нәрсенің қадірін біліп, істің оңтайын ұғып жетілді. Еңбекке ерте араласып, еншісіне бұйырған қиындықты еркін еңсерді. Соғыстан кейін Қарқаралы қаласындағы мал шаруашылығы мектебінде оқыды. Кейін зоотехникалық-мал дәрігерлік техникумын бітірді. Арман жетегінде ару қала Алматыға аттанды. Таудай талабы аяулы арманына жол бастап, жеткізді де. Алматы зооветинститутын үздік бітіріп, елге оралды.

Міне, содан бергі өмірі туған жерін түлетуге арналған. Қарқаралы, Егіндібұлақ, Шет аудандарында бірінші хатшы, аудандық атқару комитетінің төрағасы болды. Аудандық ауыл шаруашылығы басқармасын басқарды. Басқа салалар емес, осы ауыл шаруашылығы саласының мехнаты көп,



беймаза сала екенін ел біледі. Жыл-он екі ай толастамайтын науқан. Басшы болғанымен, кабинетте емес, қырда жүргені көп. Иә, Мыңжасар Әдекенұлының жұмыс орны қырдағы қыстақ, жапандағы жайлау еді. Ауыл еңбеккерлерінің әлеуметтік тұрмысына көп көңіл бөлген екі басшы болса – біреуі, жалқы басшы болса, соның нақ өзі – осы Әдекенов. Оны мен емес, ел айтады. Қарқаралы-Егіндібұлақтың әр пұшпағындағы қара тасқа тіл бітсе, Мыңжасар ағаның қайраткерлігін аңыздай қылып шертер еді.

Осынша күрделі істің екі тізгін, бір шылбырын берік ұстай жүріп, ғылыммен шұғылдануға уақыт тапты. Мыңжасар Әдекеновтің есімі – отандық ғылым тарихында ұяң жүнді құйрықты қой тұқымының авторы ретінде қалды. Шабындықтың шаңды алқапқа, жайлаудың қу тақырға айналмауын да зерттеп, ғылыми тұжырым жасағаны тағы бар. Зерделі ғалым, білікті ұйымдастырушы өмірінің соңғы ширек ғасырға жуығын облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшының орынбасары лауазымында өткізді. Ауыл шаруашылығында қандай да бір озық тәжірибе, өміршең бастама болса, оның арғы жағынан Мыңжасар Әдекенұлының есімі аталады.

Қарақаралы ауыл шаруашылығы колледжіне (бұрынғы зооветтехникум) қажырлы қайраткер, өрелі ғалым, абзал азамат Мыңжасар Әдекеновтің есімі берілуінде – оның туған жерді түлетудегі қыруар еңбегіне берілген ізгі қоғамның лайықты бағасы жатыр.

Ал, Нұркен ауылының халқы Жарлы өзеніндегі көпір арқылы әрлі-берлі өткен сайын мың жасағыр Мыңжасар Әдекенұлының есімін құрметпен атайды.

\*\*\*

«Әке көрген – оқ жонар» дейді атам қазақ. Мыңжасар әкесінің ғибратты жолын жалғасытырып, әке аманатына адалдық танытып келе жатқан абыройлы ұлы Серікәлі Әдекенов жайлы әңгіме – бөлек дастан. Адами болмысы, азаматтық қалпы, жолдан жығылмас жомарттығы, өмір



парасаты жайлы баяндауды былай қойып, Секеңнің ресми атақ-абыройын тізіп шықсаңыз болғаны, Әлем мойындаған Әдекеновтің отандық ғылымға сіңірген еңбегін толық танысыз. Өйткені, дүниежүзілік қауымдастықтар мәртебелі атақты қай ғалымның бетіне қарап бергенін көрдіңіз?

Мәселен, Серғазы Мыңжасарұлы – Кембридж Халықаралық өмірбаян орталығының (Ұлыбритания) «2001 жылдың Халықаралық ғалымы» алтын медалінің, Беларусь Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының «У гонар заснавання Нацыянальнай акадэміі навук Беларусі» алтын медалінің, «Шетелде неғұрлым көп жарияланатын қазақстандық ғалым» аталымы бойынша бірінші «Парасат» сыйлығының, бірнеше Халықаралық гранттардың, ал, өзі басқарып отырған «Фитохимия» Халықаралық ғылыми-өндірістік бірлестігі Ресей Ғылым академиясының «Ғылымға қосқан үлесі үшін» алтын медалінің иегері. Мұның сыртында Қазақстан Республикасының мемлекеттік марапаттары қаншама. «Құрмет» орденінің, «Ерен еңбегі үшін» медалінің, «ҚР Денсаулық сақтау саласының үздігі», «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «ҚР Химия өнеркәсібінің үздік қызметкері» төсбелгілерінің иегері. ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2015 ж.). Ол аз десеңіз, 2010 жылы «Ғылымдағы айрықша жетістіктері үшін» Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев атындағы №001 алтын медальмен марапатталған.

Әрине, мұның барлығы – ресми марапаттар. Біз негіздерін ғана тілге тиек етіп отырмыз. Әр жылдары өңіріне берілген мерекелік медальдар мен бірнеше халықаралық гранттарды, стипендияларды тізбелей берсек, Серғазы Әдекеновтің туралы жазбамыздың көлеміне шек қоя алмай қалуымыз мүмкін. Ал, халық Секеңді «Бөкетовтің шәкірті», «Арглабиннің авторы» деп таниды. Бағамдап, бағалай алсаңыз, осы екеуінен асқан атақ та, абырой да жоқ секілді.

Ебіней Бөкетов – отандық химия өнеркәсібі саласының атасы. Ғалым ғана емес, парасатты публицист, талантты жазушы. Алайда, академиктің басынан тағдырлы



соқпақтың өткенін ескерсек, қуғындалған тұлғаның шәкірті болуға құмарта қоймас едік. Бірақ, біздің Секең ұлағатты ұстазын аузынан тастаған емес. Ісін жалғастырып, есімін құрметпен атап келеді.

Қарағанды – өндірісті аймақ. Сондықтан болар, бұл өңірде қатерлі ісік дертінің көрсеткіші өршіп тұр. Биоорганикалық химия, табиғи және физиологиялық белсенді заттар химиясы саласының көрнекті өкілі Серғазы Мыңжасарұлының ілкімді ізденісіне түрткі болған да осы дауасыз дерт еді. Жатса-тұрса ойынан шықпай, бүйіріне қадалған шаншудай болып мазасын алған бұл мәселенің де түйінін тапты. Өз бас болып, бірыңғай саңлақ ғалымдар тобымен «Арглабин» препаратын жасап шығарды. Химиялық қосындылардан емес, көдемгі Қарқаралы – кербез Кенттің жусанынан. Сонау көне дәуірде бабасы Бейбарыс сұлтанның сағынышына айналған қасиетті дада жусанын көдеге жаратты. Мысырды билеп, әлемнің мысын басқан Бейбарыс бабаның аңыздағы аңсарын ақиқатқа айналдырды. Бір түп жусан бір қауым елдің дертіне дауа болды. Иә, Серғазы аға – Бейбарыс бабаның тікелей ұрпағы. Бабасының Мысырда жүріп Арқаның жусанын аңсауы тегін бе еді? Сан ғасырдан кейін сол жусан баба ұрпағының абыройын тасытып, ғасыр дертіне айналған обырдың дауасы болады деп кім ойлапты?!

1850-ден астам ғылыми еңбектің, 23 монография мен әдістемелік ұсыныстың, өнертабыстарға арналған 128 авторлық патенттің (оның 20-сы шетелдік) авторы Серғазы Мыңжасарұлының ғылымдағы ең ірі жетістігі – «Арглабин». Әлемде баламасы жоқ препарат қолданысқа енді. Дертінен айыққандардың батасын арқалады. Бүгінгі таңда «Арглабиннің» клиникалық тиімділігі 76% -ға жетті. Яғни, қатерлі ісікке шалдыққан 100 науқастың 76-сының дертіне дәру.

Алты құрлық елең етті. Елбасымыз биік мінберден мөрейі тасып сөйледі. 2011 жылы Алматы қаласында өткен Ғалымдар форумында Нұрсұлтан Әбішұлы: «Қарағандыда қатерлі ісікке қарсы «Арглабин» препараты жасап шығарды»



рылды. Оны әлем мойындап отыр. Бұл – біздің жасағанымыз!» – деді.

«Арглабин» препаратын алу тәсілі 11 алыс шетел мемлекеттерінде патенттелген. «Арглабин» препаратын алу тәсіліне патентті Ресей Федерациясының Халықаралық өнеркәсіптік меншік институты 25 млн. 336 мың АҚШ долларына бағалаған.

«Арглабин» препаратының тиімділігін алыс-жақын шетелдің Леонардис Клиник (Бад-Хайльбрунн қ., Германия), Нью Онколоджи Лабз, МД Андерсон (Хьюстон қ., АҚШ), РМҒА Н.Н. Блохин атындағы Ресей онкологиялық ғылыми орталығы, РМҒА Н.Ф. Гамалея атындағы Эпидемиология және микробиология ҒЗИ жанындағы Интерферон және цитокиндер орталығы, РМҒА В.В. Закусов атындағы Фармакология ҒЗИ (Мәскеу қ.), Грузия Республикасының Ұлттық онкология орталығы (Тбилиси қ.), Қырғыз Республикасының Ұлттық онкология орталығы (Бішкек қ.), Беларусь ДСМ Н.Н. Александров атындағы Ғылыми онкологиялық орталығы (Минск қ.), Өзбекстан ДСМ Ғылыми онкологиялық орталығы сияқты ірі онкологиялық орталықтары растады.

«Арглабин» препараты қатерлі ісікке қарсы құрал ретінде Ресей Федерациясында, Беларусь, Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғыз, Грузия Республикаларында тіркелген. Қазақстанда «Арглабин» препараты 10 онкологиялық клиникаларында қолданылады. Қазіргі уақытта «Арглабин» препаратымен 3 мыңнан астам онкологиялық науқас емделген.

Міне, Бөкетовтің шәкірті Серғазы Әдекеновтің жетістігі! Қарқаралыда туып, Нұркен атындағы №10 мектепте оқыған ауыл баласын Әлем таныды. Қазақты Әлемге танытты! Кешегі Мыңжасардың баласы Әлем таныған Әдекеновке айналды!

Елінің ертеңі үшін елендеп жүретін елгезек аға қоғамдық жұмыстан да қол үзген емес. «Ауыл» демократиялық партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы,



қатарынан алты шақырылым бойы Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, 2018 жылдан бастап Қарағанды облыстық Қоғамдық Кеңесінің торағасы. Ғылым, өнер, әдебиет саласындағы жастардың қолдаушысы. Мерейлі меценат. Серғазы ағаның есіміне тели беруге болатын абыройлы анықтауыштар түгесілмейді.

Қайырымды жанның жомарт жүрегі – ізгілікке толы. Ол ұлағатты ұстазы Ебіней Бөкетовтің, ардақты әкесі Мыңжасар Әдекеновтің ғибратты жолын абыроймен жалғап келеді.





Сапарғали ЛӘМБЕКОВ

## ЕЛ АҒАСЫ

**Қ**ыстау арасындағы ойлы-қырлы жолмен үрінді қарды бұрқыратып «Бобик» зымырап келеді. Мезгіл – ноябрьдің аяқ шені. Жаяу боран жыланша сумаңдайды. Оның бірін машинада отырғандар сезер емес. Қансағай денелі, ат жақты, оңінде ұзақ жылдың қатпарлы ізі бар жаңадан келген председатель ырғала түсіп, үнсіз отыр. Сырт көзге сабырлы көрінгенмен, оның ішкі дүниесі қатты мазасыздануда. Машина «Қаратүмсыққа» келіп жетті. №2 қой фермасының отары еді. Жүргіншілер қораға беттеген кезде алдарынан бөлін шарт бұған қушық денелі шал шықты.

Бұрын былайша қыс күндері өзін елеп бастықтар келмегендіктен бе, шопан өңінде таңырқаған рай бар. Оның сол қалпын таныған ферма меңгерушісі Темірбай Жұмаділов:

Мына кісі – жаңа председатель Нұрбай Кешубаев, – деп қасындағы денелі адамды меңзеді.

Ә, бәрекелді! Нұрбайды баяғыдан білемін ғой. Өзі мені өлсе, Сәрсекеев деген шопан боламын.

Жаңа председатель онымен қол алысты.

Қал қалай, ақсақал?

Ептеп жүріп жатырмыз ғой.

Шопан солай дегенімен, күйі мәз емес екенін председатель салған жерден аңғарды. Жұқалап сұрап, ішім-жемнен шаршылық көріп отырғанын білді. Қасында елеңдеп жүрген мына Темірбай бұл жаққа екі-үш айдай ат ізін салмай кетеді екен. Осылардың салқыны шаруашылыққа тимей қалсын ба? Олден қолға қараған арық-тұрақтар бір-бір шөкім үйме-



лесіп бүрсең қағады. Боран қатты соғып, мал өріске шыға алмайтын жағдай туса, ауылдағы аз ғана пішен тек бірер күн талғажау етуге жетерлік. Оның өзі ұқшысыз үйілген, сырты қоршалманты. Көп мал жабылып күйсеп тұр. Қыстақта не бары екі-ақ үй. Ана құжынаған құнажын, торпақ, сиырлардың бәрі өздерінкі болса сұмдық екен. Артель Уставымен сиынасу дегенді естерінен шығарғаны ғой сонда.

– Мына ірі қара бәрі өздеріңіздікі ме?

Шопан бұл сұраққа бірден жауап бере алмай, мүдіріп қалды. Председатель қадалып тұрған соң:

– Бірен-саран қаладағы туыстардан да бар еді... – деп күмілжіді.

– Тағы қандай мал бар? – Нүрекең қазбалай түсті.

Ақыры, «Қаратұмсықта» елдің төрт сиыр, елу жеті қойы бағылып отырғаны анықталды. Темірбай кірерге жер таппай қипақтайды. Бар кінә өзінен. Қыстауға қонғалы бұл жаққа келіп тұрғаны осы. Қолында екі трактор, сегіз коллік бола тұрып шөптің қар астында жатқаны анау. Бұрынғы председателдің жуастығын пайдаланып, арқаны кең ойлып, уақыт оздырып алды.

Мұндай сұрқайы көрініс жалғыз «Қаратұмсық» емес, барлық фермалардан, әр қыстақтан кездесті.

Нүрекең – қалың ойда. Сыртқа шыққан ыза, тыз етін ашудың бәрі де жоқ қазір. Мұндайда күйгелек сезімнің бәрі рері шамалы болады. Ақыл мен сабырдың сынға түсер шығы бұл. Ия, Нұрбай Нұрбай болғалы басынан кешірмегені бар ма? Жасында байдың қойын бақты. Арқасын бұзудің қамшы талай осты. Оны жалшылықтан Ұлы Октябрь шарт етті. 1929 жылы «Қолхозсоюздың» бастығы болды. Содан бері үздіксіз ел басқарып келеді. Қайда жүрсе де абыроймен ие болды. Соңғы кезде Қарқаралыда қалалық Совет атқару комитетінің председателі еді. Енді партия оған «Арты қалған Нұркен Әбдіров атындағы колхозды өркендет, алтын бастыр» деп жіберіп отыр. Сөйтіп, обкомның жолдамасымен осында келген.



Мұндағы жай әлгі. Қадам басқан сайын жүрегіне шер жамалып жатқандай, қайда барса да күйкі көрініске тап болады. «Өзімдікі дегенге өгіз қара күшім бар» деген пейіл барлық жерде бадырайып көзге ұрады. Қай-қай үй болса да меншік малдарына мол жетерлік мая үйіп алыпты. Органың шөбі қар астында жатыр. Оның өзі қағаздағыдан әлдеқайда кем болып шықты.

Жалпы жиналысқа көп адам қатысты.

Баяндаманы жаңа председательдің өзі жасады. Ол басқаруға қаразға жазғанын ежіктеп тұрған жоқ. Күнұзын ойып кетіп, кешке бір-ақ келген балаларын жазғырған әкедей сипмақты сөзбен жұртты сынап салды. Қоғамдық малдың халі қыл үстінде тұрғанын айтып, істі жедел түзеуді үзілді кесілді талап етті. Айыпты адамдарды ызыртты. Жұрт сөзін ұйып тыңдады.

Жарыссөзге жуық арада ешкім шыға қоймады. Әлден уақытта көншілік арасынан бір қол котерілді. Дөңгелек жүзді, тығыршықтай жігіт орнынан тұрды. Жиналыс хатшысы қағазына «Төлеуов Қадаш, зоотехник» деп жазып қойды.

Жолдастар! – деді ол жан-жағын шолып алып. – Кешубаев жолдастың айтып тұрғаны түгел дұрыс. Кемшілікті мойындау керек. Жалған намыстан ештеңе шықпайды. Өден бойкүйез болып алғанымыз өтірік пе? Бұдан былай өшәні іспен жуайық...

Қадаштан кейін сөйлеушілер төбесін көрсете бастады. Кемшіліктің себептері бақайшағына дейін шағылды. Осылайша жұрт пікірін тоқайластырып, сөздің тоқетерін тыңдауға пейіл білдірген кезде қаулы оқылды. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» дегендей, қаулының басты мәселесі мынау болды: ертеңнен бастап далада жатқан шөп қыстауларға тасылады, жеке адамдардың артық шөбі алынып, азығы тапшы қыстауларға жеткізіледі.

Бұл 1957 жылы болған еді...

Откен қыс. Февральдың ортасынан бастап бір айдан аса тоқтасыз төпеген ақ түтек боран ашылып, екі-үш күн жылынып еді, жер көдімгідей жіпси бастады. Қос қарагер оспа



қарды тұяғымен жентектей лақтырып, көсіле желгенде қара шана сүңгуір қайықтай зырлайды. Нүрекеңнің қолында шыбыртқы, божыны Қадаш ұстаған. Екеуі мал отарларын аралап келеді. Бораннан бұрын жетпіс екі қыстақты бір сүзіп шыққан. Малшыларға ақша, азық-түлік жеткізілген. Енді тағы да жай-күйлерін білмек.

Бұл сапар және бір мақсатқа арналды. Келер жаз жаңадан біраз мал қорасы салынбақ. Жағалбайлыдан екі мың гектар тың көтеріледі. Өз алдына жүгері бригадасы құрылады. Солардың орнын осы бастан белгілеп қойған жөн. Малдың қысқы орнына қай жердің қолайлы болатынын қар кеткен соң дәл басу қиынға соғады. Осылай олар әр жерді межелеп, Мырзадан шығып, Шотпай, Абылайды басып Нүркеңге келді. Он алты қораның орны белгіленген-ді. Енді осындағы ақсақалдармен ақылдасып, тағы бір жерге қызық қақпақ.

Алды сексенге шықса да еңкеймей Қазиді қариялар қиу жаңдасып, бастықтардың қолын кезектен алып жатыр. Бәрі жапырлай Қиқымбектің үйіне кірді.

– Кемпір, тұр, самауырды бұрқ еткіз, – деді үй иесі.

– Рахмет, отағасы. Уақыт тығыз, – деп Нүрекең оны тоқтатып қойды.

– Онда бұйымтайларыңды айта отырындар.

– Көрші шаруашылықта мал қырылып жатыр. Басшысын бюрода орнынан алды. Ана маяларды соларға беруге ұйғарып едік. Қалай қарайсыздар?

– Соларды асырау біздің пешенемізге жазылып па өмі? Жаздыкүні 150 мың сомды бір алды.

Сөзге председателдің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары әрі парторг Қадаш араласты:

– Оқасы жоқ, отағасы. Бұл шөп үйілгелі – екінші қыс. Биылдан кейін құнары кемиді. Мұның үстіне екі жүз центнер сүрлемді және қосып берейік.

– Жөн-жөн. Досыңа достық – қарыз іс. Ана жылғы жүз тан да аман қалғанбыз! Енді мұртымызды балта шаппайды, – деп Қазиді да қолпаштады.

«Ана жылғы жүз» дегенде Нүрекеңнің көз алдына өмір келген кездегі колхоздың жүдеу күйі елестеді. Ал, қолар



қай жағына да қараса өзгерген, жаңарған. Тұрмыс жақсарса, елдің пейілі кеңіп сала беретін әдеті-ау. Бұрын самарқау жанның бәрі құлшынып кеткен. Рас, әлі де бірен-саран керітартпалар жоқ емес. Алайда, олар қатты ағысқа түскен жаңқа сияқты.

– Ал, ақсақалдар! Осы маңнан тайыншаларға арнап қора салуды ойлап ек. Соған лайық бір жерді меңзеп жіберіңіздер, – деп Нүрекең орнынан тұрды. Барлығы далаға шықты. Енді біразда екі бастық шанаға мініп, қарттар нұсқаған қорықты жағалап, мұқият қарап шықты. Олар қар жұқалау түскен бір өңірді көңілге түйіп алып жолға бұрылғанда, күн де Түнгатар тауынан асты.

Пар ат жүлқи тартқан қара шана Жарлыны өрлей заулап берді. Ауа тымық, тымырсық. Өзен бойында ақ торғын бу калқиды. Сол жақта Қарқаралының қарағай жамылған көк таулары қалып барады.

Қадаш, қалай, трактор жүргізуді үйрендің бе? – деді Нүрекең өңірін қымтанып жатып.

Оны егіс басталғанда көреміз.

Егіс демекші, қырмандағы ана таудай қар ерігенде қоймаға лап беріп, тұқымды бүлдіргелі тұрғанын байқадың ба? Бүрсікүні жексенбілік жасаймыз, Ежебайға барамыз деп адамдарға айтып қою керек.

Колхоз соңғы жылдары үш миллион сомға елу бес трактор, қырық комбайн, толып жатқан басқа техника сатып алды. Енді салу, жинау кездерінде механизатор тапшылығы колхозға көп зиян келтіруші еді. Оларды жергілікті жердің ішінде көптеп даярлау туралы партияның берген нұсқауын олар ауданда бірінші болып бастаған.

Ия, Нүрекең келгеннен бергі үш-төрт жыл ішінде ауыл өмірісі көп өзгерді. 1957 жылы жалпы табыс бір миллион сомнан сәл асса, 1959 жылы тоғыз миллионнан асты. Колхоз ауданда бірінші орынға шықты. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Нүрекеңді Құрмет грамотасымен наградтады.

Алайда, шығар асу әлі көп. Жетіжылдықтың аяғында колхоздың жалпы табысы қазіргіден екі есе артық өспек. Оны қалыңар қамал. Өттең, адам күшінің тапшылығын айт-



сайшы! Колхоз өндірісіне мың кісі керек, қазіргі жұмыс қолы – үш-ақ жүз. Жоғары білімді мамандарды былай қойғанда, тоғыз ферма меңгерушісінің сегізі жөнді хат білмейді. Кадр мәселесі – шынымен-ақ ойланатын нәрсе. Өскен шаруашылықты басқару бастауыш білімі бар өзіне оңай тиіп жүрген жоқ. «Білімім жетпейді, босатсаңдар қайтеді?» деп аудан басшыларынан өтініп те көрді. Олар түп етектеп айырылар емес.

Нүрекең болашаққа барлау жасап отыр. Қадаш та қос қарагердің қызығына түсіп, өзге дүниені ұмытқандай. Сұлу қыздың қасындай қиылған жаңа ай да батты. Алда, сонау алыста Қарақуыс пен Қараөлке таулары мұнартады. Екеуінің арасындағы ашықтан жұлдыздар жерге төгіліп, бері қарай шашылып жатқандай. Ол – әр бағананың басында жарқыраған Ильич шамдары – Шекеме оттары. Күні кешө осы арада қадау-қадау бес-алты үй бар еді. Енді, міне, колхоз орталығы кәдімгідей қалашыққа айналды. Анау Ақшоқы да қанатын жайып, өсіп келеді.

Биылғы жазды бүкіл ел бұрын-соңды болмаған өрлеумен, шаттықпен қарсы алды. Туған Қазақстанның торқалы тойына үздік табыспен барып, қасқайып отыруға әркім-ақ құмар. Мол шашуды салмақтап көргенде Нүркен Әбдіров атындағы колхоз таразыны басып тұр. Басқасын былай қойғанда, қой саны жоспардағыдан төрт мың елу екі бас артық. Мемлекетке ет тапсыру жоспары да әлдеқайда артық орындалуда.

Міне, сол көптен күткен мереке күні де келіп жетті. Онда Нүрекең ауылда еді. Мұнда да думанды той болды. Озаттар сыйлық алды. Бірақ жиналған қауымның ынтызары Қарқаралы жақта. Тамашаның көкесі сонда екені рас. Бәрі бәйгеге кеткен аттарды тосып тұр. Баяғыда «Кімнің аты озды?» десе, бұл күні жұрт «Қай колхоздың аты озды?» дейтін болған. «Біздің торы бәйгеден келді!» дегенді естігенде нүркендіктердің төбесі көкке жеткендей көтеріліп қалды. Нүрекең де Зия жеңгейдің қолынан немересі Рымкүлді алып, қайта-қайта сүйе берді. Ел ағасының жүрегі қунышқа толы.



Ерсін МҮСАБЕК,  
Қазақстан Журналистер одағы  
сыйлығының лауреаты

## АРДА-ГҰМЫР

«Жаңа тоғаннан» – жаңа қоғамға

**Қ**адаш Төлеуовтің туған жері – Қарқаралы ауданына қарасты «Жаңа тоған» деп аталатын ескі жұрт. Қазіргі Шүркен ауылы. Әр түйірі қасиет нұрына малынған осы бір қасиетті топырақта 1929 жылы дүние есігін ашыпты.

Жасөспірім, бозбала шағы сұрапыл соғыспен тұспа-тұс келген ұрпақ өкілінің қайсысы балалықтың балдәуренін көшіп еді?! Қадекеңді де уақыт ерте есейткен. Таң шаңымен белін шарт буынып колхоз жұмысына жегіліп, өгіз жетектеп, соқа сүйреумен басталған өмір сүрлеуі. Бозала таңда сімірген бір кесе шикі сүтпен қас қарайғанша жүретін еді. Осынау тұрмысқа қажыған Қадекең жоқ. Қайта ширыға түсіп, құрыштай шыныққан. Жалғыз Қадаш аға емес, сол бір сұрқия заманның сұрықсыз күнін кешкен ұрпақтың барлығы көрген бұл бейнетті.

Көшбасшылық қасиет Қадекеңнің бойына ерте дарыған екен. Адалдығына арқа сүйеп, еңбекқорлықпен еңселенген. Туған жерді түлетуге барынша ықыласты болды. Көшіп сүйді. Ертеңіне алаңдады. Оның сыртында, сонау Шыңғыстаудан үркердей болып ауа көшіп, Қарқаралы өзенінен Балқаштың көліне дейінгі сайын далаға тарыдай шашылған Тобықты елінің бірлігі мен ымырасын нығайтуға ойлайтын. Өзіне қарасты ет жақындары ат төбеліндей аз



болғанымен, сұрқылтай заман бастарына салған тауқымет екшеулі емес еді.

Міне, қадірі асқан Қадекең осының бәріне алтын қазықтай болып, ұлы мұратты көздеген іске ұйытқы бола білді. Жаңа қоғам орнығып болмаған кез. Ел ішінің дүрбелеңі басыла қоймаған. Науқаншыл қоғам қауқарлы жүйеге айнала алмай жатты. Қуғын-сүргін тыйылмай тұрды. Осының барлығы балаң жігіт Қадаштың санасына салмақ салып, жүрегіне жүк артатын. Содан болар, ерте есейіп, ел ісіне де бұғанасы бекімеген шағында араласты.

Ауыл мектебінің 7 сыныбын бітіріп, Қарқаралы ауыл шаруашылығы техникумына түсті. Оны да толық бітірмей, сырттай бөлімге ауысып, 14 жасында мамандығы бойынша зоотехник болып еңбек жолын бастады.

«Жаңа тоғаннан» жаңа қоғам түрен салған Қадекең жолы осылай басталады.

### Ақтоғай – армандар бесігі

Ия, Қадекеңнің еңбек жолы Ақтоғайдан басталған. Әрине, бұған дейін айыр-күрек ұстамады деп айта алмаймыз. Бесіктен белі шықпай жатып-ақ бейнетке белуардан жөгілген жігерлі жігіттің ресми еңбек жолы еді бұл.

...Жолдамамен келген Ақтоғайға. Әр шаруашылықта мал маманы болып қызмет етті. Жассынып, жатсынып жатқан Ақтоғай жоқ. Бауырына басты. Жасынан жанына адалдықты серік етіп, әділдікке жүгінген азаматтың сирегі сынып көрген бе?! Жастығына қарамай, елдің аузында, халықтың алақанында жүрді. Жұмыстың ауырынан шегініп, тәуіріне ұмтылып жатпаған соң, халық та қадірлей біледі ғой жақсысын.

Обалы нешік, Ақтоғай жұрты алақанға салып бақты. Арманшапқа қардай кіршіксіз Қадаш аға үшін Ақтоғай шынайы хәм аяулы армандарының бастауы болды. Сыңарын да осы елден тапты. Иә, маңдайының бағы, жүрегінің жұлдызы бо



лып жанған Нағима анамызды осы елде кездестірді. Тағдыр жолында азаматтың тұғырлы болып, тұлғаға айналуында Әйел-Ананың ықпалы орасан болады емес пе?! Ендеше, Қадаш аға мен Нағима тәтенің қол ұстасып, біртұтас әлемге айналамыз деген адал сезімдері осы Ақтоғай топырағында сертке айналған.

Екеуі де сертке берік болды. Бозбала-бойжеткен шақтарындағы пәк сезімдерін Ақсораңдай асқақ, Тоқырауын суындай мөлдір қалпында сақтап өтті мына жалғаннан. Қос жүректің аяулы армандарын бір арнаға тоғыстырып, қос жүректі бір кеудеге сыйғызған, келте болса да, өнегемен кемелденген гибратты ғұмырдың алғашқы қадамына куә болған Ақтоғай топырағында кие бар. Иә, Ақтоғай – Қадаш аға мен Нағима тәте армандары мен сезімдерінің ақ бесігі.

Қызметінде абыройлы болып, тағдырының сыйын, өмірінің жарық жұлдызын кездестірген Қадекең туған елі Қарқаралыға 50-жылдардың соңында оралды.

### Туған жерге ту тігін...

Елге жас та болса еңселеніп, тәжірибе жинақтап, шаңырақ көтеріп оралды Ақтоғай топырағынан. Нұркен колхозында қызметін жалғастырды. Бас зоотехник әрі партия ұйымының хатшысы болып.

50-жылдардың соңы, 60-жылдардың басында колхоздарды ірілендіру науқаны жүргізілгені белгілі. Осы төңіректегі бірнеше колхозды біріктіріп, Нұркен колхозы құрылған соң жылдары. Қадекең осы колхоздың басқарма төрағасының орынбасары болып абыройлы қызмет атқарды. Шаруашылықтың аяғынан тік тұрып, ауылдың гүлденуіне сүбелі үлесін қосты.

Ал, 1963 жылы Нұркен совхозы құрылды да, жаңа шаруашылықтың директоры болып жаңаарқалық азамат, ежел шаруашылығының білікті басшысы Мәжит Смайылов тағайындалды. Қадекең – бас зоотехник. Әуелгі кезде салт



болғанымен, сұрқылтай заман бастарына салған тауқымет екшеулі емес еді.

Міне, қадірі асқан Қадекең осының бәріне алтын қа зықтай болып, ұлы мұратты көздеген іске ұйытқы бола біл ді. Жаңа қоғам орнығып болмаған кез. Ел ішінің дүрбелеңі басыла қоймаған. Науқаншыл қоғам қауқарлы жүйеге ай нала алмай жатты. Қуғын-сүргін тыйылмай тұрды. Осының барлығы балаң жігіт Қадаштың санасына салмақ салып, жүрегіне жүк артатын. Содан болар, ерте есейіп, ел ісіне де бұғанасы бекімеген шағында араласты.

Ауыл мектебінің 7 сыныбын бітіріп, Қарқаралы ауыл шаруашылығы техникумына түсті. Оны да толық бітірмей, сырттай бөлімге ауысып, 14 жасында мамандығы бойынша зоотехник болып еңбек жолын бастады.

«Жаңа тоғаннан» жаңа қоғам түрен салған Қадекең жолы осылай басталады.

### Ақтоғай – армандар бесігі

Ия, Қадекеңнің еңбек жолы Ақтоғайдан басталған. Әри не, бұған дейін айыр-күрек ұстамады деп айта алмаймын. Бесіктен белі шықпай жатып-ақ бейнетке белуардан жегіл ген жігерлі жігіттің ресми еңбек жолы еді бұл.

...Жолдамамен келген Ақтоғайға. Әр шаруашылықта мал маманы болып қызмет етті. Жассынып, жатсынын жатқан Ақтоғай жоқ. Бауырына басты. Жасынан жанына адалдықты серік етіп, әділдікке жүгінген азаматтың саны сынып көрген бе?! Жастығына қарамай, елдің аузында, хы лықтың алақанында жүрді. Жұмыстың ауырынан шегініп, тәуіріне ұмтылып жатпаған соң, халық та қадірлей біледі ғой жақсысын.

Обалы нешік, Ақтоғай жұрты алақанға салып бақты. Ары аппақ қардай кіршіксіз Қадаш аға үшін Ақтоғай шынайы хәм аяулы армандарының бастауы болды. Сыңарын да осы елден тапты. Иә, маңдайының бағы, жүрегінің жұлдызы бо



лып жанған Нағима анамызды осы елде кездестірді. Тағдыр жолында азаматтың тұғырлы болып, тұлғаға айналуында Әйел-Ананың ықпалы орасан болады емес пе?! Ендеше, Қадаш аға мен Нағима тәтенің қол ұстасып, біртұтас әлемге айналамыз деген адал сезімдері осы Ақтоғай топырағында сертке айналған.

Екеуі де сертке берік болды. Возбала-бойжеткен шақтарындағы пәк сезімдерін Ақсорандай асқақ, Тоқырауын суындай мөлдір қалпында сақтап өтті мына жалғаннан. Қос жүректің аяулы армандарын бір арнаға тоғыстырып, қос жүректі бір кеудеге сыйғызған, келте болса да, өнегемен кемелденген ғибратты ғұмырдың алғашқы қадамына куә болған Ақтоғай топырағында кие бар. Иә, Ақтоғай – Қадаш аға мен Нағима тәте армандары мен сезімдерінің ақ бесігі.

Қызметінде абыройлы болып, тағдырының сыйын, өмірінің жарық жұлдызын кездестірген Қадекең туған елі Қарқаралыға 50-жылдардың соңында оралды.

### Туған жерге ту тігіп...

Елге жас та болса еңселеніп, тәжірибе жинақтап, шаңырақ көтеріп оралды Ақтоғай топырағынан. Нұркен колхозында қызметін жалғастырды. Бас зоотехник әрі партия ұйымының хатшысы болып.

50-жылдардың соңы, 60-жылдардың басында колхоздарды ірілендіру науқаны жүргізілгені белгілі. Осы төңіректегі бірнеше колхозды біріктіріп, Нұркен колхозы құрылған он жылдары. Қадекең осы колхоздың басқарма төрағасының орынбасары болып абыройлы қызмет атқарды. Шаруашылықтың аяғынан тік тұрып, ауылдың гүлденуіне сүбелі үлесін қосты.

Ал, 1963 жылы Нұркен совхозы құрылды да, жаңа шаруашылықтың директоры болып жаңаарқалық азамат, ауыл шаруашылығының білікті басшысы Мәжит Смайылов тағайындалды. Қадекең – бас зоотехник. Әуелгі кезде салт



жүріп қызмет атқарған директор Қадекең үйінде жатты. Жақсыны жатсынып көрмейтін қасиетке ие Қадекең жаңа директорға ауылдың жағдайын, ой-шұңқыры көп болатын жат жердің қыр-сырын таныстырды. Екеуі қызмет бабында да, өмір соқпағында да бір туғандай сыйласты. Ой-мақсаттары бір арнаға тоғысып, үнемі абыройлы іске ұйытқы бола білді. Сол сыйластықтың жарасымы әлі күнге дейін үзілген жоқ. Өздері о дүниелік болып кеткенімен, ұрпақтары туысқандай араласып, абзал әкелердің жарастықты қарым-қатынасын жалғастырып келеді.

...1964 жылы Қадекеңнің қабілеті мен іскерлігіне зор сенім артқан аудан басшылығы оны Алматы қаласындағы ауыл шаруашылығының басшы кадрларын даярлайтын курсқа жіберді. Арнайы курсты үздік бітіріп келген жігерлі жігіт 1965 жылы жаңадан ашылған «Прогресс» совхозының директор болып тағайындалды.

Міне, Қадаш Төлеуовтің нағыз басшы, елжанды азамат ретінде танылған жұлдызды сәті осы жылдан басталды.

### Шалғайдағы ауылдың маңдайдағы бағы

Асыра мақтағанымыз емес, «Прогресс» ауылының (қазіргі Томар ауылы) халқы Қадекеңді осылай бағалады. Лайықты баға!

Иә, «Прогресс» совхозы – Қарқаралы ауданындағы оң шалғай ауылдың бірі. Күнгейі Шет, Ақтоғай аудандарымен шектеседі. Жаңа шаруашылық дегенімізбен, бұрынғы «Томар» колхозының негізінде құрылып отырған совхоз. Тұрғылықты халқы, қалыптасқан еңбек салты бар іргелі ауыл. Дегенмен, сайын дала төсінен жаңа совхоз орталығының құрылысын жүргізу, шаруашылықтың мал басын өсіру деген секілді күрделі жұмысты кідіріссіз игеріп әкету, маманның маманы, басшының басшысы болмаса, қиын еді. Және жаңадан ашылған шаруашылыққа сырттан бас мамандар шақырылатын үрдіс бар. Яғни, әр шаруашылықта



әр түрлі идея, алуан ұстаным келеді. Соның барлығын бір арнаға тоғыстырып, қазақы тілмен айтқанда, «бір жагадан – бір өлең, бір жеңнен – қол» шығару керек. Осының барлығын Қадекең ұтымды ұйымдастыра білді. Қадап айтты. Мойындатты. Үйрене жүріп, үйретті. Өзі бастап жүріп, барша әріптестерін үйіре білді.

Осы ауылдың шаңырағын көтеріп, уығын қадасқан бас мамандар қазіргідей бос мамандар емес еді. Басшысына сенім артып, лайықты қосшы бола білгендердің біразы о дүниелік болып кетті.

Айтқандай-ақ, бұл ауыл – «Томар» колхозы болып тұрған кезінде төрт Социалистік Еңбек Ері шыққан шаруашылық. Олар – Жайсаңбай Құлқин, Байбосын Бекбаев, Жақсылық Бәсімбеков және Мұздыбай Рысқұлов. Қадекең осы бейбіт еңбек батырларының тәжірибесіне жүгініп, осы кісілермен ақылдаса отырып жұмыс жүргізді. Ойткені, ел мен жердің жағдайын, бұл төңіректегі ауа райының қыр-сырын бұл кісілерден артық ешкім білмейтін еді.

Тыңдай жүріп, тыңдата білу, ақыл сұрай жүріп, ақыл қосу да – үлкен өнер. Қадекеңнің бойында бар еді осы қасиет. Тіпті, Қадап ағаның парасатына разы болысқан елдің ақсақалдарының өзі «Қадекең не дейді екен? Сол кісімен ақылдасайық» дейтін дәстүр қалыптасты бұл ауылда.

...Аз ғана уақытта жаңа шаруашылық аудандағы дара шаруашылыққа айналды. 9 мың гектар егіс алқабы, 35 мың қойы, 1000 қаралы жылқы, 1000 қаралы ірі қарасы бар шаруашылық осал болсын ба?! Әрине, мұның барлығы – ұйымдастырудағы ұтқыр қадамның жемісі.

Сонымен қатар, Қадекеңмен қоян-қолтық араласа жүріп, осы ауылдың гүлденуіне зор үлесін қосқан Кенжеберген Бексеев, Орынғазы Мақсурин, Елеубай Аждаров, Мекенбай Тоқмурзин, Елмағанбет Сырбаев, Кемербай Дүйсекин, Қанап Бекбосынов, Майдан Алпысбаев, Алдоңғар Қоспаев, Мұрат Шаймұратов, Төлеу Игенбаев, Әсемжар Әбенев, Қашығұшкір Бекбосынов, Қазыбай Әбеев сынды бас мамандар мен Сәйді Адамбеков, Тілеубек Жолдасбеков секілді



еңбек озаттарының да есімі құрметпен аталады бұл ауылда. Бұлардың барлығы Қадаш Төлеуовтің сенімді серіктері еді.

Өзі іргетасын қалаған жаңа совхозды Қадекең 10 жылға жуық басқарып, 1974 жылы туған ауылы Нұркенге Еңбек селолық кеңесінің төрағасы болып ауысты. Шаруашылық басқаруға денсаулығы жарамады. Алайда, ауылдық кеңестің тізгінін ұстап, халықтың әлеуметтік тұрмысын жауап беру жайлы жұмыс емес еді. Өмірінің соңғы минутына дейін осы жауапкершілікті арқалап, бұл қызметті де абыроймен атқарды.

... Қадаш аға мен Нағима төтенің кіндігінен алты перзент өрбіп, бүгінде бір ру елге айналды. Тұңғышы Ерғазы – тәрбиеші. Ұзақ жыл ұстаздық етіп, білім ордаларында биосшылық жасады. Қазір облыстық «Орталық Қазақстан» гизетінде бөлім меңгерушісі.

Қарлығашы – ғылым докторы.

Ғазиз – Алматыда, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент. Қарқаралыдан шыққан белгілі ғалым Совет Исатаевтың шәкірті.

Болаты – философ. Қазіргі заман ағымына сай қаржы мекемесінде бағдарламашы болып қызмет етіп жүр.

Бақыты – «ҚазМұнайГаз» компаниясында қызмет етеді.

Ербұланы – ұзақ жыл кеден саласында қызмет еткен. Қазір кәсіпкер.

\*\*\*

Қадекеңнің ғұмыры – қарға ғұмыр мен Арда-ғұмырдың ара-жігін ажыратып тұратын гибратты жол. Иә, ғасыр жасап, қарға ғұмыр кешкендердің талайын көрдік. Олардың бейнесі де, есімі де ел жадынан демде көмескіленеді. Ал, Қадекеңдердің Арға жүгінген Арда-ғұмыры – мәңгілік. Оттең келте болған...



А. ДОСОВ

## ОРЕЛІ ӨМІР ӨРНЕГІ

**К**ербез Кенттің күнгей баурайында орын тепкен құтты мекенжай – селоның тау жағындағы еңселі ақ шаңқан үйлердің бірінен шыққан қапсағай денелі ауыл ағасы сары күздің самал ауасымен кең тыныстап, сонау тау күздарына көз жіберді. Жүрек пернесін тербеген ой-өрнегі өзінің орелі өмір өрнектерін көз алдына әкеліп, мынау ырыс сапырған маң дала, малды өңір, оның тыныс-тіршілігі, қырық жылдан аса қоғамдық еңбекке араласқан қауырт іс-әрекет кезеңдері құс жолындай созылып, керуен ізіндей бедерлі бола түсті.

Иә, өткен өмір жолы талай желілі әңгіме, желкенді сөзге арна болып, адам еңбегімен бағаланады. Ортақ істің өркен маюына бағытталған шынайы сезімді қамқорлық, ардагердің қартаймас көңілі, мұқалмас өмірі, ат жалын тартып мінгеннен бастап самайға ақ қырау түскенге дейінгі ара-шықта бүгінгі еңбегі өнімді де мәнді, уақытымызды мазмұнды етуге жұмсалғаны жалғаса қиюласа қабысып өтіп жатты. Көп жылғы саналы еңбек, салиқалы қызмет, әрине, артығырық сілкіну, басымырақ жұлқыну қажет етіп, қазір байсалды ой толғау қауырт өсіп, саналы өмірді жалғастырып келе тұрған ұрпаққа үлгі-өнеге айту, инабаттылық таныту, адамгершілік биік парызға адалдықпен өткен күз-құясы, шарғалаңы мол кезеңдерді ой елегінен өткізу үлкен бір ғажайып болса керек.

Әдеттегідей ерте тұрып, туған ауылдың тыныс-тіршілігіне көз жіберу, буырқанып өткен мазасыз кезеңдерді,



шыжығынан қызығы мол өмір өткелдерін еске алу, кейінгі толқын жастарға айтар әңгімені салмақтап, қажыр-қайратты шыңдай түсу, көргені мен көңілге түйгенінді бүкпесіз ортаға салу, қоғамдық игілікке жұмсалған еңбек жолыңды талғампаздықпен талдап, өнеге тұтар тағылым алар үлгіні өзің қоршаған ортаға дарыта білу ардагер ағаның берік ұстанған ізгілік қасиеті болса керек. Рас, осы сентябрьдің бас кезінде өткен селолық советтің кезекті бір сессиясы жасы алпысты алқымдап, еңбек ардагері қатарынан берік орын алған коммунист Мұқатай Тоқмурзиннің өткен еңбек жолын бір сәт болса да қорытындылағандай болды. Құрметті демалысқа шыққалы отырған ардагер ағаға халық қалаулылары қартаймас көңіл, ортаймас өмір тілеп, дербес пенсияға шығу рәсімін жасады. Аудандық партия комитеті бюросының мүшесі, халық депутаттары аудандық Советінің атқару комитеті председателінің бірінші орынбасары Разақ Мұқанұлы Әлин осы Талды өңірінде совет және шаруашылық қызметтерін ұзақ жылдар бойы атқарып, бүгін құрметті де дербес пенсияға шығып отырған Мұқатай Тоқмурзинге аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитетінің Алғыс хатын табыс етті. Қатардағы мал маманы болып еңбек жолын бастаған ардагер азаматтың аудан экономикасын нығайтуға қосқан азды-көпті үлесін, айшықты қолтаңбасын айта келіп, жастарға идеялық-саяси және адамгершілік тәрбие беруде қоғамдық белсенділік көрсетуі ардагерлер сапында болуына шын жүректен тілек білдірді ол. Халық қалаулылары ду қол соғып, Мұқаңның көп жылғы қызметінің халық алдында бағаланғандығын паш еткендей болды.

Коммунист Мұқатай Тоқмурзин ел басына қорғасындай мың батпан ауыр күн туып, ер намысы буырқанған кешегі Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталған кезеңде Қарқаралы зоотехникумындағы оқуын тәмамдады. Ол кезең шағын шаруашылықтардың экономикасы шайқалып, берекесі жұтаңдаған, біраз ер-азамат сұрапыл соғысқа аттанып, майдан мен тыл тұтас бекініске, қуатты мызғымас күшке



айналған отты жылдар еді. Өңірдегі шаруасы шағын, қуатты ауылшаруашылық техникасы аз шаруашылықтардың экономикасын нығайту, өндірісті өркендетуге адамдардың ынта-жігерін жұмылдыру бұла күш-қайрат, ынталылық, тапсырылған іске деген жоғары жауапкершілік сезімді қажет етті. Міне, жас маман Мұқатай он шақты жыл бойы Қарқаралы ауданының бірқатар колхоздарында зоотехник болып жұмыс істеді. Өңірде төрт түлікті өрбітуге құлшына кірісті. Балаң жігіт еңбексүйгіштігімен жұрттың ілтипатына ие бола бастады. Тапсырылған жұмысқа тындырымды, еңбек адамдарымен тіл табыса білетін ізденгіш те сергек жігітті ауданның партия, совет органдары тез байқап, оған шаруашылықтарды басқару жүгін артты.

Мұқатай Тоқмурзин 1955-1961 жылдар аралығында Нүркев атындағы және Калинин атындағы колхоздарда басқарма председателінің мал шаруашылығы жөніндегі орыпбасары болды. Осы шаруашылықтардың экономикасы өрлеп, колхозшылардың тұрмыстық әл-ауқаты көтерілу бағытында ол іскерлік таныта білді. Шаруашылық қызметте әдеуір ысылып, тәжірибе жинақтады.

Бұл қарсаңда ауданның колхоздары негізінде қазіргі іргелі совхоздар шаңырақ көтере бастады. Бірнеше колхоздың ауыл шаруашылығы айналымындағы жері, өндірістік қоры негізінде құрылған Фрунзе атындағы совхозда бас зоотехник болып қызмет істеу жауапкершілігі М. Тоқмурзинге жүктелді. Ол әрі совхоз партия ұйымының секретары болып сайланды. Осы арада «Ағаға қарап іні өсер» деген халық даналығы тілге оралады. Мұқатай 1925 жылдан КПСС мүшесі, Қарқаралы өңірінде колхоз құрылысын нығайтып, талай жыл партия қызметінде жемісті еңбектенген Жұманов Әмірені өзінің тәлімгер ұстазы, ақылшы да ұлағатты жолбасшысы деп есептейді.

– Үлкенге ізет, кішіге үлгі танытқан ардагер аға Әміре Жұманов коммунистік биік парасатты ар туы етті, – дейді М. Тоқмурзин. – Ол әрдайым өз өмірін сүйікті партиямызбен байланыстырған адам, сыншыл да ілтипатты, қара қыл-



ды қақ жарған азамат болуды, әңгіме қоғам мүддесі, халық игілігіне, адамға қамқорлыққа ойысқанда жалтақтық, тайғақтық көрсетпеу, өзінен қызметі жоғары, шені биік лауазымды басшының аузынан шыққан сөзді қағып алып, күдірет тұту, пір санап, бас шұлғудан аулақ болуды санаға дарытатын қасиетті шәкіртіне үйреткендей қайталап, уағыздайтын. Қарт коммунистің бұл талабын көп жылдар бойғы қоғамдық, шауашылық қызметтерде берік ұстандым. Принциптілік шындықты ащы болса да ашық айту, жұрттың талап-тілегін орындауға сыншыл да пынайы көзбен қарау қасиеттерінің қайнар бұлақтай бастау алуына партия ардагері Әміре Жұмановқа деген қарыздарлығымды бір сәт те естен шығаруға хақым жоқ.

«Еңбек ер атандырады, абыройға бөлейді» деген шындық М. Тоқмурзиннің бұдан кейінгі өмір жолында да тайға таңба басқандай бедерлі болып жатты.

1962 жылдың соңына қарай қазіргі Жамбыл атындағы совхоз ірге тепті, шаңырақ көтерді. Бірнеше шағын колхоз негізінде құрылған күрделі шаруашылыққа жетекшілік ету жайлы әңгіме қозғалғанда, сол кездегі Қарқаралы ауданының басшылары М. Тоқмурзиннің кандидатурасына тоқталды. Аупарткомдағы сөз әрі қысқа, әрі нұсқалы болды. Коммунист қиындық пен күрделі міндеттен қашпақтамауы, партия сенімін ақтауға зерделі қарауы тағы да М. Тоқмурзинді совхоз өндірісін басқару жауапкершілігін арқалауға бірден кірісіп кетуге мәжбүр етті. Бүгінде елу мыңдай қой өрбітіп, шаруашылығы шалқыған, әлеуметтік-мәдени өркендеуі кең арналанған шауашылықта бірнеше жыл директор болып қызмет атқарған М. Тоқмурзин денсаулығын байланысты өтініш жасап, «Бақты» совхозына бас зоотехник қызметіне ауысты.

Жеті жылдай совхоз директоры болып шаруашылық механизмін жақсы меңгерген іскер жігіт еңбектенген 1970-1975 жылдар аралығында «Бақты» совхозының қой шаруашылығы біршама өрге қиялай өрістеді. Бұл кезең, яғни, тоғызыншы бесжылдық осы совхозда саулық отарларынан



төл алу көрсеткіші әрбір жүз саулық соңына 90-100 аралығында қозы ертумен қорытындыланды. Отар табысын молайтудың жоғары көрсеткіштері совхоз экономикасын нығайта түсу, еңбек коллективінің әлеуметтік-мәдени дамуында оң нәтижелерге қол жеткізді. Бұл қарсаңда селодағы әлеуметтік-мәдени даму проблемаларын шешуге деген дәйекті, жүйелі бағыт жергілікті өкімет органдарының рөлін күшейту, халықтық өкімет билігіне бұқараны көптеп қатыстыру партиялық бекем талап болуы тағы да тапсырылған іске биік парызбен қарайтын коммунист М. Тоқмурзинге селолық Совет атқару комитетінің председателі қызметіне жоғарылату сенімін артты. Коммунистің қоғамдық қызметінде бұл кезең айтарлықтай жауапкершілік сипат алды. Еңбек адамдарына мәдени-тұрмыстық қолайлы жағдай жасау, өндірістің түнкі нәтижесі үшін саналылық көзқарас қалыптастыру, бұл істе халық қалаулыларының беделін көтеру, жұртты соңынан ерту правосын иелену, селодағы мәдени-ағарту мекемелерінің қызметіне ықпал жасау, бағыт-бағдар беру селолық Совет атқару комитетінің қызметіне жанды өзек болды, ширақ желілі арна тартты. Бұл істерде коммунист басшы партия ұйымының көмегіне сүйене отырып инициативалық, ізденгіштік, халық тілегіне сергектік қасиеттерін көрсете білді. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің 1980 жылғы февральда өткен сайлауында М. Тоқмурзин Фрунзе селолық Советі атқару комитетінің председателі болып сайланып, күрделі де жауапты қызметін жаңа орында жалғастырды.

Ұйымдастырушылық-бұқаралық жұмыстарда жаңаша көзқарас танытқан іскер басшы Фрунзе атындағы совхоздың сан салалы шаруашылығын өркендету, диқандар мен мал өсірушілердің әлеуметтік-мәдени, рухани талап-тілектерін өтеп отыруда жергілікті мемлекет органының қызметін мерейлі етуге бай тәжірибесін сарқа, іркіліссіз жұмсады. Совхозда бой көтерген тұрғын үйлер кварталдары, мәдени-тұрмыстық объектілер, Аққора, Сарыобалы бөлімшелеріне тартылған тасжолдар, телефон желілері, малшы



қыстақтарын жоғары кернеулі электр желілеріне қосу сияқты еңбек коллективінің әлеуметтік-мәдени дамуының қанат жаюын көздеген елеулі істерге селолық Совет атқару комитетінің төрағасы, коммунист М. Тоқмурзин айшықты еңбек жасады.

Ардагер азамат, бүгінде аға ұрпақтың жуан ортасына іліккен коммунист Мұқатай Тоқмурзиннің өмір өткелдеріне көз жүгіртсең, көкжиегін барласаң, халқымыздың «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген даналық қағидасы еске түседі. Тегі, Тоқмурзиндер әулеті – еңбек жолын туған босағасында бастаған өнегелі де өрелі әулет десек артық емес. Бүгінде ордалы семья басы Мұқаңның өзі қаршадайынан қоғамдық еңбекке етене араласуды өз анасы Қалиман әжеден бойға сіңірді. Ол кісі сонау отызыншы жылдары ұйымдасқан колхозда ағаш соқамен жер жыртып, егін салды, мал бақты, өз еңбегінің зейнетін көріп отыр. Балалары Құрман, Мұқатай, Мекентай ана еңбегін ақтап, елдің абыройлы азаматтары қатарын толықтырды. Аналары Бүкілодақтық ауылшауашылық көрмесіне қатысып, құрметті дипломмен наградталды. Тоқмурзиндер әулетінің үлкені Құрман Ұлы Отан соғысына қатысып, қиян-кескі майданда ерлікпен қаза тапты. Қыршын кетті. Туған елге оралмады. Ал, Мекентай болса ауыл шауашылығы өндірісінде еңбектенді.

Әулетімен еңбекке жаралғандар деп Тоқмурзиндер семьясына жай баға беріліп жүрмегенін Мұқатай аға мен Жәмел жеңгейдің отбасы бұтағынан айқын көреміз. Бақытты семьяның үлкені Күнтай – қазір танымал ұстаз. Қарағанды қаласындағы Жамбыл атындағы орта мектепте мұғалім болып істейді. Жоғары білімді. Тұрсын болса аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестік жүйесіндегі ауыл шаруашылығын химияландыру кәсіпорнында еңбектеніп жүр. Балалары Берік, Гүлмира, Саягүл бірі Қарағанды мемлекеттік университетінде, бірі техникумдарда оқиды. Ертеңің халық шаруашылығы салаларының маманы болып, қоғамдық еңбекке араласады. Үлкен семьяның кіші мүшелері



Мұқаңның немерелері Жандос, Жанболат есейіп, балалық бал дәуреннің қызығынан мол сусындауда.

Бүгінде алшыстың асқарына иек артып, өмір өткелдерінен сүрінбей, өз бақытын қоғамдық еңбектен тапқан парасатты коммунист, ардагер аға Мұқатай Тоқмурзин жемісті қызметтері үшін үкімет наградаларын еншілеп, жоғары партия, совет, шаруашылық органдарының Құрмет грамоталарын, Алғыс, Мақтау қағаздарын алды.

Ардагердің еңбек жолы – баршаға өнеге. Қажыр-қайраты келісті, Талды өңірінде кең танымал комунист Мұқатай Тоқмурзинге жүрек түкпірінен шыққан игі сөз – қартаймас көңіл, шат-шадыман да ортаймас өмір тілеп, өзі көп жыл қызмет жасаған ортада жастарды адамгершілік-патриоттық рухта тәрбиелеуге жігерлі ынтамен белсенді ат салысуына тілек білдіреміз.





Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ,  
Жансұлтан СҮНДЕТҰЛЫ

## ТЕГІНЕ ТАРТҚАН ТЕКТІ

**К**ісілік пен іріліктің қадір-қасиетін тең ұстайтын, аяғын жерге, арқасын елге тіреп жүретін, жаны жайлау, көңілі ояу ағамыздың бірі – Сүндет Мұқашев. Өмірдің алуан түрлі өткелінен өтіп, бүгінгі күні 90 жасқа жүк артқан ардақты жан ғасыр белесіне беттеп барады. Көңілі көркем, жаны жайдарлы қария көкірегінің көрігін басып қалса, сан түрлі сырдың ақтарылары анық. Оның әрісі – өткен шақтың шежіресі болса, берісі – елдің тыныштығын сақтап, елдіктің босағасын берік ету амалдары болары хақ.

Дүйім елдің алдында сүйкімі артқан Сүндет ақсақал даласындай аңқылдаған мінезді, дара бітімді тауларындай келбетті. Көргені мен түйгені мол абыз жайлы кең көсілін, төгіле толғануға, шалқыта жазуға, мөп-мөлдір шуақты сезімге толы тұма сырларды тізбелей беруге болады. Себебі, ол – өз ортасында ерекше орны бар тұлға, жолы мен жоңи келіскен азамат.

Тау перзентінің табандылығы мен қайсар қалпы болса бір жазбаға арқау боларлықтай мазмұн мен маңызға ие екендігін айта кету ләзім. Оның өрнегі өзгешелеу айшықты өмір жолы – өзгелерге өшпес өнеге, ғұмырының әр тарауы тағылым мен ұлағаттың ұстыны. Жасөспірім шағында қалың қауыммен бірге соғыстың қайғы-қасіретін сезінді, тылдағы еңбек майданының ауыртпалығын басынан кешірді.



Еліне елеулі Батырбек ақсақалдың шаңырағында 1929 жылы өмірге келді. Кіндік қаны тамған жер – Қарағанды облысының Қарқаралы ауданына қарасты Жаңатоған ауылдық кеңесі. 1936 жылы Нұркен ауылында мектеп табалдырығын аттап, қолына алғаш рет Әліппені алған. Сол кездегі ауыл бейнесі, елдің берекесін қашырған зобалаң кезеңнің мұңлы суреттері әлі күнге дейін Сүндет ақсақалдың көз алдында.

– «Ұзынбұлақ», «Жаңатоған» колхоздарының балалары ауылсовет председателі Шайкен Қуанышбаевтың, кейіннен Жүніс Жотабаев есімді мұғалімнің бір бөлмелі үйінде оқыдық. Ол кезде тамақ өте тапшы. Балалар көбі жаяу-жалпы, малы барлар бұзау, тайыншаға мініп мектепке баратын. Қыс маусымында сабаққа бару қиынға соғатын. Алайда, халық пейілдері көл-көсір, соншалықты мейірбан еді. Бір қыстақтағы екі-үш үйге үш-төрт баладан бөлініп жататынбыз. Үйден қойнымызға тығып алып барған таптама нанымызды үнемдеп беріп, бір жетіге жеткізетін, – деп еске алады көнекөз қария.

1943 жылы 7-сыныпты аяқтап, араға уақыт салып, яғни, 1944 жылы Қарқаралы малдәрігерлік техникумына оқуға түседі. Аталмыш білім ордасынан 1947 жылы зоотехник мамандығын алып шығады. Техникумда оқыған кезінде өзінің үлгілі тәртібі, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен зерделі жас жолдамамен Шет ауданына жіберіледі. Жас маман ол жақта да өзінің іскерлігі мен жұртқа жұғымдылығының арқасында төңірегіндегі елдің ықыласына бөленеді. Сол өңірде 1949 жылға дейін мамандығы бойынша жұмыс істейді. Кейінірек отбасы жағдайына байланысты Қарқаралыға қызмет ауыстырады. Өзінің туған өңіріне оралған соң «Жаңатоған» (Бейбітшілік), Нұркен атындағы және «Бесоба» совхоздарында зоотехник қызметін атқарады. 1956 жылы Сталин колхозына (кейіннен «Восток» совхозы, қазіргі Т. Әубәкіров атындағы ауыл) бас зоотехник болып бекітіледі. Бұл қызметте жүргенде де бедел биігінде болып, ауылдың көркеюіне, мемлекет меншігіндегі мал ба-



сының өсуіне қомақты үлесін қосады. Содан облыс, аудан басшылары сенім артып, 1964 жылы «Бесоба» совхозының директоры лауазымына жоғарылатылады. Осы қызметті табан аудармай 13 жыл абыроймен атқарады. Сол жылдары ауыл экономикасы мейлінше өркендеп, аудан, облыс көлемінде алдыңғы қатардағылар сапынан көрінгенін сол кездегі ресми мәлімет көрсеткіштері айғақтайды.

Көш басын тағылымды арнаға бұрған нар тұлға 1977 жылы Бесоба селолық Советінің төрағасы болып сайланады. Бұл қызметті атқару барысында халықпен тығыз байланыс орнатып, елдің әл-ауқатының артуына зор ынтамен назар аудара білген атпал азаматқа деген ауыл тұрғындарының да пейілі ерекше болары, әрине, бесенеден белгілі.

Ол зейнет демалысына шыққанша осы қызметтің тізгінін абыройлы ұстады. Саналы ғұмырының 54 жылында соғыс кезіндегі колхозда істеген жұмыстарынан бастап, Махамбетше айтсақ, «Толарсақтан саз кешіп, тоқтамай тартып шығарға, қас үлектен туған қатепті, қара нар керек біздің бұл іске» демекші, қайыспай еңбек қазанында қайнады.

Қазекең «Жігітке жеті өнер де аз» деп жатады. Жігіттің, елі арқа тұтқан азаматтың тұла бойынан жеті өнер ғана емес, жеті түрлі жақсы қасиет табылып жатса – сүйініш. Жарасып тұрса – мақтаныш.

Бұл жөнінде сыйлас інісі Төлеутай Шахарбаев: «Мен білетін, шынайы бағамдап, бағалайтын Сүндет ағамыз – бойына жеті қасиет тұнған азамат. Ел дегенде еміреніп, кеудесіндегі жүрегін ұсынуға әзір. Қатар жүріп, еңбек еткенімізде елдің жағдайы үшін отқа түсіп, сан ортада топ жарғаны да есімізде. Елін сүйген ер есік жақта отырмайды. Халқының қадіріне жеткен ердің орны – төрде. Біз білетін Сүндет ағамыз сол мейірім тұнған жүзі, үлкен жүрегі, таудай тұлғасымен төрде мығым отыр. Біз оған қуана құрметпен қараймыз», – дейді.

Расымен де ағамыз – жаратылысынан мейірбан жан. Ол мыңдаған жандардың ақ батасы, алғысымен көгеріп-көктеп, көркейіп, кемелденді. Сонысымен көпке сыйы артты.



Бүгінде ауылдың сыйлы, дана ақсақалы. «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген зоотехнигі», «Еңбек ардагері» медалінің иегері, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер Сүндет Мұқашев ақсақалды Қарқаралы өңірінде танымайтын жан жоқ. Ол осыншама абыройға бөлене жүріп, кіндік қаны тамған атыраптан ажыраған емес. Сондықтан да, Сүндет ағамыз – бар болмысымен өз өлкесінің өзегіне, туған табиғат әлемінің бөлінбес бір бөлшегіне айналып кеткен жан.

Жарты ғасырға жуық ғұмырын ел экономикасының көтерілуіне арнап, халықтың әл-ауқатының артуы жолында тынымсыз тер төккен азаматтың еңбегі елеусіз қалған жоқ. Жоғарыда аталған марапаттардан тысқары В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай мерейтойлық медальмен наградталды. Қазақстанда Тың игерудің 20 жылдығы құрметіне арналған тосбелгіні омырауына қадады. «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы қажырлы еңбегі үшін» медалімен наградталды. Бұлардан басқа «Тың игерудің 50 жылдығы», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске – 60 жыл» мерейтойлық медальдары мен «Ерен еңбегі үшін» медалі тағы бар. Еңселі жанның еңбегі ескеріліп, «Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы» атағы берілген. Кезінде Қарағанды облыстық партия комитетінің мүшесі болып сайланған.

2002 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қабылдауында болып, естелікке сағат алды. Сол жолы оқығаны көп, тоқығаны жетерлік, көргені мен тергені – ұлағат пен өнеге, құшағы даласындай кең ақсақалдың кемеңгерлігіне Елбасы ерекше тәнті болды. Ұлтымыздың ұл-қыздарының бәрі осы кісідей болса, шіркін!..

Ұрпағы өсіп-өнген Сүндет ақсақал – бүгінде ордалы әулеттің басшысы. Өкілө жеңгеміз екеуі 11 бала тәрбиелеп жеткізді. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Мейірім мен парасат, ақыл мен даналық, сабыр мен кішіпейілділік іздеріне ерген ұрпақтарына шаңырақтың қос бәйтерегі



арқылы дарыған. Балалары жоғары білім алып, еліміздің әр түкпірінде адал еңбек етуде. Қос қария немерелерінің қызығын көріп, бақытты ғұмыр кешуде.

Ел құрметіне бөленген ақсақалмен адами сыйластығымыз, көңіл жарастығымыз ешқашан үзілген емес. Қадірменді қарияның артындағы қарашаға қарайлай жүретін дара қасиетін үлгі тұтамыз. Жақсы ағамыз тоқсанды тізгіндеп, жүзге жарқын жүзбен, тұнық көңілімен көз тастап тұр. Жақсы көретін өз ағамыздың тамаша күндері, ғажайыпқа толы бақытты шақтары көп болғай, лайым!





Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ

## ЕЛ АҒАСЫ – ЕЛЕУСІЗ

немесе Бейбітшілік байрағын көтеруші

**Ә**уелі – Алла, одан соң елдің тағдыры – ердің мойнында. Ауылына қарап, әкімін тануға әбден болады. Жалпы, халқын көр де, билік басындағысын бағамда. Біз сөз еткелі отырған кейіпкер маңдайына бір емес, бірнеше ауыл тағдыры жазылыпты. Жауапкершіліктің үлкені де сол, жетекшілік етіп тұрғанында, қай-қайсын болсын, жұтатпай жедел дамытып, жетілдіріп отырғанын кешегі газеттер тігіндісін парақтау барысында аңғардық.

1970-1990 жылдар шегімен есептегенде, Қарқаралы өңірі Елеусіз Ержанов есімін білуі тиіс. Өйткені, XX ғасырдың ортан беліне дейін көшпелі ғұмыр кешіп, мал баққан қазақ соғыстан соң да бірден қалалыққа айналып кете қойған жоқ. Бүгін де солай ғой, жартылай қалалық, жартылай ауылдық көп қазақ. 1980 жылдары, қазіргіге қарағанда, тұрмысы төрт түлікке тіпті етене еді. Оның үстіне, Кеңес үкіметі ауыл шаруашылығын, мал өсіруді қалай көтерді?! Миллионер совхоздардың атағы аспандап тұрды. Басқарма басшысы мен малшыларының есімі – елдің аузында. Адал еңбек етсең, көтерілмей қалмайсың. Сол уақыттарда Елеусіз ағасынды еңбекке адал жандардың жұлдызы жарқырап, айы оңынан туды. Жеке басының айы емес, осындай адал да еңбекқор азаматтар басқарған совхоздар мен елді мекендердің жұлдызы жанды. Бірнеше совхоздың жұлдызын жақты Елеусіз аға. Ендеше, басынан бастайық.



Міне, дәл осындай жетпісінші-сексенінші жылдары Елеусіз ағамыз Қарқаралыда аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарған. Өзінің айтуынша, көбіне мал шаруашылығын үйлестіру жағында болыпты. Бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отырған құрмет демалысындағы ақсақалдың іскер басшы болғаны айтқан әрбір сөзінен байқалады. Еңбекке араласқанға дейін 1961 жылы Қарқаралы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумын бітіріпті. Отан алдындағы әскери борышын отсп қайтқан. Орта буын мамандардың қатарында өндірісте тер төге жүріп, Семей зоотехникалық институтын сырттай оқып бітіргені тағы бар. Совхоздарда бас зоотехник болып қызмет істеген практик маман жерден көтерілген десек, артық емес.

Ауыл шаруашылығы саласында аудан жұртшылығы айтып жүрерлік қолтаңбасын қалдырған Елеусіз аға жайлы ізденгенде, ескі газет тігінділерінен очерк сипатында бірер мақала ғана ұшыраттық. Ер мінезді еңсегей жанның тұлғасын сомдауға соның өзі жеткілікті еді. Ол кезде совхоз директорының портреті жиі шыға бермесе керек-ті. «Бейбітшілік» совхозының директоры Елеусіз ағаның портретін аудандық газеттің 1989 жылғы 6 маусымдағы санына сол тұстағы СССР Жазушылар одағының мүшесі, қазіргі Алаштағы абдан ақындардың бірі Серік Ақсұңқарұлының өзі жазыпты. «Ел ағасы» деп айдарлапты тақырыбын. Екінші бірін өйтін емексіте ме? Елекеңнің ел ағасына айналғаны бүгін емес, қазақ қазақ болғалы дегендей, Елекең Елекең болғалы не анман?! Алайда, ол мақалаларды да қанағат тұтпай, ақсақалдың өзімен сөйлестік. «Кезінде бүйткем, сөйткем» деген жоқ. Мейлінше қарапайым әрі көп сөйлемейтін турашылдығы бірден байқалды. Бұл қасиеттердің артынан «үлкен болсаң, кішік бол» ұстанымы қылаң ұрады.

«Бейбітшілік» совхозы – ауданымыздағы жас шаруашылықтардың бірі, он бірінші бесжылдықтың төл перзенті, 1981 жылдың 15 октябрі әлі есімізде. Нұркен атындағы совхоздан бөлініп, жеке отау болған жас шаруашылықтың шаңырағын көтеріп, уығын шаншуға келгендер құлан жортыпас қу медиен далаға қарап, асқақ арманға бөленген еді. Со



кезде Жаңатоғанда он шақты-ақ үй болатын-ды. Айпаласы бес-алты жыл ішінде осы жас шаруашылық іргелі совхозға айналып кететінін ол кезде ешкім де болжай алған жоқ», – деп жазыпты сол кездегі совхоз директоры Елеусіз Ержанов Қарқаралы аудандық «Коммунизм таңы» газетіне (1 қыркүйек, 1987 жыл).

Нүркеннен бөлініп шыққан бұрынғы «Бейбітшілік», бүгінгі «Жаңатоған» ауылы – бұл. Қазір де «Бейбітшілік» дейді ел. «Елге ел қосылса – құт» деп жататын біздің халықтың «Бөлінгенді бөрі жейді» дейтіні бар емес пе еді? Алайда Нүркеннен бөлініп, жеке совхоз шыққан «Бейбітшіліктің» шаруасы шалқыды. «Нүркен атындағы совхоздан бөлініп, жеке отау болған жас шаруашылықтың шаңырағын көтеріп, уығын шаншуға келгендер құлан жортпас қу медиен далаға қарап, асқақ арманға бөленген еді» дегенді совхоз директоры сол кез саясатының ыңғайына жығып айтып тұрғаны анық қой. Әйтпесе, қонатын ел, көретін қара жоқ құлан жортпас қу медиенге көз тіккен кімнің болса да көңілі құлазиды. Айналып келгенде, Тәуелсіз Қазақстанда туып, еркін көзқараста өскен біздің құлаққа «он бірінші бесжылдықтың төл перзенті» деген сөздер түрпідей тиеді. Мұны да автор заман ырқына қарай, идеологияға байланысты көлденең тартқанын аңғару қиын емес. Бейбітшілік Бейбітшілік болса, сондағы ел еңбегінің жемісі мен жеңісі емей не? Оны ниққа тұрғызып, қаз бастырған Елеусіз сынды алғашқы басшылары ауыл-елдің ағасы болмағанда ше?

«Бейбітшілік» ауылы аудандағы шаруашылығы шалқыған алдыңғы қатарлы совхоздардың бірі болғанын бүгінгі көнекөз ел айтады. Ауылды аяққа тұрғызып, қаз бастырған алғашқы басшысы Елеусіз Ержановты бүгінде бұрынғы көз көрген замандастарының қай-қайсы болсын атын естіп, өзін көрсе, құрметтеп сыйлайды, білем. Себеп жетеді оған. Бұл кісі басшылық еткен ауылдардың басқасын айтпағанда, атылған совхозды жерден көтеріп, көркейтудегі еңбегі неге сұрады?!

1981 жылы он шақты үйден ғана тұрған қарымы кіші мекеннің айналасы алты жылдың ішінде қандай жетістікке жеткенін қараңыз. Санаулы жылдар ішінде мұнда алпыс-



тан астам көп пәтерлі үйлер салынып, тұрғындарға табысталған. Ненің арқасында? Жұртты еңбекке жұмылдырып білген басшының ұйымдастырғыш қабілетінен туған өнімді еңбек нәтижесінің арқасында. Шаруашылық құрылғандағы 24 мың қой алты жылда 35 мыңға өсіп шыға келген. Осы алты жылда мұндағы шопандар қойды өз төлі есебінен өсірген. Шопандықты мамандықтың шолпан жұлдызы еткен Медет Қасымов, Сәйкен Балмағанбетов сынды 100 саулықтан 140-145 қозы алған ерен еңбек иелері болған бұл ауылда. Сол жылдары «Медеті бар ауылдың мерейі үстем» сөзін шығарған осы Елеусіз аға көрінеді. Оны естіген Медет шопан «Қолынан келген ғана қой бағады» деп қанаттандырып, соңынан қаншама еңбекқор қойшы ерткен деседі ел.

Алғашында ауылда небары 17 механизатор болса, кейіннен олардың ұзын-ырғасы 32-ге жеткен. Ол да жеткіліксіз болғандықтан, ауыл жастарын кәсіптік-техникалық училищеге оқуға жіберіп отырғаны да ауылдың сатылап жоғарылағанын байқатпай ма?

«Совхозымыз жақсы болса, соның игілігіне басшының бәрі ортақ. Жаман болса, таяқ жейтін – директор» дейтін сөз Кеңес үкіметінен қалған. Осынау өткен ғасырда, бірінші басшының атына мақтау сөз айтыла бермеген заманда тақты жарып, тау қопарарлық қайрат-жігерімен көзге түсіп, «ел ағасы» атану – ердің ерінің қолынан келгені өтірік емес. Сондай сирек жандардың арасынан біздің кейіпкер демен мұндалайды. Совхоз директоры қызметінің ыстығына күйіп, суығына тоңа жүріп, шаруашылықтың қыр-сырына қанығып, әбден ысылған Елекең заман аңғарын да анық бағамдаған ақыл иесі демесеңе қоймайды. Уақыт талпын қойған жаңалықты жатсынбаған қазақ сол сексенінші жылдары «Бірғалып-жырғалмай, тез арада арендалық мердігерлікке көшу керек» депті. Қазіргі қоғам ақыры айналып осы тәсілге көшкенін тарқатып айтып жатудың өзі артық шығар.

Ел басқарып, осындай өрелі пікірді дер кезінде айта білген ағамыз – бүгінде ел ағасы – Елеусіз деген есімге обден лайықты. Ақсақалдық ниеті мен тілеуқорлығынан таймаған осындай аталарымыз аман болсын!



Жанат МАЛГЕЛДІҰЛЫ

## ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ИЕСІ

**Е**р азамат – елінің қорғаны, отбасының тірегі», – деп дана халқымыз тегін айтпаған болар. Адамдығы асқақ азамат Рапихов Малгелді ата жайында сөз қозғаудың өзі – бір мәртебе.

Рапихов Малгелді 1939 жылы ақпан айының 28-і күні Қарқаралы ауданы «Жарлы» кеңшарында, қазіргі Нұркен ауылында қарапайым шонанның отбасында дүниеге келген. Арқаның ажары болған, тектілер тербетілген қасиетті өсікте - Қарқаралы жерінде дүниеге келуінің өзінде үлкен бір мағыналы сыр жатқандай. Әкесі Ахмедтуллин Рапихов пен анасы Ахмедтуллина Гүлбаршын – өмірлерін бір арнаға тоғыстырып, жеті баланы дүниеге әкеліп, саналы тәлім-тәрбие берген асыл жандар.

Малгелді ата Нұркен ауылында бастауыш сыныпқа барып, орта мектепті 1957 жылы Қарқаралы қаласындағы №1 мектебінде тәмамдаған. Сол жылы Қарқаралы қаласындағы советтехникумға түсіп, 1960 жылы зоотехник мамандығы бойынша қызыл дипломмен бітіреді. Жоғары білім алу мақсатында сол жылы Алматыдағы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түсіп, 1965 жылы мал дәрігері мамандығын алып, туған жеріне оралды. «Туған жерге туың тік» дегендей, қызықты балауса кезең – албырт жастық шағы туған жердің топырағында өткендіктен, Малгелді ата еңбек жолын осы туған өлкесінде бастайды.

1965 жылы ауданның ауыл шаруашылығы басқармасының мал дәрігері, 1966 жылы «Бесоба» совхозының бас



мал дәрігері, 1968-1969 жылдары Целиноград қаласында ауыл шаруашылығы басшыларын дайындайтын мектепте оқып, 1969 жылы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының орынбасары болып қызмет етті. 1971-1982 жылдар аралығында Талды ауданындағы «Бақты» совхозының директоры қызметін абыроймен атқарды. 1982-1985 жылдары Жамбыл атындағы совхоздың бас мал дәрігері, 1985-1988 жылдары «Прогресс» совхозының директоры болып қажырлы еңбек етті. 1988-1994 жылдары «Еңбек» совхозында мал дәрігері мамандығы бойынша ауыл шаруашылығы саласына өзінің елеулі үлесін қосты. 1994 жылы «Ақтерек» совхозына ауысып, совхоз директоры болып, зейнеткерлікке шыққанға дейін аянбай еңбек етті.

Ауыл шаруашылығын өркендетудегі өрелі еңбегі Үкімет тарапынан жыл сайын лайықты бағаланып, атаулы мерекелер сайын аудандық, облыстық ресми орындардың, комсомол, партия органдарының мәртебелі марапаттарын және депутат ретінде бірнеше министрліктің, облыстың Алғыс хаттары мен мадақтамаларды иеленді. 1973-1976 жылдары екі мәрте «Құрмет белгісі» орденімен және медальдармен марапатталды.

1965 жылы 7 тамызда көңілі жарасып, Төлеубекови Бақытжанмен шаңырақ көтерді. Жұбайы Бақытжан – Семей қаласының тумасы. Экономист-бухгалтер мамандығының иесі. Тату-тәтті отбасылық ғұмыр кешіп, 5 баланы тәрбиелеп, әрқайсысының іргелі азамат болып қалыптасуларына жағдай жасап, аянбай еңбек еткен ардақты ата-ана. Тумысынан еңбекқор әке өз ұрпағына ұшан-теңіз ұлағат сіңіріп, айналасына үлгі-өнеге болғанын өзінің балаларынан аңғаруға болады. Қазіргі таңда балаларының барлығы жоғары мамандық иелері, абыроймен әр салада қызметтерін атқаруда. «Әке көрген оқ жонар» дегендей, асқар тау әкесінің жолын қуған кенже баласы Жанат мал дәрігері болып туған жерінде еңбек етіп, алғысқа бөленуде. Малгелді ата мен Бақытжан әженің өмірінің жалғасы, болашағының дәнекері, үлгілі ұрпағы саналатын, татулығы мен ынтымағы жиі



расқан ордалы отбасы айналдасындағыларға үлгі бола білді. Үш немересі жоғары білім алып, еңбек етуде. Басқа немерелері мектепте білім нәрімен сусындаса, ал одан кішкентайлары балабақшада тәлім-тәрбие алуда.

2005 жылы Малгелді Рапихұлы 66 жасында тал бесіктен жер бесікке аттанып, дүниеден өтті. Өмірден озса да, әр баласының, немере-шөберелерінің, туған-туыстарының, жолдас-жораларының, туған елінің көкейінен өшкен емес. «Орнында бар – оңалар» дегендей, бүгінде Бақытжан әже – 73 жасқа келіп, қасиет пен құт дарыған Қарқаралы жерінде кенже баласымен қара шаңырағының түтінін түтетіп, шаңырағына шуағын шашып, ырыс-берекесін, ана жылуын сыйлап отырған қазыналы қария.

«Жігіттің жұмсаған күшін сұрама, бітірген ісін сұра» демей ме халық даналығында. Қажымас қайраттың, парасаттылықтың, табанды талаптың несі, қызметте іскер бола білген ардақты жан – Малгелді Рапихұлының бағындырған белестері мен алған асулары аз болмады. Халық келешегіне еңбегі сіңіп, игілікті ірі ісімен аудан, облыс, республика көлемінде, туған еліне танылған іскер азаматтың жұлдызы жарқырады. Қиындығы мен рақаты мол өткен өмір белестері адал еңбек пен ізденіске толы болды. Малгелді Рапихұлы өмірден озса да, соңында алтын құрсақты Бақытжан ана ақыл-кеңесін беріп, отбасының ұйытқысы болып отыр. Алдағы өмірінде нұрлы болашақ – немере-шөберелерінің, шөпшектерінің қызықтарын көруге Алла тағала нәсіп етіп, төккен маңдай тердің жемісін жегізуге жазсын!

«Адамның өмірі қаншаға келсе де, баланың атқа мініп, шауып өткеніндей ғана екен» дегендей, Малгелді Рапихұлы тірі болса бүгінгі таңда сексеннің сегізгіне келер еді...

Малгелді атаның адалдықпен, еңбекпен жүріп өткен аралы өмір жолы өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болары анық.



**Марат РАЙЫМБЕКОВ,  
Қарқаралы және Осакаров  
аудандарының Құрметті азаматы**

## ТЕКТІНІҢ ТҰЯҒЫ – ТІЛЕТАЙ

**А**дамның ұлылығы алдымен көңілінің көсемдігінен анық көрінетінін ешкім жоққа шығармас. Сайдан көрінбей жүрсе де, шыңның басынан көрінетіндей қабілеті бар адамдар болады. Міне, марқұм замандасымыз Тілетай Шаяхметұлы осындай жампоз жандардың қатарынан еді.

Тілетай – ұшар басын қырандар мекен еткен, шыңдары алтын күннің нұрлы шуағына шомылған, асқарлы алып таулардың баурайында ержетіп, еңсесін тіктеген жап. Оның бойындағы биіктік пен кеңдік, дархандық пен жомарттық, кіршіксіз тазалығы, адамдық қасиеті өзі туып-өскен қасиетті Қарқаралыдан дарығаны сөзсіз.

Өмір болған соң талай адаммен кезігесің, қатар сапар шегесің. Ал Тілетай екеуіміздің өмір жолымыз қиылыспауы мүмкін емес еді. Бұған себеп – біз бір өңірде өстік. Тілетайдың кіндік қаны тамған ауыл – Нұркен. Менің бүкіл туысқаным сол ауылдан. Жастайымыздан бірге ойнап, біте қайнастық. Тілетай жастайынан өзін үлкен бастық болуға дайындады. Менің әкем Темір: «Тілетай, сен өскенде кім боласың?» – дегенде, қасқиып тұрып Тілекең: «Мен райком боламын!» – деп жауап беретін. Өз еңбегінің арқасында ауыл шаруашылығы саласында үлкен деңгейге жетті.

Сонау 60-жылдардың басында қазақ орта мектебін бітірген балаларды сот немесе прокурор, мал маманының оқуына жіберу дәстүр болатын. Нұркен ауылындағы мектепті



ақтаған Тілетай бір топ тұстастарымен техникумның та-  
балдырығын аттады. Жасынан зерек, сиыр бағып, қой өр-  
гізіп, жылқыны қанат еткен жанға бұл білім ордасында оқу  
қиынға соқпады. Өйткені, төрт түліктің түгелін түп атасына  
дейін біледі. Дессек те, білімге деген құштарлық жалынды  
жасты алға сүйреді. 1965 жылы Алматыдағы мал мамандары  
ның даярлайтын институтқа құжаттарын тапсырды. Оқуды  
1970 жылы тәмамдап, еңбек жолын Нұркен совхозының аға  
зоотехник маманы ретінде бастады. Біліктілігінің арқасын-  
да биік белестерді бағындырды. 1973 жылы партия қатарына  
қабылданды. Кеңестер Одағы еңбек етудің көзін таба  
алмаған дарынды адамдарға даңғыл жол ашып қойғанын осы  
жерде ерекше атап өткім келеді.

Аға зоотехник болып бастаған ол бас зоотехник дәрежесіне  
көтеріліп, еңбегін еселеді. Бұдан кейін басқарма бастығының  
орынбасары қызметін абыроймен атқарды. 1982 жылы  
аудандық партия комитетінің ұйғарымымен «Восток» сов-  
хозына директор болып барды. Директор кезінде мал мен  
егін шаруашылығын қатар дамытты. Нәтижесінде өңіріміз-  
дегі мал саны мен егін алқабының көлемін едәуір ұлғайтуға  
күш салды. Сонымен қатар, Бесоба ауылын көркейтуге зор  
үлес қосты. 2001 жылы Қарқаралы аудандық аумақтық  
басқармасының бас маманы – мал тұқымын асылдандыру  
көшіндегі мемлекеттік инспекторы ретінде аудан көлемінде  
агроөнеркәсіп кешенін өркендетуге қомақты үлесін қосып,  
көш бастады. Өмірден тоқығаны жетерлік еді. Көргені де,  
өткені де ұлағат пен өнеге болатын.

Тілетай ардагер еді. Ардагер сөзі «ауырдың үстімен,  
еңілдің астымен» жүретіндерге емес, жүктің бар сал-  
мағын өзінің иығына сала көтеріп, соны тиісті жерге тия-  
насты жеткізіп беретін азаматтарға арналған. Мен жақсы  
білетін Тілетай осы өлшемге толығымен сай келетін атпал  
азамат еді. Тіршілігінде атқан таңының әр күнін жай құр  
ғана емес, үлкен мақсатқа жетуге күш салатын ізденіске,  
дүниеге толық қуат жігерімен бастайтын. Жалпы, жан-жағы-  
мен достық ықыласы, жүрегінің жылуы, достығының нұрлы



сәулесі шашылып тұратын. Ақылы мен арманын, абыройын, ар-ожданын жолдас еткен, қайсарлығы мен қайратын тең ұстаған азаматтың өмірден ерте аттанарын кім білген. Тағдырдың жазуы болар. Көріп, танығалы сәні мен мәні жарасқан отбасында махаббат маздады, ешқашан араздасқан жоқ. Оның қуәлігі – жұлдызы жарасқан отбасы мен ата-анасының қуанышы, ізбасары, қолғанаты бола білген балалары.

Қамшының сабындай қысқа ғұмырында адамдық – оның бет-бейнесі, көркі мен дара келбеті еді. Сағынышқа айналған жақсылар-ай! Енді біздің өткен күнге тұнық көңілмен көз тастап, құшағы даласындай кең азаматқа иман тілегеннен басқа амалымыз жоқ.

Алла отбасына амандық берсін!





Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ

## АУЫЛДЫҢ АРДАҚТЫСЫ

**Б**із өткен тарихқа құрметпен қарап, қиын-қыстау кезеңде ұрпақ амандығы мен ел тұтастығы жолында аянбай еңбек сткен азаматтарды ардақтай білуіміз керек. Қаймағы бұзылмаған қай ауылға барсаңыз да, тұнып тұрған шежіреге, еңбек адамдарының онсегелі өміріне кез боларыңыз анық. Мақаламыздың кейіпкері ақ патшаның тағы әлсіреп, ішкі Ресейде дүрбелең болып жатқан кезеңде дүниеге келген. Жалындаған жастық шағы ұжымдастыру кезеңіне дөп келіп, қуғын-сүргін мен жалған жаланың зардабын тартады. Соғыстан кейінгі бейбіт кезеңде күйреген шаруашылықты қалпына келтіруге атсалысып, зейнет жасына шыққан соң да қарап отырмай, ел ісіне араласып, белсенділік танытқан азамат. Сонымен...

Кейіпкеріміз Кәрібай Жүзбаев 1907 жылдың 4 қаңтарында «Жаңатөған» ауылының Керегетас қыстауында дүниеге келген. Қыстаудың дәл іргесінде «Жүзбай сайы» деген жер орналасқан екен. Кәкеңнің ата-бабасы осы өңірді ерте бастан мекендеп, шаруашылығын өрбітсе керек. Сондықтан да, қоңсы қонған ауылдар әлгі сайды «Жүзбай сайы» деп атап кеткен.

Кәрібай Жүзбаев дүниеге келген кезде ақ патшаның тізесі елге батып, халық бостандықты аңсай бастаған еді. Ол кісінің балалық шағы Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталып, қазақ жастарын жаппай қара жұмысқа алып жатқан шағына дөп келеді. Одан кейін аласапыран басталып, төңкеріс болды. Үкімет ауысты. 1928 жылы елді жаппай



ұжымдастыру, жекенің малын колхозға біріктіру басталды. Ғасырдан ғасырға жалғасқан дәстүрлі шаруашылық түбегейлі жойылып, әсіре белсенділердің белең алған тұсы еді бұл. Бала жастан қиындықты көп көрген азамат ел ісіне белсене араласып, 1940 жылға дейін халық шаруашылығын көтеруге күш салады. Әйтсе де, игі-жақсылардың түбіне жеткен қуғын-сүргін жылдарының салқыны бұл кісіні де айналып өтпей, жалған жаламен абақтыға қамалған. Жаланың кесірінен Алматының түрмесінде бірнеше ай бойы тергеуде болады. Көптеген қиындықтарды бастан өткеріп, заңсыздық пен зорлық-зомбылықтың сан түрін көреді. Түбі арыштың ақ, қолының таза екені дәлелденіп, ақталып шыққан. Алайда, қара күйе күйдірмесе де, кетпейтін дақ қалдыратыны бар емес пе?! Абақтыдан шыққан соң ауылға қайтпай, Қарағанды қаласында тұрақтап қалған.

Әйтсе де, қарап отырмай, «Екі қолға – бір күрек» деп шахтаға түседі. Ел іргесі тыныш болғанымен, алда үлкен соғыстың болары анық байқала бастаған тұс. Майдан шебінен алыста орналасқан Қарағанды көмір бассейнін игеру ісі қарқын алады. Кәрібай Жүзбаев соғысты шахтада жүріп қарсы алған. Ел іргесіне жау шапқанын естіген соң жұмыстың өнімділігін де бірнеше есеге арттырып, күні-түні бел жазбай жұмыс істейді. Қарағанды шахтерлерінің ерен еңбегі жаудың бетін кері қайтарып, жеңіс күнінің жақындауына өлшеусіз үлес қосты.

Елдегі ер азаматтардың дені майданға аттанып, ауылда бала-шаға мен әйелдер және кемпір-шалдар ғана қалып, ауыл шаруашылығының дамуы кенжелей бастағандықтан, осы салада тәжірибесі мол Кәрібай Жүзбаев 1944 жылы бұрынғы 1 Май, қазіргі М. Мамыраев ауылдық кеңесінің төрағалығына ауысады. Жеңістің сүйіншілеген хабарын осы ауылда қарсы алып, 1954 жылға дейін табан аудармай, 10 жыл қызмет еткен. Ал, 1954-1962 жылдар аралығында бұрынғы Қу ауданына қарасты «Аққора» колхозында басқарма болып қызмет атқарады. Кейін ерліктің соны үлгісін көрсеткен қыран қазақ Нүркен Әбдіров ауылына қоныс



аударады. 1962 жылдан 1967 жылға дейін агроном, 1967 жылдан бастап зейнет демалысына шыққанға дейін (1972) ауылкеңес торағасы лауазымында қызмет атқарады.

Өмірі ат үстінде өткен адамның үйде тыныш отырын қалуы қиын ғой. Кәрібай ақсақал да зейнет демалысына шықса да құр қарап отырмай, ауыл тірлігіне белсене араласады. Басшылықтағы азаматтарға ақыл-кеңес беріп, жас мамандарға шаруашылықтың қыр-сырын үйретеді, сонымен қатар, қаймағы бұзылмаған ауыл балаларының тәрбиесін де назардан тыс қалдырмай, жастарға бағыт-бағдар сілтеп, үлгі-өнеге көрсеткен. Өмірін ел ісіне арнаған Кәрібай ақсақал 1978 жылдың 14 қаңтарында 71 жасында дүниеден өтті.

Кәрібай атамыз бен Дәметкен әкеміздің Төлеухан және Мұратхан есімді қос ұлы бар. Екеуі де – ел таныған, адал еңбегімен көзге түскен азаматтар. Бала жастан автокөлікке қызыққан Төлеухан Жүзбаев мектепті бітірген соң шофер оқуын тәмамдап, осы саланың нас маманы болып шығады. Тапсырылған жұмысты уақытылы орындайтын, еңбекке жаны жақын азамат аз уақыт ішінде ауылдастардың сый-құрметіне бөленген. Мұны аудандық газетке жарияланған мына материалдан-ақ аңғаруға болады:

«Бейбітшілік» совхозының еңбеккерлері егін орағына қызу кірісті. Совхоздың диқан-механизаторлары биыл 6500 гектар алқаптан өнім алуды межелеп отыр. Совхоздың егінді алқаптары қазір ерен еңбек дүбіріне бөленген. 25 комбайн тоқтаусыз жүріп тұр.

Комбайннан астық тиеу ширақ жүргізілуде. Бұл істе автомобиль жүргізушісі Төкен Жүзбаевтың еңбексүйгіштігі мен елгезектігін ерекше тілге тиек еткен жөн. Төкен – 16 жылдан бері темір тұлпар тізгіндеп келе жатқан қыр түлектерінің бірі. Ол еңбек еткен уақыт ішінде табыс тұғырынан бір сәт түсіп көрген емес. Міне, биылғы астық шеруінде де тың шабыт, соны қарқынмен тер төгіп, жерлестерінің ілтипат-құрметіне бөленуде», – делінген тілші М. Омаровтың «Төкенге ел риза» деген материалында.



Кәрібай ата мен Дәметкен әженің екінші ұлы Мұратхан ағамыз да жастайынан алғырлығымен, зеректігімен көзге түскен. Қарқаралы зоветтехникумын бітірген соң Нұркен атындағы совхозда түрлі қызмет атқарады. Жұмысқа білек сыбына араласып, айналасына өзін сыйлата білген азамат 1973-1975 жылдар аралығында комсомол ұйымының хатшысы болып қызмет істеді. Әйтсе де, сұм ажалға шара бар ма?.. Жалындаған азамат 1982 жылы жалғанды тастап, мәңгілік сапарға аттанып кеткен.

Кәрібай Жүзбаев ақсақал ат жалын тартып мінген жастық шағынан бастап соңғы демі шыққанша ел ісінен қалыс қалып көрмеді. Ағайынның амандығы жолында күндіз күлкі, түнде ұйқыны ұмытып жұмыс істеген кездері болған. Еңбегінің зейнетін көрді. Ел алғысына бөленді. Ұрпақтары өзінің ісін жалғап, атына кір келтірмеді. Мұның өзі – көңілге медеу. Өзі өмірден өтсе де, артында сайрап жатқан ізі, көзіндей ұрпағы бар...





Аян БЕЙСЕНБЕК,  
Нүркен ауылының әкімі

## АБЫРОЙЛЫ АЗАМАТ

**К**еңес Одағының Батыры, қаһарман жерлесіміз Нүркен Әбдіровтің 100 жылдығына арналған мерейтойы қарсаңында ауыл басшысы ретінде біршама шаруаларды қолға алып, қаншама құжатқа үңілуге тура келді. Туған жердің топырағына маңдай терінің тамшысы тамған Нүркеннің із-басарлары, бейбіт еңбек майданының ерлері туралы дерек іздеп, ой топшыладық. Соның ішінде, батыр бабаның рухын дәріптеу, Нүркен ауылының келбетін келісті ету жолында жасалған еңбектерге ерекше үңілдік. Көңіл көкжиегіне қопақтай қалған ізгі ой мені ауылымызды ұзақ жыл басқарып, пудан көлемінде Қарқаралының дамуына өлшеусіз үлесін қосқан абыройлы азамат Жеңіс Көпжасаров туралы жазуға жетеледі.

Иә, нүркендіктер Жеңіс Жұманбайұлының еңбегін біледі, бағалайды. Ұмытқан жоқ.

Оу баста осы Нүркен ауылының жастарына жетекшілік етіп, комсомол ұйымының хатшысы болып атқа мінген аб-шалаға күні бүгінге дейін аттан түскен жоқ. Нүркен Әбдіров ағындағы қорға жетекшілік етіп, батыр бабаның әр рухын осықтату жолында мінсіз қызмет етіп келеді.

Қарқаралы қаласының бірнеше мерейтойын ұйымдастыру алқасында болып, туған жердің өсіп-өркендеуіне, Арқаның алтын алқасындай болған Қарқаралының тарихын танытуда Жеңіс Көпжасардың көп еңбегі, айшықты қолтаңбасы бар.



Аудандық деңгейде атқарған қызметтерін былай қойған да, бір ғана Нүркен ауылына әкім болған жылдары (2001-2012 жж.) ғасырға жүк боларлық іс тындырды. Мәселен, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ел еңсесі еңкіш тартып, халықтың әлеуметтік ахуалы күрт төмендегенін жақсы білесіздер. Ауыл халқы қалаға үдере көшіп, урбанизация белең алды. Ата-баба қорымына алаңдап, ұлттық рухтың шырақшысындай болып ауылда қалған үркердей ағайынға пана болу ісі күрделенген. Міне, Жекең ауыл тізгінін осы тұста ұстады.

Бұған дейін Қарқаралы қалалық кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарған, тәжірибесі мол, талғамы биік іскер басшы үшін шағын ауылды басқарып, игеріп әкету не, тәйірі?! Ұршықша иіріп ала жөнелді. Айтқандай-ақ, ертеректе Қайнарбұлақ ауылдық кеңесінің төрағасы, «Бақты» совхозында, Жамбыл атындағы совхозда партия ұйымының хатшысы болғаны бар. Өмірдерек жылнамасындағы осы қызметтердің барлығының өзіндік ауыртпалығы, ерекшелігі бар еді. Күрделі уақыттар болды. Сындаларлы сәттер туды. Соның бірінде Жеңіс Жұманбайұлы тығырыққа тіреліп көрмепті.

Біздің Нүркен ауылына 2001 жылы тамыз айында келді. Орталықтан шалғай, Жарлы өзенінің қос жағалауында қоныс тепкен бұйығы ауыл. Ажары тайып тұрса да, халқы пейілін бере қоймаған. Өтпелі кезеңге өкпесі де бар. Алайда, Жеңіс Көпжасар тізгін ұстаған сәттен бастап тамырына қли жүгіріп, келбетіне көрік енді. Ауыл мектебіне жаңа автобус алынып, наубайхана жұмыс істей бастады. Мәдениет үйіне бильярд үстелі келді. Жастар өмірінің мазмұны артты. Телефон байланысы қалпына келтіріліп, ұялы байланыс мұнарлары орнатылды. Нүркен Әбдіровке арналған әскери үшінші ескерткіші ашылды. Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндер үшін шағын орталық жұмыс істей бастады. Имандылық ұясы мешіт ашылып, дәрігерлік амбулатория, пошта, кітапхана қолайлы ғимаратқа көшірілді. Нүркен бабамыздың 100 жылдық тойы жоғары дәрежеде аталып өтті.



Міне, осының барлығы Жеңіс Жұманбайұлының ұйымдастыру қабілеті мен іс тетігін таба білген шеберлігінің арқасында атқарылды.

Әлі де ел ісінен шет қалған жоқ. Ауыл ақсақалдары кеңесінің төрағасы. Іс басындағы жастардың ақылманы. Қазіргі уақытта қолға алынып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың ауылға тигізер шапағатын насихаттаушы, түсіндіруші. Жалпы айтқанда, ұлы мұрат жолындағы иігі істердің ұйытқысы болып, ел ішінің ауызбірлігі мен ынтымағына дәнекер болып жүрген қадірлі ақсақалымыз.

Алтын бесік ауылымыздың гүлденуі жолында аянбай еңбек ететін патриоттар буынын тәрбиелеу, жастарды ауылда тұрақтандыру, ол үшін жастар өмірінің жаңа сипатын қалыптастыру деген секілді қыруар мәселе – Ардагерлер кеңесінің күн тәртібінен түспейтін өзекті тақырыптар. Осының барлығын Жеңіс аға оңтайлы ұйымдастырып, біздің әр ісімізге бағыт-бағдар, ақыл-кеңесін беріп келеді.

Мемлекеттік қызметтің майталманы, іскер басшы, ақылман аға Жеңіс Жұманбайұлына деген Нұркен ауылы халқының құрметінде шек жоқ. Өзіміз Жекеңе арқа сүйеп, ақылын тыңдауға әрдайым әзірміз.

Қарттар – қазынамыз. Ал, оның ішінде Жеңіс ағаның тағдыр жолы мен жетістігі – біздер үшін бір мектеп.

Кісілік келбетіне дақ түсірмей, ел үшін еселі еңбек етіп, қарапайым халықтың қамын жеп жүрген абыройлы ағаға Алла ғұмыр берсін!



Қарлыға ШАЯХМЕТОВА,  
ұстаз

## АРҚАНЫҢ АРДАГЕРІ

*Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері, Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген ауыл шаруашылығы қызметкері Іңкәрбек Шаяхметовтің азаматтық тұлғасы және еңбектегі іс-тәжірбиесі туралы қадау-қадау ой толғап, қарыс-қарыс мақала жазуға болар еді... Нағыз ардақтауға тұрарлық ардагер болатын-ды.*

**І**ңкәрбек Шаяхметов 1935 жылы 9 январьда Қарқаралы ауданының Жарлы селосында туды. 1945-1955 жылдары Қарқаралы қаласындағы №1 орта мектепте оқыды. Совет Армиясы қатарынан оралғаннан кейін, 1958 жылдан бері Қарақаралы ауданындағы Нүркен Әбдіров атындағы совхоздың шопаны болып еңбек етеді.

Іңкәрбек Шаяхметов – 1962 жылдан КПСС мүшесі. 1979 жылы Қарқаралы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумын бітіріп, зоотехник мамандығын алды. Аудандық партия комитетінің мүшесі, халық депутаттары аудандық Советінің депутаты, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері атанды. Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, СССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің үш күміс және екі қола медалімен, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталған. СССР халық депутаттығына Қарқаралы ауданындағы Нүркен Әбдіров атындағы совхоздың коллективі ұсынады, ал №143 Қарағанды-Тельман ұлттық территориялық округ



інің сайлау комиссиясы оны кандидат етіп тіркеді. 1989 жылы 26 мартта СССР халық депутаттарының сайлауына ұсынылды.

### Отыз жыл озат атанған

1987 жыл. Ноябрь. Қарқаралы Мәдениет сарайы. Ұлы Октябрьдің 70 жылдығына арналған еңбек озаттары мен қоғамдық ұйымдар өкілдерінің салтанатты жиналысы.

Бір сәтте сөз кезегі атақты шопан Іңкәрбек ағаға тиді. Жарасымды қоңыр костюм киген шопан жайлап басын мінбеге көтерілді.

«Еліміз осы жетпіс жыл ішінде оттан да, судан да өтті. Сол қиыншылықтың шет-жағасын біздің ұрпақ та көрді. Ұлы Октябрь идеясының бүгінгі ең зор түйіні — еңбек құдіретінің асқақ мәртебеге ие болуы. Соның ішінде ақ қар, көк мұзда, жапан дала, құба тұзде қиындықпен бетпе-бет айқасып жүрген ер шопанның еңбегі ерекше. Осы еңбек армиясының ортасында болғанымызды мақтан етеміз!» — деген-ді ол кісі.

Талай биік мінбеден сөз алған, Қазақстан Компартиясының XIV, XV съездеріне делегат болып та қатысқан Іңкәрбек Шаяхметовтің мереке күні ақ жарыла айтқан ашық лебізі шірде отырғандарды да баурап алған еді. Сол жолы атақты шопан Ұлы Октябрьдің 70 жылдығы құрметіне КПСС Орталық Комитетінің Құрмет Грамотасымен наградталған.

Таяуда атақты шопанды Қопалы көлдегі ауылына іздеп бардық. Дана халқымыз «Жалғыз шапқан жүйрік емес» дейді. Шаяхметовтің ауылы аудан ауқымындағы үлкен істерге ұйытқы ғана емес, кейінгі жастарға тәлімгер ұстаз, ақылшы аға болып жүргендігін де жақсы білетінбіз. Шындығында да, отыз жылдай үнемі табыс биігінен көрініп жүрген ардагер шопанның жастарға айтар іс-тәжірбиесі де аз емес. Атақты шопанмен жылдың әр мезгілінде әңгімелесе келіп, түйген жайларымыз көп.

Шя, сөз кезегін Іңкәрбек ағаның өзі алсын.



## Отардан – отар орбісін

– Мал басын өсірем десең, төлді көп ал. Көп алып қана қоймай, оны бірде-бір басын шетінетпей аман сақта, деп бастады әңгімесін Іцкәрбек. – Ал, бұл науқанның тағдыры тек қана көктемнің бір айында шешілмейді ғой. Ең алдымен, күйсіз қойдың күйекке түспейтіндігі аян. Ендеше, көктемгі төл төгіннің негізі – сонау күздегі күйектен қаланатынын екенің бірі, егіздің сыңары біледі. Бірақ, әлгі ұраншыларымыз осы жағдайды толық ескерді деп айту қиын. Өйткені, бірқатар жерде қой шаруашылығының материалдық байлығы, мал қораларының малдәрігерлік-зоотехникалық ережелерге сай салынуы, өріс пен жем, суат жағдайы әлі де талпынса сай емес екені айқын. Иә, бұл – өз алдында бөлек әңгіме. Мен осы бір жауапты кезеңдегі, яғни, төл төгіні кезіндегі малшы жауапкершілігіне тоқталуды жөн көріп отырмын. Меніңше, отар тағдыры, саулықтың күйлі де қонды болуы, қозыны жақсы жетілдіріп, мемлекетке жоғары салмақпен тапсыру тікелей малшының пайымына, жауапкершілігіне байланысты.

Бәрімізге мәлім, төл төгіні бас-аяғы бір ай мерзімінің ішінде өтеді. Осы қысқа уақыт ішінде аға шопанның өзі бек болып, күні-түні бел шешпей, тізе бүкпей еңбек етуі керек. Кейде төл алудың бар жауапкершілігін келген төлшілерге беріп қойып, өзі ортақ істен шет қалатын жас шопандарды көріп, таңғаламын. Көмекке келген төлшілермен жарасымды, өзара сенімге, талапқа құрылған қарым-қатынас жинасап, оларға ақыл-кеңес беріп отыру – шопан міндеті екенін ұмытпайық.

Адамдар – әртүрлі. Кейде төлшілер тарапынан желіні көткен саулықты қағыс қалдыру, қозыны енесіне табыстырмалық кету ұшырасып қалатыны бар. Ене сүтіне жарымаған қозының бабы келіспей, ауруға шалдығып, кейін өлім-жітімге де ұшырауы мүмкін. Ал, осы шаруаларды тиянақтап отыру бас шопанның міндеті. Біздің совхоздың көп шопандары төл алу науқанын жақсы өткізіп жүр. Жасыратыны жоқ, кейбір



өрістестеріміз төл науқанын өткерген соң арқа-басын кеңге салып кететіні бар. Мысалы, апрельге дейін көпшілік отарлардан шығын кездеспейді. Малдың өлім-жітімінің, оның ішінде төлдің шығын болуының жаз айларына дөп келуі де сол арқа-басты кеңге салушылықтың нәтижесі деп санаймын.

Төл төгіні кезінде әр шопан өзінің жұмыс уақытын дұрыс құра білсе, құба-құп. Менің сол кездегі тәуліктік жұмыс уақытымның жартысына жуығы саулықтарды азықтандыруға, үштен бірі жас төлді қабылдап алуға кетеді.

Қазіргі уақытта жас төлдің астына шілік-талдан төсеніш жасап жүр. Бұл мал астының құрғақ болуына жақсы. Ол мал-төсеніштерді пайдалану бұл өңірде біздің нүркендіктер тәжірбиесінен басталғаны мәлім. Алынған төлді аман сақтау – үлкен міндет. Жас төлдің төсенішсіз жерде жатып қалмауын, далаға ерте шығарылып, сызда қалмауын ерекше қадағалаған жөн.

Жас қозы қышқыл затқа үйір. Сондықтан да, жалаңаш тоңырақта жатып қалмауына да көңіл аударамын. Өрісті саланың кейбір өзекті жайлары ретінде қарайтын болсақ, қой шаруашылығын өркендетуде қой қораларының жайы өз роль атқармайды. Әсіресе, қора тазалығы – ерекше көңіл бөлетін жай. Кейбір жалқау шопанның қорасының қиы бетуардан келіп, көп уақыт ойылмай жатады. Мұндай қоралар бауырынан ыстық өтеді, сөйтіп саулықтар арасында іш тастау ұшырасады. Ана бір жылдары көпшілік арасында ол тәжірбиеменнен түйгенімді ортаға салғанда, мен қораның астын бульдозермен оқы-шойқы етіп қазып тастаудың зиян екендігін ерекше ескертпе ретінде айтқан едім.

Былтырдан бастап біздің совхозда жақсы бір тәжірбие қанықтасты. Совхоз дирекциясының бастамасымен әрбір қыстақ орталық усадьбадағы жекелеген мекеме, өндіріс орындарына бекітіліп берілді. Енді белгілі бір демалыс күні сол мекеме коллективі ұйымдасып келеді де, қыстақтың қиын күрөкпен ойып, шығарып береді. Бұл – бір жақсы дәстүр.



Әрі қораң таза, әрі анау сап-сары қи – тамаша отын. Қораның іші де бұрынғыдай бүлінбейтін болды.

Кейде біз мемлекетке тапсырылған өнім, мысалы, жүн жоспарын орындадық деп жатамыз. Ал, кейбір шопан отарларынан тапсырылған жүн сапасы неге төмен? Мұның себебі, бірқатар әріптестерім қойды мерзімінде тоғытуға, күзем мен жабағы кезінде қойды сапалы қырқуға жөнді көңіл бөлмейді, қойдың тойынуына назар салмайды. Өз тәжірибемде қойдың күйлі болуы – одан өндірілетін жүннің де сапалы болуының алғышарты деп санаймын. Қойдың аузынан тұзды үзбеймін, мұның өзі қой жүнінің мықты, берік болуына әсер етеді.

Қойды жазда айына екі реттен тоғытып отыру керек. Кейбіреулер отарын қырқар алдында қойын ашық жайылымға салмай, қайдағы бір тікенді, бұталы алқапқа апарып жаяды. Сондай-ақ, күзем алдында қойды қораға ерте бастан қимап тастайтындар да бар. Ал жүннің көтерілетін шағы да осы күз кезі емес пе?!

Мен Қарқаралы зоотехникумын сырттай оқып тәмамдым. Соған орай мал шаруашылығы саласында тек практикалық емес, сонымен бірге теориялық та біраз мәліметтерім бар. Тәжірибелі шопан отарындағы қой ауырып-сырқасп, сырттан көмек күтіп отырмай, өзі емдесе, қандай ғанибет! – деген еді Іңкәрбек Шаяхметов.

Бөлімше орталығында өткен сол бір шопандар жиыны барша малшылар қауымының көпке дейін есінде жүрді. Алдында ғана «Барлық шопандар жиналады екен. Оған совхоз, бөлімше басшылары келеді, тіпті ауданнан да өкілдер қатысады екен...» деген әңгіме аралап жүрді. Әңгіме арқауы совхоздың қой шаруашылығын бригадалық-мердігерлік әдіске көшіру жайында екен. Мұнан үш-төрт жыл бұрын Одақтағы қой шаруашылықтарының үштен бірі осы жаңа әдіске көшкен болатын. Қарқаралы өңірінде қой шаруашылығын бригадалық-мердігерлік әдіске көшіру алғаш рет осы Нұркен атындағы совхозда бастау алмақшы екен. Семейлық-мердігерлік форманы жүзеге асыру үшін жыл



басында совхоз дирекциясы мен шопандар бригадалары арасында келісімшарт жасалып, бригада Советі құрылуы керек деген байлам. Шаяхметовтің бұл әңгімеден бір аңғарғаны – жылдың төрт мезгілінде отардан түсетін өнім неғұрлым мол болса, табыс та соған қарай қомақты болмақ. Кімде-кім өз ісіне ұқыпты, іскер, тиянақты болса, абырой да, табыс та – соңікі.

Бұрынғы жылдары, әйтеуір, қара көбейтіп жүргендер де аз кездеспейтін. Сөйтіп, қалт-құлт етіп жүріп-ақ жұртпен бірге жалақы алып, сыйлықтан сыбаға жырмыштап жататын. Ендігі уақытта бәрі де алақандағыдай сайрап тұр. Жыл аяғында отарыңның көрсеткіші нашар болса, тапқан табысың да нашар. Осы тұрғыдан алғанда, бригадалық әдіс әрбір шопанды шаруашылықты шалымды жүргізуге, шығын мен кірісті, пайда мен зиянды есептей білуге үйретіп, дағдыландырады екен.

Жаңалықтың жолы қиын ғой. Алғашқыда малшылар арасында: «Баяғыдай үйренген сүрлеумен тарта берейік те, жаңа әдіс деп арандап қалмайық...» – деп сақтық жасаушылар да болды. Сонда Іңкәрбек сөйлеген:

– Семейлық-бригадалық әдістің кейбір ерекшеліктері бізге бұрыннан да таныс емес пе, жолдастар?! Көптеген шопандар бұрыннан да отарын семья мүшелерінің қолғабыс жасауымен бағып келеді. Бұл мердігерлік әдістің түйіні – шопанның еңбегі түпкі нәтижеге қарай қорытындыланады екен. Демек, жалықпай еңбек ету өз алдында, ендігі жерде отарға келетін пайда мен зиянды есептей білейік, шашпа-төкпелікке, ысырап жасауға жол бермейік! Әрқайсымыз өз күшімізге сеніп жұмыс жасайық! Босбелбеулікке, жалқаулыққа орын болмасын! Мына жаңа әдістің пайдасын сонда көретін боламыз, – деген-ді.

Шаяхметовтің осы сөзінен кейін, жаңа әдіске тосырқай шаруашылар да тосылып қалғандай болды. Малшылар мәсхатта семьялық-бригадалық әдіске көшу туралы нақты шешімге келді.



Жас кезінен еңбекпен пісіп-қатқан атақты шопан өмір мәні туралы көп ойланып, көп толғанады. Ана бір кезде мектеп оқушылары кездесуге шақырды. Сонда бір оқушы: «Сіз үшін өмір мәні неде, бақыт дегенді қалай түсінесіз?» деп сұрақ қойған. Іңкәрбек ойланып қалды. Әрине, жаттанды жауаппен тығырықтан шығып кетуге де болар еді. Толғанып отырғаны да сол себептен болатын. «Өмір мәні әр адамның мынау өмірде өз орнын таңдай білуі. Ұлы Абидің «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан» деп тегін айтпаған ғой. Өзің сүйген, өзің қалаған іс қана орны шығарады», – деген ол. Іңкәрбектің осыған дейінгі өз еңбегі, өз өмірі де осыған лайық болатын.

«Өзің жүрген ортада осындай азаматтың болғаны – үлкен абырой екен», – деген еді бір жолы совхоз директоры Салықбай Нарынбеков. Өте әділ айтылған сөз. Арқаның ардагер шопаны Іңкәрбек Шаяхметов бірнеше жылдан семьялық-бригадалық әдіспен еңбек етуде. Ұл баласы Жсинат, өмірлік жары Күлпаш – атақты шопанның сенімді көмекшілері. Әрбір еңбек адамына, оның ішінде шопанға да ең бірінші керек қасиет – Ар-ұят.

– Осы соңғы айда суық тигізіп алып, ауырып қалдым. Дәрігерлер ауруханаға жату керектігін айтты. Бірақ, өзім сеніп бекітілген бір отар қойдың тағдырын ойлап, ауруханаға жата алмадым. Алда – көктем ғой, – деп күлді шопанға өз әңгімесінің соңында. Сарыарқаның саңлағы атанған сайынқыран шопанның батыр тұлғасына қалайша сүйсініп бесің?!



**Айыпхан ЖАҚАТАЕВ,**  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

## ҚЫРГЫН ДАЛА СОҒЫСЫН КЕШІІ ӨТКЕН

**І**згілік пен бостандықтың салтанат құрған күні – фашистік құлдықтың қатерінен халқымызды құтқарып қалған ұрынғы Кеңестер Одағы халқының Ұлы Жеңістің 50 жылдық мерекесін тойлайтын күн де жақындап келеді. Адамзат тарихында бұрын-соңды болып көрмеген, гитлерлік фашистерге қарсы 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ұрашыл шайқастарына қатысқандар өмірін кейінгі ұрпаққа өлтірмеу – біздерге парыз.

Осы орайда Нұркен атындағы кеңшардан Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер, марқұм Оспанов Дәуітбек туралы өңірме қозғамақпыз.

Дәуітбек Оспанұлының туған жері – бұрынғы Семей губерниясы Қарқаралы уезінің 5-ауылы, бертінгі «Кеңестас» колхозы. Әкесі Оспан темірден түйін түйетін айтулы ұста болыпты. «Әке көрген оқ жонар» деген халқымыздың өмір тәжірибесінен алып айтқан нақыл сөзі бар ғой. Дәукең де қасынан темір-терсекке үйір болды. Көріктің қызуында балқыған темірді қайыспа илейтін әке мамандығына ол қызықта қарайтын. Айналсоқтап жанынан шықпайтын.

Ержете келе ол ұста болып шыға келді. Жас ұста алғашқы сәбік жолын Қарағанды қаласындағы Пархоменко атындағы заводта бастады. Балаң жігіт өзіне берілген тапсырмаларды әрқашан, дер кезінде орындап жүрді. Жас та болса үлкендерше



атқарған жұмысы үшін завод әкімшілігі тарапынан мақтауға ілігіп, алғыс-сыйлықтарға ие бола бастады.

\* \* \*

1934 жылдың күзі еді. Отыз екінің аштығынан есін жиі бастаған ел туған-туысқандарын іздей бастағанды, Дәуітбекке де жақын туыстарының бірі келіп, елге, туған жерге шақырды. Сөйтіп, ол «Кеңестас» колхозына қайтып оралды.

Жаңа ұйымдаса бастаған ұсақ колхоздардың шаруашылықты жүргізудегі өзекті бір тұтқасы ұстаның қолында болатын. Жер көлік жеккен соқамен жыртылады, бар транспорт күші – ат арба, өгіз арба. Ат тырнауыш, шөп машина, қырманда астық бастыруды әуелгі кезде ат тұяғымен жүргізсе, кейінде каток тас шықты. Міне, осындай жұмыстарды атқару үшін керекті құрал-саймандарды жөндеу, темір тетіктерін жасау жұмыстарының қайсысы болмасын ұстаның қолынан өтетін.

Ауылға келісімен Дәуітбек ұсталық кәсібіне қызу араласып кетті. Жас жігіт тек ұста дүкенінде отыра бермейтін. Өзіне бекітіліп берілген қасқа өгізге ер-тоқымын салып жіберіп, қоржынының екі басына керекті саймандарын толтырып алып, пішеншілер қосына барып, шөп тасып жүрген арбаны, ат тырма, т.б. саймандардың сынған-бүлінгенін қолма-қол жөндеп беретін.

– Жұмыстың қайнаған нүктесінің қайсысында болмасын балғасын құлаштай ұрып, терлеп-тепшіп жүрген ұстаны көретінбіз, – дейді Дәукеңді білетін нұркендік қариялар.

Осындай талапты шебердің бейбіт өмірдегі өрлеп келе жатқан жемісті еңбегінің шырқын гитлерлік фашист басқыншылардың біздің елімізге опасыздықтан жасаған шабуылы бұзды. Соғыс нажағайы төбемізде ойнап, ел басына қатерлі күн туған шақта Дәуітбек те қолына қару алып, Отанын зұлым жаудан қорғауға аттанды. Дәуітбек сонда жиырма бес жаста екен.



Бұл 1942 жылдың көктемі болатын. Қысқа дайындықтан өткен ол қарулас жолдастарымен бірге майдан шебіне тартты, Балтық теңізі жағалауынан бір-ақ шықты. Ленинградты қорғаушы Балтық теңіз флотының бірінші линиясында, 127-полктың бірінші батальонының құрамында жүріп соғысқа енді. «Ленин қаласын қорғауға қатысқанымды өзіме мақтаныш тұтамын», – дейтін Дәукең әңгімелесе қалғанда.

Алғы шептегі бірінші батальонның бірінші ротасында жүріп Дәукең бірнеше рет жараланды да. Соңғы рет жараланғанда госпитальда жатып емделді. Сауыққан соң өз бөлімшесіне қайта оралды. Бөлімше командирі капитан Малышев, оның саяси орынбасары аға лейтенант Каржаков, старшина Пономарев сияқты майдандос достары оны құшақ жая қарсы алды. 1944 жылы жеңімпаз Қызыл Армия Батыс Европа елдері Польша, Чехословкияны басқыншы жаудан азат еткенде, Дәукең ішінде жүрді.

«Қырғын ұрыс кезінде дарымаған оққа өзім іздеп барып ұшырай жаздағаным бар. Сонда Федор деген жан досым аман алып қалған еді, – деген Дәукең марқұмның мына бір әңгімесі әлі есімде. – Польша жеріне енгенімізде бір деревняда аз аялдадық. Демалыс сәтінде деревняны аралай жүріп, құдды өзіміздің ауылдағы сияқты ұста дүкенін байқап қалдым да, ішіне енің көргім келіп тақай бердім. Осы сәт мылтық даусы шаңқ етті... Аман екенмін, әйтеуір. «Мен болмасам тірі қалмас едің, әне, қара!» деп Федор тұр қасымда. Дүкенге қарасам, терезесі быт-шыт. «Сені көздеп жатқан жауызды көріп қалып, бұрын атып үлгердім» дейді досым. Ұсталық кәсіпті аңсауым осылай бір есте қалды», – дейді Дәукең...

\*\*\*

Соғыс бітіп, Дәуітбек елге жеңіспен оралды. Омырауында «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Ленинградты қорғаған үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы



Германияны жеңгені үшін» медальдары жарқырап келген оны туған-туысқандары зор қуанышпен қарсы алды.

Соғыс біткен жылдары «Кеңестас», «Жаңатоған», «Ақ шоқы», «Жекежал», Нұркен атындағы колхоздар бірігін, іріленген Нұркен атындағы колхоз, кейінде совхоз болды. Дәуітбектің елге келген соң еңбек еткен жері – осы Нұркен атындағы шаруашылық. Соғыстан келген салт жігіт Сабил атты қызға үйленді, балалы-шағалы болды.

Дәукең өзі сүйетін кәсібі – ұста дүкенін дереу іске қосып, корікті қыздыра түсті.

Ол Нұркен атындағы шаруашылықты өркендету ісіне сүбелі үлес қосты. «Тың жерді игергені үшін» медалінің иегері атанды. 1972 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Тағы да көптеген медальдардың иесі. Оның алған динломдары мен Құрмет грамоталары – өз алдына бір төбе.

Дәукең тек қоғамдық еңбекте ғана емес, шебер ісмер ретіндегі адамдарға деген қайырымдылығы мол болушы еді. Дәукеңнің қолынан шыққан самаурын тұрбасы мен үн аяқты аққұман қайнатқышты бүгін Нұркен атындағы шаруашылықтың тұрғындары Дәнәпия, Гүлнар апайлардың үйлерінен көруге болады.

Сол кезде біреу арбасының дөңгелегінің шенін тарттыру, біреу шана тертесінің түбін темірлету дегендей, келген адамның қажетін шығарып, Дәукең қанша жұмысбастылығын қарамастан, қолма-қол істеп жіберетін. Және көк тиын ақыл алмайтын. Қайта ақша ұсынғандар болса: «Мұныңыз қалай, отағасы, бір ауылда тұрып? Көрмейтін-білмейтін адамдар емеспіз», – деп реніш білдіретін.

Дәукеңді бүгінде еске түсіргенімізде оның «қан майданда қалыптасқан достығы» жайлы айтпай кетуге болмайды.

Өзін ажалдан алып қалған майдандос досы, белорус жігіті Федор Пономаревтен хат келді бір күні Дәукеңе. Хатта ол сағынғанын айтып, Дәукеңді Минск қаласындағы үйіне қонаққа шақырыпты. Бұған Дәукең: «Әуелі сен кел біздің елге», – деп Федорға жауап хат жолдады. Федор сонау Минскіден келіп, шілде айында досының үйінде бір ай жатты.



Федор қонақта, демалып жүргенін ұмытып кетіп, ұста дүкеніне барып, досына балғашы болып көмектесетін.

Федорды Дәукең жаздай жібермеді. Кеңқолтық, дархан мінезді қазағымыздың бірі Дәукең қысқа қарсы Федорға енші бергендей артынтып-тартынтып, Минскіге өзі апарып салды.

Бірі Белоруссияның астанасында, екіншісі Орталық Қазақстандағы ауылда тұрса да, жер қашықтығы бұлардың арасындағы достық жібін үзе алмады. Екі дос жиі хат алысып, мереке күндері қарсаңында бір-біріне арнайы сый-сыбаға жіберіп тұрды. Көзінің тірісінде Дәукең айтып отырушы еді: «Қан майданда қалыптасқан достық бөрінен де күшті!» - деп. Аға ұрпақтың мұндай ғажайып қасиеттері – бүгінгі ұрпақ үшін өнеге-ақ қой, піркін!

«Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер» демекші, Дәукеңнің артта қалған ұрпақтары өсіп-өніп, еліне қадірлі ұл-қыз атануда. Үлкені – Майнұрдан сегіз немересі бар. Ал ұлының үлкені Оразхан болса, байланыс техникумын бітірген соң туған ауылы Нұркенге келіп, содан бері аға диспетчерлік қызметте тапжылмай ширек ғасырдан астам істеп келеді. Ортаншы ұлы Аманбек механизатор болған, бүгінде лейнеткер, балалы-шағалы. «Ағасы бардың жағасы бар» демекші, інісі Оразғалиды да жеке отау қылып шығарыпты. Оразхан мен Гүлмираның бір қызы Қымбат жоғары білімді, қазақ тілі маманы, Қарқаралы қаласындағы №1 орта мектебінде мұғалім, тұрмысқа шыққан. Бағдаты Қарағанды педагогикалық институтында, Ғалиматы Қарағанды мемлекеттік университетінде оқиды. Дәукеңнің арттағы балалары мен немерелері осылай жеке-жеке үй болып, әке мен ата атағына кір келтірмей өсіп, ержетуде, халқына адал қызмет етуде. Дәукеңнің аруағы да оларға риза шығар.

Майданда да, тылда да азаматтық борышын елі, Отаны алдында ақтап өткен Дәуітбек Оспанұлын 50 жылдық Жеңіс алдында да еске түсіруді абыройлы іс санадық.



Ақселеу СЕЙДИМБЕК

## ҚАРЛЫҒАШТАР

«Қай кезде де жаңалық атаулы ешкімді де бейтарап қалдырмайтын әдеті. Соған қарағанда, адам табиғаты қашаннан жаңалыққа іңкәр болып жаратылса керек. Мұндай қасиетке, әсіресе, жастар – еліккіш. Мал шаруашылығын қамқорлыққа алып, комсомол-жастар бригадаларын құру жөніндегі шұбартаулықтардың бастамасы Қарағанды облысындағы Қарқаралы ауданының жастарын өрттей шарпып, ұршықтай үйіріп әкетті. Қазірдің өзінде «Бесоба», «Восток», Н. Әбдіров атындағы, М. Фрунзе атындағы кеңшарларда «Жалын», «Екпін» «Алға», «Бағлан», «Өркен» атты шопандардың ірілендірілген комсомол-жастар бригадалары шаңырақ көтеріп, жұмыс істейді. Аудан бойынша комсомол-жастар бригадаларының қарауында 20 мыңға тарта қой бар. Осынау мыңғырған малды бағып қағу жауапкершілігі – бригадалардағы 83 жастың молынында. Бұлар – Қарағанды облысы бойынша ұйымдасқан ең алғашқы комсомол-жастар бригадалары. Былайша айтқанда, алғашқы қарлығаштар.

Әдетте, бәйге аттары шу-у-у деп жөнелгенде қайсысының қара үзіп, қайсысы қарақшыны бұрын көретінін бол жау қиын ғой. Сондықтан, бұл бригадалар туралы да әзірше «Мынасы – алда, мынасы – артта» деп айту қиын. Дегенмен, іске деген ынтасына, тапқырлық-ізденістеріне қарап, Нұркен Әбдіров атындағы кеңшарда құрылған «Өркен» бригадасын алдымен атауға болады».

Қарқаралы аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары  
Жақсылық ҚАЙЫРБЕКОВТІҢ әңгімесінен



## Жол үстінде шертілген сыр

**А**лғаш танысқан адамыңның шешіліп сыр бере қоймайтын әдеті ғой. Нүркен Әбдіров атындағы кеңшар ортанығынан шығып, «Өркен» бригадасын бетке алғанымызда бізді де бір ыңғайсыз үнсіздік жайлап еді.

Біз деп отырғаным – осы кеңшардың бас зоотехнигі Армия, Марат Иманбаев және өзім. Жас шамаларымыз қатар болса да, қысқа қайырым, іркес-тіркес сұрақ-жауаптан аса алмай келе жатыр едік, алдымыздан қырындай ұшып бір машина көрінді. «Ойпырым-ай, мынаның жүрісін-ай!» дегенше болған жоқ, зу етіп, бізді қалың шаңға көміп өте шықты.

- Е-е, бұл Серіктің жүрісі ғой! – деді Марат бір мырс етіп.

- Қай Серік? – деп таңданып қалды Армия.

- Қай Серік болушы еді, Даңғыр-Серік қой бүйтіп жүретін... «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» дегендей-ақ, осыдан кейін біздің бүкпесіз әңгіме-сырымыздың тиеті ағытылып сала берді.

Сөйтсек, бұл ауылда жеті Серік бар екен, жетеуі де – шофер. Ел іші, шіркін, тапқыр ғой. Әлгі жеті Серіктің әрқайсысына бітім-болмысына қарай жанама ат қойған. Бірін – Пропан-Серік депті, өйткені пропан тиелген машинаға шофер. Ал екіншісін – Жамбыл-Серік дейтін, себебі, бұл Серік Жамбыл атындағы кеңшардан көшіп келген. Осылайша, іс-әрекеттері мен мінез-бітімдеріне қарай Серіктер дараланып жалғаса береді.

- Ал жаңағы жанымыздан өткен жігітті неге Даңғыр-Серік деп атағансыңдар? – дедім.

- Жанымыздан даңғыратып өте шыққан жоқ па, сол мінезі үшін, – деп Марат түсіндіріп жатыр. Мұндайда күлменде қайда күлесің? Біз де бас шайқасып, таңдай қағысып, біраз күліп алдық. Әй, ел іші-ай десейші!..

Осыдан кейін-ақ ел ішінің жай-жағдаяты өзінің бітім-болмысымен әңгімелене берді.

- Осы кеңшарда еңбек ететін 520-дан астам адамның 450-ге жуығы – жастар. Сонсоң да әлгіндей зілі жоқ әзіл-



қалжыңға қыр асқан сайын кездесіп отырамыз, – деп Армия бір көшелі әңгімені әріден бастады. – Мына «Өркен» атты комсомол-жастар бригадасына келе жатырмыз ғой. Осының өзі, алдымен, кеңшарымыздағы жастардың молдығынан, екіншіден, тікелей уақыт талабынан туып отырған жай. Мен мынандай бір мысал келтірейін, біздің кеңшар – облыстағы ең ірі малды кеңшарлардың бірі. Қазір кеңшарда 63 мың қой, 25000 ірі қара, 1100 жылқы бар. 14-15 мың гектар егістік жері және бар. Шынын айтқанда, осылардың ішінде бізді қинайтыны – қой жаюдың мәнісін білетін адам жетіспейді.

– Иә, меніңше, бұл – бүкіл республика көлеміндегі проблема, – деп Марат қуаттаған шырай танытты.

– Ол рас, мәселен, әріге бармай-ақ, осы өзіміздің кеңшарды алайықшы. Дәл қазір табандатқан 100 қойшы жетіспейді. Норма бойынша 1000 қойды екі адам бағуы керек. Оның сыртында күтіміне, күзегіне қажет адамдар тағы бар. Ал, бізде 1500 қойды екі адам бағуда. Ал, малдың қонды болмауы, өлім-жітімге ұшырауы, міне, осыдан.

– Мұндай проблеманың қазір барлық жерде бар екенін біліп отырсыздар. Сондықтан, сырттан біреулер келіп қой жайып береді деп үміттенуге болмас. Оның үстіне, өздеріңіз де де жастар көп екен, – деп мен әңгіме желісін көкейімді тесіп келе жатқан «Өркен» бригадасына қарай бұрдым.

– Бәрекемді, сырттан бағамын деп құлшынып келгеніммен қиын ғой. Мал бағу деген – тракторыңды бір теуіп, қари жерді қақырата жөнелетін егіс шаруашылығы емес. Малдың жаны бар, яғни, оның қас-қабағына қарай білу керек. Көп ретте, мал шаруашылығына сырттан келгендердің ең бегінің нәтижесіз аяқталатыны да содан. Осыдан біраз жыл бұрын сырттан бір жігіт келді. Мақұл, келістік. Содан бір күні жайын білейін деп келсем, қой базда қамаулы тұр. «Оу, мұның не?!» деймін ғой. «Бүгін күн жексенбі емес пе?!» деп қарап тұр. Сондықтан, мына жергілікті жастардың шошпи болуы және енбек үлгісін тауып, бригада құруы – ерекше құптарлық іс. Мал маманы ретінде мен мұның келешегі зор



деп білемін. Түштеп келгенде, бұл – халқымыздың мыңдаған жылдық еңбек тәжірибесінің сабақтастығы ғой! – деп Армия ерекше сенім білдіре сөйледі.

– Дұрыс қой, алайда, биыл ғана мектеп бітірген жастар қалай, өздері мал баға алатын ба? – деп мен шын таңданыс үстінде бір сауал қойдым.

– Әркім осылай сұрайды, – деп Армия күліп алды.

– Баққанда қандай, тамаша! Егер бұрынғыдай әр отарға бірден-екіден қойшы бөліп, жеке-жеке жіберсек, онда ештеңе шықпас еді. Мәселе бұлардың ірілендірілген бригада болуында ғой. Өзіңіз салыстырып көріңізші, жеке баққан қойшы жыл он екі ай дамылсыз еңбек етеді. Және күніне 14-15 сағат ат үстінде. Ал, бригадада кәдуілгі қаланың 7 сағаттық жұмыс күні. Оның үстіне, қысы-жазы жалғыз үй емес, өздері бір ауыл болып, дуылдап жатқаны. Еңбек тәсілінің өзі ынталандырады, нәтижесі де жақсы. Мәселен, «Оркен» бригадасына сенін тапсырылған 4200 бас қозылы қойдан күні бүгінге дейін бірде-бір мал шығын болған жоқ. Осының өзі көп жайды аңғартса керек.

– Бұрынғыдай емес, қазір қойшы жұмысын жеңілдететін жағдай да мол ғой, – деп Марат та бір пікірдің ұшығын білдірді.

– Ол болса-болмаса ғой, қора-жайдың бүтіндігі, жем-шөптің техника күшімен дайындалуы, көшпелі қырқым агрегаты, мал емдейтін пункттер – бәрі-бәрі қойшы еңбегін жеңілдететін жайлар ғой. Мәселен, қазір осы кеңшарда өлгінің бәрі бар. Оған қоса үстінен су бүркіп тұратын тоғыт орны бар. Бұрын қойды кубкаға қолмен сүйреп тоғыту бір ауыр еңбек болатын. Кеңшарда механикаландырылған екі оаз бар. Мұның бәрі – жаңару белгісі.

– Жастардың ішінде тек қана қойшылықты емес, басқа мамандықты таңдағысы келетін, тіптен қабілет-қарымы басқа салаға лайықтылары болуы да мүмкін ғой, – деймін мен, әңгімені әрі қарай қаузай түсіп.

Иә, бұл – түйіні шикі мәселе! – деп Армия бір сәт ойлап қалды. – Уақыт көрсетеді ғой...



## Бригада басында

«Өркен» атты комсомол-жастар бригадасының қоныс теуіп, шаңырақ көтерген жайлауы Өгізтау, Ақшабай, Ақкісі, Ақшоқы деп аталатын еңселі шоқылардың аңғары екен. Бұл жерге тақалғаннан-ақ жер реңі өзгеріп сала берді. Көдесі тобық қағып, алуан түрлі жұғымды өсімдігі ұйыса өскен шұрайлы, адырлы алқап. Сай-саладан бұрала шығып, сылдырай аққан күміс бұлақ.

Бұлақ табанына біткен тал-шіліктердің өзі көгере күлтеленіп көз тартады, Арқаның көрік-келбетін көрдің бе дегендей, сал самалы да сарайыңды аша желпіп өтеді.

Біз мінген машина қыр астынан сумаң етіп шыға келгенде, етектен қаздай тізілген киіз үй көзімізді де, көңілімізді де қуантып қоя берді. Қалың киіз үйлердің үстінен көтеріло желбіреп қызыл ту көрінеді. Тақала келе байқадық, қызыл ту ауыл шетіне орнатылған ұзын тақтаға бекітіліпті. Тақти демекші, ә дегенде біздің назарымызды аударған осынау тақтадағы жазулар еді. Оның жоғарғы жағында «Өркен» атты жас шопандардың ірілендірілген комсомол-жастар бригадасы» деген жазу, одан кейінгі бригада мүшелерінің аты-жөні, міндеттемелері, еңбек көрсеткіштері жазылыпты. Ал, төмендегі қаз-қатар тізілген тақталардағы сөздерді біз осынау жайлау төрінде отырып, іштей толқу үстінде оқыдық. Тақтада мынадай жазулар бар еді:

«Бізді іздесеңіздер, жайлау төріндегі қызу еңбектің алғы шебінен табасыздар!»;

«Шопан еңбегі өзінің бастапқы мағынасын өзгертіп, ғылыми мазмұнға ие болды»;

«Ерлік тек ұрыс алаңында ғана емес, бейбіт күндегі еңбегіңді еңбек үстінде де, жайлау төрінде де туып жатады»;

«Кең дала – қойдың ғана өрісі емес, ойдың, білімнің де өрісі. Біздің еңбегіміз – елдің игілігі, біздің үніміз – ұрпақ үнімен бірге, қиялымыз космос кемелерімен бірге самғайды, жүрегіміз туған еліміз бен жеріміздің бақытты болу шағы деп соғады»;



Ақжан Машанов. ҚР ҰҒА  
корреспондент-мүшесі.  
Қазақстанның еңбек сіңірген  
қайраткері



Шолпан Жандарбекова. КСРО  
Халық артисі, Мемлекеттік  
сыйлықтың лауреаты



Бахия Атшабаров.  
ҚР ҰҒА  
академигі



Жансұлтан Дайырбеков.  
Мемлекет және қоғам  
қайраткері, экономика  
ғылымдарының докторы



Серғазы Әдеқенов.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты



Қарлығаш Қадашова.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор



Мереке Тулеқова. ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор



Тілеуқабұл Байтұрсын.  
ҚР Құрметті журналисі




Мартбек Тоқмырза. Белгілі сатирик, журналист



Болат Ибраев.  
Актер, Қазақстанның  
еңбек сіңірген қайраткері



Балапан Әбенов.  
Белгілі заңгер



Нұрбай Кешубаев.  
1957-1963 жж. Н. Әбдіров  
атындағы колхоз төрағасы



Қадаш Төлеуов.  
1965-1975 жж. «Прогресс»  
кеңшарының директоры



Қадаш Төлеуов, Нұрбай Кешубаев



Мұқатай Тоқмурзин.  
1963-1973 жж.  
«Жамбыл» кеңшарының  
директоры



Сүндет Мұқашев.  
1964-1976 жж. «Бесоба»  
кеңшарының директоры,  
«Құрмет белгісі»  
орденінің иегері



Елеусіз Ержанов.  
1980-1990 жж. «Бейбітшілік»,  
«Матақ» кеңшарларының  
директоры



Малгелді Рапихов.  
1971-1982 жж. «Бақты»,  
1985-1988 жж. «Прогресс»  
кеңшарларының директоры



Тілетай Шаяхметов.  
1980-1990 жж.  
«Восток», «Бесоба»  
кеңшарларының  
директоры

Ниқанбай Омарханов.  
Қарқаралы, Ақтоғай, Нұра аудандары  
әкімінің қызметтерін атқарған



Ниқанбай Омарханов, Тоқтар Әубәкіров



Жеңіс Көпжасаров.  
Н. Әбдіров атындағы  
қор президенті



Дәуітбек Оспанов.  
Атақты ұста,  
Еңбек Қызыл Ту  
орденінің иегері



Іңкәрбек Шаяхметов.  
Атақты шопан,  
Ленин, Еңбек Қызыл Ту  
ордендерінің иегері



Балташ Төлендин.  
Атақты шопан,  
«Құрмет белгісі»  
орденінің иегері



Н. Өбдіров атындағы №10 мектептің ардагер-ұстаздары.  
Ортада – мектеп директоры З. Жолдасбаев



Руслан Шәкерімов.  
Белгілі кәсіпкер



Қымбат Жиенқұлов.  
«Ы. Алтынсарин» және  
«Үздік педагог – 2012»  
төсбелгілерінің иегері



«Жастарға жаңашыл болу жарасады»;

«Бастама баянды жалғасын тапты»;

«Малшы еңбегі – мақтаныш».

Біз осы сөздерді жай ғана оқып шыққанымыз жоқ, біз «Өркен» атты бригаданың не үшін құрылғанын, бригада мүшелерінің арман-мақсатын, тіптен, әрекет-қимылына дейін сезінгендей болдық.

Осы кезде шеткі үйден ортадан ұзындау бойы бар, қараторы өңді жас жігіт шығып сәлем берді.

– Бұл – шопандар бригадасының бригадирі Балташ Төлендин деген жас коммунистіміз, – деп таныстырып жатыр Армия.

Балташ туралы аудан басында да, кеңшар орталығында да, әлгінде жолда келе жатып та біраз жылы лебіз естігенбіз. Соның бәрінде де осынау бригада тағдырының ыстық-суығын қасқая көтеріп, жас қыз-жігіттерге ақылшы аға болып жүрген жігітті елестетіп едік.

Амандық-саулық, таныстық-білістіктен кейін бригаданың тіршілік-тынысымен дидарласқымыз келді.

«Өркен» атты комсомол-жастар бригадасының құрамында 13 жас бар. Бәрі де – БЛКЖО мүшесі. Олардың тоғызы – жігіт, төртеуі – қыз. Бригада мүшелерінің аты-жөндері: Еркін Әбдірахманов, Аманбай Ыбыраев, Берікбол Ахметшин, Балтабай Құсанов, Ермек Мұхаметшин, Бейбіт Мұхаметжанов, Өрік Қазірбеков, Мейірхан Айтбаев, Тоғжан Қадірбекова, Кенже Қанафин, Қабираш Қасымова, Нәсіп Баттиша. Бұларға қоса бригадир Балташ Төлендин мен жұбайы Ғымтай.

Бригада қарауында 4260 қозылы кой бар. Осы малды қысы-жазы бағып-қағу, емдеу, шөбін салу, кора-жайын бүтіндеу, күзету бригада мүшелерінің мойнында. Бригада қарауында он шақты ат, бір трактор, бір машина бар.

Жұмыс тәсілдері: қой мың-мыңнан төрт отарға бөлініп, сменамен бағылады. Мәселен, етке өткізілетін ісек қойлар бір бөлек, оның аға шопаны – Еркін Әбдірахманов, екінші отарда саулық қойлар, оның аға шопаны – Аманбай Ыбы-



раев, үшінші отарда да саулық қойлар, оның аға шопаны Берікбол Ахметшин. Төртінші отарда қозылар, оның аға шопаны – Балтабай Құсанов, басқалары – көмекшілер. Қой жаюға, кезегіне қарай, жастар жаппай қатысады.

Енді бұған қоса әр жастың қабілет-ыңғайына қарай бөлінген міндеттер бар. Мәселен, Балташ жазғы жұмысқа басшылық ететін бригадир болса, оның көмекшісі – Еркін. Бригада комсомол ұйымының секретары – Қабираш, тракторисі – Аманбай. Сөз орайында айта кетер бір ерекшелік, бригада мүшелері шетінен тракторист мамандығына ие, шетінен аспаз.

Қысқа қарай қой іріктеледі, мың бас ісек қой етке өткізіледі. Қалған қойлар 1500 бастан екі отарға бөлінеді. Бригаданың қысқы қыстауы – «Кеңестас» деп аталатын оты-суы мол, таулы өлке.

Тұрмыс жайы: Бригада құрылғаннан бергі төрт-бес айда кеңшар 20 мың сомдай қаржы бөліпті. Бұл орынды да, 4 мың қойдың ыстық-суығын мойнына алған бір бригаданың құрылуы жолында мұнсыз болмақ емес. Мәселен, ұсақ-түйекті қоспай, жай көз жүгірте есептейікші, әлгі қаржыға 8 киіз үй алынған, олардың кереует, көрпе-жастық, ыдыс-аяқ, жиһаз сияқты мүліктері және бар. Сонсоң бір трактор, электр моторы, радио, мініс малы, ер-тұрманы, т.б.

Киіз үйлердің екеуі – ұлдарға, біреуі – қыздарға арналған. Басқа киіз үйлердің бірі – кітапхана, екіншісі – қызыл бұрыш, үшіншісі – асхана, төртіншісі – шошала (тамақ үй), бесіншісі – әр түрлі сайман-жабдық сақтайтын үй.

Осынау алқа-қотан ауыл ортасына көз салсаңыз, бір жерден турникті, екінші жерге құрылған волейбол торын, енді бір жерден кино алаңын көрер едіңіз. Жай көріп қоймайсыз, қойшы еңбегінің қаншалықты жаңарып, жаңғырғанына еріксіз таңданар едіңіз.

Бригада мүшелерінің тұрмыс жайын сөз еткенде, олардың айлық табысын айта кетсек артық емес. Әзірше әр бригада мүшесіне айлық жалақысы 120 сомнан айналып отыр. Осыдан 16-17 сом тамаққа ұсталады. Сырт көзге бұл қораш



көрінуі кәдік. Өйткені, біз бір отар қойды жеке дөңгелеткен қойшылардың ай сайын 250-300 сом табатынына үйренген-өзі ғой. Алайда, мына жайды естен шығармау керек. Біріншіден, ол қойшылар күніне 14-15 сағат еңбек етсе, бригада мүшелері 7 сағат еңбек етеді. Екіншіден, жаңа құрылған бригадаға жұмсалған шығын бар да, мал басынан алынар пайда әлі алда болып отыр ғой. Яғни, баққан малдың өнімі артқан сайын бригада мүшелерінің жалақысы да молая берері сөзсіз.

Тіптен таяу жылдары шаруашылық есебіне көшу проблемасы да «Өркен» мүшелерін толғандыруда. Оның бергі жағында еңбек тәсілі, тұрмыс жайы мүлдем бөлек, жаңаша екені еріксіз назар аудартады.

### Жігіт ағасы

Балташ күндегі әдетімен бүгін де таң күланиектен оянды. Оянған бетінде бастарына тіккен бес қанат қараша үйдің маңдай алдындағы туырлыққа көз салды. Туырлықтың жоғарғы жағында үркердей болып шүпірлеген үш-төрт тесік бозара көрінеді. Мұнысы – «таң келедінің» белгісі. Кей-кейде жұбайы Рымтай ояу жатса, Балташ әлгі туырлықтан тесіктерді көрсетіп:

– Бұл менің «настольный лампам» ғой, – деп әзіл айтамын. Шынында да, алакөлеңке үйде сағатқа қарағанмен көрмейсің. Шынтағыңның астынан шырт еткізіп қарайтын жаңағы үстел шамы – «настольный лампа» жоқ. Сол кезде түндіктегі тесікке карасаң болды, уақыт белгісі – сол. Тіптен, дала заңына үйренген Балташ сияқтылар үшін әлгі «настольныйдан» да ыңғайлы көрінуі мүмкін.

Таң атып қалған екен. Туырлық тесігінен сығалаған құланиек боз сәулеге қарап аз-кем жатты да, басын көтеріп алды. Сонсоң қара көлеңке үй ішін бір шолып өтіп, ұйқы күшағында жатқан кішкентай Құрманбегін қымтап қойды да күбір етті: «Баламысың деген-ау, бозқыраудың салқы-



ны мынау, демінді бу болып шалып тұрған... Дамыл-дамыл көрпесін жауып отырмаса...» Мұнан әрі үй ішін мазалағысы келмеген кейіпте ақырын киінді де сыртқа шықты.

Белгісіз бір тұстан талып жеткен бозторғай үні болмаса, тырс еткен дыбыс жоқ. Кәдуілгі қоңыр күздің таң алдындағы мұнарта мүлгіп тұратын шырт тыныштығы. Батыстан болар-болмас бой тоңазытарлық қана қоңыржай леп білінеді. Мұның өзі маужырап, бусанып жатқан күзгі даланың саф тазалығын жария етіп, тым жағымды сезіледі.

«Уа, шіркіп, биылғы күз пейілденіп-ақ тұр-ау!» – деп, Балташ шын ризалық кейіпте күбір етті де, шарбақта жатқан қойларға тақалды.

Төрт шарбаққа қамалған төрт отар қой буы бұрқырап, таңғы жусауға рахаттана бой алдырып жатыр екен. Балташ биылғы туған қозыларға көбірек қарады. Сонсоң: «Хош, деп бір қойды. – Осындай өуе ашық, күн жарықта қондандырып алмаса, алты ай қыста әбігерге сап беретін сендер боласыңдар... Түнде, осы, әлсін-әлсін, әр тұстан пысқырып жатқан дауыс естіліп еді, шарбақты ауыстырып қадамасы болмайды екен... Астының қордасы өсіпті ғой, пысқырық болмағанда қайтсін бұл жарықтықтар...»

Балташтың қазіргі сәттегі өзімен-өзі жүріп күбірлеген үнінде осынау тірлік-әрекетіне риза болған ерекше бір пейіл, ынта бар еді. Ол отарларын бір орап шықты да, шарбаққа сүйенген қалпы ойланып қалды.

...Адам деген қызық қой. Ойда-жоқта өткен өмірдің ыстық-суықты тұңғиығына бойлап, асқар асу ұзақ жолға іштей сапар шегіп кететіні де бар-ау. Сол жолдың Балташ үшін де өзіндік тауқыметі, қиыны мен қызығы болмай қалған жоқ. Рас, «Мені көрдің бе?!» дейтіндей ерекшеліктері жоқ. Оның балалық бал дәурені де кешегі Отан соғысының отты жылдарымен тұстас келді. Ол да сол бір кездің қайғы-мұңын анасы Несіпжан марқұмның қас-қабағынан танып өсті.

Одан беріде бұғанасы қатпаған іні мен қарттыққа бой алдырған шешесінің қас-қабағына қарап, 1960 жылы қойшы



таяғын ұстады. Қиындығы да, қызығы да мол, абыройы да, жауапкершілігі де жеткілікті шопандық жолы осылай басталды. Осынау жылдар Балташқа өмірдің талай сырын үйретті, суарған болаттай шыңдап та бақты. Бұл жылдар ішінде ол бейнетсіз рахаттың жоқтығын көзімен көріп, нығымен көтерді. Абыройлы істің ауырлығы да жеткілікті болатынын білді. Соған мойынсұнды.

Мойынсұнды да, сол еңбегінен бақытын тапты. Бақытын тапқан емей немене, осы еңбектің қайнаған ортасында жүріп бас құрады, дүниеге төрт-бес балапан балдырған келді. Еңбегі де ескерусіз емес. Халық қашианда аяулыларын ардақтап та, аялай да біледі ғой. Қазір Балташтың омырауында «Құрмет Белгісі» ордені жарқырайды. Осы уақыт ішінде партия қатарына өтті.

Енді, міне, сол абыройымен ақтөбедей үйін тігіш, ақбөкендей қойын айдан жүріп жатқанда, биыл ойда жоқта кеңшар жастары осы шопандар бригадасы деген бастаманы ту етіп көтерді ғой. Шындығында, бұл оқиға бүкіл кеңшар халқын толғантты. Екі кісі бас қосса, әңгімесі жастардың осы талабы туралы болды. Өңшең жас өрім қой жаюдың қиын сырын қалай меңгермек? Сенуге болар ма екен? Келешегі не болмақ? Осы сияқты сұрақ әркімді толғандырған. Бір қызығы, алыстағы «Кеңестаста» бір отар қойын дөңгелетіп жүрген Балташты да толғандырып еді.

Сөйтіп жүргенде, бір күні кеңшар басшылары шақырды. Жай шақырмапты. Балташқа осынау жастардың бастамасына ұйытқы болуды, ақылшы аға болуды, коммунист ретінде сеніп тапсыруды ниет етіпті.

Балташтың тың жауапкершілігі, жаңа қадамы осылай жалғасты. Қазіргі сәттегі шарбаққа сүйеніп ойланып қауында да осындай себеп бар еді. Өйткені, осынау он шақты баланы шопан өнеріне талмай тәрбиелеу, олардың бойына жаңаша өмір салтын қалыптастыру, жастық шағын мазмұнмағынаға кенелту, ең бастысы, абыройлы еңбек тұғырына көтеру – бәрі-бәрі Балташ үшін азаматтық борыш екенін



терең сезінеді. Жай сезініп қоймайды, түн ұйқысы бөлініп толғанады. Жастардың болашақ тағдырлары толғантады...

Балташтың ойын сырт жақтан білінген дыбыс бөліп жіберді.

– Бәке-ау, тағы да таң атпай тұрып алғансыз ба? Демала тұрсаңыз болмаушы ма еді?..

Бұл Балташтың көмекшісі Еркін болатын.

– Бәрекелді! – деп, Балташ күле жауап берді. – Мен сендерге сеніп алшымнан түсіп жатуды білмейді ғой деймісің?! Бірақ біздің осы әрекетіміз жатқызбайды ғой...

Бұл шын қамқор жанның, жауапкершілікті бар болмысымен сезінген жанның жүрек сөзі еді.





Ерсін МҰСАБЕКОВ,  
облыстық «Орталық Қазақстан» газеті  
Бас редакторының бірінші орынбасары

## АҚКӨЙЛЕК

**Қ**айран, Тілеш аға!

Қадіріңе мынау тасбауыр, жауқабак қоғам жете алмағанымен, бағанды біздер білеміз. Иә, біздер Арқа руханиятына есімі белгілі қаламгер, жақсы аға, ұстазымыз Тілеуқабыл Байтұрсыновты керемет құрметтедік. Еркеледік. Даладай дархан, баладай аңғал еді-ау өзі де...

Шаужайына жармасып, жарыққа үймелеген көбелектей Тілеш ағаны төңіректейтінбіз. Аурасы бөлек еді-ау ағамның!

Екеуіміздің аралас-құралас жүріп, аға-інідей сыйласқан соқпағымыз он жылды толтыра алмады. Алайда, ежелден сыралғы жандардай жақындасып кеткенбіз. Әріптес болдық. Ұстаз тұттым. Жақсы шәкірті болуға жарадым ба? Ол туралы пікірі жұдырықтай жүрегінде кетті.

Жұмысқа келген бетте жетінші қабатқа көтеріліп, Тілеш ағаны іздейтінмін. Ол кісі іссапарға кеткенде көңілім көдімгідей қоңылтақсып, кадр бөліміне бірнеше мәрте бас сұғып, ағамның іссапардан қашан оралатынын сұрай беруші едім. Енді, міне, еңбек демалысы емес, зейнет демалысы емес, қызмет бабындағы іссапары емес, Алланың қалауымен мәңгілік сапарға аттанды. Енді жүздеспейміз. Ағам енді менің жазған-сызғандарым туралы пікір айтпайды. «Әй, свольш!» деп еркелетпейді. Қандай ауыр!

«Қазан ұрмай, қар жаумай солады екен...». Әлгі бір халық әнінде жалғанның жалғандығын, пенде-ғұмырының көптелігін толғайтын жолдары бар еді ғой... Былтырғы



күзде Қарағанды руханияты «қазан үрмай, қар жаумай» солғын тартты. Қар демекші, Тілекең өміріндегі ерекше оқиғаның дені қар жауғанда болатын-ды. Ол қарашада туған. 18 қараша. Бірнеше туған күнін бірге атап өттік. Сол күні Арқаға алғашқы қар жауып, айнала аппақ әлемге айналатын. Өмірден озғанында қазан еді. 68 жасқа толуына тура бір ай қалған. 18 қазан күні жер қойнына тапсырдық. Сол күні қар жауып, ақ талқан боран соқты. Табиғат-Ананың өзі періште пейілді перзентін өлімге қимай, бұлқан-талқан ашуланғандай көрінді маған. Дала аппақ әлемге айналған күні өмір қақпасын ашып, жер-дүние ақ көрпесін жамылған күні Тілеш ағам да ақыретін жамылды. Бұл кездейсоқтық демес едім. Кіршіксіз ақ қар Тілеш ағамның аппақ пейілі мен пенделіктен пәк болмысының көшірмесіндей көрінеді маған. Ағам өмірден озған сәттен бастап ақ қарды аяғыммен басқым келмейді... Жер-Ананың жан жарасын жасырып, жалпақ әлемді аппақ нұрмен қымтаған қыстың ақ қары Тілекеңнің ақыретіндей болып кетті сол күннен бері.

Иә, жер ақ көрпесін жамылған күні біз қара жамылдық. Ұлт көсемсөзінің көшбасшысы, «Орталық Қазақстан» газетін ұзақ жыл басқарған белгілі қаламгер Мағауия Сембай ағам бастап, Тілеш ағаны жоқтадық. Газеттің тұтас бір бегін қара рамқаға алып, Арқа жұртына қаралы хабарды жеткізіп, Тілекеңнің ормандай оқырманына көңіл айттық. Мен сол күні былай толғанған екенмін:

«Тағдыр-ай! Бар еркелігімді көтеріп жүрген Ағамның табытын арқалаттың-ау...

...Суық хабарды құлағыммен емес, жүрегіммен қабылдадым. Ал, құлағымның түбінен тықылдаған дыбыс кетер емес. Тілекеңнің машинкасының дыбысы. Тоқтады. Машинканың тықылы да, ақ жүрегінің дүрсілі де.

Сене алар емеспін. Соңғы рет кездескенімде «Алпыстың сегізінші қырын асамын. Алла жеткізсе...» деп мұңайды. Иә, 68 жасқа толуына тура бір ай қалған. Редакцияға әр келгенінде артына қарайлап, біздерге әр нәрсені тапсырып, ор кездесуіміз қимай қоштасумен тәмамдалушы еді. Бұл жолы артына қарайламады. Еш нәрсе айтпады да, ештеңе тапсырмады. «Алла жеткізсе...». Неткен ауыр сөз еді?! Мен әдетте



гі еркелігіме басып: «Шал, оның болмайды! Жетпісіңді тойлаймыз. Мен өзім жазамын!» дедім. Аңырап отырып азанама жазарыма көрінді ме?! Әйтеуір, жазу ғой... Мен де жазуға отырдым, Ағам да Алланың жазуына көндікті.

...Кешелі-бері қаралы үйдің төңірегінде, Ағама соңғы қызметімізді көрсетіп жүрміз. «Бауырымдап» келіп, жер тоқпақтап жылаған елде қисап жоқ. Ана бір ағам босағада мұңайып тұрған маған салқын амандасты. Тура соған жазған қылдай жазығым жоқ еді. Неге? Ақ тілеулі Тілеуқабыл ағамның қазасы да сабақ болар түрі жоқ бұл ағама...

Тілеш ағама бөрібір. Ол тірлігінде ешкімге өкпелеген де, ешкімді өкпелеткен де жоқ. Мен білетін шалдардың ішіндегі «сәбиі» еді. Аңғалдығын, оған қоса адалдығын айтыңыз. Амал нешік, босағасына кие дарып, төріне сөз құдіреті жайғасқан қарашаңырақтың тағы бір қара нары омақаса құлады.

Қамыт. Шабыт. Табыт. Тілекең қу тірліктің қамытын шешті. Шабыты сарқылды. Табыты – ауыр. Қара табытта қасиетті қалам жатыр көсіліп. Арқа журналистикасы аңырап, қарашаңырақ қаңырап қалғандай... Енді кімге еркелеймін, Аға?!

Бақұл бол!».

Иә, біз көтеріп, қорымға беттеген қара табытта қасиетті қалам жатыр еді. Ол қалада тұрды, даланы сүйді. Қырдағы қырманға, жапандағы жайлауға асығып тұратын-ды. Еңбек адамын еңселендіре жазды. Оның досы қаладағы әкім емес, даладағы шопан, қырмандағы диқан еді. Ауыл еңбеккерлеріне арнап бірнеше кітап жазды. Жарытып қаламақы да алған жоқ.

Менің Тілеш ағама қоңырқай тірлік тән еді. Қоңырсыған тірліктің қоңыр күйін шертіп өтті. Жылтыраққа үйір болған жоқ. Дүниеге қызығып, мүмкіндігі бола тұра, мал жимады. «Елге болсын!» деген тілегінен екі елі ажырамай ғұмыр кешті. Сонау 90-жылдардағы экономикалық дағдарыс естеріңізде шығар... Редакция айлап жалақы алмаған, қызметкерлерінің автобусқа жолақы төлейтін ақшасы жоқ. Жаяу-жалпылап жүрген әріптестерінің жағдайына Тікеңнің жүрегі сыздайды, жаны жабырқайды. Тығырықтан жол та-



бар мүмкіндік жоқ. Сол бір қиын сәтте Нұраның егін шаруашылықтарының бірінен репортаж жазып, қаламақыға берген бидайын диірменге өткізіп, түскен қаржыны редакция кассасына салған Тілеш ағаның жайсаңдығын қалай ұмытсын әріптестері?! Сонда да «Алған бидайдың жартысын өзі сатып жіберді» деп арыз жазған қаламдастары да болыпты.

Тілеуқабыл Байтұрсын – Қарқаралы ауданы Нұркен ауылының тумасы. Шалғайдағы ауылдан ашылған орта мектептің (оған дейін жетіжылдық болған екен) алғашқы түлегі. Мектеп бітірген жылы оқуға түсуге мүмкіндік болмай, өзінің алтын ұясында аға пионер вожатыйы болып еңбек жолын бастайды. Келер жылы Алматыға барып, қарашаңырақ ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түседі. Шығармашылық еңбек жолы облыстық радиодан басталған. Арасында Алматы Жоғары партия мектебін бітіріп, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде басшылық қызметтер атқарды. Бөлім меңгерушісі, Бас редактордың орынбасары да болды. Бірақ, асып-тасыған, кеуде қағып, кердең басқан кезі болмапты.

Қарапайымдылық топырақтан дарыған бойына. Жылт еткен жақсы дүние жаза қалсам, «Әй, сволыш, қатырын жіберіпсің» деп пікір айтатын жалғыз ағам еді. Зейнет демалысына шыққаннан кейін де, телефонмен болса да, қанағ бітірер жылы сөзін арнап, болмаса «Соны айту үшін келдім» деп, ерінбей редакцияға соғып кететін. Қазір дәлізден аяқ дыбысы шықса, алшаң басып Тілеш ағам келе жатқандай елендеймін.

Сағынып жүрмін, Аға!

Сіз кеткелі де жаманды-жақсылы біраз дүние жаздық. Өзіңнің «кәсемсөтің» Мағаш (Мағауия Сембай) ағамнан басқа шынайы бағасын айтып, бағыт сілтейтін ешкім жоқ. Ол ағамның өзі – зейнет демалысында. Абзал көкем (ақын Абзал Бөкен) Алматыға көшіп кеткен. Ошақбай ағаның (ардагер ұстаз Ошақбай Суханберлин) да бізге соғуы сиреді. Жан досың Ерғазы аға (тарихшы Ерғазы Төлеу) екеуіміз жүрміз ауыр ойды құрсанып, бір-бірімізге мұң шағып...

Аңқылдаған ақкөйлек ағамның бейнесі кіршіксіз қалпында алыстан мұнартады.



Төрехан МАЙБАС,  
жазушы

## МЕЙМІЛ

**Ө**мір болған соң оның әйтеуір бір жетімсіздігі білініп тұрады. Толық еш нәрсе жоқ. Ең құрығанда күкірт жетімсіздігін сезінесің. Толып жатқан сол жетімсіздіктің орнын толтыратын бірдеңесі болады.

Тусырап жатқан жерге бір нәсер жетпей тұрады.

Қаңсып жатқан шөлге бір тамшы жетпей тұрады.

Сол кемдік андағайлап алдыңнан шыққанда кәдімгідей пұшайман боласың. Алдымен дәрменді өзіңнен іздейсің. Сонсоң айналаңнан.

Сонымен, табасың. Шам салып жүріп. Бәлкім, өзі табыла кетеді...

Толық адамның өзі өзінен аспай жатады. Асатыны – ернеуінен асып, төгіліп жататын меймілі.

Ниқанбай Иманғалиұлы Омарханов – мен үшін сондай жан.

Шешіліп, төгіліп сөйлеп кеткенде абыз Қарқаралы тумасы екеніне кәміл сенесің.

Айтқан сөзін жұтпайтынына қарап Арқа азаматы екендігін жазбай танысың.

Қарың талса демеп жібереді, жол шетінде тұрсаң ала кетеді, жаяу қалсаң астыңдағы тулағын түсіп береді.

Соның барлығы табиғатынан.

Бір Жаратқан осы азаматқа бәрін бере салған. Сол барымен елімен бөлісіп жүреді.



Жылқы жарықтықтың аңсарын айтқанда құлап түскем. Көнігі атбегілер біле бермейтін сол бір тылсым сезімді «Аңсар» деген хикаятыма өзек еттім. Төрт түлікті сөз еткенде алдына түсірмейді. Қойшының қасиетті ақ таяғы осы Ниқанның қолында жүргендей сезінесің. Бүгінгі замандастарымыз бәкі ұстаудан қашқақтап жүрсе, «жарықтықтан пейіш иісі шығады» деп бас ұстап отырған Ниқанды көресің. Сондайда көз алдында өмір бойы бас тәрбиелеп келген абыз тұрар еді.

Ол алдымен өзін тәрбиелейді. Өзінің тәрбиесімен өзгелерді тәрбиелейді. Солармен ойға да шапқылайды. Қырыда. Аң қағып, болмаса дуадақ шалып жүрген жоқ, әрине. Барған жерінен ең құрығанда арыс ала келеді. Онысы ертеңінде еларба болып ауыл ішінде кетіп бара жатады.

Той деген қазақтың бөлінбеген еншісі ғой. Кейінгі жылдардың ішінде қаншасын өткіздік. Соның ішінде елдің есінде қалғаны – Қарқаралыда өткен Қасымның тойы. Бұл шын мәніндегі руханият тойы болды. Қасымның рухын тірілту арқылы өзіміз де диланып алдық. Қасым әрбір қазақ баласының бойында жүрген рух қой.

Сол тойды Ниқан ұйымдастырып еді-ау.

Ал Қарқаралының – 180, Мәди бабаның – 125, Тоқтар ағасының 60 жылдығы сынды үлкенді-кішілі тойлардың әрқайсысы өз алдына бір төбе емес пе?!

Ниқан Ақтоғайға әкім болып келгенде әркім әртүрлі қабылдады. Біреулер ытырынды, біреулер бөріктерін аспанға атты. Алғашқылары Ақтоғайдан гөрі Қарқаралысыны көбірек керегірек еді деді.

Оларға қарсы айтатындай уәж жоқ еді. Аудан басында ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсататын кәсіпорындар ашты. Елге диірмен келді, дәруменді су шығарды, жүн басты, шұжық жасады... Ең бастысы, Совет өкіметін қара өгіңдей сүйреген МТМ қайтып келді.

Біреулер «Ниқан бүлдіреді» деді. Олары рас болды. Ақтоғайға бара сала сойқанды салды. «Отыратын» басшылардың орнына жүгіріп жүріп басқаратын «балалар» келді. Екпінді еді олар.



Ақтоғайдың иесіз жерлеріне иетауып берді. Қашқақтағандарына қарамастан несие алуға көндірді. Сөйтіп, Ақтоғай топырағында төрт түлік мыңғырып берсін.

Ниқан Ақтоғайға әкім болып бара жатқанда жоғарыдағылар «Төрт жылдың ішінде Ақтоғайды Нұраның жағдайына келтіресің» деді. Оны өз құлағымызбен естідік. Келтірер де ме еді?!

Ниқан Ақтоғайда көп тұрмады. Нұраға әкім болып ауысты. Тағы да ел қақ жарылған. Біреулері Ақтоғайға көбірек керегірек еді десті. Біреулері Нұраға.

Нұрасы ел жатырқамайтын, жер жатырқамайтын Ниқанды Тоқырауынындай қарсы алды. Айналдырған бір жылдың ішінде Нұрамыз Қарқаралы, Ақтоғайдай қазақыланып шыға келді. Іс басына тағы да қарадомалақ қазақ баласын жинады. Ертеректе Нұра қара судың ғана емес, сүттің де тұма бұлағы еді. Ниқан соны қалпына келтірсе деп жатыр. Елдің Саумалкөлі бұлардың Қаймақкөлі болып төгіліп жатыр.

Ал менің аспанға атқан бөркім біреудің басында кеткен.

Әлихан бабамның тойы келе жатыр еді ғой. Қасымнан кейінгі семе бастаған рухымызды Әлихан баба тойы әкелетіндей көрінген. Бір Жаратушы Ниқанды Ақтоғайға солайша жіберген болар деп ойлағам...

Күпірлік жасаппыз. Пендешілігіміз де шығар.

Әлихан тойы Ақтоғайдан аспай қалды.

Алда Қаздауысты Қазыбек бабам тойы келе жатыр...

Анығы Ниқан – керек адам. Маған, сізге, оған. Бәлкім, маған көбірек. Бәлкім, сізге көбірек. Бәлкім, оған көбірек.

Бәрімізге жетпей жүреді.

Бірдеңе болып.

Өйткені, ол – мейміл адам.



София ОМАРОВА,  
Үлмекен АСАНОВА,  
филология ғылымдарының кандидаттары

## ІЗГІЛІКKE ИҚКӘРЛІК

**Қ**арлығаш Қадашқызының өмір жолы туралы деректеріне көз жүгіртсек, таудай талабының арқасында білім мен ғылым жолында алдына қойған мақсат-мұраттарына қол жеткізе алатын, талай-талай белестерден өтіп, биік шыңдарды бағындыра білетін нағыз қайратты тұлғаны көруге болады. Ол табиғатынан жаны нәзік болса да, шындықты бетке айтатын турашыл адам. Бойында адалдығы мен ақылдылығы мол Қарлығаш Қадашқызы – жанында жүрген шәкірттері мен әріптестеріне әрқашан да жан-жақты, жаңашыл білімімен, адами қасиеттермен үлгі-өнеге.

Ішкі жан дүниесі мен сыртқы келбетінің көріктілігі үйілесімін тапқан Қарлығаш Қадашқызы – өмірде әсемдікке, сұлулыққа да құштар жан. Бұған қоса оның өз ана тіліне деген жанашырлығы, мемлекеттік тілдің даму жолындағы қажырлы да тынымсыз еңбексүйгіштігі тағы бар. Осындай ардақты да қадірлі атқа ие болған, мәдениеттің, білім мен ғылымның биік шыңында жүрген Қарлығаш Қадашқызы мерейлі жасқа келіп отыр.

Бүгінде Қарлығаш Қадашқызы Түркі академиясының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ЖОО-ның үздік оқытушысы, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің Құрметті қызметкері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Ол 1954 жылдың 5 наурызында Қарағанды облысының Қарма



ралы ауданында дүниеге келген. Қарқаралы ауданының Н. Әбдіров атындағы орта мектебін аяқтағаннан кейін, 1971 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, өзі таңдаған қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын 1976 жылы үздік дипломмен аяқтап шығады.

«Алтын алма, білім ал» деген халықтың дана сөзін жадына түйіп өскен ол аталмыш университетті аяқтағаннан кейін, бар ғұмырын толықтай ғылым жолына арнайды. 1993 жылы «Қазақ тіліндегі көмекші сөздердің жай сөйлем жасаудағы рөлі» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертация, ал, 2002 жылы «Жаңаша жаңғыртып оқыту: қазақ тілін оқыту әдістемесі» тақырыбына докторлық диссертация қорғайды.

Қарлығаш Қадашқызының еңбек жолы мазмұнды да нәтижелі, бір үлкен мектеп деуге болады. Ол 1976-1980 жылдары Мәскеу қаласындағы Ғылыми-техникалық институттың ғылыми қызметкері, 1981-1993 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ тілі теориясы мен практикасы кафедрасының доценті, 1995-2000 жылдар аралығында Қазақ гуманитарлық заң университетінің қазақ, орыс және шығыс тілдері кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс істеген. 2005 жылы А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің тіл үйрету орталығының директоры, 2006 жылы аталған жоғары оқу орнының түркологиялық факультетінің деканы, сонымен қатар, Түркістан гуманитарлық ғылымдар және бизнес институты қазақ тілі кафедрасының профессоры, 2007 жылы Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, 2011 жылы аталған университеттің мемлекеттік тілді дамыту, біліктілікті көтеру және мамандарды қайта даярлау орталығының басшысы қызметтерін атқарған.

АДЖИП ҚҚО компаниясының қазақ тілін қолдау мен дамытуға арналған грантының, ҚР Ақпарат және мәдениет министрлігі Тіл комитетінің мемлекеттік тілді оқытуға арналған грантының иегері.



Қарлығаш Қадашқызы – ғылым әлемінде білікті әдіскер ретінде танылып, әдістеме ғылымында қазақ тілін оқытудың жаңашыл бағыттарын айқындап берген ғалым. Оның өз ани тіліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігі, бойындағы ұлт-жандылық қасиеті өмір жолындағы әр басқан қадамынан, таңдаған сара жолынан, ойынан байқалады. Өзінің өмірін қазақ тілін оқытудың әдістемесіне арнаған Қарлығаш Қадашқызы шетелде қазақ тілінен сабақ беру байқауына қатысып, жүздің ішінен жүйрік шығып, Америка Құрама Штатындағы Мэриленд университетіне американдықтарға қазақ тілінен дәріс беруге жолдама алады. Ол бірнеше жыл бойы қазақ тілінен сабақ бере жүріп, мол тәжірибе жинақтады. Шетелдегі үлкен тәжірибесін ойына түйе білген әдіскер-ғалым қазақ тілін инновациялық әдістермен оқытуға арналған еңбектерін жазды. Оның алғаш рет мамандыққа бейімден оқыту бағытындағы жоғары оқу орындарының заң факультеттері студенттеріне арналған «Қазақ тілі» оқулығы, «Әскери қазақ тілі» үш деңгейлік оқу кешені, «Тіл әлемі» үш деңгейлік кешенді оқу құралы, «Қазақ тілі. Ресми қатынастар тілі және іс қағаздарын жүргізу» атты еңбегі, «Қазақ елі: қазақ тілін үйренейік» тіл дамытуға арналаған оқу құралы (түркітілдес студенттердің бастауыш және жалғастырушы топтары үшін) және мемлекеттік қызметшілерге арналған «Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешені, «Мемлекеттік қызметкерлерге арналған қазақ тілі» (бейнебаян) атты еңбектері жарық көрді.

Қарлығаш Қадашқызы тәжірибелі әдіскер ретінде қазақстандық мектептердегі мемлекеттік тілдің оқытылу деңгейі және ондаған оқулықтар сапасы мәселесін де назарынан тыс қалдырмаған. 2010 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша ғалымның жетекшілігімен орыс тілді орта мектептердің 5-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешені жазылды. Ғалым-әдіскердің идеясымен кешеннің негізгі құжаттары (бағдарламасы, стандарты), деңгейлік негізі, оқулықтары, әдебиеттік оқу құралы, мұғалімге арналған әдістемелік оқу құралы, грамматикаға арналған



«Тілдік тұғыр» оқу құралы, оқу сөздіктері, дидактикалық-иллюстрациялық материалдар, қазақ тілін отандық фильмдер арқылы оқытуға арналаған «Бейнебаян» оқу құралы дайындалды. Бұл оқулықтар мен оқу құралдары заман талабына сай жазылғандықтан, қазіргі таңда жоғары сұранысқа ие болып отыр.

Соңғы жылдары ғалым Қарлығаш Қадашқызы тілдерді оқытудың жаңаша бағыты, яғни, қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі мәселелерімен айналысып жүр. Оның «Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі» атты монографиясы да жарық көрді. Ғалым бұл еңбегінде «туыс тілдерді оқыту» терминін алғаш рет қолданысқа енгізеді және қазақ тілін туыс тілде сөйлейтіндерге оқытудың жаңа технологияларын, тиімді әдістерін ұсынады.

Бүгінде алпыстың асқарына шыққан Қарлығаш Қадашқызы – Қазақстанның белгілі профессоры, танымал ғалымы. Ол – әр уақытта да жанындағы шәкірттері мен әріптестеріне қамқор бола алатын, адал да әділетті, жаны таза, мейірімі көлдей, топ арасынан сыртқы тұлғасымен де, өзіндік мінезімен де ерекшеленіп тұратын дара тұлға. Біз осындай адамнан өнегелі тәжірибе алып, ғылым жолында да, қызметте де бірге жүргенімізді мақтан тұтамыз.

Сөз түйінін талантты ақын Асқар Дүйсенбінің Қарлығаш апайға арнаған жыр шумақтарымен түйіндегенді жөн көрдік.

**Біздің апай осындай!**  
*Қарлығаш Қадашқызына*

*Арқадай кең, алқадай тең мұратты,  
 Таңы – нұрлы, жаны – қырық шырақты!  
 Қос отыздың көктемінде алаулап,  
 Қадірлі ұстаз қайта гүлдеп, бұр атты!*

*Жаны гүлдей, арман жыры – асқақ ән,  
 Жалын құйған жанарына жас қалам!  
 Даңқына – бал, антына – адал әзиз жан,  
 Өмір жолын ұстаздықтан бастаған!*



Жолдасына жай тілекші, жай бапкер  
Емес! Жайлы жүреді ылғи сайлап төр!  
Жанары – гүл, жүрегі – нұр шалқыған,  
Үйде – ана,  
Ал қоғамда – қайраткер!

Ол бар жерде түсірмейсің еңсеңді,  
Ұстап көрген үлкен мансап, кең шенді.  
Толса, тасып төгілу жоқ қалпында,  
Үйде – асыл жар,  
Жұмысында – белсенді!

Ұлт ісінде – найзағайдай намысты,  
Аяғына жеткізеді әр істі.  
Немересін еркелеткен үйде – әже,  
Ал ғылымда мектебі бар табысты!

Аяқасты тыңдамайды сөзіңді,  
Өнегесі, өмірдегі өзі үлгі!  
Жаны мөлдір, үйде жұмсақ мақтадай,  
Ал тірлікте – Тастай берік төзімді!

Көргеміз жоқ бос мақтауға балқыған  
Әлсіз сәтін, қауырсындай қалқыған.  
Ай мен күндей адаспайтын жолы бар,  
Асыл жандар айнымайды қалпынан!

Қос отызың – қазынаңның қамбасын,  
Тереңдетсін тәліміңнің таңбасын!  
Ғылым – тұғыр, бақыт – гұмыр бағында,  
Қарлығаштай қанатыңыз талмасын!

Сөйлер жерде тура тұрып тосылмай,  
Жақсы көрсе қушақ жайған досындай.  
Жанары – от, жаны – көктем, жүзі – жаз,  
Алпыста да біздің апай осындай!



**Болат ЖҰМАҒҰЛОВ,**  
**Абай атындағы Қазақ ұлттық**  
**педагогикалық университеті**  
**Тарих және құқық институтының директоры,**  
**тарих ғылымдарының кандидаты, профессор**

## **ҒЫЛЫМ МЕН ҰСТАЗДЫҚТЫ ҰШТАСТЫРҒАН**

**Ұ**стаз – шәкірт білімін шыңдаушы, демеуші әрі қолдаушы екені әмбеге аян. Ұлы ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби «Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие керек, тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы» деген екен. Міне, шәкіртіне шуағын төгіп жүрген ондай жанның бірі һәм бірегейі – Тарих және құқық институтының әлем тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Мереке Көкеқызы Төлекова.

Ол 1955 жылы 27 мамырда Қарағанды облысына қарасты Қарқаралы ауданының Еңбек ауылында дүниеге келген. Әкесі Көке Жүнісов осы ауданға қарасты Нұркен совхозының негізін салған, көп жылдар үздіксіз еңбек еткен аптал азамат болған еді. Сол совхоздағы Нұркен Әбдіров атындағы №10 мектепте Мереке Көкеқызы да білім алды. Оқу озаты, математика пәні бойынша олимпиадалардың жүлдегері болып, үнемі Құрмет тақтасынан көрінетін. Тіпті, пионер дружинасының төрағасы, комсомол ұйымының жетекшісі ретінде еңбекке, ұйымдастырушылық жұмысқа жастайынан шыңдалған екен.

Мектеп бітірген соң болашақ ғалым Целиноградтың ауылшаруашылық институтындағы экономика факультеті-



нің «Информатика және есептеу технологиясы» бөлімін олимпиада жүлдегері ретінде мерзімінен бұрын 3 жылда төмамдап шығады. Дипломы қолға тиген соң алғаш еңбек жолын 1974-1976 жылдары Қарқаралы қаласында аудандық информациялық есептеу станциясында оператор, одан кейін аудандық партия комитетінің идеология және мәдениет бөлімінде қызметкер болып бастады.

1976 жылы аудандық партия комитетінің арнайы жолдамасымен партия қатарына өту үшін сол кезде міндетті болып саналатын тарих мамандығы бойынша Абай атындағы ҚазПИ-ге оқуға түсуге келіп, мамандығы сай келмегендіктен бірінші курсқа қабылданады. Десе де, аудандық партия комитетінің жолдамасымен Марксизм-Ленинизм институтын төмамдау бақыты бұйырды.

Бірақ, алға қойған мақсатын бір сәт болсын естен шығарған емес. Ақыры, 1980 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетін «Тарих. Қоғамтану оқытушысы» мамандығы бойынша қызыл дипломмен төмамдап шықты (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ). Араға жыл салып, аталған білім ордасына қызметке қабылданды және күні бүгінге дейін осы университетте еңбек етіп келеді. Яғни, сонау 1976 жылы басталған ғылым жолындағы дамуы мен жетілуі осы университетпен тікелей байланысты деуге болады.

Сөйтіп, 1993 жылы «Қазақстан өнеркәсіп жұмысшылары» атты тақырыпта «Отан тарихы» (Қазақстан Республикасының тарихы) мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғап, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің Жоғары аттестациялық Кеңесінің шешімімен 1993 жылы 27 қаңтарда оған тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді. Оның ғылыми-зерттеу бағыты тарихи демография, миграция және Қазақстанның әлеуметтік тарихының өзекті мәселелерімен байланысты болды.

Араға он жыл салып, 2003 жылы 6 наурызда М. Толстова «Отан тарихы» мамандығы бойынша «Жетісу өңіріндегі әлеуметтік-демографиялық даму (XIX ғасырдың аяғы



XX ғасырдағы)» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. Нәтижесінде, 2004 жылы тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі, төрт жылдан кейін, 2008 жылы осы университеттің профессоры ғылыми атағы берілді.

Мереке Төлекованың жалпы еңбек өтілі – 45 жылды, ғылыми-педагогикалық өтілі – 39 жылды құрап отыр. Лаборттық қызметтен тарих ғылымдарының докторы, профессорлық сатысына дейін көтерілді. Аянбай еңбектенудің, үздіксіз білім жетілдірудің, табиғи білімпаздықтың ерен үлгісі осы.

М. Төлекова ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша іс-шараларға белсене араласады. Бірыңғай ұлттық тестілеу кезінде тарих пәні бойынша аппеляциялық комиссияның, аталған министрліктің эксперттік комиссиясының, мемлекеттік гранттар мен сыйлықтарға ұсынылған жұмыстарды эксперттен өткізу тобының, «Түркі халықтары тарихы» пәні бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігі эксперттік кеңесінің мүшесі ретінде есімі еленді. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет Грамотасымен марапатталды.

Ол ғылыми жұмыстармен де белсенді айналысады. Англия, Франция, Германия, Ресей елдерінде, Астана және Алматы қалаларында өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысты. Оның 250-ден астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік жұмыстары жарық көрді. «Жетісу халқы (1897-1999 жылдар)», «Жетісу халқының әлеуметтік дамуы (1897-1999 жылдар)», «Тәуелсіз Қазақстандағы көші-қон үрдісі: нәтижесі мен салдары» сынды 3 монографияның авторы.

Ол бакалавр, магистратура, докторантурада өзінің арнайы даярлаған бағдарламасы бойынша лекциялық курстарды оқиды. Студенттердің дипломдық жұмыстарына, магистранттар мен докторанттардың диссертациялық жұмыстарына ғылыми жетекшілік етеді. Ғылыми негізделген магистранттық, дипломдық жұмыстармен қатар, педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын да қатар жүргізіп



келе жатқан ғалым-ұстаз. Оның ғылыми жетекшілігімен екі ғылым кандидаты диссертация қорғады. Университет қабырғасындағы, ел көлеміндегі, сондай-ақ, халықаралық деңгейдегі конференцияларға белсенді қатысады. Кандидаттық және докторлық диссертацияларда ресми оппонент болады.

Мереке Көкеқызы бүгінгі таңда да өзінің ғылыми зерттеулерін жалғастыруда. 2019 жылғы 25 ақпан мен 12 наурыз аралығында Мәскеу қаласындағы Ресей Халықтар Достығы университетінде болып, ғылыми біліктілігін арттыру курсына қатысты. Онда ғалым «Ресей тарихы» кафедрасының меңгерушісі, РФ Білім беру ісінің үздік қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор В. Козьменконың «Ресей тарихының өзекті мәселелері» атты арнайы курсына және «Әлем тарихын оқытудағы қазіргі талаптар мен ғылыми көзқарастар» атты дөңгелек үстелге қатысу мүмкіндігіне ие болды. Арнайы сертификат алды. Осы Мәскеудегі Ресей мемлекеттік архивінде, Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивінде, Ленин атындағы кітапханада және диссертациялық бөлімде жұмыс жасап, ғылыми зерттеу бағыты бойынша архивтік деректер жинады.

Ғылыми зерттеу жұмыстарының негізінде 3 рет Мемлекеттік грант иегері атанды. Сонымен қатар, студенттер арасында ғылыми жұмыстарды ұйымдастыра отырып, үнемі пәндік олимпиадаларға қатысады. «Жерұйық» командасының жетекшісі ретінде Қарағанды, Астана, Қызылорда, Жамбыл қалаларындағы пәндік олимпиадаларға алып барған шәкірттері 1, 2, 3-орындарды жеңіп алды.

М. Төлекова факультеттің қоғамдық жұмыстарына да белсене араласады. Мәселен, 2015 жылы ҚР жоғары оқу орындары студенттерінің арасындағы «Тарих» мамандығы бойынша VII Республикалық пәндік олимпиадасына қазылық етті. Осы олимпиаданы ұйымдастыру барысындағы жұмыс тобының мүшесі де М. Төлекова болатын. Сондай-ақ, «Түркі әлемі» атты дөңгелек үстелді жүргізуге басшылық жасады.



Астана қаласында өткізілген «Халық – тарих толқынында» атты республикалық семинар-тренингке қатысып, өзінің ой-пікірлерін білдірді. М. Төлекованың дәрістері жоғары кәсіби деңгейлігімен, теориялық-әдістемелік шеберлігімен, жаңа технологиялық-инновациялық оқыту әдістерін қолдануымен және мазмұндылығымен ерекшеленеді.

2007 жылғы сәуірден 2010 жылдың соңына дейін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы мамандандырылған докторлық диссертация қорғаудағы диссертациялық Кеңестің ғалым хатшысы, мүшесі болды. Факультеттің Ғылыми кеңесінің мүшесі, ғылыми жұмыстар жөнінде деканның орынбасары және «Тарихи ғылымдар» сериясы бойынша «Хабаршы» (Вестник) журналының жауапты хатшысы, топ эдвайзері және тәлімгер ретінде жұмыстар атқарды.

2016-2018 жылдары ол Әлем тарихы кафедрасының меңгерушісі болды. Биылғы оқу жылының басында аталған кафедраның «Құрметті меңгерушісі» атағы берілді. Институттың Ғылыми кеңесінің мүшесі, республикалық эксперттік кеңес мүшесі (гуманитарлық пәндер бойынша), ғылымизерттеу жұмыстарының сарапшысы, Білім беру бағдарламаларының авторы ретінде ғылыми-педагогикалық жұмысын жалғастыруда. Әлі де ғалым-ұстаздың бергенінен берері көптігіне сенімдіміз.

М. Төлекованың қажырлы еңбегі мен ғылыми еңбектері жоғары бағаланды. «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісі, «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» Грантының иегері, Университеттің 80 жылдығына орай ҚР Білім және ғылым министрлігінің Мақтау грамотасының иегері, Мультимедиалық электронды оқулық авторы.

Сондай-ақ, Абай атындағы ҚазҰПУ-дің «Үздік ұстазы», осы оқу орнының «Құрметті қызметкері». ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ғылымға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, Абай атындағы ҚазҰПУ-дің «Айрықша еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды.



250-ден астам ғылыми мақалалардың, 3 монография мен 8 оқу құралының авторы. 20-дан астам типтік оқу бағдарламаларының негізін қалаушы. 2 патент иегері.

Мереке Төлекова – отыз тоғыз жылдан астам ғылыми-педагогикалық жұмыста ұстаздық етіп келе жатқан ғалым-педагог. М. Төлекованың дәрістері жоғары кәсіби деңгейлігімен, теориялық жаңашылдығымен ерекшеленеді.

Біз де өнегелі отанасы, профессор, Сарыарқаның перзенті Мереке Көкеқызына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына құт-береке тілей отырып, әлі де жас ұрпақты тәрбиелеуде көп еңбек етіп, елінің, жерінің атын шығаратынына сенеміз.





Кеңес ЖҰМАБЕКОВ,  
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,  
Қазақстанның еңбек сіңірген артисі

## СЕНІМДІ АЗАМАТ

*«Ты оправдываешь надежды...»*

*Ә. Мәмбетов,  
Халық Қаһарманы*

**А**й сайынғы әдетіммен Н. Гоголь атындағы облыстық кітапхананың үлкен оқу залына кіріп, «Астана ақшамы» газетінің тігіндісін алдыма жайып, өткен жылдың соңғы айының беттерін парақтай бастадым. Издейтінім – өнер, әдебиет, мәдениет туралы тың мақалалар, жаңалықтар. Бір уақытта тақырыптан гөрі афоризмге көбірек келетін «Сахна адалдықты сүйеді» деген мақала жаныма жылы көрініп оқи бастадым. «Сұхбат беруші Қ. Қуанышбаев атындағы академиялық қазақ драма театрының актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Ыбыраев» деген жазуды көргенде, «өзіміздің Болат қой, атақ алған екен...» деген қуанышты сезім бойды баурап алды.

Көз алдыма сонау 1979 жылы Алматы Театр және көркемсурет институтын (қазіргі Т. Жүргенов атындағы өнер академиясы) бітірген екі бозбала келе қалды. Қазір екеуі де – қазақ сахна өнерінің айтулы тұлғалары. Бірі – С. Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ драма театрының белгілі актері Еркеғали Бәйдешов болса, екіншісі – мақаламызға арқау болғалы отырған Болат Қалыбекұлы Ыбыраев.



Болаттың С. Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық драматикалық драма театры сахнасында тұсауы кесіліп, сахна көгіне ағасын сыпырып ұшырған алғашқы рөлі театрдың көрнекті жетекшісі Ж. Омаров қойған Қ. Исабаевтың «Сандары» драмасындағы Қобылан болатын. Жас актер өз рөлін танытынының ұшқынын жалындатып, бойындағы табиғи дағдымен арнайы білімін ұштастырып, ауыз толтырып айтып қомақты кейіпкер етіп сомдады. Алғашқы аяқ алынған-ақ үлкен сахнаға лайықты актер екендігі сезілді. Қарағанды көрермендеріне ерекше әсер еткен рөлі – режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Е. Тапенев қойған драматург Д. Исабековтың «Өпке» драмасындағы Тимур. Тимурды екеуіміз қатар сомдадық. Бірақ Болаттың кейіпкеріне деген ыждаһаттылығы, сахнаға деген құштарлығы, Тимур рөліне деген берілістің шықтығы менің жол беруіме тура келтірді. Өйткені, әр рөлге этицияға жаңалық әкеліп отырды. «Кеңке, мына жеріңді қарап былай істеп көрейікші», болмаса, «Анамыздай асыңды қарап әпкеміз ғой, бірден жүрегіне тиетіндей ұрысқанымыз, қандай дауыс көтергеніміз артықтау емес пе?» деп мазасыздандыра беретін. Маған ерекше ұнағаны – кейбір актерлер сияқты кейіпкерді ойнауға қатар түссе қызғанып, бір сөзді қателесіп қойсаң, болмаса мизансценаны өзгертіп алсақ, «неге?» деп қодыраңдауы жоқтығы. Бұл дегеніміз – өмірде де, сахнада да өте мәдениеттілігі.

Бір жылдай сахнада бірге қызмет істеген уақытта Болаттың ең басты еше образ сомдады. Ерекше шабытпен ойнаған кейіпкері – режиссер Е. Тапеневтің қойылымындағы Н. Гогольтің «Үйлену» комедиясындағы Жевакин. Әлем мойындаған драматургтің айтар ойы адамзат таңғаларлықтай ұшы-қиырсыз көлемді, түпсіз терең болмай ма?! Ондай дүниелерді сахнаға алып кемелердей ой өрісі кең, талантымен қосылған кішімі терең актер болмаса, өзен-көлде жүзетін қайықтар сияқты алғашқы толқыннан-ақ су түбіне кетеді. Болаттың талантты танымы, Ш. Жандарбекова, А. Әшімовтердей айтулы сахнаға на саңлақтарынан алған білімі, ізденімпаздығы, сахнаға



деген құштарлығы – бәрі бір жерге тоғысып, ұлы драматургтің әйгілі шығармасындағы Жевакин рөлін жаңа қырынан жарқыратты. Сол спектакльді дайындауда режиссер Е. Тапенев жас актерлерді Москваға бір айлық білімін жетілдіру курсына алып барып, профессор М.М. Новохижиннің шеберханасында дайындады.

Кешкі бос уақытымызда Москва театрларына барып, көптеген спектакльдер көріп, актерлермен сұхбаттастық. Сонда Болат Кіші театр, Таганка, А. Пушкин, Ленком, Моссовет, М. Ермолова театрларынан орыс классиктері – Островский, Песков, Гоголь, Чехов спектакльдерін көріп, қанаттанып келетін. «Біз мыналардың қасында тек сөзін айтып ойнайды екенбіз ғой, нағыз шеберлік, кейіпкер сомдау дегендерің мыналарда ғой», – деп таңғалып басын шайқайтын. Көргендеріне тамсанып қана қоймай, шеберліктерінің ұтқыр тұстарын бойына қабылдап, үйреніп, мол тәжірибе алып қайтты. Соның дәлелі – Жевакин образының өзіндік жолмен ерекшеленіп, бұрынғы сомдаған кейіпкерлерінен айрықша биікке тұрғаны. Биікке көтерген тек таланты емес, Москва актерлерін көргеннен кейінгі ұлттық намыс екені сөзсіз!

Болат Ыбыраевтың бір ерекшелігі – кейбір замандастары сияқты қысыр әңгіме, бос жүріске жоқ. Репетиция бітсе, жалғыз қалып, режиссердің айтқан ескертпелерін еске түсіріп, қайталап «шегелеп» алады, болмаса сөзін жаттап кешкі репетицияға дайындалады. Жігіттердің «Әй, үйіңе барасың ғой, жігіт емеспісің, бізбен бірге бір-екі бокал сыра ішіп, көуапқа бармаймыз ба?» – дегеніне шымшып қана «Ас болсын» деп, үйіне қарай асығады. Кейбіреулер кекете-мұқаға сөйлесе бойынан сөз асырмайтын намысқой болатын.

Тым қатты кетіп жанына тиетін сөздер айтса, күлімдеп бетіне қарап тұрып: «Сен де пәленше сияқты «сұраншақ сұмырай ма» едің? Ақшаң жетпей тұрса, анықтап айтпайсың ба «үшіншінің» жетпей тұрғаны деп?! Мә!» – дейді де, керетін беріп өз жұмысымен кете беретін мәрт жігіт.

Өзі көпшілік ортасында көңілді болғанымен, шулы тобырға, орынсыз басқосуларға аттап баспайтын тура жол-



шыл. Өмірде, театрда өзінің жанына жақын адамдар бар, солармен әңгімелесіп сыр бөліседі, араласады. Әсіресе, жаңалыққа құмар, кітапты көп оқитын Қайрат, Сейтжан, Сансызбай сияқты қатарластарымен көбірек араласып, қалжыңдасып жүретін. Қайрат поэзияны сүйсе, Сейтжан мен Сансызбай Ян, Кожевников, Есенберлин кітаптарын сұрап, тарихи шығармаларды іздеп жүріп оқитын.

1980 жылдардағы біздің театрдың актерлері алдыңғы толқын ағалардың ойындарын жібермей көріп, сахнадағы ұтымды, өте сәтті ойналған тұстарын қағып алып, «афоризм» секілді бір-біріне қайталап айтып жүретін. Әсіресе, Станиславский театрының керемет актерлері Макуш, Бегов, Григорьевтердің ойнаған кейіпкерлерінің әрбір ұтымды фразаларын қағып алатын. Ал, өзіміздің театрдан Шәміл Жүнісов пен Рамазан Баймағанбетовтердің қайталанбас шеберліктерін көріп, масайрап отырып «копировать» етіп салғанда, екінші рет спектакль көргендей мәз болатынбыз. Сондай «спектакльдерді» үзіліс арасында қоздырып жіберетін Болат болатын. Григорьевтың ақ гвардия полковнигін ойнағанда қызылдарға ызадан ашуланып, бір жұдырығын түйіп тұрып, екінші алақанымен сыртынан соғып: «надо драть!» (аямай құрту керек) деп айтатын жері бар-тын. Соны Болат үзіліс кезінде бастап жібереді, әр жағын Сейтжан, Мекен, Қайраттар қоймастан «неше түрлі спектакльдерді» іліп әкетеді. Болаттың әріптестерімен қалжыңы да әдемі, сыпайы келеді. Бірде гастрольде ауылдық жердің клубында тар жерде киімін ілетін қолжетімді бос орын болмаған соң, биіктеу қағылған шегеге Болаттың бойы жетпей, секіріп іле алмай жатқанын көрген Қайрат: «Әкел, қортық, сенен гөрі мен биікпін ғой» деп маңғазданып, киімін алып іліп қойды. Болат бапшен бәріне естірте: «Сен менен биік емессің, ұзынсың», – дегенде, Қайрат сасып қалып: «Өй, сен де оқыған екенсің ғой, молодец! Бұл Наполеон Бонапарттың көмекшісіне айтқан сөзі еді, бойым ұзын болған соң бір кәдеге жиі рап қалар деп сақтап жүр едім, сен менің алдымды орап кеттің», – деп бәрімізді күлдіргені бар. Ойлы қалжыңға риза



болған Асякаң (Әсия Аблаева, Қазақстанның Халық артисі) «Міне, білімді, интеллигентный актерлар, біреулер сияқты «белкадан» (картадан) бас алмайтындардан емес», – деп, бір бұрышта белка соғып отырған жігіттерге реніштің ала көзімен атып жібергенде, олар «Қой, темекі тартайық» деп сыртқа ата жөнелді. Шындығында да, Болат кітапқұмар, кейіпкеріне қажетті материалдарды теріп жүріп оқып дайындалатын, сондықтан да көбіне ойланып, «саяқ» жүреді. Терең ойда жүретін адамдар көбіне жалғыздықты сүйеді.

Актердің бағы теориямен қаруланып, жалындап театрға келгенде алдынан талантты режиссер шыға келсе ашылады. Көбіне ой деңгейі актерден төмен, қалың мұзды бұзып жарып өте алмай кептеліп қалған кемедей өзін тартып шығаратын «буксир» керек ететін режиссерлер кездесіп, жас таланттардың арман мен үмітінің жүзі майырылып қалатыны да болады. Ал Болаттың жолы болды. Ең алғаш ерекше таланты, қажымас еңбекқор, керемет ұйымдастырушы, үлкен қамқоршы Жақып Омаровтың кездесуі Болаттың болашақ еңбек жолының шарықтауына кең жол ашты. Жақаң Болатқа сенді, Болат Жақаңа сеніп етегінен ұстаған күйі айырылмады... Орта жолда тастамайтынына, суға батырмайтынына бек сенді. Сенгенінің арқасында 1990 жылы Ақмола қаласында қазақ драма театры ашылғанда, Жақып Омаровқа еріп, қазіргі Қ. Қуанышбаев атындағы академиялық қазақ драма театрының шаңырағын алғаш көтерушілердің бірі болып келді. Содан бері үзіліссіз бүгінгі күнге дейін еңбек етіп келеді. Көптеген режиссерлермен қызметтес болды. Әсіресе, қазақ сахна өнері алыптарының бірі, ұлттық режиссураның көшбасшысы болған Халық қаһарманы Әзербайжан Мәмбетовпен қоян-қолтық еңбек еткен уақыт – Болаттың өміріндегі ең сәтті кезеңі. Әлемдік дәрежедегі режиссердің әлем драматургиясындағы інжу-маржандарымен сусындап, әр актердің өмір бойы армандап қолы жете бермейтін А. Чеховтың «Ваня ағайындағы» Войницкий, Ш. Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» спектакліндегі өте күрделі тұлға Едіге, Дель Мардың «Баянсыз бақ» қойылымындағы Мис-



тер Купер образдары Болат шығармашылығы белестерінің биік шыңы болып, ұлттық театр тарихында қалды. Ұлы режиссердің ғажайып спектакльдерінің көлеңкесінде қалып қоймай, актер Болат Ыбыраев та жарқырай көрінді. Автордың ойы, режиссердің шешімі, актердің ойыны ұштағандай сахнадағы сәйкестік пен үйлесім симфониясының үлгісін көрсетіп көрермендерге ләззат сыйлады.

Болат режиссер таңдамайды. Қайсысымен болсын, шығармашылық түсіністікпен терең ойлап, ортақ шешімін тауып қызмет істейді. Оған басты рөл, эпизодтық рөл деген жоқ. Жоқтан бар жасайтын еңбекқор, ізденімпаз актер Қ. Қуанышбаев театрының қазіргі көркемдік жетекшісі, талантты ұйымдастырушы, халық артисі Т. Теменов өз мақаласында: «Кімді ойнағыңыз келеді?» дегенде «Шекспирден Ричард пен Король Лирдің бірін», – деп жауап берген Болат шындығында да сол дәрежеге жетті, кемеліне келді. Ойы да, шеберлігі де, тәжірибесі де толықсып, талантын алдаспандай шыңдаған кезі.

Талай актерлердің бағын ашқан режиссер Ә. Мәмбетов «Ғасырдан да ұзақ күн» спектаклін қойып, алғашқы премьерасы болған күні сахнаға келді. Әншейінде ешкімге «идиоттан» басқа жылы сөз айтпайтын Әз-ағаң, Болаттың Едігесіне риза болғаны сондай: «Ты оправдываешь надежды...» деп бағалауы Болаттың шеберлігіне, еңбекқорлық ізденісіне риза болғаны ғана емес, болашақта да үлкен сенімді ақтайтын үлкен актердің қалыптасқанына деген сенім мен мақтанғыш деп білемін. Көбіне орыс тілінде сөйлейтін ұлы ұстазға (мен театр студиясында оқығанда, біздің директорымыз болған): «Да, вы правы, учитель, он и в жизни, и на сцене надежный человек», – дегің келеді. Өйткені аяулы жары Махпузамен сахнада да, өмірде де қол ұстасып, қиындықтарды бірге бөлісіп, балаларын өсіріп, немере сүйіп отырған Тәуелсіз еліміздің бақытты отбасы. Бір-біріне сенімді адал жандар. Болат айналасындағы адамдарға сенді, өрін-тестеріне, достарына сенеді, болашаққа сенеді. Біз адал да ақкөңіл, кішіпейіл де қарапайым, талантты да өмірге құнғатар Болатқа сенеміз. Өйткені, Болат Ыбыраев – сенімді Азамат!



**Камалтин МҰХАМЕДЖАНОВ,  
мемлекет және қоғам қайраткері**

## **СЕНІМ МЕН СЕРТТІҢ СЕРКЕСІ**

**Қ**аншама жыл тізгін ұстап, ел басқардық. Шамамыз келгенше, бұқара халықтан алғыс алуға тырыстық. Елдің бізге артқан сенімін ақтай алдық па, ақтамадық па? Мұның жауабын халықтың өзі береді.

Елбасқару ісін бақ пен тақтың төңірегінде ойлау – қателік. Оның жауапкершілігін түйсініп, астыңда кресло болғанымен, мойныңда халықтың тағдыры тұрғанын сезінуің керек. Осы орайда, «Мен қала немесе облыс басқарған кезде ананы істедім, мынаны қатырдым. Анау – менің идеямнан туған жоба. Мынаны тікелей өзім жүзеге асырдым» деп кеуде соғу, мақтану да ел басқарған тұлғаға лайық емес. Мен айтар едім – қол қусырып, кабинеттен шықпай отырған жоқпын. Шама-шарқым келгенше, ел игілігі жолында қызмет еттік. Сенімді көмекшілерім мен іскер азаматтардың арқасында қыруар жұмыс істелді. Әрине, мен жалғыз атқардым деп айта алмаймын. Келелі кеңес құрып, азаматтардың ұсыныс-бастамаларына қолдау көрсеттім. Олармен санастым. Жұмыс істеп, өздерін көрсетулеріне мүмкіндік жасадым. Бүгінгі күні азды-көпті абырой иеленіп жатсам, оның барлығы – төңірегімде болған іскер азаматтардың арқасы.

Сондай азаматтардың бірі де бірегейі Балапан Әбенев еді. Екеуміз Теміртауда таныстық. Кәсібилігімен, білімділігімен, заңды терең білетін сергектігімен бірден өзіне баурап алды. Кез келген мәселені терең ойлап, түпкі нәтижені де нақты болжай алатын көрегендігі көшелі еді. Ол прокура-



тура саласының маманы болса да, әкімдіктің кейбір мәселелерін мен Балапанмен ақылдасып, шешуге арланбайтынмын. Өйткені, барлық жоба мен жұмыс заң шеңберінде белгіленуі керек. Сондайда біз Балапанның кеңесіне жүгінетін едік.

Кәсіби маман еді. Иә, Балапан Зипатоллаұлы өз ісінің нағыз маманы болды. Оның тергеуші ретіндегі сұңғылалығы атышулы Свичинскийдің өліміне қатысты қылмыстық істе айқын көрініс тауып, ол Бас прокуратураның назарын өзіне аудартты. Тіпті, жоғары лауазымды қызметке шақырту да алды. Свичинский – Қазақстанда тапсырыспен өлтірілген бірінші адам. Осы қылмысты ашуға сол кездегі Одақтың түпкір-түпкірінен небір мамандар тартылды. Алайда, тергеу тобының болжамы бойынша Свичинский шетелдік тапсырыспен өлтірілген деген байлам жасалған. Істі осылайша жауып тастағысы келді. Сонда бұл қорытындыға Балапан Әбенев пен оның серігі Марат Ахметжанов қарсы болған. Ақыры, осы теміртаулық тергеушілердің айтқаны келін, қылмыскерлер Теміртаудан табылды. Кейіннен Балапан марқұм осы Свичинскийдің өліміне қатысты түс көргенін, сол түстегі жорамал бойынша тергеу амалдарын жүзеге асырғанын айтып жүрді. Шынымен де, Балапанның әлдебір тылсым әлеммен байланысы бар болатын. Әлде, түйсігі сергек болды ма, кейбір құпияларға қатысты ол айтқан болжам дәл шығып жатты. Бірақ, одақтық деңгейде құрылған тергеу тобының басшылары Балапанның түсін не қылсын?! Бәрібір, Балапан сол күнгі түсін өзінше жорып, сол негізде жұмыс жасаған.

Бауырмал еді. Барлық бауырларының оқуына қамқорлық жасап, қалаған мамандықтарын игеруіне тікелей өзі ықпал етті. Рушыл болған жоқ. Алдына жағдайын айтып келген қаймана қазақ баласына жанашырлық танытып, қолынан келгенге көмектесіп жүрді.

Жинақы еді. Кейіннен бірнеше жерде лауазымды қызметтер атқарды. Соның барлығында жұмысты мекеме ни-маратына жөндеу жүргізуден бастайтын. «Театр киім іл



гіштен басталады» демекші, Балапан басқарған мекеменің абырой-беделі ғимараттың табалдырығынан басталушы еді. Осынша жөндеу жұмыстарына қаржы сұрап, биліктегі біздерді мазалаған кезі болмапты. Барлығын өзі шешетін. Ойындағы және бойындағы жинақылық ол жүрген жерде бірге жүрді. Айналасына үлгі болды.

Төзімді еді. Өмірінің соңғы жылдары бойын меңдеген кеселмен күресуге арналды. Жиырма жылдан астам уақыт аурумен арпалысты. Бірақ, мүжілген жоқ. Алматы ауруханасында емделіп жатқанында арнайы бардым. Екі көзі ғана қалыпты. Әбден жүдеген. Сонда да, ауруға берілмей, қалжыңдасып жатты. Не деген жігер, не деген төзім?! Қанындағы қайсарлық пен жанындағы жайсаңдық баршаны төнті қылатын.

Достыққа адал еді. Бүгінгі таңда аса ірі мемлекеттік тұлғаға айналған Ералы Лұқпанұлы Тоғжановтың Қарағандыға келуіне тікелей ықпал еткен – Балапан досы. Жалғыз Ералыға емес, маңайындағы барлық достарының мүмкіндігін ашуға еңбек сіңірді. Ал Ералы Лұқпанұлы осы Балапанның ықпалымен маған сенімді серік болды.

Облыс әкімінің әлеуметтік мәселелер және ішкі саясат жөніндегі орынбасарының орны бос тұрған. Жоғарыдан маған заңгер, білімді, алғыр және жоғары оқу орындарында ғылыми жұмыспен айналысып жүрген азаматты таңдаңыз деген нұсқау түсті. Әдеттегідей Балапанмен ақылдастым. Ол маған Ералы Тоғжановтың кандидатурасын ұсынды. Ол кезде Ералы Заң академиясының Астана бөлімшесін басқарып жүрген. Мен Балапанға сендім. Ералы өтініш жазып, бірден қызметке қабылдадым. Мемлекеттік қызметке қабылдаудың ұзын-сонар процедурасын тоссақ, жоғарыдан тағы басқа ұсыныстар түсуі мүмкін болды да, тездетіп шешім қабылдадық.

Бұл өте дұрыс шешім болғанын Ералы Лұқпанұлының іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілеті дәлелдеді. Мен Балапанның талғамына риза болдым. Сол Ералы бүгінде еліміздегі мұнайлы облысты басқарып, Елбасы сенімін



ақтап отыр. Мұның өзі Балапанның досқа деген адалдығы, қамқорлық пейілі мен селкеусіз сенімінің жемісі деуге әбден болады.

Жомарт еді. Балапан кісіні лауазымына, атақ-даңқына қарай сыйлау дегенді білген жоқ. Оған азаматтардың бәрі де бірдей болатын. Алдына келген мұқтаж жандардың ешқайсысының меселін қайтарған жоқ. Жолдан жығылмас жомарт жүректі азаматтың өзі болды.

Сондай-ақ, ол ескі достарының ешқайсысын назарынан тыс қалдырған емес. Бәрінің жағдайын ойлап, қамқорлық жасап жүруді азаматтық парыз санады. Әкімдік қызметтен кеткен кезім. Зейнет демалысындамын. Алланың берген несібесі өзіме жетіп-артылады. Ештеңеден таршылық көріп жатқан жоқпын. Бір күні Балапан келді. Маған арнап соғым алып келіпті. «Балапан-ау, мұның не? Өзіңнің де отбасың, бауырларың бар емес пе?» деп, бәйек болып, ыңғайсызданып жатырмын. Сонда баяғы әдемі жымыспен күлді де: «Кәмеке, тәртіптей алмаймын деп уайымдап тұрсыз ба? Бәрін реттеп әкелдім» деп қарап тұр. Шынымен де, аппақ қылып, мүшелеп, қазанға сала салатындай етіп алып келіпті. Үнемі қалжыңдап жүретін әдетіне басып: «Әкім кезіңізде ештеңе бере алмадық. Бергенмен, Сіз алмайтын едіңіз. Енді іні ретінде ағама алып келген мезіретімді қабыл алыңыз» дейді тағы. Қалай риза болмассың?!

Тағы бірде маған қасиетті қара қобыз сыйлады. «Сіздің үй – менің қарашаңырағым! Қобыз секілді қасиетті дүниелер қарашаңырақта тұру керек» деді. Жүрегім елжіреп, толқып кеттім. Сол қара қобызды Балапанның көзіндей көріп, қастерлеп ұстап келемін. Төрімде ілулі тұр.

Патриот еді. Теміртау, Қарағанды десе, ішкен асын жерге қоятын. Денсаулығы бар кезде қолынан келгенінше туған өлкесінің гүлденуіне өлшеусіз үлес қосты. Облыс орталығында қазақтан шыққан тұңғыш заңгер Жақып Ақбас ескерткішінің ашылуына тікелей өзі мұрындық болды. Ауырып жүрген кезінде де іс басындағы азаматтарға кеңес беріп, халық үшін атқарылатын шаруаларды үнемі бақы



лап отырды. Кезінде Алматыға – ҚР Бас прокуратурасына шақырту болғанда, лауазымды қызметтен бас тартуының негізгі себебі де оның Қарағандыға деген патриоттық сезімі еді.

Мен көбіне Балапанға сенетінмін. Небір күрделі сәттерде істің түйінін тарқатуды Балапанға қалдырамын. Ол шешеді. Сенімді ақтайтынын біліп, мен де алаңсыз отырушы едім.

Міне, осындай абзал азамат, іскер басшы, білікті заңгер, адал достың ортамыздан мәңгіге алыстап, сағынышқа айналғанына да жыл толды. «Тау алыстаған сайын биіктей береді» демекші, уақыт өткен сайын Балапан Зипатоллаұлының тұлғасы тұғырлана бермек. Ол ұмытылмайтын есімге айналды. Науқасының салдарынан «мың өліп, мың тірілген» Балапан бауырымның жаны тыныш тауып, мәңгілік ғұмыры енді басталды. Иманы жолдас, қабірі қамқа, топырағы торқа болсын!





Меруерт БЕГІМБАЕВА,  
Аманай МЫРЗАБАЕВ

## МАРТБЕКТИҢ МӘЦГІЛІК ӘЛЕМІ

**Қ**азақтың бар жері – қасиетті. Десек те, әлдебір іректе елеулі есімдер жиі айтылып, танымал тұлғалардың тууы қайталанып отырады. Қазақтың қаһарман ұлы Нұркен Әбдіров туған Қарқаралы топырағы да осындай. Ежелден кие дарып, қасиет қонған топырақ тектілерін ызыбай тұрмайды. Белгілі сатирик, талантты журналист Мартбек Тоқмырзаның да бойына тектілік топырақтан даған.

Ол – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті журналистика факультетінің түлегі. Бірнеше сатиралық мақаланың авторы Мартбек Тоқмырза 1968 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында Нұркен ауылында дүниеге келді. Он жылдық мектепті тәмамдаған соң, арманы орындалып, оқу орнына қазақ жігіттің төресі Мартбек Алматыға оқуға аттанды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетін аяқтағаннан кейін ұзақ жылдар жұмыс евидение саласында еңбек етті. Қарағанды қаласын қарқанды шаландыруға елеулі еңбек сіңірді.

Ол университетті бітірген соң туып-өскен жері Қарағандыға келіп, «Қазақстан – Қарағанды» телерадиокорпорациясында абыройлы еңбек етті. Үнемі ізденіс үстінде жүретін. Ол жерден арна салып арындап ағып жататын өзен сияқты қармашылық жағынан әрдайым өсіп отырғанына бөріміз білеміз. Келе сала «Біз жанбасақ» деген авторлық бағдарламасын жасады. Ол сол кездегі жанры тоқ-шоу болған жалғыз



бағдарлама еді. Бұл жас журналистің алғашқы жетістігі, арман-мақсат жолындағы алғашқы қадамы болса да, оған үлкен абырой-бедел әперді. Содан кейін «Білгенге – маржан» интеллектуалды бағдарламасын өмірге әкелді. Бұл да өзінше жаңалығы мол бағдарлама болды. Өзі сатира жанрының сарбазы болғандықтан, іле-шала «Езутартар» атты юморлық бағдарламаны эфирге шығарды.

Мартбек Тоқмырза өмірінің соңғы алты жылында екі бүйрегі бірдей жұмыс істеу қабілетінен айырылып, денсаулығы болмай қиналып жүрсе де, қолынан қаламын тастаған жоқ. Сатиралық шығармаларын жаза берді. Оның сатираларында күлдіріп отырып жылататын күдірет-күш бар. Оның «Махаббат – машақат», «Алик, Малик, ортасында Шарик», «Рәкет – әрекет», «Баба Яга», «Будулай», «Ақша мен жезөкше», «Ерін неге жеке шықты?», «Зерттелмеген жанр», «Склероз» атты көркем шығармаларына қойылған тақырыптарының өзі көп нәрседен хабар беріп, еріксіз езуіңе күлкі үйірілтеді. Ал олардағы суреттелетін оқиғалар тіштен қызық, оқыған адам күлкіге қарық болып, бір жасап қалары анық. Суреттелетін кейіпкерлердің образдары да өз деңгейінде шыққан, тіптен олардың аттарына дейін анадайдан менмұңдалап, күлкі шақырары сөзсіз. Мәселен, Көден, Сөден, Бөден, Мимырт, Көди-Сөди, Тәпа, Пайпақ, Тайпақ, Нәпи, Сәпи, Шолтан, Болтан, Опыр, Топыр, Бопыр сияқты кейіпкерлердің есімдері өз іс-әрекеттеріне қалай дәл тауылып қойылса, образдарының да соған сай шыққанына тәнті боласыз.

Мартбектің шығармалары туралы сатира саңлақтарының бірі Үмбетбай Уайдин ағамыз былайша ой толғапты: «Мартбек журналистиканың әр жанрында жақсы көрініп келеді. Сатираларында тосын қайырылыс-қалтарыстар жиі ұшырасады. Мартбектің сатираларынан дарақы, әдепсіз күлкі байқалмайды. Сықақшы үшін бұл – ең басты мәселе. Сатираның тілі – қитұрқы тіл. Мартбек бұл жағынан да табыссыз емес», – деп, оның шығармашылық жолына ақ жол тілеп, ағалық батасын беріпті.



Мартбек 1999 жылы «Журналистика» номинациясы бо-  
ла халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты атан-  
«Мәселенің мәнісі», «Жымиясың сен неге?» атты сати-  
қ кітаптары басылып шықты. Бұл кітаптар сыншылар  
ынан да, оқырмандар тарапынан да жоғары бағаға ие  
ы. Оның сатиралық әңгімелері, фельетондары, пародия-  
, журналистік мақалалары «Қазақ әдебиеті», «Егемен  
қстан», «Жас Алаш», «Ара», «Нұр-Астана» сияқты  
убликалық басылымдарда жиі жарияланып тұрды.

тирик бір сұхбатында өмірге деген өзінің ойларын бы-  
а өрбітіпті:

Мартбек Мекентайұлы, Сіз – телерадио журналисісіз,  
в һәм сатириксіз. Жалпы, жалпақ жұртқа өзіңізді кім  
аныстырасыз?

Шынын айтқанда, ең бірінші кезекте мен – адаммын...

Ал Сіздің түсінігіңіздегі адам дегеніміздің өзі кім?

Адам дегеніміз – кешегісін сағынатын, ертеңгісін ар-  
айтын, ал бүгінгісіне көңіл толмайтын жұмыр басты  
е.

Адамның бұл жалғандағы нағыз досы кім?

Адамның бұл жалғанда айнымас, адал досы – Ажал.

Әте қорқынышты екен...

Қорқатын түгі жоқ (күліп). Мен неге бұлай деймін!?

пы, Алланың жаратуында адам үшін ең адал – Ажал.

десеңіз, Ажал ерте ме, кеш пе міндетті түрде келеді.

майды. Басқасының бәрі алдамшы, бекер. Ал, енді,

й деп отырған себебім, адам өмірге келген сәтінен бастап

лға қарай өзі бірінші қадам басады. Міне, осы уақыт

ығында өзінің пешенесіне жазғанын көріп, тиесілі мін-

ерін атқарады. Жаңағы сіз айтып отырған менің жур-

стігім, ұстаздығым, сықақшылығым – осы аралықтың

ң атқарып жатқан қызметім», – депті.

ә, Мартбек осы сұхбатында айтып тұрғанындай, бұл

анда татар дәмінің таусылып келе жатқанын білген

ты. Білген сияқты емес, білді. Сол үшін де бәріне ұл

ы қалуға тырысты. Өмірінің соңына дейін Евней Бекетов



тындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Журналистика кафедрасында еңбек етті. Ұстаз болды, шәкірттер әрбиследі. Бірақ, өзінің сөзімен айтар болсақ, «адамның дал досы – Ажал» ақыры оның жанын алып тынды.

«Таңшолпан» бағдарламасы жүзеге асып, іле-шала «Саха саңлағы» атты хабарлардың авторы болды. Алғашқы хабар театр актері туралы болды. «Арқа әуені» атты жерлес әншілеріміз туралы 30 минуттық хабар жүргізді. Оның редакторы М. Тоқмырза болды. Бұл хабарға біз Қарағанды өңірінің тамаша әншілерінің орындауындағы әндері мен-көздер мен тау-тастың арасында, әншілер Р. Баймағанбетов, Е. Құжыманов, Е. Төлеутай, Т. Жолдыбеков, т.б. жүсірген хабарларымыз ауызға ілініп, көрермен қауымның сөзайымына айналды. Сонымен қоса, ол әзілқой, көпшіл де білді. Оның қасында кілең мықты жігіттер, өнер тараңдары, саңлақтар мен шығармашылық адамдары топтаып жүретін.

Үстіне бір кіршік жұқтырмайтын, маңғаз, сырбаз, ұйымшыл, ақжүрек Мартбекті ұстаздары, достары да қатты құрметтейтін.

«Азаттықта» істеп жүрген кезінде Қарағандыдан келген бір журналист баспасөз мәслихатында үкімет адамына қарсы жанжал шығарыпты деген әңгіме гу ете түсті. Бұл Мартбек еді! Бұл тоқсаныншы жылдардың басындағы «Тіл кеспек болса да, бас кеспек жоқтың» дәуіріне өтіп, ақпарат құралдарының «сабасына» түскен шағы болатын. Қазақша сөлетін шенеуніктердің өзі мемлекеттік тілде қойылатын сөздерді қасақана естімеген болып мелши қалатын кез. Мартбек сондай бір қасақы дөкейдің надандығына шыдаймай, шарпыса кеткен ғой. «Менің тілімді, ұлтымды сыйлайтын «мықтыны» мен не үшін сыйлауым керек? Халқымның намысы тапталып, надандық жайлаған мына жерде біз отыра алмаймын. Бұл – менің наразылығым», – депті. Шығып жүре беріпті. Кейінірек мәселе ушыға бастағанда, «Қазақстан» телеарнасының сол кездегі төрағасы, ұлтжан-



азамат Ғалым Доскеннің «Тоқмырзаның ісін» ебін тауып қызып тастағанын естідік.

удың тұнығы мен шөптiң асылына ғана мойын бұратын мақ тектес азамат еді Мәкең. Таңдап, талғап, жаны нген нәрсені ғана жазатын.

артбек Тоқмырзаның соңында қалған өлмес істерінің ұлтшыл қазақ журналистерінің жаңа толқынын тәр- еп шығуға қосқан өлшеусіз үлесі. Жұмбағы мол жур- стика әлемінде тәй-тәй басқан жастар алдыңғы буын арына қарап бой түзейтіні, соларды төңіректейтіні лі. Алайда, тәжірибесі мол, тісқаққан, журналистика- ұңғыл-шұңғылын бес саусақтай біліп болған ағалары- көпшілігі оларды көбіне сыртқа тебетінін көріп жүр- Уақытын «ұсақ-түйекке» шығындағысы келмей ме, тірсегі дірілдеген бүгінгі балапан журналист көздері- ртеңгі бөсекелесі сынды елестей ме, әйтеуір көпшілі- дерінің дербес шығармашылық зертханасының есігін арға аша қоймайды. Мартбек Тоқмырзаның ерекшелі- д, ондай тарылудан ада еді. Мәкең зертханасының есігі арға әрқашан да айқара ашық болатын. ҚазМУ-дағы н журналистік мектептен қанаттанып ұшып, белді де- БАҚ-тарда шеберлігін шыңдаған журналист соңындағы ға ақпарат алудың тәсілдерін, проблеманы індетіп арып, жеріне жеткізе жазудың әдістерін үйретуден еш қпайтын.

ебәрі 42 жыл ғұмыр кешкен ол аз уақыттың ішінде та- иіктерді бағындырып үлгерді.

04 жылдан кейінгі өмірі үлкен күреспен өтті. Өмір мен нің арасындағы аса ауыр күрес еді ол. Күресе жүріп, жылы «Алматы кітап» баспасынан Үмбетбай Уайдин- алғысөзімен «Жымиясың сен неге?» атты сатиралық ағын шығарды. Сатиралық әңгімелері, фельетондары убликалық «Қазақ әдебиеті», «Жас Алаш», «Егемен қстан» газеттері мен «Жалын», «Жұлдыз» журналда а жарияланды.



Тоқсан ауыз сөздің түйіні ретінде айтпағымыз, қазақ тамының, журналистикасының дамуына үлкен үлес қосып кеткен Мартбек Тоқмырза еңбегі ескерусіз қалуға тиіс ес.

2009 жылдың көктемінде соңғы жылдары ойында жүрген елімізге белсене кірісті. Арманы – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» күнін өткізу. Бәз біреулер «Өйткенде бұйтпек керек, өйткенде сөйтпек керек» деп жылтыр сөзге тойдырып, жылдыр сөзбен сусындатып жатқанда, Мартбек Тоқмырза іс жасады.

15 сәуір күні ҚарМУ-дің Студенттер сарайында дүбір-дүбір тұрып «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» күнін мерекелеуге мүмкіндік жасап берді. Сол уақыттан бері «Ғашықтар күні» ретінде қазақ қоғамында тойлануда.

Асқақ армандармен басталып, үкілі үміттер жалғайтын іс-шаралар жалғасуда. Шәкірті бар, ұрпағы бар, соңында айтар іс-шаралар мен ісі қалған Мартбек Тоқмырза мәңгі жасайды.





Жәнібек ӘЛИМАН

## КӘСІПКЕР

**Қ**арқаралы ауданының Нұркен ауылында 1982 жы-  
туған. Әкесі Шәкәрім де осы топырақтан. Ауылының  
меттісі. Сынықшы. Атасы Ғизат та осы маңдағы «Жеке-  
» колхозының төрағасы болған. Шешесі біржола сіңген  
жұртқа. Қазір әулетінің отанасы. Мектепті де Нұркен  
ынан бітіріпті біздің кейіпкер. Демек, бұл топыраққа  
тегімен байланған, кіндігінен шырмалған деген сөз.  
йғамбардан бастасам, Әңгімеге кетермін. Едігеден баста-  
Ертегіге кетермін. Келтесінен қайырмасам, Сөз түбі-  
кетермін» (Үмбетей жырау) демекші, әр жағын айтып  
еспаймыз. Том-том кітап – ол. Сондықтан, ұзын-сонар  
хқа кетпей, келтесінен қайырамыз.

Руслан Шәкәрімұлы – бүгінгінің адамы. Қазақстандағы  
деген жастардың бірі. Кеуде қақпайды бірақ. Кәсіп-  
Мамандығынан ұзай қоймапты. Экономист. Қос бірдей  
томы бар мамандығы бойынша. Ғылым магистрі де өзі.  
ғанды, Қазақстан төңірегінде ғана қалып қоймаған.  
шілес елдердің бәрінде жүреді. Шаруасын жүргізеді. Ре-  
ен тасиды. Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауған-  
ға апарып сатады. Ең бастысы, осында өндіреді. Шах-  
к ұн тарту комбинатында. Қазақстан көлемінде ғана  
, шетелдерге экспорттайды өнімін. Соны басқаратын -  
Руслан, Нұркеннің тумасы.

йдің кенжесі өзі. Он бір баланың ішіндегі кішісі. «Ер-  
ігім бір төбе» демей ме қазақ?! Ауыл елге сыйлы әкесі



Пәкәрімнің бар асыл қасиеті кенжесінде қалған сияқты. Аусағы сезімтал сынықшы ғана ма еді ол кісі? Жоқ. Өмір-ен түйгені көп оқыған азамат! Шежіреші. Руслан да айтады. «Үйдегі жеке кітапханасы үлкен болатын әкемнің» деп. Мені қасынан тастамайтын» деп те қалды. «Әке – балаға ыншы». Қазақ баласын тегін ертпейді, ендеше. Байқаусыз-а іс қылмайды қазақ. Бала – әкенің жалғасы.

Мектепті «беске» бітіргенін өзі емес, ел айтады. Жоғары оқу орнының 2-курсын төмамдай сала, еңбек жолын темір жол компаниясына («Центр Алазия сервис») қызметке ауырып бастаған. Сонда директордың орынбасары, директор қызметтерін атқарды. «Ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деген емес пе? 2007 жылы өзі бастап бөлек компания ашқан. Құрылыс компаниясы. Жанар-жағар май бекеттерін сала бастаған. Ресейдің Бийск деген қаласы бар. Біздің Алтайға орналасқан. Кейіннен жарымынан көз жазып қалғанымыз болмаса, бұрынғы қазақтың жері Алтай – көк Түріктің атамекені. Сондағы Бийск қаласында Күкірт зауыты бар. Қазақстаннан соның филиалын ашып, әлгі зауыттың Орта Азия бойынша өкілі қызметін ұстаған. «Жас та болса, ас болды» деңіз онда. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан бойынша жүргізді ісін (дилер). Қазір де солай.

Елден 2006 жылдары көшкен қалаға. Әулетімен. Сөйтсе де, «ауылға жиі барып тұрамын» дейді Руслан. «Ер – туған жеріне» деген. Адам топырағына тартады. Ат басын бұрғанда, әуелі соғатыны – білім алған мектебі. Ұстаздарын әлі күнге сағынышпен еске алады. Әуелі Алла, ата-анадан соң, сол кісілердің арқасында адам болғанын айтады. Мойындау да – ерлік.

Нұркен мектебіне демеушілік етіп тұруды шәкірттік, азаматтық парызы санайды. Және сол борышын орындап та жүрген бір қазақ. Қысқасы, ауылдан ерте көшсе де, қол үзбеген – туған жері, білім ошағынан.

Басында әртүрлі жер шақырып, қызмет ұсынған. Қай мекемеге болсын білікті маман керек. Бармады. Өйткені, қолынан келетіні, жанына жақыны осы еді. Кәсіпкерлік.



р жаман емес. Шахтинскідегі бірден бір өндіріс орнын  
отыр. Жүзден астам адам қызмет істеп, айлық алады  
ерден. Алайда, сол ғана ма? Ресейден күкірт қышқылы  
ты өнімдерін әкеп, Орта Азия көлеміне тарататынын  
ық. Көршілес елдер арасынан, әсіресе, Өзбекстанмен  
қолтық. Шахтинскіде үн өндірсе, Науаи қаласын  
күнбағыс майын өндіретін зауыттың жартысына иелік  
. Басқа да қолға алған жобалары бар. Оны қоя тұрып,  
а қырына тоқталайық.

ез келген жұмыстың қызығы мен шыжығы қатар жү-  
Кәсіпкерлік те сондай. Қызықты жағы көп, қиындығы  
оқ емесін айтады. Оның үстіне, Русланның өрісі кең,  
рафиясы ауқымдырақ болып тұрса. «Бір айда төрт апта  
а, үшеуінде іссапарда жол үстіндемін» дейді.

әсіпкерде демалыс жоқ. Таңертеннен кешке дейін жү-  
«Бірақ, азабынан ғажабы басым. Қолдан келмей жат-  
соң емес, ұнаған соң, шабыт берген соң отырамын.  
сы ғой, жан-жақтағы шетелдік кәсіпкерлермен байла-  
да шығамыз, ортақ жобаларды талқылаймыз. Жұмысы-  
дың өзі демалыс» дейді. Жатып демалатын жігіт емес.  
– бүгінгі қазақ жігіттерінің бәрі жұқтыруы тиіс асыл  
ет. «Кез келген істен ләззат алып, шабыт таппасаң – бе-  
ілік» дегенді біздің кейіпкер де қуаттайды. Ал нағыз  
лысы – достарымен аңға шығу, балық аулау екен.

«Мәңгі мақтаған жігітті қыз жақтаған». Осыншама іс тын-  
п жүрген жігіттің отбасы құруға уақыты болды ма  
дерсіз. Неге болмасын?! Отбасылы, жары – Теміртау  
сынан. Анасы сексеннің сегіріне шығып отыр. «Отыз  
жасқа шықсам да, өзімді бала көремін, шешеме балаша  
пеймін» дейді.

ұсылманша сауатты Руслан. Арғы аталары Қарқаралы  
не дін тарату үшін келген. Татар болса керек. Салық  
тов деген кісі. Ол кісіден қалған Құран кітап әулеттің  
сесі – осы Русланда. Бабалары кезінде халыққа дін та-  
арқылы қызмет етсе, бұл жігіт қазір кәсіпорын ашып,  
қызмет ұсынып жүр. Өркені өсіп, желкені желбіреді де  
осы. Ұзағынан сүйіндірсін!



Рауан ҚАБИДОЛДИН

## МАМАНДЫҒЫНА АДАЛ МАЙТАЛМАН МҰҒАЛІМ

**А**қын Мағжан Жұмабаев «Алты алаштың баласы бас қосса, төр – мұғалімдікі» дейді. Бұдан асырып айтуға бола ма? Табан ет, маңдай термен келетін осынау мәртебелі мамандыққа екінің бірі, егіздің сыңары бел байлап иелік ете алмасы белгілі. Әсілінде, Тәңірінің назары түскен тұлғана ұстаз болса керек-ті. Соның бірі һәм бірегейі – Қымбат Құдайбергенұлы Жиенкұлов.

Айқын мақсат – адамды алға жетелейді. Бүгінде ел құрметіне бөленіп отырған мұғалім осынау еңбек жолында, өзіндік сүрлеуі мен дара даңғылында аз белесті бағындырды деуге ауыз бармайды. Ол 1995 жылы академик Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Биология» факультетін тәмадап, Қарқаралы ауданына қарасты Нұркен ауылындағы №10 орта мектепте алғаш еңбек жолын бастағаннан-ақ табандылығымен талайға үлгі болды. Жас маманның ізденісі мен ілкімді ісі ауыл тұрғындары мен мектеп оқушылары үшін тыңнан түрен салған батыр ерлігіне пара-пар еді.

Бала оқытуға қатысты авторлық бағдарламалары мен зекті мәселелер турасында ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жасаған баяндамалары, шәкірттерінің аудандық Президенттік пән олимпиадалары мен облыстық олимпиадаларда, облыстық «Сарыарқа дарыны» сынды ғылы-





## Мектептің даңқты шәкірттері

Құдіретті күннің сәулесі сияқты алғаш рет шәкірттеріне өсігін айқара ашқан күннен бастап осы қарашаңырақ шәкірттерінің жүрегіне нұр құйып, білім нәрімен сусындатып, олардың бойына адамгершілікті, парасаттылықты дарытып келеді.

Мектептен түлеп ұшқан шәкірттер ұстаз еңбегін ақтап, тағана буын салған жолды абыроймен жалғастырса, мектептің нағана емес, тәуелсіз Қазақстанның мақтанышына айналса, бұл ең үлкен қуаныш – сол.

90 жылдық тарихы бар мектептен талай-талай ұрпақ білім алып, кең байтақ еліміздің әр түкпірінде, қоғамда өзіне лайықты орын тапқаны белгілі.

№10 мектептің құнарлы құндағынан өнегелі өмір жолында зор белсенділік, күш-жігер, еңбекте ерлік көрсете отырып, 2000-ға тарта шәкірт білім нәрімен сусындап, тәрбиеленіп шықты. Олардың ішінен 5 ғылым докторы, 20 ғылым кандидаты шықты. Өнер, білім, денсаулық сақтау, құқық қорғау салаларында және заман талабына бейімделіп жеке бизнеспен шұғылданып жүрген мектеп түлектері қаншама!

### **Ғылым докторлары:**

Ақжан Машанов, Бахия Атшабаров, Серғазы Әдекенов, Жансұлтан Дайырбеков, Мереке Төлекова, Қарлығаш Қадашқызы.

### **Ғылым кандидаттары, химия ғылым саласы бойынша:**

Бауыржан Жүзбаев, Кәмшат Құтжанова, Гүлім Мұқышева, Мереке Ағеділова.

### **Экономика ғылымдарынан:**

Ережеп Қоңқабаев, Тілеуберген Ғабдулин, Боранқұл Нұрпейісов, Назым Мұхамедина, Айгүл Жұматаева, Мадина Тұрсынбаева.

### **Педагогика ғылымдарынан:**

Аманай Мырзабаев, Нұрлан Абдильдин.

### **Филология ғылымдарынан:**

Гүлнар Жанысбекова, Аяужан Таусоғарова.



**Медицина ғылымдарынан:**

Қақан Байғотанов, Ғалия Садырбаева, Жазгүл Жанғози-  
Дархан Әбітаев, Жазира Бейсенбекова.

**Тарих ғылымдарынан:**

Тора Тілегенова.

1931-1932 оқу жылдарында жетіжылдық мектеп болып  
шығып, 1939 жылы алғашқы түлектерін шығара баста-  
ды. Олардың арасында Ленин орденді ұстаз Молдақашева  
Аманжол бала, КСРО халыққа білім беру ісінің үздігі Наурызбаев  
Аманжол сын, дәрігер Тасымова Нұрғайын, прокурор Хасенов Тө-  
леуі көп жылдар ұстаз болған апалы-сіңілі Нағима (Алма-  
Ата) мен Мағия да (Қарқаралыда) бар.

1939-1944 жылдар аралығында жетіжылдық мектепті  
түскен түлектер арасынан партия, совет қызметкерлері  
Аманжол Әмірхан, Сауғабаев Қаһарман, ауылшаруашылығы  
мамының мамандары Мұқсынов Төле, Рахманов Совет, ға-  
лиә Әбдірахманов Сламқұл, сауда қызметкері Сүлейменова  
Аманжол, ұстаздар Бакиров Қазкен, Спатаев Серік, Әубәкіров  
Аманжол ел игілігі үшін қызмет етті.

1951 мен 1961 жылдар аралығында 7 жылдық мектепті  
түскен шәкірт аяқтаса, олардың бесеуі жер аударылып келген  
Аманжол балалары еді.

1962-1963 жылдарда оқып, білім алған атақты ауылшаруа-  
шылық еңбегі майталмандарының есімдері елге белгілі.  
Олардың арасында Шаяхметов Іңкәрбек, Шаяхметов  
Аманжолдыбек, Қанафин Берменбет, Тәженов Әлібек, Рахим-  
ов Қасен, Әмрин Сапар, Садуақасов Қаят, Хайруллин  
Аманжоламедияр, Рахымбаев Жолжақсы, Фрезе Виктор, Көш-  
ов Серғазы, Байтуллин Мәдіғали, осы өңірден алғашқы  
Аманжол роліне отырған механизатор қыз Әлкешова Қадиша  
Аманжол еді. Еліне еңбегі сіңіп, көпшілік құрметіне бөленген  
Аманжол тегі түлектері ішінде мұғалім болған Баймаханова Мә-  
мет Төкенова Тілеузия, Айнабаев Қабыл, Зиядин Амантай,  
Аманжолымов Тілеш; мал дәрігерлері Кенжебеков Жеңіс, Шаях-  
ов Тілетай, Блифернец Эрих; дәрігер Жұмашев Қуаныш,  
Аманжол еңбек жолдары бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге деуге болады.



1961-1967 жылы 8 жылдық мектепті 120 шәкірт білім алып шықты.

Осы түлектер ішінде бастауыш сынып мұғалімі Байтұрымова Бәтiш, Баймаханова Айтбану, аудандық білім бөлімінің әдіскері Оспанова Гүлзада, ауыл шаруашылығының бас мамандары Көжебаев Марат, Мәуленов Серік, көп жылдар бойы мектептің іс қағаздарын жүргізген Тұрғанбаева Нұрила оқыған.

Механизатор кадрларының тапшылығына байланысты 1961-1962 жылдары сегіз жылдық мектепті тәмамдаған ер балалар Қарқаралы қаласындағы кәсіптік-техникалық училищелерге жіберілді.

Осылардан ауыл шаруашылығы саласының дамуына елеулі үлес қосқан механизаторлар: «Даңқ» орденінің иегерлері Искаков Октябрь, Сәмтікбаев Тілеубек, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегерлері Абзалбеков Сапар, Майшекин Амангелді, Абзалбеков Төлеу, Хасенов Байыс және «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған Өтенов Тайшыбай, Әбдуов Іргебайлар болды.

Мектеп 1966-1967 оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап, жалпы орта білім беретін оқу орнына айналды. Сол жылы мектепті 18 түлек бітіріп шықты.

Алғашқы орта мектеп бітірген түлектер арасында облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі Байтұрсынов Тілеуқабыл, Қарағанды қаласындағы №41 орта мектеп директоры Төлеуов Ерғазы, №77 мектеп оқу ісінің меңгерушісі Қашқынбекова Шолпан, көп жылдары ауыл шаруашылығының есеп-қисап саласында еңбек еткен Ыбыраев Бағдат, Біләлов Аманжол сияқты азаматтар болды.

1973 жылы Қазақстанда қой шаруашылығын жетілдіру мақсатында «Қазақстанда қой санын 50 миллионға дейін жеткізу» деген партия мен үкіметтің тапсырмасына сәйкес, Семей облысындағы Шұбартау ауданы мектеп түлектерінің бастамасын қолдап, аудан бойынша алғашқылардың бірі болып біздің мектеп бітірушілерінен «Өркен», «Сарыжайлау» жас шопан бригадалары ұйымдастырылды.



тарға тәлімгер-ұстаз болып еңбек озаты, мектеп түлегі  
ндин Балташ тағайындалды.

ы бригада мүшелерінен Тоғжан Кәдірбекова, Кәбіраш  
мова, Несіп Баттина, Балтабай Қасымов, Жұмагүл Қа-  
лақова, т.б, «Сарыжайлау» бригадасынан Мұрат Құ-  
нов, Болат Аралбаев, Кенжетай Сүттібаева, Қайырбек  
уллин, Бағдат Жансағымов сияқты жас түлектердің та-  
еңбектері – жас ұрпаққа үлгі-өнеге.

етте, ұстаз еңбегінің жанғанын оның шәкірттерінің  
нан көруге болады ғой. Әр жылдары мектепті тәмам-  
т түлектер арасынан Исағұлов Төлеу, Кәрібеков Сібір  
ы инженерлер, Мұқсынов Төле (мал дәрігері), Мұс-  
тов Берік, Жүкібаев Ерсін, Жүкібаев Еркебұлан, Бей-  
кова Жазира сынды дәрігерлер, Ләмбеков Сапарғали,  
ұрсынов Тілеуқабыл, Тоқмурзин Мартбектей қаламы  
ік журналистер, актерлер Ибраев Болат, Ибраева Сым-  
Махмутова Индира, тележүргізуші Шәмел Жанар, Сә-  
а Әсел, Сабитов Қайыргелді сияқты әнші, журналист-  
атарын сансыз тізе беруге болады.

ң қызметкерлері болып еңбек етіп жүрген Байғотанов  
ғай, Әбенев Балапан, Нұрбаев Қанат, Тұрғанбаев Ер-  
ішкі істер бөлімі, ұлттық қауіпсіздік комитеті сала-  
Құлбаев Ерлан, Борханов Мағауия, Азанбаев Дәулет,  
шев Ерлан, Мұқышев Ержан, Жаманқұлов Жанбота,  
ызбаев Айдар, Аждаров Ерлан, Әденқұлов Серікбол,  
ев Тимур, Тиесбеков Жанат.

діріс басшылары: Хасенов Нұрлан, Шахарбаев Нұр-  
Абдрахманов Тілеуберген.

сіпкерлер: Батырбекова Әлмира, Жүнісов Руслан, Той-  
Ардақ, Мәуленов Марғұлан, Мұхтаров Ерлан.

млекеттік қызметкерлер: Тоқмурзин Ерсін, Байтул-  
Нұрлан, Есенжолов Жәкен, Мұхтарова Жұлдыз, Есен-  
ва Мейрамгүл, Жаманқұлова Жанара, Баймағанбето-  
рукүл, Оспанов Қуаныш, Тасымова Шолпан, Тойым-  
Мұрат, Баттин Айдар, Төкенов Серік, Жекеев Серік,  
баева Гүлжанат.



Мектеп директорлары: Тлегенова Думангүл, Әбенова Света, Какимова Гүлсім, Мазин Берікбол, Қоналова Салтанат.

1980 жылдары мектеп бітірушілер саны 80-ге жетті. Осы жылдардан бастап мектеп түлектерінің жоғары оқу орнына түсушілер саны артты.

Әр жылдары мектепті үздік оқыған Гайсина Жанар, Садырбаева Кәмшат, Шахарбаев Нұрлан, Ақыжанова Жанар, Мұхтарова Жұлдыз, Жанғозина Жангүл, Садырбаева Ғалия, Тойбеков Ардақ, Айнабаева Дана, Бләлова Мейрамгүл, Жұматаева Айгүл, Садырбаева Нұргүл, Мұхамедина Назым, Тұрсынбаева Жазира күміс медальмен; Жүзбаева Роза, Итебаева Әсел, Тұрсынбаева Мадина ерекше үлгідегі аттестатпен; Мәуленов Жасұлан, Көпбалина Салтанат, Әбдірахманова Жайнагүл, Мауленова Әсел үздік аттестатпен аяқтады.

Мұғалімдердің білім деңгейімен кәсіби шеберлігінің арқасында мектептің талапты да талантты үздік шәкірттері республикалық, облыстық аламан бәйгелерден озып келіп, ұстаз еңбегін ақтауда. Оқушылар республикалық ғылыми жұмыстар жобасы мен пән олимпиадаларында жүлделі орын алып, биік межеден көрініп жүр. Әр жылдары оқушылардың республикалық пән олимпиадаларынан Машабаев Бахтияр, Мұқышева Гүлім, Тұрсынбаева Мадина (география пәнінен), Жүзбаева Сәуле, Құсайынова Кенжетай, Абзалбекова Торғын (химия пәнінен), Тойбеков Ардақ, Өтенова Гүлжан, Зейнелова Нұргүл (биология пәнінен), Асетуллина М., Мәуленов Ж., Зорықбаев Е. (математика, информатика пәндерінен), Шенсізбаев Б., Жөңкебаев Ж., Какенова М. (орыс тілі, неміс тілі пәндерінен), Жүзбаева Р. (қазақ тілі пәнінен) жүлделі орындарға ие болды.

Семей қаласында өткен республикалық Абай-Шәкерім оқуында Топаева Айнұр жеңімпаз атанса, әртүрлі тақырыптағы облыстық шығармалар байқауында жүлделі орындарға ие болған Ағеділова Әсел, Нөгербекова Айдана, Мәуленова Әсел, Төлеутаев Елдостарды атауға болады.

Білім негіздерін оқып, үйренуде ерекше жетістіктерге жеткен, үлгілі тәртіп және қоғамдық белсенділік танытқан



ыларды мектеп тарихында қалдыру, дәріптеу мақсатына ашылған «Құрмет кітабына» енгізілген төмендегі естерімізді ерекше мақтан тұтамыз. Олар: Қаникарқылытынгүл, Өбдірахманова Жайнагүл, Өбдірахман Ерман, Тұрсынбаев Жандос, Жүнісов Руслан, Мәлікқызы Айтбаева Жадыра, Абзалбекова Гүлдана, Мәулет Әсел, Ақеділова Әсел, Төлеутаев Елдос, Топаева Айнұр, Аббекова Лаура.





## ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

*Нұркен Әбдіров бабамыздың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында дайындалған «Қыран қазақ» кітабының жарық көруіне атсалысып, демеушілік танытқан Елеусіз ЕРЖАНОВ, Мәреңлан МӘУЛЕНОВ, Марат ЖҮЗБАЕВ, Руслан ШӘКӘРІМОВ, Жансұлтан СҮНДЕТҮЛЫ, Жаннат МАЛГЕЛДІҮЛЫ, Бауыржан ЖҮЗБАЕВ, Айдын ЕРҒАЗЫҮЛЫ секілді ауылдың Атымтай-Жомарт азаматтарына және мектебіміздің 1974 жылғы түлектеріне шынайы көңілмен алғыс білдіреміз.*

*Бұл кітап – Нұркен баба ерлігінің жаңғырығы, ел тарихының жаңа беттері. Елдік мұратты көздеген осынау жауапты да сауапты істен оқшауланбай, ұлт руханиятына жанашырлық танытқан ел азаматтарының еңсесі биік болсын!*

*Алла разы болсын Сіздерге!*



## МАЗМҰНЫ

ы Қадашұлы. Отелген парыз өлшемі .....	3
--	---

### Бірінші бөлім

#### «ҚЫРАН ҚАЗАСЫ – ҚИЯДА»

л Мүсірепов. Қарағанды қыраны .....	9
еу Сейдімбек. Батырдың апасы .....	17
ар Әубәкіров. «Отан үшін отқа түс, күймейсің!» .....	23
рий Якимов. Қыран қазасы қияда .....	28
ий Савин. Аспан ашық болсын деп .....	46
бек Сәденов. Жора .....	52
Кошебе. Сарыарқа сұңқары .....	54
л. Біздің Нұркен .....	59
сінбаев. Ер тұлғасы ертеден көрініп еді .....	62
е Көпжасаров. Батыр өмірінің белестері .....	64
нат Қанапия. «Еділдің бойы – ең тоғай...» .....	70
рген Боковская .....	76
с ерлікке – мәңгі тағзым .....	81

#### арқауы – жасампаз ерлік

п Айнабеков. Ардақты ұлым .....	84
н Елеуов. Ағаң Көшен бас иеді .....	86
ай Ермекбаев. Серт .....	87

### Екінші бөлім

#### ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТУҒЫРЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

бек Көпішев. Әл-Машани әлемі .....	91
рлді Шарманов. Ақиқат жанкештісі .....	95
Жұмабеков. Шолпан десе – Шолпан ғой! .....	100
ат Қуатбек. Қазақ ғылымының жолбасшысы .....	108
Мұсабеков. Әкелі-балалы Әдекеновтер .....	111
ғали Ләмбеков. Ел ағасы .....	119
Мұсабек. Арда-ғұмыр .....	125
ов. Өрелі өмір өрнегі .....	131
ы Қадашұлы, Жансұлтан Сүндетулы.	
е тартқан текті .....	138

<i>Ерғазы Қадашұлы. Ел ағасы – Елеусіз.....</i>	143
<i>Жанат Милгелдіұлы. Өнегелі өмір иесі.....</i>	147
<i>Марат Райымбеков. Тектінің тұяғы - Тілетай.....</i>	150
<i>Нұрлыхан Қалқаманұлы. Ауылдың ардақтысы.....</i>	153
<i>Аян Бейсенбек. Абыройлы азамат.....</i>	157
<i>Қарлыға Шаяхметова. Арқаның ардагері.....</i>	160
<i>Айыпхан Жақатаев. Қырғын дала соғысын кешіп өткен.....</i>	167
<i>Ақселеу Сейдімбек. Қарлығаштар.....</i>	172
<i>Ерсін Мұсабеков. Ақкөйлек.....</i>	183
<i>Төрехан Майбас. Мейміл.....</i>	187
<i>София Омарова. Ұлмекен Асанова. Ізгілікке іңкәрлік.....</i>	190
<i>Болат Жұмағұлов. Ғылым мен ұстаздықты ұштастырған.....</i>	195
<i>Кеңес Жұмабеков. Сенімді азамат.....</i>	201
<i>Камалтин Мұхамеджанов. Сенім мен серттің серкесі.....</i>	207
<i>Меруерт Бегімбаева. Аманай Мырзабаев. Мартбектің мәңгілік әлемі.....</i>	212
<i>Жәнібек Әлиман. Кәсіпкер.....</i>	218
<i>Рауан Қабидолдин. Мамандығына адал майталман мұғалім....</i>	221
<i>Құрастырушыдан.....</i>	229

# Қыран ҚАЗАҚ

Құрастырушылар:  
**Ерғазы ТӨЛЕУ,**  
**Шолпан КАШКИМБЕКОВА**

*Редакторы Жұлдыз Аманғали*  
*Техникалық редакторы Ақбота Жан*  
*Корректоры Вячеслав Козлов*  
*Корректоры Маржан Абсалықова*  
*Компьютерде беттеген Ерке Арыс*

Басуға 10.07.2019 қол қойылды.  
Ішімі 60x90<sup>1/16</sup>. Қағазы офсеттік.  
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 14,5.  
Тапсырыс №37/0117. Таралымы 400 дана.

«Кәусар» баспасы  
010000, Нұр-Сұлтан қаласы  
тел.: 8 776 198 63 51, 8 705 160 06 21, 8 777 116 58 96

